

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ



ЕЛТАНЫМ



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

ЕЛАНЫМ

Тарихи-философиялық рәмізбаян



МЕМЛЕКЕТТИК
РӘМІЗДЕРГЕ
30 ЖЫЛ



Алматы
2022

ӘОЖ 342.228 (574)

КБЖ 67.400 (5Каз)

Ш 18

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестіктер жөндеу, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттік әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шыгару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ Е.

Ш 18 **Елтаным. Тарихи-философиялық рәмізбаян.** / Ербол Шаймерденұлы.
– Алматы: «SUNSHINE plus», 2022. – 320 бет.

ISBN 978-9965-23-610-5

Ел – ұлттық дүниетанымыздагы ұлы ұғымдардың бірі. Аргықазақ сезінен бастап күні бүгінге шейін еш өзгеріссіз қауым, қағанат, ел-журт, Отан, мемлекет мәғынасында қолданылыш келеді. Елдік мінез, елдік дәстүр, елдік мұрат, елдік намыс, елжандылық, отаншылдық тәрізді рухани құндылықтардың өзегі де – осы сөз, осы ұғым.

Кітап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері туралы жаңақты ғылыми-көркем пайымдау арқылы замандастарымыздың бойында мемлекеттік мұраттарға ададық, елдік аңсарларға сүйіспеншілік және отаншылдық сезімдерін оятуға бағытталған. Тілі – шүрайлы, ділі – таза, діңі – мыңты. Елдігімізге қатысты кең мәғлұмат беретін терең интеллектуалдық енбек деп бағалауга лайық туынды. Жүрек қайнарында сугарылған сезім сөзі ретінде ажарлы һәм әсерлі.

Ойды қозғап, сезімге сәуле түсіретін рәмізбаян студенттер мен оқушыларға, педагогтарға, саясаттанушыларға, вексиологтар мен геральдистерге, журегі елім деп соққан барпа оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 342.228 (574)

КБЖ 67.400 (5Каз)

ISBN 978-9965-23-610-5

© Шаймерденұлы Е., 2022
© «SUNSHINE plus», 2022

Алғы сөз орнына

Бұл 2005 жылда шыққан, оқырман қауымының ерекше ықыласына бөленген, рәмістанию саласындағы аса құнды еңбектің екінші басылымы. Алғашқы басылым шыққаннан бері өткен жылдар ішіндегі елімізде, ділі әлем мемлекеттерінде орын алған өзгерістер ескеріліп, кітапта берілген кейбір ақпарат сәйкесінше жаңарттылып, толықтырылды.

Тәуелсіз Қазақстанның нығайып, дамуы үшін тыным таппай еңбек еткен, Мемлекеттік рәміздеріміздің дүниеге келіп, қабылдануының басы-қасында болған белгілі ақын, жазушы-публицист, қоғам қайраткері, Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш рәмістаниюшы Ербол Шаймерденовтың бұл бағалы еңбегін көпишілік назарына ұсынамыз.

* * *

*Желбіре заңғарларда зерен туым,
Еркіндік сүйіншісі – ерен туым.
Бол күә базы асқан сәттерінің,
Жаңа үрпақ бүгінгіден кемел туып.*

*Көк туым иілмесін, жызылмасын,
Көзге жасас, кеудеге – өксік тызылмасын.
Тұрганда көк байрағың көкті шіреп,
Түған ел, Сен қашан да тұзырдасың!*

E. Шаймерденов

Әлемдік рәмістану тарихынан



Қазақтың ұлттық рәміздерінің
бастаулары



Қазақ елінің қазіргі мемлекеттік
рәміздері: мағына мен болмыс,
образ және стиль



Аңсарлармен астасқан асқақ сезімдер
немесе рәміздік үштаған (кие, үміт, сенім)




Мемлекеттік егемендік,
ұлттық мақтаныш және отаншылдық

Көк байрак, Елтаңба мен Әнұран әрбір қазақстандықтың жүргегіне мақтандырып, отаншылдық рухын асқақтады. Тәуелсіздіктің қасиетті нышандары үлттың ұлы істерге үйістірыа берсін!

*Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Тұы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі Конституциялық Занмен белгіленеді.
(9-бап)

Әркім Республиканың Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

(34-бап)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТИК ТУЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТИК ЕЛТАҢБАСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

*Сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев*

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны
Еліме қараши!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой.

Қ а й ы р м а с ы:
*Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туган жерім менің – Қазақстаным!*

Үрпаққа жол ашқан,
Кең-байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты
Мәңгілік досындаі
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындаі!

Қ а й ы р м а с ы:
*Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туган жерім менің – Қазақстаным!*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ӘНҮРАНЫ

Музыкасын жазған: Шәмши Қалдаяқов

1. Ал - тын күн ас - па - ны, Ал - тын дән да - ла-
2. Үр - пак - ка жол аш - кан, Кен бай - тақ же - рим -

сы, Ер - лік - тің да - ста - ны, Е - лі - ме ка - - ра-
бар. Бір - лі - гі жа - рас - кан, Тә - уел - сіз е - - лім -

шы! Е - жел - ден ер - - де - ген, Даң - кы - мыз шық - ты
бар. Қар - сы ал - ган уа - қыт - ты, Мәң - гі - лік до - син -


гой, На-мы - сын бер - - ме - ген, Ка - за - гым мық - - ты гой!
дай. Біз - дің ел ба - қыт - ты, Біз - дің ел о - - син - дай!

CHORUS


Ме - нің е - лім, ме - - нің е - лім, Гү - лің бо - лып
е - - гі - ле - мін, Жы - рың бо - лып то - гі - ле мін, е - лім!

Ту - ган же - рім ме - нің - Ка - зақ - с - та - ным!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТИНІҢ БАЙРАҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ОМЫРАУ БЕЛГІСІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының
2007 жылғы 4 маусымдағы № 258
Конституциялық заңы*

1-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

1-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының ара-қатынасы – 1:2.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір тұс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңыракты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырактың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырактар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырактың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырактардың бейнесі, сондай-ақ «QAZAQSTAN» деген жазу – алтын түстес.

* Конституциялық заң 6 тарау, 16 баптан тұрады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні – осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда орындалатын музикалық-поэтикалық туынды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтанбасының эталондары Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталады.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 29.06.2018 №162-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық Заңы.

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындауды және пайдалануды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – КР 2012.06.28 №23-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық Заңымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындауды және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Конституациясында, осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 2012.06.28 №23-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық Заңымен. (...)

(...)16-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Конституциялық заң ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 1996 жылғы 24 қантардағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., №1, 178-құжат; 1997 ж., №12, 193-құжат; 2006 ж., №1, 1-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ САЯСИ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ



Өлемді нышандар мен рәміздер билейді.
Конфуций

Жана негізі қаланған жас мемлекеттердің қай-қайсысының да алғашқы жасайтын маңызды реңми қадамдарының бірі – елдін туын, елтаңбасын, әнұранын сайлап алу. Өйткені, бұл рәміздер саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендіктің бірегей белгілері болып саналады.

Омірге келген әр жаңа мемлекеттің өз «іңгәсі» бар. Ол – көтерген туы мен елтаңбасы, асқақтата әуелеткен әнұраны. Еркіндікке ұмытылған елдердің бәрі де өз дауысымен сөйлеуді, өз үнімен жар салуды армандаиды. Сол жұлдызды сәт тұған кезде өз болмысымен тіршілік кешу мүмкіндігі пайда болғанын, саяси бостандық алғанын шын сезінеді.

Тәуелсіздік дегеніміз – ең алдымен, рухани тылсым. Бәрінен бұрын адамның жан-дуниесі, рухы мен ар-ожданы азаттық тілейді. Өз табиғатына тән тіршілік кешкісі келеді. Бұғау біткенге сыймай, шідер біткенде шірей тартатын ғаламат күштің бастауы – ол. Тәуелсіз рух дербес мемлекеттік жүйе мен еркін шаруашылық жүргізу әдісін таңдамай тұра алмайды. Былайша айтқанда, болмыс-бітімі бөлек мағына, бірегей идея өзіне лайық түр, қалып іздейді.

Мемлекеттік рәміздер – белгілі бір елдің өзінше өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін белгі. Тәуелсіздік деген қасиетті ұғым мәдени нышандар тілінде де сөйлейді.

Күдіретті Феникстей, «мың өліп, мың тірілген» қазақ елінің жиыр-масыншы ғасырдың сонында тарих сахнасында тағы бір жарқ етіп, өз тутінін өзі тутетуге жол ашқан тәуелсіздікке қол жеткізу тарихында да төл рәміздер дүниеге келген сәттер ерекше орын алады.



Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұнғыш рәміздерін жасау бүкілхалықтық сипат алып, көптің ісіне айналуы кездейсоқ емес. Халық жүргегін желлігін еркіндік самалы ғажайып шығармашылық белсенділік арнасын ашып жібергендей болды. Танымал өнер иелері ғана емес, қолына тұнғыш рет қалам, қылқалам ұстаган мектеп оқушысынан зейнеткерге дейінгі мыңдаған отандастарымыз ойға ой қосып, өз жүрек дүрсілдерін жеткізуге асықты. Олардың арасында әртүрлі ұлт өкілдері, шетелдегі қандастарымыз берілгенде бар.

Ұсынылған жобалар әр алуан болғанымен, байқауға қатысушылардың бәріне ортақ нәрсе – ел тәуелсіздігінің жариялануына деген ризашылық, өз тағдырын ел тағдырымен бірге сезінген жоғары отаншылдық сезімдер және жасандылығы жоқ, тек адамның өз рухының оянып, желінің нәтижесінде ғана пайда болатын азаматтық, саяси белсенділік еді. Ұзаққа созылған байқаулардың өн бойында бір толастамаған бұл өзгеше белсенділік тарих бураланғарында талай рет сағы сынса да, бағы тайып, еңсесі түспеген елдігіміздің жарқын көрінісіне айналды десек артық болмас. Озып шығып бәйге алудан гөрі, ортақ мерейіміз үстем болса деген ақ тілекпен жүргегін жайып ұсыну басым бұл ой мен өнер додасы жаңа тарихымыздың жақсы бастауы іспеттес еді.

Үміткерлер үшін шығармашылық жарыстан аттай шауып өтудің үстіне, парламенттегі саяси сынақтан да сүрінбеу шарт болатын. Ұсынылған жобаларда жас мемлекеттің саяси сыр-сипатын, мақсат-мұддесін аңғартатын бедер-бояулар айқын көрініс табуы қажет-тін.

Қабылданған қыран бейнелі көкшулан туымыз (авторы – Шәкен Ниязбеков), ешбір елдікіне ұқсамайтын шаңырақ шырайлы шын дара елтанбамыз (авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Үәлихан), әнұранымыздың әсем әуені (авторлары – Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди) мен әдемі мәтіні (авторлары – Мұзғафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева) сондай күрделі сынақтардан сүрінбей өтіп, тәуелсіз еліміздің атынан әлем алдында сөйлейтін тарихымыздағы тұнғыш ресми белгілерге айналды. Ақиық ақын Fafty Қайырбеков ағамыз қолма-қол ағынан жарылып:



«Еәрі де түр жасылып сенде, байрак,
Дәл қазір желбіреген желмен ойнап.
Үстінде Ақ орданың жалғыз жалау –
Аспанның ешісіндегі келген жайнап.
Шарықта, шырқа көкте, көк байрагым –
Арманым, азаттығым, көңке айғасым.
Мен сениң салтанатты сағағыңа,
Өлеңмен алтын шашақ шоқ байладым», –

деп шалқыды. Жанған жүрек домнасында жасынға айналған алабұртқан ақ көнілдің нұр сөулесін отша шашып, жан шуағымен нұрланған жыр-байғазы ұсынды. Барша алашынан сүйінші сұрады. Ақын жаны – ел көніл қүйінің шарайнасы іспеттес. Ақын жыры – өз жүргегінің қалауы ғана емес, барша отандастар жанының жалауы да еді.

Жаңа рәміздер туралы мамандар пікірі де жоғары. Мысалы, Бонн қаласындағы Дүниежүзілік вексилология ғылыми-зерттеу институтының директоры Р. Климелеш бізге жазған хаттарының бірінде (8.08.1992):

«Мемлекеттік туларыңыз өте гажап екен. Мен оны алғаш рет теледидардан, Барселонадағы олимпиадалық ойындарды тамашалай кезінде кордім», – деп жазды. Мұндай жақсы лебіз Д. Барр (АҚШ), А. Брожек (Чехословакия), Дж. Тенора (Германия), М. Ревнивцов (Ресей) және басқа осы заманғы айтулы тутанушылардың хаттарында да бар. Мамандар, әсіресе, елтаңбамыздың әлемдік тәжірибеде бұрын кездеспеген өзгеше болмысина тәнтілік білдірді. Р. Климелеш мырзаның ықыласымен мемлекеттік рәміздеріміз әлемдік каталогке енді.

Белгілі мамандардың (Т. Сүлейменов және басқалар) ұсынысы бойынша қолға алынған біртұтас осы заманғы мемлекеттік стиль қалыптастыру идеясы да, алдымен, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге негізделген. Ту мен елтаңба бейнелері ұлттық ақшамыздың бетінде айшықталып, ұлттық әскери күмдердің оқалы зеріне айналды. Әлемдік әуе кеңістігінде қанат қақкан ұшактарымыздың бүйіріндегі таныс белгілер көзге оттаяй басылады.

Ешқашан естен шығаруға болмайтын бір ақиқат бар. Ол – мемлекеттік рәміздердің тек көркем, образ ғана емес, тәуелсіз мемлекет

құру идеясының жаршысы екендігі. Олар осынау ізгі сезімді адамдардың жан дүниесіне сініріп, ақыл-онына дарытуға қызмет етеді.

Осы орайда тұнғыш президентіміз Н. Назарбаевтың жаңа мемлекеттік рәміздерді қабылдауға қаншалықты зор мән бергендей ділесе түседі. Ғасырлар бойы халықтың асыл арманы болып келген тәуелсіздігімізге қатысты мәселенің қай-қайсысына да туған елі тағдырының ең бір шешуші кезеңінің жауапкершілігін мойнына алған перзенті ретінде айрықша көңіл белетін қалпымен байқау барысын да, талқылау жайын да жанын сала қадағалап отырды. Комиссия мәжілістеріне қатысып, мамандар пікіріне құлақ салды. Көпшілік на зарына іліккен авторлармен кеңесті. Әр түрлі тарихи-этнографиялық және басқа арнаулы әдебиеттерді қарастырып, өзі болған сан алуан мемлекеттердің рәміздерін саралады. Мақсат – көтерілген ту мен елтаңбаның, жаңа да тәуелсіzsіздік алған егемен елдің ақжолтайына айналар әнұранның түрі, табиғаты жағынан төлтума, ал мазмұны жөнінен осы заманғы өркениетті мемлекет идеясына үндес рәміздер болып шығуы еді.

Қазақстан туы Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Сарайының алдындағы дүние жүзі елдері тулары қатарына 1992 жылы қосылды.

Алғашқы мәжілістердің бірінде-ақ алуан түсті ту жобалары төңірегіндегі пікірталасты тындалап отырып, қай жағынан алғанда да шымкай көгілдір түстің ұтып тұрғандығына назар аударғаны тегін емес болатын. Бұл жерде терең табиғи сабактастықтың үстінен, жас мемлекеттіміздің біртұтас, унитарлық сипаты мен досқа құшағы ашық бейбіт ниетін вексилология тілінде сәтті беру ойда болғаны анық. Президенттің ту мен елтаңбаның эталондық нұсқаларын жетілдіріп, нақтылай түсу жөніндегі нақты ұсыныстары мен ойлары рәміздеріміздің нақ бүгінгідей бедерленуіне иғі ықпал етті.

Мемлекеттік рәміздеріміздің ресми хатталуының да өз тарихы бар. Президент Н. Назарбаев 1992 жылғы 4 маусым күні «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы туралы», «Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік елтаңбасы туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» тарихи заңдарға қол қойды. 6 маусым күні Алматы қаласындағы Абай атындағы опера және балет театрының әсем ғимаратында тәуелсіз еліміздің тұнғыш мемлекеттік рәміздерінің тұсауқессер салтанаты етіп, сол күні Президент сарайы мен Парламент үйінің төбесіне Ту көтерілді. Елтаңба орнықты, егемен ел аспанында әнұран әуені асқақтады. Алты ай өткен соң, 1992 жылы 11 желтоқсанда, Мемлекеттік әнұранның мәтіні бекітілді.

Мемлекеттік рәміздер туралы ресми шешімдер кейін, 1996 жылдың 24 қантарындағы Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық күші бар «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» арнайы Жарлығында ретке келтіріліп, нақтыланды. Жарлық бес тараудан, 14 баптан тұрады. Жарлықта Мемлекеттік рәміздерді қолданудың ресми тәртібі де айқындалған. Сондай-ақ, 2007 жылдың 4-маусымында оның орнына жаңа «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік нышандары туралы» №258 Конституциялық заң кабылданды. Ал 2008 жылдың 4 шілдесінен бастап занда «нышан» сөзі «рәміз» сөзімен алмастырылып, атауы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері туралы» деп өзгертилді. Зан алты тарау, 16 баптан тұрады.


Ресми анықтамаға сәйкес: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2».

Мемлекеттік ту ҚР Президенті резиденциясының, Парламент пен Үкіметтің, министрліктер мен басқа да оргалық атқару органдарының, сол сияқты Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың және басқа да соттардың, Бас прокуратуралының, дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелердің ғимараттарында ұдайы көтеріліп тұрады.



Мемлекеттік ту Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің сессия отырыстары (біріккен және бөлек), Парламент Палаталары Бюролары мен Үкіметтің отырыстары, мәслихат сессиялары өтетін залдарда, Конституциялық Кеңестің отырыс залында, Жоғарғы соттың, оның алқалары мен басқа да соттардың сот мәжілісі залдарын да, сондай-ақ дүниеге келген нарестелерді және некені салтанатты түрде тіркейтін орынжайларда, Президент, Парламент палаталарының тәрағалары, Премьер-Министр және олардың өкілдепті өкілдерінің қатысуымен халықаралық форумдар өтетін ғимараттарда немесе орынжайларда (егер халықаралық құқық нормалары мен КР қатысқан халықаралық шарттарда көзделген болса), ресми адам ретінде Президент, Парламент Палаталарының тәрағалары мен Премьер-Министр мінген теңіз кемелерінде және басқа да қатынас құралдарында міндепті түрде ұдайы тұруға тиіс.

Қарулы Күштер және Республикалық Ұланның әскери құрамалары мен бөлімшелерінде – ант қабылдау кезінде, мемлекеттік органдар



Ант



мен ұйымдардың ғимараттарында – ұлттық мереке және басқа мере-ке күндері Мемлекеттік ту көтеріледі. Ол ұлттық азаға байланысты тутұғырдың жарты деңгейіне дейін аза тұту мерзімі бойына төмен түсіріледі.

Мемлекеттік ту көтеру елдің әскери корабльдері мен кемелерінде – әскери жарғыларға сәйкес, кемелердің бұлқынына байланған ту ретінде – белгіленген тәртіп бойынша айқындалады. Ту бейнесі әуе кемелерінде бедерленеді. Оны қалауына карай жеке адамдар да өз жекеменшік үйлерінде (орынжайларында) іліп қоя алады.

Мемлекеттік ту жасау заң бойынша бекітілген тәртіпке сәйкес берілетін тиісті рұқсат (лицензия) арқылы ғана жүзеге асырылады. Кезінде, осындай №1 лицензия «Алматы – қала-безендіру» жабық ак-ционерлік қоғамына берілді.

Ту жасауға политеекс, атлас және жылтыр жібек пайдаланылады. Мамандар синтетикалық маталар беріктеу келеді деп е септейді. Қазақстан ГОСТ-ы бойынша Мемлекеттік рәміздерде қолданылатын бояулардың стандарты – 810 ф (алтын түсті, сары), және 312 ф (көк)



Президент резиденциясы. Ақорда. Астана

өлшемдеріне тең. Ту жасаумен айналысып жүрген өндірісшілер көшеге ілген тулардың сапасын жарты жылға дейін сақтауға кепілдік береді. Тудың өнінің тозбауы ауа райына да байланысты. Мысалы, Алматы көшелерінде бұл мерзім бір жылға да созылуы мүмкін. Ту және оның бейнесін жасаушыларға қойылатын басты талап – олар түрлі-түсті және сызбалық эталондарға толық сәйкес келуі керек.

Негізгі бөлігін түсті матада құрайтын мемлекеттік тудың басқа атрибуттарының да өз атаулары бар. Олар – тутаяқша (древок), ұшарбас (навершие), бау (лента), шашақ (бахрома), тутұғыр (флагшток), тужиек (кайма), т.б.

Түсті матада тартылатын тутаяқша ағаштан немесе металдан жасалады. Ұшарбас оған шығырмен бекітіліп, тудың ажарын аша түсуге қызымет етеді. Ол ұлттық ою-өрнек стилінде жасалған найза тәрізді болып келеді. Оған тартпа жіп пен бау тағылады.

Шашақ дегеніміз тудың негізгі бөлігін – түсті матаны жиектеп көмкерген тоқыма әшекей, ал тутұғыр деп тутаяқша тұрғызылған металл қондырғыны айтады. Тужисек (кайма) болса – түсті матаның шетіндегі түсі бөлек жолақша.

Тудың қасбетіндегі (оң бет – түсті матаның тура қараған кезде тутаяқшадан онға карай жазылған жағы) әр алуан бейнелер мен жазулар току, бояу және жапсырма (аппликация) әдістерімен түсіріледі.

Елтаңба ресми нышан ретінде көбіне түмен қатар жүреді. Ресми анықтама бойынша: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аныздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN»* деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аныздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «QAZAQSTAN» деген жазу – алтын түстес».

* «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері туралы» №258 Конституциялық заңға 29.06.2018ж. енгізілген өзгерістерге сәйкес, кирил эріптегімен жазылған «ҚАЗАҚСТАН» жазуы латын әріптегімен жазылған «QAZAQSTAN» жазуына ауыстырылды.



Мемлекеттік елтанба бейнесі ҚР Президенті резиденциясының, Парламент мен Үкіметтің, министрліктер мен басқа да орталық атқару органдарының, сол сияқты Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың және басқа соттардың, Бас прокуратуралық, Ұлттық Ғылым академиясының, Қарулы Күштер және Республикалық Ұланының әскери құрамалары мен бөлімдері штабтарының, дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелердің ғимараттарында орналастырылады.


Сол сияқты ол ҚР Президентінің кабинетінде, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің сессия отырыстары (бірлескен және бөлек) мен бюро мәжілістері, Үкіметтің және оның төралқасының отырыстары, жергілікті өкілдітті органдардың сессиялары өтетін залдарда, Конституциялық Кеңестің отырыс залында, Жоғарғы Соттың, оның алқалары мен басқа да соттардың сот отырысы залдарында, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың алқа мәжілістері өтетін залдарда, мемлекеттік және үкімет наградалары тапсырылатын орынжайларда, шетелдегі дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қабылдау залдарында, дүниеге келген нәрестелерді және некені салтанатты түрде тіркеу орындарында тұрады.

Елтанба бейнесі Президенттің және оның Әкімшілігінің, Парламенттің және оның Палаталары мен олардың Бюролары мен Аппараттарының, Үкімет және оның Аппаратының, министрліктердің, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың, өзге де атқарушы органдардың, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың және басқа да соттардың, Бас прокуратуралық, Қарулы Күштердің және Республика Ұланының әскер құрамалары мен бөлімдерінің, мәслихаттардың, жергілікті атқарушы органдардың, заң бойынша мөрлерінде және құжаттарының бланкілеріне елтанбаның бейнесін орналастыру құқығы берілген мемлекеттік куәландыру кеңеслерінің мөрлерінде және құжаттарының бланкілерінде, Президенттің, Парламент пен Үкіметтің, Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың ресми басылымдарында, банкноттар мен тиын ақшаларда, мемлекеттік құнды қағаздарда орналастырылады. Төлқұжаттар мен жеке куәліктерде, шекара бағаналарында да болуға тиіс.




МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ ОРНАЛАСТАРУДЫҢ РЕСМИ ТӘРТІБІ

ШЕТЕЛДІК МЕЙМАНДЫ ӨУЕЖАЙДА (САПАРЖАЙДА)
ҚАРСЫ АЛУ (ШЫҒАРЫП САЛУ) КЕЗІНДЕ




Мейман елі туы Ұшу алаңына шығар босаға Қазақстан туы

РЕСМИ ШАРАЛАР (ЖИЫНДАР) КЕЗІНДЕ



ТЕАТРДА





Қарғалы диадемасы. Фрагмент



Алатай барысы. Есік қорғаны

Мемлекеттік Елтанба бейнесін мемлекеттік емес органдардың және олардың лауазымды адамдарының бланкілерінде, мөрлерінде және басқа реквизиттерінде пайдалануға занмен тиым салынған.

Мемлекеттік Елтанба жасау тек заң бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес рұқсат (лицензия) алған жағдайдаған жүзеге асырылады. Жасалған бейне эталонға толық сәйкес келуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасының эталондары Президент Резиденциясында сақталады. Олар 1997 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы астанамыз Алматыдан – жана елордамыз Астанаға жеткізілді. Бұл маңызды миссия Қазақстан Республикасы Ұланының қолбасшысы генерал-майор Сәт Тоқпақбаевқа жүктелді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны – елдің реңми музикалық-поэтикалық әмблемасы, әдеби-сазды төлкүжаты. Ол қай жағдайда және қалай орындалады? Бұл сұрақтың да жауабы реңми зандастырылған. Мемлекеттік әнұран Парламент сессияларының ашылуы мен жабылуы кезінде, ҚР Ұлттық мерекелері мен басқа да салтанатты іс-шараларға арналған жиналыстар мен отырыстардың ашылуы кезінде, сол сияқты ел өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне ескерткіштер, монументтер, құлпытастар мен өзге де құрылыштарды ашу кезінде, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдар өткізетін реңми және



салтанатты рәсімдер, спорттық іс-шаралар кезінде Мемлекеттік ту көтерілген кезде орындалады.

Әнұран ресми сапармен келген шет мемлекеттердің басшыларын, парламенттері мен үкіметтерінің басшыларын қарсы алу және шығарып салу кезінде халықаралық этикет бойынша шет мемлекеттің әнұраны орындалғаннан кейін ойналады.

Елдің музыкалық рәмізі жаңа оқу жылының басталуы және аяқтауына арналған рәсімдер кезінде, оқу орындарында өтетін басқа да салтанатты іс-шаралар кезінде пайдаланылады. Мемлекеттік теледидар мен радио хабарлардың күн сайын эфирге шыққанда және хабар таратуы аяқталарда орындалады.

Шет мемлекеттерде іс-шаралар өткізген кезде Мемлекеттік әнұран Сыртқы істер министрлігі бекіткен ережеге сәйкес пайдаланылады. Оnda сол елде қалыптасқан ресми тәжірибе мен дәстүрлі әдет-ғұрыптар ескерілуге тиіс.

Әнұранды ықшамдаپ және толық орындауға болады. Ресми талаптарға сәйкес оны оркестр, хор, оркестр және хор, және де тағы да басқа вокалдық және аспаптық түрде орындауға болады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдарын қолдануға болады. Бұл ретте жазу таспасын пайдалануға болады.

Мемлекеттік әнұран оның ресми бекітілген мәтініне өзгеріс енгізілмей және музыкалық редакциясына толық сәйкес орындалуға тиіс. Қалыптасқан халықаралық дәстүр бойынша әдетте әнұран мәтінін басқа тілде орындауға жол берілмейді. Сондай-ақ, мемлекеттік әнұран орындалған кезде, жиналған жұрт оны орнынан тұрып, оң қолын жүрек тұсына қойып тындауы шарт. Әнұранның орындалу тәртібін қадағалау заң бойынша мемлекеттік органдар мен үйімдар басшыларына жүктелген.

Мемлекеттік рәміздер интеллектуалдық меншікке жатады. Еліміздің мұндай құқы Бүкіл дүниежүзілік интеллектуалдық меншік

Тарихи болмыс қисыны, жаңа қогамдық сұраныстар мемлекеттік рәміздерде көрініс табатын тың идеяларга деген қажеттілік тұгызыды.

А. Яковлев

Ежелгі қазақ жерінде шыгарылған алғашқы ақшалар арасында Мұбәрәк қожа сұлтандық еткен тұста Сығанақта жасалған теңгелер де бар. Ол екі рет – 1327-1328 жж. және 1328-1329 жж. – ақша шыгарған. Табылған темір теңгелерде «Өділ сұлтан – Мұбәрәк қожа. Тәңірім оның билік дәүренін ұзақ еткей» деген сөздер бар. 1368-1369 жылдары Сығанақта Орыс хан да өз ақшасын шыгарған. Өз ақшаларын айналымга енгізу олардың Алтын орда хандарынан тәуелсіздігінің бір белгісі еді. Жалпы аргы-бергі тарихта егемен билеушілердің гана төл рәміздері, айрықша елдік белгілері болған.

Әр елдің ұлттық ақшасының (валютасының) өз атауы бар. Қазақстанда – теңге, Ресейде – рубль, Ұлыбританияда – фунт стерлинг, АҚШ пен Канадада – доллар, Қыргызстанда – сом, Германия, Франция, Бельгия, Италия, Португалия, Грекия, Австрия, Испания, Финляндия, Монако, Эстония, тағы да басқа бірқатар Еуропа елдерінде – евро, Иракта – динар, Венгрияда – форинт, Түркменстанда – манат, Швеціяда – франк, Швеция, Норвегия, Дания, Исландия, Чехияда – крона, т.б.

ұйымында тіркелген. Қалыптасқан халықаралық нормаларға сәйкес ол Париж конвенциясына* қосылған 179 елде заңмен қоргалады.

Мемлекеттік рәміздер ретінде ту мен елтаңба – егемендік және тәуелсіздік идеяларының нақты заттық белгілері. Әнұран – осы ізгі ұғымдардың бірден-бір рухани жаршысы.


Қазақ елінің өз топырағында дүниеге келген, өз аңсарларымыз мұддесіне қызмет ететін тұңғыш ре сми мемлекеттік белгілеріміз – барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздік тұмарындей. Елдік белгілер ел үмітінің шырағданы іспеттес. Көтерген туы жығылмай, асқақтаған әнұраны әрдайым жарқын шырқала берсе екен деген тілек – қай халық үшін болсын ерекше көкейкесті, ерекше қасиетті тілек. Ниеті адаптация барша қазақстандықтардың ізгі арманы да осы.

Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бет түзеген ұлы көшімізді демеп, иғі істерімізді қолдай бергей.

* Индустріалды менипкіті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы – 1883 жылы қол қойылған, алі де күпін жоймаган интеллектуалдық менипкі жөніндегі алғаш халықаралық келісімдердің бірі.



1995-2012 жж. аралығында
қолданылған ҚР Президентінің
алғашқы байрағы



Қазақстан Республикасы Президентінің
байрағы

1995 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан тарихында алғаш рет мемлекет басшысының **байрағы** дүниеге келді. Ол – мемлекеттің ең жоғары лауазымды адамының ресми айырым белгісі. Байрақтың сипаттамасы тұнғыш Президенттің «Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдалану тәртібі туралы» Жарлығында* айқындалған.

Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы – көгілдір түсті (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен түстес) тікбұрыш нысанындағы жақтары екіден біріне сәйкес келетін кездеме. Тікбұрыштың ортасында Қазақстан Республикасының алтын түсті Мемлекеттік туы бейнеленген. Салтың тұсына тік сзызық түрінде алтын түсті ұлттық нақыш орналастырылған.

Кездеме үш жағынан алтын шашақпен көмкерілген. Байрақтың сабы қошқар мүйіз түріндегі суретті қола кескінде мемлекеттік тұйықталған, оған төгілмелі шашақ байланған. Байрақтың сабында Қазақстан Республикасы Президентінің тегі, аты мен әкесінің аты (мемлекеттік тілде) және оның сайланған уақытын көрсететін даталар өрнектеліп жазылған күміс темірше бекітіледі.

Ресми қолдану тәртібіне сәйкес байрақ Республика астанасындағы Мемлекет басшысы тұратын Резиденцияда, Республика Президенті болған уақытта басқа резиденциялар үстінде, Республика Президентінің көлік құралдарында орнатылады. Мемлекет басшысы

* 2012 жылғы 31 қазанды ҚР Президентінің №414 жарлығымен Президент байрағының жаңа сипаттамасы бекітілді.

Қола дәуірде Шығыста пышақ, қүрек, қоңырау, кейір музыкалық аспаптар айырбас қуралы ретінде пайдаланылған. Кейін олардың орнына ортасында шаршы тесіктері бар дөңгелек қола мәнеттер жүретін болды.

қатысқан салтанатты және басқа да рәсімдер кезінде елдің Мемлекеттік туы немесе Президент байрагы тігіліп қойылады. Байрак эталоны Қазақстан Республикасы астанасындағы Президент Резиденциясында сакталады.

Мемлекеттегі ең жоғары лауазым иессінің келесі айырым белгісі – Республика Президентінің *омырау белгісі*. Қазақстан Республикасы Президенті омырау белгісінің сипаты Орталық сайлау комиссиясының 1995 жылғы 1 желтоқсандағы қаулысында айқындалған. Белгі мен оның шынжыр шығыры бағалы және аса бағалы металдар мен тастардан жасалады.

Омырау белгінің ұзындығы 96 сантиметрлік шынжыр шығыры әр қабырғасы 2 сантиметрлік бірнеше үшбұрыш тізбесінен тұрады. Шеттері – ақ, ортасы – көк түсті эмаль бояумен боялған үшбұрыштар Қазақстан астанасы мен облыстырының нышандық бейнесі ретінде ойластырылған. Әр үшбұрыштың ортасында шаңырақ бейнесі бедерленген.

Шынжыр шығырдың ортасында көк эмальға таңбаланған ұлттық елтанба белгісі (диаметрі 4,4 см) орналасқан. Оның төменгі жағына диаметрі 9 сантиметрлік үш деңгейлендіріп жасалған сегіз бұрышты жұлдыз ілінген. Алғашқы қабат толқынды көгілдір сәулелерден тұрады. Екінші қабат жан-жағын қымттай жинастырылған лента пошымында айшықталған



Қазақстан Республикасы Президентінің омырау белгісі

және келесі деңгейдің астарына айналып тұр. Ал үшінші үстіңгі қабат «Қазақстан Президенті» деген сөздер жазылған ақ әмальді дәңгелек дискімен өрнектелген.

Ол мемлекеттік мерекелер құрметіне, әскери парадтар, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың ресми адамдарын қабылдау, Республика Президенті атынан өткізілетін ресми қабылдаулар, Парламент сессиясын ашу, мемлекеттік наградаларды тапсыру кезінде, сондай-ақ Республика Президенті салтанатты кеште немесе концертте құрметті қонақ болған не қатысқан, ресми телевизиялық сұхбат берген кезде, шетелдік сапарлар уақытында қабылдаушы тараптың хаттамасына сәйкес тағылуы мүмкін.

Рәмістану ғылымында рәміздер қоры деген ұғым бар. Оған егемен елдің барлық ресми белгілері енеді. Олардың қатарында елтаңба, әнұран, ту және мемлекет басшысының байрағымен бірге ұлттық ақша (валюта), мемлекеттік наградалар, шекара, мемлекет астанасы бар. Мемлекеттік тілді де осы қатарға жатқызуға әбден болады.

Қазақстанның ұлттық *ақшасының* туған күні – 1993 жылғы 15 қараша. Егемен еліміздің экономикалық тәуелсіздігінің тұнғыш заттық айғағының (атрибутиның) аты – теңге. Ол сол 1993 жылғы 15 қараша күні жергілікті уақыт бойынша 8-00 сағаттан бастап, бүкіл ел аумағында айналымда жүретін жалғыз занды айырбас құралына айналды. Бір теңге 100 тиыннан тұрады. Қолда ұсталатын ақша біткен қағаз ақша (банкнот) және күміс ақша (монета) ретінде ғана айналысқа тусаді. 1993 жылғы 12 қарашада қабылданған

«Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын айналымға енгізу туралы» Жарлыққа сәйкес теңгені Қазақстан Республикасы аумағында мешік түріне қарамастан барлық нақты және занды тұлғалар үшін төлем құралы ретіндепайдалану, сол сияқты банкілерде теңгелерді пайдаланып салым салу мен есеп ашуға ешбір шек қойылмайды.

Төл ақшамызының дүниеге келуі аса маңызды тарихи оқиға екендігі ескеріліп, кейінірек, 1997 жылы, қабылданған шешім бойынша,

Көс өзен бойындағы мемлекеттерде б.з.д. IV–III ғг. дөңгелек және тік бұрышты мыс қаңылтырлар ақша орнына жүрді.

Казіргі Судан аумагындағы көне мыс кеңіштерінің қалдықтарынан табылған жүзік, құйма алқалар біздің заманымызға дейінгі III ғасырда жасалған. Бұл Африка ақшалары Ирландияда табылған қола дәуір жүзіктеріне үқсайды.

15 караша – теңгенің туған күні болып жарияланды. Сөйтіп, ұлттық валютамыздың күні ресми түрде қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне айналды.

Ұлттық валюта дизайнын жасауға белгілі мамандар тобы тартылды. Олардың арасында Тимур Сүлейменов, Мендібай Әлин, Хайролла Фабжалелов, Ағымсал Дүзелханов, Досбол Қасымов, Еркін Жамалбаев және басқалар бар. Олар жаңа ақша айналымға енерден екі жыл бұрын іске кірісken болатын. Әрбір банкнот пен мәнет дизайнның 8-9 жобасы жасалды. Ең жақсыларын арнаулы мемлекеттік комиссия бағалап, ірікtedі. Содан кейін барып Қазақстан ақшасын безендірушілердің бір тобы Лондондағы

«Харрисон энд сонс» («Harrison and Sons») фирмасының тәжірибесімен танысты. Көп ізденістер мен қыруар күш-жігердің арқасында тұңғыш төл валютамызды жасау жұмысы барынша қысқа мерзім ішінде атқарылды. Жаңа ақшаның көркемдік безендірілуі де, арнайы технология бойынша қорғалуы да күткендердің әлдеқайда жоғары болып шықты. Ағылшын, француз, жапон мамандарының жоғары бағасына ие болды. Мысалы, 500 теңгелік қағаз ақшадағы әрбір кескін 250 микронға тең. Бұл мамандардың пікірі бойынша оны қолдан жасауға мүмкін еместігінің бір айғағы көрінеді.

Тұңғыш банкноттарды көркем безендіру кезінде белгілі тарихи тұлғалардың (әл-Фараби, Абай, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Ш. Уәлиханов, Құрманғазы, Сүйінбай) портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің бейнесі,



1993 жылғы алғашқы қазақ ақшалар

Манғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Тенге дизайнерлерінің бірі – Прага сөүлет институтының түлегі, біrnеше халықаралық конкурстардың жеңімпазы X. Фабжалеловтың пікірінше, ақшада айтулы алаш азаматтарының бейнесін берудің біrnеше себебі болған. Біrіншіден, қосымша күрделі бедер-бейнелер банкноттарды қолдан жасаудан қорғайды, екіншіден – төл тарихи тұлғаларымыздың суреттері біздің жас мемлекетіміздің өз тарихы мен болмысын танытады және қазақ ақшаларын әлемдегі басқа валюталардан даралап, айшиқтарап тұрады.

Ұлттық ақшамыздың алғашқы легі номиналдары 1, 5, 10, 20, 50, 100 теңгелік ақшалар* болып басылып шығарылды. Одан кейін біrtіндеп (1994-2003 жж. аралығында) күны 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 номиналды банкноттар басылып, қолданысқа енгізілді**. Алғашында шықкан теңгелердің сипаттамасы жайлы төменде айтылған.

Bіr теңгелік қағаз ақша көк түсті. Оң жағында Шығыстың ұлы ойшылы, сан қырлы энциклопедист ғалым, Отырар қаласында дүниеге келген ғұлама әл-Фарабидің суреті салынып, аты, дүниеге келген және дүниеден өткен жылдары жазылған. Суреттен сәл солға карай, төменіректе қазақтың ұлттық ою-өрнегі айшиқталған. Оң бүрышта өрнекті сурет тұр. Ақшаның екінші жағының бояуы алқызыл түсті.

* Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 ж. қаулысына сәйкес 2006 жылғы 15 қарашадан бастап ақша айналысынан алынды.


** Бұл алғаш банкноттар біrnеше рет кішігірім езгеріліп, ен соңғы үлгілері 2007 ж. дейін реесми қолданыста болған. Одан әрі қарай жаңа үлгідегі қағаз ақшамен алмастырылды.

Бұл беттің ортасында әртүрлі геометриялық пішіндер мен әл-Фараби формуласы кескінделген.

Үш теңгелік қағаз ақша күлгін жасыл түсті. Оң жағында жер жаннаты Жетісудан шыққан саңлақ ақын Сүйінбай Аронұлының суреті бар. Өміrbаяндық деректер қоныр-жасыл түсті бояумен тігінен орналастырылған. Ақын суретінің астындағы сол бұрышта ұлттық өрнек бедерленген. Ақшаның екінші жағының бояуы – жасыл, ортасында әйгілі Алатау аясындағы әсем табиғаттың тамаша көрінісі бар.

Бес теңгелік қағаз ақша қоныр түсті. Оң жағында халық композиторы, ұлы қүйіші Құрманғазы Сағыrbайұлының суреті салынған. Өміrbаяндық деректер тігінен қоныр бояумен бедерленген. Суреттің төменгі сол жағында – ұлттық ою, ал сол жақ бұрыштағы номиналдың астында өрнекті сурет бейнеленген. Екінші беті сарғыш қызыл бояулы, ортасында Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің бір көрінісі орналастырылған.

Он тенгелік, жиырма тенгелік, елу тенгелік, жүз тенгелік қағаз ақшалардың көлемі 69x144 мм. Ортасында номинал мәтіні мен сандық



Қожа Ахмет Йасауи кесенесі (XII–XIV ғғ.) – діни рәміз



белгісі орналастырылған. Тәменгі сол бұрышта номиналдың сандық белгісі қайталаңады, ал оның үстінде – өрнек бедерленген. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төрағасының қолы ақшаның тәменгі жағындағы орта тұста таңбаланған.

Жоғарыда оң жақта – ұлттық ою орналасқан, сол жақта – тігінен ақшаның сериясы мен нөмірі қара түсті бояумен берілген.

Бұл қағаз ақшалардың бәрінің де келесі бетінде оң жақта – Қазақстан Республикасының елтанбасы бейнеленіп, ақшыл фонда: «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген жазу жазылып қойылған. Ашық ақ тұс субелгімен ерекшеленген. Үш жақта қазақ оюы бар. Оң жақтағы актаңдақта тәменгі бұрыштағы өрнектің астарында тиісті номиналдың өз таңбалары орналастырылған. Құпияланған тұста тиісті номиналдың сандық белгісі мен мәтіні қатар қойылған.

Он теңгелік қағаз ақша конырқай жасыл түсті. Оң жағына қазақтың ұлы ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлихановтың суреті салынған. Өмірбаяндық деректер тігінен орналастырылған. Суреттің тәменгі сол жағында «Қазақстан Ұлттық банкі» деген мәтін мен ғалымның субелгі (водяной знак) суреті бар.

Ақшаның келесі бетінің жасыл бояуы қанықтау, ол әйгілі Оқжетпес тауының бейнесімен безендірілген.

Жиырма теңгелік қағаз ақшада қаракоңыр тұс басым. Оң жағында қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаев бейнесі бар. Өмірбаяндық деректер тігінен қара бояумен берілген.

Портреттің тәменгі сол жағында бедерлі өрнек салынған, сол жағында – «Қазақстан Ұлттық банкі» деген қоңыр бояулы мәтін мен Абайдың субелгі суреті орналасқан.

Еуропадағы алғашқы айырбас құралдары – таланттар – б.з.д. III г. нағда болды. Криттегі Кносс сараин қазған кезде табылған салмагы 25 кг. талант созылған бұқа терісінен жасалған. Африка ақшалары Ирландияда табылған қола дәуір жузіктеріне үқсайды.



Төмөнгі сол жақ бұрышта «20» саны, ал оның астында өрнекті белгі бедерленген.


Ақшаның келесі беті қоныр бояулы. Ортасында Абай Құнанбаев поэзиясындағы аса бір тартымды жырланған тақырыптық желілердің бірі аңшылыққа орай ойластырылып берілген қыран салушы бүркітші бейнесі назар аударады.

Елу теңгелік қағаз ақшаның қасбеті (аверс) ашық қоныр түсті, он жағына Әбілқайыр ханның суреті салынып, өмірбаяндық деректері жазылған. Сол жағында «Қазақстан Ұлттық банкі» деген мәтін, төмөнгі сол бұрышта және жоғарғы оң жақта «50» саны қайталанған. Әбілқайыр ханның субелгі портреті сол жаққа берілген.

Қоныр бояулы келесі бетте Қазақстанның ежелгі өнерінен хабар беретін тарихи ескерткіштердегі суреттерден көшіріп салынған бейнелер бедерленген.



Ханда (Катанга кресті)



Мыс талант. б.з.д. XIV ғ.



Ханда бейнеленген мыс мәнеттер (Катанга)



Дидрахма (статер). Эгиндер





Олар еліміздің батысында Манғыстауда табылған жартастағы жазуларға жатады.

Жұз теңгелік ақшада күлгін тұс басым. Қасбеттің сол жағындағы ақтаңдақта тігінен жазылған «Қазақстан Ұлттық банкі» деген мәтін бар. Жазу көк бояумен өрнектелген.

«100» саны сол жақтағы төменгі бұрышқа және оң жақ жоғарыға орналастырылған. Банкноттың оң қапталында Абылай ханның портреті мен Әміrbаяндық деректері бар. Әміrbаяндық дерек жазбалары көк бояулы. Хан бейнесінен төменірек сол жақ тұста өрнек салынған. Сол жақта – Абылай ханның субелгі суреті.

Ақшаның келесі бетінде алқызыл тұс айшықтылау көрінеді. Ортасында Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің суреті салынған.

Екі жұз теңгелік ақша (көлемі 69x144 миллиметр) құрамында күлгін көк және қызыл бояулы арнаулы талшықтары бар ақ қағаздан жасалған. Қасбеттің алқызыл-қоңырқай рең басым, сол жақта қоңырқай-қызыл түсті

«Қазақстан Ұлттық банкі» деген жазу бар. «200» саны сол жақтағы төменгі бұрышта тұр. Осы таңба мен номинал мәтіні банкнот ортасында да бар, ал олардың астында «Қазақстан Ұлттық банкі» деген мәтін, Ұлттық банк төрағасының қолы қойылған және ақшаның шығарылған жылы бейнеленген.

Африкадагы Мономотана мемлекеті астанасының орнында қазба жұмыстарын жүргізген кезде «Ханда» мысынан айқыш (крест) құятын қалыптар табылды. Ол Конго және Замбези бассейндерінде XIX г. соңына дейін қарапайым айырбас құралының орнына жүрген.

Коладан, мыстан және күмістен мәнет соққанга дейін ақша орнына металл (құйма, соқпа, кесік, қазанша, сақина, т.б.) ғана емес, мал да пайдалаңылған. Б.з.д. 594 ж. афиналық архонт Солон күмістің бұқага шаққандагы құнын шыгарды. Сондықтан грек қала-мемлекеттері мен Ежелгі Рим тетрадрахмаларында бұқа суреті салынатын болған.

Тарихтағы тұңғыш күміс мәнеттер Эгина грек мемлекет-аралының дидрахмалары деп есептеледі. Олар – салмагы 12 граммдық күміс құйма болып келеді, ортасында тасбақа бейнесі бедерленген.



Ақшаның оң жағында әл-Фараби портреті орналастырылған, төменіректе оның аты-жөні және өмір сүрген жылдары қоныр бояумен өрнектелген. Оң жақ төменгі бөлікте тұтас басу әдісімен қазақ оюы жасалған. Сол жақтағы түрлі-түсті бөліктегі қарамен жазылған қосқарыпты серия белгісі мен жеті таңбалы ретсан көрсетілген. Қарыптар бір катарда. Өзара аракашықтары да біркелкі. Портреттің оң жағында да тікесінен қойылған қызыл түсті қосқарыпты серия белгісімен жеті таңбалы ретсан айшықталған.

Ақшаның келесі бетінде сарғыш көк түс басым. Сол жағында Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің суреті салынған.

Арнайы талшықтары бар, ак қағаздан жасалған *бес жуз* тенгелік банкноттың (көлемі 69x144 миллиметр бағалы қағаздың) қасбетінде аспанкөк зерлі көгілдір түс басым. Сол жақ түсында каракөк бояумен «Қазақстан Үлттық банкі» деген жазу жазылған. Сол жақ төменгі бұрышта «500» саны, одан төменіректе «Қазақстан Үлттық банкі» деген жазу, Үлттық банк төрағасының колы қойылған және ақша шығарылған жыл саны орналастырылған.

Банкноттың оң жағында әл-Фарабидің суреті салынған, астында кара бояумен оның аты-жөні мен өмір сүрген жылдары көрсетілген. Суреттен төменірек оң жақта – өрнек, ал тігінен – қызыл бояумен салынған қос қарыпты сериялы жеті таңбалы ретсан бедерленген.

Сол жақта – әл-Фарабидің бір кырын тұрған субелгі суреті. Сол жақ жоғарыдағы ақтаңдаққа айшық салынып, «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген жазу жазылған. Жоғарыда да, төмende де тұтас басу әдісімен қазактың үлттық оюы өрнектелген. Сол жақтағы түрлі-түсті бөліктегі кара бояумен қос қарыпты сериялы жеті таңбалы ретсан көлбей тартылған.



Мис мәнеттер
(сурет)



Мис мәнеттер
(VI-VIII ғғ.)




Алтын Орда дырхемі





Ақшаның келесі беті қызылт көк түсті. Сол жақта – Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. Ортада – орыс тіліндегі номинал мәтіні мен «500» саны, оның астында – «Национальный банк Казахстана» деген сөздер. Оң жақ жоғарыда «Подделка банкнот преследуется по закону» деп жазылған. Оң жақ төменгі бұрышта – «500» саны.

*Ирландиядан табылған қола дәуір
жүзіктері мен осы заманғы
Батыс Африкада кездесетін
мыс «манилалар»*



Мың теңгелік ақша (69x144 мм) арнаулы қаракөк талшықты ақ қағаздан жасалған. Қасбетінде қызыл-жасыл түсті бояу басым. Сол жақта тігінен «Қазақстан Ұлттық банкі» деген жазу орналасқан. Сол жақтағы төменгі бұрышта «1000» саны бар. Банкноттың орта тұсында «Мың теңге» деген номинал мәтіні мен оның сандық белгісі («1000»), ал оның астында «Қазақстан Ұлттық банкі» жазуы, Ұлттық банк төр-ағасының қолы мен ақша шығарылған жыл айшықталған. Оң жақта – виньет орам әдіптелген әл-Фараби суреті, астында – жасыл бояумен ғалымның аты мен өмір сүрген жылдары көрсетілген. Суреттің сол жағында тігінен металл тектес шеті батып бара жатқандай кейіптегі лента бейнеленген. Ол күн көзіне қарағанда тұтас кара сыйық болып

Орталық Азияда ортагасырларда пайдаланылған мәнеттерде түрлі әмблемалар, ғулеттік белгілер, жылқы, аша (V) және айыртаңбалы (торе таңба) белгілер, арыстанга ұқсайтын жартылай фантастикалық жануарлар бейнеленген.



көрінеді. Жоғарыда да, төменде де суретті сұлбалы торшалар үстінен ойылған оюлар өтеді. Портреттен төмендегі оң жақтағы бөліктे де ойылған ою бар.

Банкноттың сол жағында – әл-Фарабидің қырынан тұрған субелгі суреті. Ақтаңдақта – елтаңба бейнесі. Ортада – номинал мәтіні мен «1000» белгісі (түссіз бояу). Сол жақ жоғарыдағы ақтаңдақта – бедер суреті.

Жоғарысы мен төменінде тұтас басу әдісімен ұлттық ою өрнектелген. Сол жақтағы түрлі-түсті бөлікте қара бояумен қосқарыпты сериялы жеті таңбалы ретсан жазылған. Сол жақ жоғарыда жасыл бояумен «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген қазақша мәтін бар.

Ақшаның екінші бетінің ренінде жасыл-қызыл зер басым. Сол жағында – Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. Ортасында жасыл-көк-қызыл түспен орыс тілінде «Тысяча тенге» деген мәтін мен «1000» саны жазылып қойылған.

Оң жақтың жоғарысында екі жолға көк бояумен орыс тілінде «Подделка банкнот преследуется по закону» деп көрсетілген. Жоғарысы мен төменінде сурет сұлбалы торшада ойылған ою жолағы тартылған. Оң жақтағы төменгі бұрышта қызыл көк түсті «1000» номинал белгісі бар. Сондай-ақ, сол жылдары алғаш рет номиналдары 2000, 5000 және 10000 тенгелер де басылып шыққан. Ол банкноттардың қасбетінде де шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің қырынан тұрған субелгі суреті бар.

Содан бері төл ақшамыздың дизайны бірнеше мәрте өзгертіліп, жасалуы мен қолданылатын қорғаныш элементтері жетілдіріліп келеді. Қазіргі кезде номиналдары 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 және 20000 тенгелер қолданыста жүр. Олардың ішінде 2006 жылы шыққан 200 тенгелік банкноттан басқалары 2011-2017 жж. аралығында басылып, ақша айналымына енгізілген.

Екі жұз тенгелік (2006 ж. шыққан) ақшаның (126x64 мм) қасбетінде сары және жасыл бояулар басым. Орта тұсында ұзыннан Астанадағы «Бейтерек» монументі бейнеленген. Дәл ортасында тігінен

Улкен көлемді «200» саны, оның артқы жағында ішінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік гимнінің үзіндісі (ноталары) бар көк, қызыл, жасыл жолақтар орналастырылған. Оның сол жақ бұрышында Қазақстан Республикасы мемлекеттік елтаңбасы, ал тәменгі жағында «Қазақстан Ұлттық Банкі» және «Банкноттарды қолдан жасауга заңмен қудаланады» деген жазулар бар. Сондай-ақ, ақшаның сол жақ шетінде ішінде Н.Ә. Назарбаевтың қолтаңбасы бар ашық алақанның суреті, оның астында көлденеңінен «Екі жұз tengе» деген номинал мәтіні көрсетілген. Тенгенің оң жақ шетінде: тәменгі бұрышта – ҚР мемлекеттік тудың бейнесі, ал одан жоғары орта тұста «200» деген номиналдың сандық белгісі бар.

Ақшаның екінші бетінде де сары жасыл түстер басым келеді. Ортасында Қазақстан Республикасының картасы, оның ішкі жағына ұлттық ою, сондай-ақ Қорғаныс министрлігі ғимараты және Көлік және коммуникациялар министрлігі ғимараттары орналыстырылған. Оның алдыңғы жағында қанатты барс монументі бейнеленген. Ортадагы жоғарғы жақта «Қазақстан Ұлттық банкі» және «Төраға» деген жазулар, ал одан тәменірек төрағаның қолы бар. Банкноттың сыртындағы сол жақ жоғарғы бұрышында орысша «Подделка преследуется по закону», және тәменгі жақта «Двести тысяч» деген жазулар бар. Сондай-ақ, тәменгі сол жақ шетте – көлденеңінен, ал оң жақ шетте тігінен көлемдері әр-түрлі «200» деген сандық белгілер бейнеленген.

Алғашында шыққан қағаз ақшаларға қоса, 1993 жылғы 15 қарашада айналымға қағаздан жасалған тиындар да енгізілді. Номиналдары 1, 2, 5, 10, 20 және 50 тиындық банкноттар екі жыл шамасында ғана қолданыста болып, әрі қарай металл мәнеттермен алмастырылды. Металлдан жасалған тиындар 1994 жылдың 1 наурызда айналымға енгізіліп, 2012 жылдың сонында қолданыстан алынып тасталды. Қазіргі кезде тиындар мүлдем айналымда жоқ болғаныменен, металлдан жасалған теңгелер әлі де қолданыста.

Металл мәнеттердің номиналдары – 2 тиын, 5 тиын, 10 тиын, 20 тиын және 50 тиын болып дараланды.

Олардың қасбетіндегі (аверс) шенберде сегіз бұрышты өрнек бедерленген. Ол ортадагы мәнет номиналын орап тұр.

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ



Алғашқы 1993 ж. шыққан қағаз тиындар (қасбеті)

Номинал көлемін айқындастын сан астында «тиын» деп жазылып қойылған. Бедердің төменгі бөлігінде акшаның соғылған жылы көрсетілген. Бедердің алты қырында бірдей ұлттық оюға негізделген беzenдіру элементтері айшықталған. Бейне, жазулар, бедерлер мен оюорнектер шығынқы.

Қарсыбеттің (реверс) ортағы бөлігінде Мемлекеттік елтанба суреті салынған, ал шенбер шетін айналдыра «Қазақстан Республикасы» деген жазу өрілген.

Мәнеттің бүйірбетінде (гурт) ешқандай кескіндеме немесе жазу жоқ. Тегіс. Тиындар латуннан жасалған.



Металл тиындар (1994 ж.)



Екі және бес тыындық мәнеттердің диаметрі – 17,27 миллиметр, қалындығы – 1,3 миллиметр. Сәйкес өлшемдер металл ақшаларда олардың номиналдарының құнына қарай: ақша құны артқан сайын есе береді.

Он тыындық мәнеттің диаметрі 19,5 миллиметр тең болса, қалындығының өлшемі – 1,6 миллиметр.

Құны жиырма тыынға тең мәнеттің диаметрі – 21,87 миллиметр, ал ені болса – 1,6 миллиметр.

Құны елу тыын мәнеттің диаметрі – 25,0 миллиметр, ал ені болса, 2,0 миллиметр.

Ұлттық Банк қазақтың ұлы ақыны, ғұлама ойшыл Абай Құнанбаевтың тұғанына 150 жыл толуына орай (1995 ж.) бес сыйтенге – жүз тенгелік ескерткіш күміс ақша шығарды.

Касбетте Абайдың бір қырын тұрган бейнесі бедерленген (шығыңқы). Оның он жағы мен сол жағында ұлы ақынның өмір сүрген жылдары (1845-1904) көрсетілген. Жоғарғы жакта радиус бойынша «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» деген жазу таңбаланған. Төменде – Абай шығармалары негізінде жасалған көпбейнелі композиция.

Қарсыбетте Абай дүниетанымына қатысты бес негізгі канонды білдіретін шығыңқы суреттер орналастырылған. Олар – тіршіліктің қайнар бұлағын көз алдыңа әкелетін ана мен бала бейнелері, сенім мен білім негізі болып саналатын медресе, мәңгілік махаббат символы – алтыбақан, мақсаткерлік нышаны – бүркітші бейнесі, бойына даналық тұнған, адам өмірінің асқақ тәжіндей қасиетті ақсақал (киіз үй алдында) образдары.

Сыйтенгелердің тәменгі бөліктерінде «100» деген номинал белгі соғылған. Жиек шенбердегі шығыңқы орам ішінде «тенге», «1995», «Казахстан» деген жазулар бар, аралары әшекейлі бедерлермен бөлінген.

Мәнеттердің шетін баса моншақты орам мен шығыңқы кант бедерленген.

Сыйтенгелердің салмағы 24 грамдық бағалы металға тең, құйма өлшемі – 925. Пішіні – диаметрі 37 миллиметр дөңгелек. Бүйірбеті тегіс келген, ешқандай иірім мен жазу жоқ.







Сыйтентегелер айрықша жоғары «пруф» таңбалы сапамен жасалған. Әрқайсының таралымы – 10 мың данадан. Қазақстан аумагында да, шетелде де құны жөнінен алғанда бірдей коллекциялық баға бойынша сатуға арналған.

Сыйтентегелер арнайы кәделік (сувенир) қобдишаларға салынады, Ұлттық банктың қазак, орыс және ағылшын тілдеріндегі күәлік белгісімен (сертификат) қамтамасыз етілген.

Металл тенгелер 1995 жылдан шығарылып келеді. Алғашқы легі номиналдары 1, 3, 5, 10, 20 тенгелік мәнеттер болды. Одан бері металл ақшаның дизайны мен жасалатын металл түрі бірнеше рет өзгертілді. 1997 жылғы серияда 3 тенгелік мәнет алынып тасталып, 2 тенгелік мәнеттер шығарыла бастады. Содан бері, ресми айналымда 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 металл тенгелер бар. Ал 2020 жылы олардың қатарына 200 тенгелік мәнет қосылды. Қазіргі қолданыстағы металл ақшалардың ең жаңалары негізінен 2019 жылы шыққан. Алғашқы (1995 ж. шыққан) мәнеттердің сипаттамасы төменде тарқатылған.

Бір, үш, бес, он және жиырма тенгелік металл ақшалардың түсі ақ болып келеді.

Бір, үш және бес тенгелік мәнеттердің қасбетінде шенбер сзызық ішіне тоғыстырылған, алты қырлы бедерлер бейнеленген. Олар ақша номиналдарының сандық белгілерінің жиектері ретінде жасалған. Номиналдың сол жағында – ақшаның жасалып шығарылған жылы көрсетіліп, он жақ төменнің «тенге» деген арнайы жазу бәдізделген. Шенберді бастыра үш қатар орама дөңгелек зер айшықтары өткізілген. Мәнеттердің бүйірбеті тегіс келеді. Онда иірім, жазу жок.



Жаңа үлгідегі (2019-2020 жж.) металл тенгелер



Бір тенгелік металл ақшаның қарсыбетінде әспаналық образ ретінде пайдаланылған арқардың басының суреті тұр. Оң жақта шенберді айналдыра «Қазақстан Республикасы» деп жазылған. Тенгенің диаметрі – 17,27 миллиметр, қалындығы – 1,3 миллиметр.

Үш тенгелік мәнет қасбетінің ортасында әйгілі көкбөрі образы, төменінде – спиральдің, ал жоғарысында – қолдың рәміздік сұлбалалары бейнеленген. Шенберді дөңгелете «Қазақстан Республикасы» деп жазылған, сөз арасына ақшаның шығарылған жылы тіркелген. Диаметрі – 19,56 миллиметр, қалындығы – 1,6 миллиметр.

Бес тенгелік мәнет қасбетінің ортасында барыс суреті салынып, шенберді айналдыра «Қазақстан Республикасы» деп жазылған. Сөз арасында ақшаның шыққан жылы тіркелген. Диаметрі – 21,87 миллиметр, қалындығы – 1,7 миллиметр.

Он тенгелік металл ақшаның қасбетінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленіп, астына «10 тенге» деген жазу екі жолға таратылып түсірілген. Номиналдың оны мен солынға ұлттық ою-өрнек үлгісі өрілген. Қарсыбеттің ортасында әспаналық құс образы ойылған. Жоғарысында – спира льдің рәміздік сұлбасы. Шенберді айна лдыра «Қазақстан Республикасы» деп жазылған, сөз арасында ақшаның шыққан жылы тіркелген. Бүйірбеті тегіс, іірім мен жазу жоқ. Диаметрі – 25 миллиметр, қалындығы – 2 миллиметр.

Жиырма тенгелік металл ақшаның жоғарғы жағында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленіп, астына «20 тенге» деген жазу екі жолға таратылып түсірілген. Оның оны мен солында ұлттық ою-өрнек бейнеленген. Шенберді айналдыра «Қазақстан Ұлттық банкі» деп жазылған. Қарсыбеттің ортасында әл-Фараби суреті салынған. Шенберді дөңгелете «Қазақстан Республикасы» деген ел аты бедерленген. Сөз арасында ақшаның шығарылған жылы тіркелген. Бүйірбетте он іірім бөлік бар. Мәнет диаметрі 31 миллиметр, қалындығы 2 миллиметр.

ХХ гасырда қазақ елінің астанасы атанды қалалар – Орынбор (1920-1925), Қызылорда (бұрынғы Ақмешіт – 1926-1929), Алматы (1929-1997), Астана (бұрынғы Ақмола, 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап).



Ұлттық банк 1995 жылғы 18 қазаннан бастап БҰҰ-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымы) 50 жылдығына арналған жиырма теңгелік ескерткіш сыйтеңге айналымға шығарды. Қасбетінің жоғарғы жағында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, астында «20 Номиналдың он-солы бірдей безендірілген. Шеңберді айналдыра «Қазақстан Ұлттық банкі» деп жазылып қойылған. Бейне мен жазу шығынқы.

Ақшаның қасбетінің орта шеніне БҰҰ-ның 50 жылдығының эмблемасы салынған. Оның оң жағында «1945–1995» деген таңба бар. Эмблеманың тәменгі жағын айналдыра ағылшын, қазақ тілдерінде «United Nations. Біріккен Ұлттар Ұйымы» деп жазылған. Сурет пен жазу шығынқы.

Бүйірбетте «жиырма теңге» деген жазу жазылған. Сөз арасы «К. Ұ. Б.» (Қазақстан Ұлттық банкі – Е. Ш.) бас әріптерімен (аббревиатура) және қос ұшбұрышпен бөлінген. Ақша диаметрі – 31 мм, қалыңдығы – 2 мм. Ақ мыс-никель қорытпасынан жасалған.

Жоғарыда айтылып кеткендей, қазіргі реңми қолданыста жүрген мәнеттердің ең жаналары 2019 жылы шыққан номиналдары 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 теңгелік және 2020 жылдан бастап шығарылып келе жатқан 200 теңгелік мәнеттер.

2019 жылғы *Bir, eki, бес, он* теңгелік ақшалар жезben галвандырылған болаттан жасалған. Түсі сарғыш болып келеді. Диаметрі мен қалыңдықтары ертүрлі. Бүйірбеттері – тегіс, иірім мен жазу жоқ. Дизайны – ұқсас. Қасбетінде ақша номиналының сандық белгісі мен оның оң және сол жағынан көмкеріп тұрған ұлттық оюлар бейнеленіп, астыңғы жағында латын әріптерімен «Teңge» сөзі бәдізделген. Он теңгелік ақшада ғана ұлттық ою сандық белгінің астына орналастырылған. Мәнеттердің қарсыбетінің ортасында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленіп, оның айналасында шеңберді дөнгелете

Казіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген түрлі мемлекеттік құрылымдардың астаналары болған көне қалалар: Сүяб (Түркі қаганаты), Баласагұн (Карахандар мемлекеті), Койлық (Карлық хандығы), Жаңақент (Яңикент, Оғыз мемлекеті), Сығанақ (Алтын Орда) және Түркістан (Қазақ хандығы).



латын әрітерімен «Qazaqstan Respýblikasy» деген жазу бедерленген. Сөз арасында ақшаның шығарылған жылы көрсетілген.

Жиырма және елу теңгелік мәнеттердің түсі ақ болып келеді. Жиырма теңгелік мәнет никельмен галвандырылған болаттан жасалған. Ал елу теңгелік ақша берік, коррозияға қарсы тұра алғатын мыстың никель және мырыш қосылған қорытпасынан (нейзильбер) жасалған. Қасбетінің дизайны он теңгелік мәнетке ұқсас. Орта бөлігінде ақша номиналының сандық белгісі, оның астында ұлттық ою, ал екеуінің арасында «Teíge» сөзі бедерленген. Ақшаның қарсыбеті бір, екі, бес және он теңгелік мәнеттерге ұқсас: ортасында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленіп, оның айналасында «Qazaqstan Respýblikasy» деген жазу, ал сөз арасында ақшаның шыққан жылы тіркелген. Бүйірбеттерінде ойылған сзықтар мен тегіс бөліктер аралас келеді. Мәнеттердің диаметрлері әртүрлі: жиырма теңгенікі – 18,27 миллиметр, ал елу теңгенікі – 23 миллиметр. Қалындығы – 1,6 миллиметр, бірдей.

Жұз теңгелік ақшада түстері бөлек екі түрлі металл қорытпасы қолданылған: сақинасы – сары түсті нибрасстан, ал орта бөлігі – ақшыл нейзильберден жасалған. Қасбетінің ортасында «100» сандық белгісі мен оның астында латын әрітерімен «Teíge» жазуы бедерленген. Шеткі сарылау бөлігінің үстінде жұлдыз бейнесі мен сақинаны дәңгелете үш ұлттық ою өрілген. Мәнеттің қарсыбетінде ақшыл металлдың ішінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленіп, сақинаны бойлай латын әрітерімен «Qazaqstan Respýblikasy» жазуы мен астыңғы жақта теңгенің шыққан жылы көрсетілген. Бүйірбеті – тегіс емес, ойылған сзықтармен бедерленіп, үстінен дәңгелете латын әрітерімен «Júz Teíge» деген сөздер екі рет жазылған. Ақшаның диаметрі – 24,5 миллиметр, қалындығы – 1,95 миллиметр.

Екі жуз теңгелік мәнет те түсі бөлек екі түрлі металлдан соғылған. Сақинасы – ақшыл нейзильберден, ал ортасы – сарылау нибрасстан жасалған. Қасбетінің ортасында «200» саны мен оның астында ұлттық ою нақышталып, шеткі сақинаның үстінгі бөлігінде ұлттық ою бейнесі мен астында латын әрітерімен «Teíge» сөзі бедерленген. Ақшаның қарсыбетінің ортасында Қазақстан Республикасы елтаңбасы,

ал шеткі ақшыл бөлігінде латын әріптерімен «Qazaqstan Respýblikasy» деп жазылған. Сөз арасында мәнеттің шыққан жылы көрсетілген. Ақшаның бүйірбеті – ирек, үстінде ойықтары бар он алты бөліктен тұрады. Бөліктердің жартысының беті – тегіс, ал екінші жартысы – ойылған сзықтардан құралған. Мәнеттің диаметрі – 26 миллиметр, ал қалындығы – 1,9 миллиметр.

Казакстанның егемендігі мен тәуелсіздігі 1929 жылдан бері астана атанип келген Алматы қаласында жарияланды. 1994 жылы Республика Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» қаулы қабылдады. Ол үш тармақтан тұрды. Алғашқы тармағында: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекет астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы ұсынысы мақұлдансын» дөлінді, ал қалған екі тармағында жыл аяғына дейін астананы көшірудің техникалық-экономикалық негізін жасау, көшу мерзімі туралы нақты ұсыныс және Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы заң жобасын әзірлеу туралы міндет қойылды.

Бұл такырыпқа байланысты бірінші ресми әңгіме бұдан бірнеше ай бұрын Жоғарғы Кеңес Төралқасының мәжілісінде өрбіген болатын. Ә. Кекілбаев бастаған алқа мүшелері ғана жиналған отырысқа сол кезде Парламенттің баспасөз хатшысы болып істеп жүрген біз де қатысқан едік (Тағдыр жазып кейінірек Үкімет жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясында төрағаның бірінші орынбасары ретінде жаңа елорданың атын өзгерту мәселесін талқылауға да араласқанымыз бар).

Жаңа астана жайлары алғашқы хабарға Жоғарғы Кеңес Төралқасының мүшелері, шынын айту керек, онша қуана қойған жоқ. Аса ауқымды стратегиялық мәселенің бірден байыбына барып, бағасын біле қоймағандар ашық бет жыртысуға бара қоймай, сырттан әдеп сақтағанымен, көртартпа көніл ауаны әбден анғарылып тұрды. Сондықтан да Елбасы жан толқуын жасырмай: «Бұғін астана ауыстыру туралы ұсыныс енгізуге ниист ету маған да женілге түсіп тұрған жоқ. Сіздер бәріне түсіністікпен қарагандарыңыз жөн... Егер мен, Назарбаев, тек өз жайымды ойлаған болсам – мұнда менің жылы кабинетім де, саяжайым да, резиденциям да бар, онда бұлардың біреуі



Алматы қаласының елтаңбасы



Астана қаласының елтаңбасы

де жоқ... Бірақ мемлекет тағдыры, оның болашағы жөнінде сөз болғанда мен үшін қайда, қалай жылы немесе салқын болады деп бас қамын ойлап жатуға хәқым жоқ» деген тосын да тегеуірінді қисынды көлденен тартты.

Мемлекеттік тұрғыдан алғанда тарихи маңызы бар сол жолғы мәртебелі жиында егеменді еліміздің болашақ астанасының аты аталды. Тұнғыш рет! Таңдау жасалмастан бұрын тәуелсіз Қазақстанның жиырма бірінші ғасырдағы бас қаласына лайықты болады-ау деген жер қарастырылып, бүкіл ел ауқымында жан-жакты, кең көлемді бағыпты зерттеулер жүргізіліпті. Отыз екі параметр бойынша жасалған талдау, ең тиімді қала Ақмола қаласы болатындығына мегзеген көрінеді. Біріншіден – ол Қазақстанның географиялық кіндігінде орналасқан; екіншіден – аса ірі темір жол тораптарының тоғысында тұр; үшіншіден – қай жағынан алғанда да қаланың құрылымы жүргізуге қатысты келешегі зор; төртіншіден – қалада тіршілікке қажетті мүмкіндіктің бәрі табылады, т.б. Астана ауыстыру Республиканың Еуропа мен Азияның ортасында орналасқан өзгеше жағдайының артықшылықтарын барынша толық пайдалануға мүмкіндік береді. Мұның өзі келешекте Қазақстанның саяси аренадағы тәуелсіз мемлекет ретіндегі рөлін арттыруға жол ашуға тиіс. Осының бәріне қоса жаңа



астана туын Еуразия суперматеригінің төріне тігу – Шығыска да, Батысқа да, Оңтүстікке де, Солтүстікке де бірдей ел құшагы айқара ашық екендігін аңғартады.

Жаңа астанаға лайықталған Ақмола – халқымыз қасиет тұтып, қастерлеген әйгілі Сарыарқадағы Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ауа райы – шұғыл континентальді: қантар айындағы орташа температурасы 17,4 градус сүйк болса, шілдеде бұл көрсеткіш 20,3 градус жылыға дейін көтеріледі. Жыл бойына орта есеппен 335 мм қар мен жаңбыр жауады.

Қаланың негізі 1832 жылы қаланған. Сол жылы патшалық Ресей Қараөткел өнірінде Ақмола округтік приказын ашып, оның орталығын Ақмола деп атаяу жөнінде шешім қабылдайды. Кейін бұл әскери бекет округтік қала (1863 ж.), уезд орталығы (1868 ж.) атанды. 1961 жылы қаланың аты Целиноград болып өзгерілді. Оған дейін және одан кейін Ақмола облысының және Тың өлкесінің (1960-1965 жж.) орталықтары болды. 1992 жылы қалаға тарихи атауы қайтарылды.

Жаңа астанаға қоныс аудару жөніндегі нақты жұмыс «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Жарлық (1995 жылғы 15 қыркүйек) шыққаннан кейін басталды. Онда жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарды көшіру жұмыстарын ұйымдастыру үшін айрықша құзырлы Мемлекеттік комиссия және бюджеттен тыс «Жаңа астана» қорын құру, сол сияқты қала құрылышына қатысуға тілек білдіретін инвесторларға салық, кеден және басқа салаларда жеңілдіктер беру жолдары жөнінде астананың инфраструктурасын дамытуға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеу көзделді.

Дүние – өзгеріс, өмір – түйсіну.

М. Аврелий

*Болмыс табигаты, тегінде, нышандық түргыдан келгенде
гана жақынырақ ашылып, көрсетілмек.*

Э. Фромм







Екі жылдан кейін, 1997 жылғы 20 қазанда, «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлық шықты. Онда жаңа астананың тарихы басталатын күн 1997 жылғы 10 желтоқсан деп белгіленді және Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі реңсі тұсаукесері аталағы өтілетін мерзім (1998 жылғы 10 маусым) көрсетілді. 1998 жылғы 6 мамырда жаңа Елорданың аты өзгеріліп, Астана аталды. Осы жылғы 20 мамырда «Қазақстан Республикасының астанасының мәртебесі туралы» Занқабылданды. Онда Астананың құқықтық мәртебесі, елорда қызыметін атқаруының ұйымдық-саяси және экономикалық негіздері айқындалды. Занға сәйкес Қазақстан Республикасының астанасы – мемлекеттің әкімшілік орталығы, Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың, Бас Прокуратуралың және орталық атқару органдарының жұмыс істейтін орны.

Астанадағы Президент резиденциясында Мемлекеттік ту мен Мемлекеттік елтаңбаның эталондары, Мемлекеттік әнұранның және Республика Конституциясы мәтінінің түпнұсқасы сакталады. Еліміздің бас қаласының өз рәміздері болады – олардың сипаты мен пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тәртіптеледі.

Астананы көшірудің зор тарихи мәні бар. 1997 жылғы 13 желтоқсанда Тәуелсіздік күніне және Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялауга арналған салтанатты жиында Президент Н.Ә. Назарбаев: «Бұға аст ананың көшуі мен мемлек еттігіміз дің қалыптасуындағы, еліміздің нығаюындағы аса маңызды кезең аяқталды деп айтудымызға толық негізіміз бар», – деп хабарлады. Ал мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев және еліміздің жоғарғы билік органдарының жетекшілері Н.Ә. Балғымбаев, Ә. Бейгелді, М.Т. Оспанов қол қойған Үндеуде:

«Қалтарысы көп XX ғасыр тарихында алғаш рет біз өз мемлекетіміздің астанасы туралы дербес шешім қабылдадық. Бұл таңдау қазіргі ел басшылығының ғана көзқарасы емес. Бұл шешімнің сыртында Өз Тәуекенің (сөз орайында тарихшылар хан ордасы Астана маңында болған деп есептейтіндігін еске сала кетуге болады – Е.Ш.) көрегендігі мен айбынды Абылайдың ұлылығы, аттары анызға



айналған билеріміздің даналығы және 1986 жылғы желтоқсанда бүкіл жер шарына ұттық мактаныш дегеннің не екендігін танытып берген жас жүректердің көзсіз батылдығы тұр, бұл таңдаудың иесі болу құқы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ересен ерік-жігері жатыр».

Тәуелсіздік және мемлекеттік егемендік идеяларын орнықтыру тұрғысынан алғанда бұл тарихи оқиғаның айырықша нышандық мәні бар.

Тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендіктің жариялануына байланысты еліміздің Қазақ Советтік Социалистік Республикалар Одағы деген бұрынғы атауы 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы (Қазақстан) болып өзгерді. Ата Занымыздың 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы және Қазақстан атаулары тен құқылы.

Қазақстан Еуразия материгінде 55°26' – 40°56' солтүстік ендік пен 45°27' – 87°18' шығыс бойлық арасында орналасқан. Батыстан Шығысқа қарай – 3000 км, ал оңтүстікten солтүстікке қарай – 1600 км-ге созылып жатыр.

Батысы мен солтүстік батысында Ресеймен (шекара ұзындығы 6032 км), оңтүстікте және оңтүстік батыста Өзбекстанмен (2163 км), Қыргызстанмен және Түрікменстанмен (345 км), ал оңтүстік шығысында Қытаймен (1730 км) шектеседі. Жалпы елдің шекара ұзындығы 13034 км. Оның ішінде өзен арқылы өтетіні – 1730 км.

Қазақ елі өзінің жер көлемі жөнінде (2 млн 724,9 мың шаршы километр) әлемдегі ең ірі мемлекеттер қатарында тұр. Бұл көрсеткіш бойынша біздің еліміз Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Австралия, Индиядан мен Аргентинадан кейінгі тоғызыншы орында. Қазақ жеріне Батыс Еуропадағы Франция, Португалия, Испания, Италия, Греция, Норвегия және Финляндия сияқты бірнеше мемлекеттер

Өмір сүру дегеніміз – алдымен өзіңді-өзің, содан соң өзіңді қоршаган ортанды танып-білу деген сөз.

Л. Сеа



қатар сиып кетеді. Халықтың тығыздығы бір шаршы километрге шаққанда 7,1 адамнан келеді.

Қазақстанның жер бедерінде негізінен жазық дала, шөл және шөлейт басым. Сарыарқа мен Үстірт, Тұран және Батыс Сібір ойпаттары, Мойынқұм мен Бетпақдала аймақтары бар. Республика жерінің оннан бір бөлігі – таулы аймақтар. Оларға Алтай, Жонғар және Тянь-Шань тау жоталары кіреді. Ирі өзендер – Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария, Тобыл. Ел аумағында, ғалымдардың есебі бойынша, 4750 түрлі өсімдік өседі.

Ирі мұхиттардан шалғай жатқандықтан Қазақстанның ауа райы негізінен құрғақ әрі шұғыл континентальді. Тек Алтай мен Алатау маңында ғана ылғалды ауа басым келеді. Отанымыздың шекара белгілері 1996 жылғы 12 желтоқсанда бекітілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының шекаралық белгілері туралы» қаулысында бұл мемлекеттік атрибуттардың нысаны, нақты өлшемдері және оларды шекараға қою тәртібі белгіленген.

Елдік егемендік пен тәуелсіздіктің рухани тіректерінің бірі ретінде және маңызды реєсми рәміз ретінде мемлекеттік тіл мәртебесі жөніндеңігі мәселе конституциялық жолмен шешілген. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Реєсми қолданыста орыс тіліне тең құқық берілген. Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің өздерінің ана тілдерін сақтап, қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндігінше көмек көрсету де мемлекеттік тіл саясатының негізгі ұстындарының біріне жатады.

Тілдің мемлекет өмірінде, жалпы қоғамдық қарым-қатынаста айрықша орын алғатындығы – на орай арнайы *Tіl мерекесі* белгіленді.

1998 жылдан бастап көп жылдар бойы Қазақстан халықтарының тілдері күні жылма-жыл бүкіл ел көлемінде 22 қыркүйекте атап келді. Ал 2017 жылы шыққан жаңа жарлыққа сәйкес, бұл мереке алаш ардақтысы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай – 5 қыркүйек күні атап



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

ететін болды. Ол қазір ізгі мақсатты жалпыхалықтың мереке ретінде жүртшылық жүргегінен орын алып үлгерді деуге әбден болады.

1995 жылғы 12 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Зан күші бар жарлыққа қол қойылды. Бекітілген наградалар арасында «Алтын Қыран» ордені, «Халық қаһарманы» атағы, «Отан», «Данқ», «Айбын» (I, II, III дәрежесі бар), «Парасат», «Достық», «Құрмет» ордендері және «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдары, бір катар құрметті атақтар бар. Мемлекеттік наградалардың барлығының да атаулары – мемлекеттік тілде.

«Алтын Қыран» ордені – Қазақстан Республикасының ең жоғары наградасы. Онымен мемлекетке айрықша еңбегі сінген азаматтар марапатталады. Қазақстан Президенті лауазымына орай ерекше үлгідегі «Алтын Қыран» орденінің иегері атанады. «Халық қаһарманы» атағы Қазақстан Республикасына аса көрнекті еңбек сініргені үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін азаматтық немесе жауынгерлік ерлік жасағаны үшін беріледі. Бұл атаққа ие болғандарға ерекше айырым белгісі – «Алтын жұлдызы» тапсырылады. Мемлекеттік наградаларды тағып жүрудің белгілі тәртібі бар. Ордендер мен медальдар сол омырауға жоғарыда аталған ретпен орналастырылады. Ең жоғарғы айырым белгілері «Алтын Қыран» ордені мен «Алтын жұлдызы» олардың бәрінің үстінде тұруға тиіс.



Ерен еңбегімен, мемлекетімізді дамытуға қосқан үлесімен, ұлтаралық достық пен ынтымактастық, еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін жан аяマイ қызмет еткенимен, және басқа да айырықша қызметімен танылған азаматтарға «Отан»,



Елтаным



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары (толық емес)



«Алтын Қыран»
орден жүлдөзі



«Алтын Қыран»
орден белгісі



«Халық Қаһарманы»
алтын жүлдөзі



«Отан»
ордені



I дәрежелі
«Айбын»
ордені



III дәрежелі
«Айбын»
ордені



«Парасат»
ордені



«Кұрмет»
ордені



«Ерен еңбекі»
үшін медалі



«Ерлігі үшін»
медалі



«Қазақстанның
еңбек сіңірген
қайраткері»
үүрмелті атақ



«Алтын алқа»
алқасы



«Күміс алқа»
алқасы

«Барыс» (I, II, III дәрежелі), «Данқ» (I, II дәрежелі), «Айбын» (I, II, III дәрежелі), «Парасат», «Достық» (I, II дәрежелі), «Құрмет», «Еңбек данкы» (I, II, III дәрежелі) лауазымы жоғары мемлекеттік ордендер табысталады.

Мемлекеттік наградалар қатарында бекітілген құрметті атақтар мыналар: «Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері», «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы», «Қазақстанның еңбек сінірген ұстазы». Қазақстанның құрметті атақтарына ие болған адамдарға омырау белгі тапсырылады.

Көп балалы аналарды марапаттауға арналған «Алтын алқа», «Күміс алқа» айырым белгілері Қазақстан ордендері мәртебесіне ие.

Қазақстанның мемлекеттік наградалары – азаматтардың мемлекетке сінірген енбегін бағалаудың рәміздік белгілері. Олар Қазақстандық патриотизмді нығайтуға қызмет етеді және мемлекеттік егемендік нышандарының бірі болып саналады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік рәміздер қорына енетін реєсми белгілердің бәрі де мемлекеттік сәйкестілік үшін қажет атриуттар қатарына жатады. Олар азаматтар бойында отаншылдық сезім тәрбислеу арқылы мемлекеттік сәйкестік идеяларына қызмет етеді.

Өмір тәжірибесіне сүйенсек, халықтық және ұлттық менталитет, бірігу, азаматтық – адам бойына түа бітептің қасиеттер емес. Әлеуметтік тәжірибе мен білім көкжиегінің кенеюіне, құндылықтарға деген тұрақты көзқарастар орнығына орай қалыптасып, дамиды.

Егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізу және соған орай өзгеше ұлттық ренессансқа жол ашылуы бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған халықтардың бойындағы ұлттық сана-сезімнің құрт өсуіне ықпал етті. Бұл процесс кезінде саяси мазмұны мен мәні жасанды құндылықтар мен тәртіппердің күл-талқаны шықты. Олар сол қоғамдағы ортақ Отан, мемлекеттік мұдде, саяси қауіпсіздік пен дербестік ұғымдарының ұйытқысы еді. Бұл ұстаным – ұстындар құлаған кезде ұлттық сана-сезімде өз болмысын іздеуге деген объективті қажеттілік бірінші кезекке шықты.



Президент К.-Ж. Тоқаев мемлекеттік наградалармен марапатталған жеке және құқық қорғау қызметкерлерімен (2019 ж.)

Рәміздік сәйкестік дегеніміз – «әртүрлі әлеуметтік топтар өзіне тән деп мойындайтын, оларды өзара ынтымақтастықты қамтамасыз ету деңгейінде басқалардан дарапап, өзара топтастыратын өзгеше мәдени, тарихи және басқа ерекшеліктер» (Қараныз: Орталық Азия мемлекеттерінің этноәлеуметтік проблемалары (Шетелдік әдебиеттерге шолу). М., 1995, 5-бет). Бұл сәйкестік көбіне ішкі және сыртқы болмыстық дарапану предикаттарына сәйкес жүзеге асады, дамиды.

Бұл процесс қазақстандықтар санасында қалай өтіп жатыр? 1999 жылды маусым айында «Дана-Центр» саяси білім орталығы өткізген әлеуметтік зерттеу кезінде назар аударылған такырыптық блоктардың бірі осы құбылыстың негізгі бағыттарын айқындауға арналды. Зерттеу жүргізу үстінде 1200 респонденттің бағамдық индикаторы бойынша тұрғындар көзқарасы жинақталып, талданды.

*Діл (менталитет) дегеніміз нышандардың жиынтығы.
М. Барг*

Сұрау салу нәтижесі республика тұрғындарының азаматтық сәйкестік сезімі айтарлықтай түйсінілген және қажетті доминант ретінде қалыптасып үлгергенін көрсетті. Респонденттердің 82,0 пайызы өздерін Қазақстан Республикасымен ажырамас азаматтық байланыста сезінетіндіктерін білдірді. Ал тұрғындардың өздерін ел азаматтығымен байланыстыру сезімі неғұрлым жоғары болған сайын, сол мемлекеттегі тұрақтылық та солғұрлым тұғырылы бола түседі деп есептеледі,

Қазақстанның таралығы «Отан» деген ұғымға қатысты көзқарасындағы өзгерістерді этникалық ерекшеліктерге орай зерделеу мақсатында респонденттерге: «Сіздің Отан туралы ойларыңызға қандай образдар жақын?» деген сауал қойылды. Ұсынылған образдар үш топқа (жануар, табиғат, рәміз) бөлінген еді. Рәміздер арасынан ту, елтаңба, ою-өрнек, ұлттық валюта (тенге), әнұран, доллар аталды.

Негізгі ассоциативті басымдықтардың бөлінісіне қарағанда Отан ұғымына қатысты ең қалаулы рәміз – ту (44%) болып шықты. Келесі орында – елтаңба (31%).

Егер ту мен елтаңба күнделікті өмірде едәуір жиі пайдаланылатын мемлекеттік рәміздер ретінде (барлық мемлекеттік мекемелерде көрнекі орындарда қойылуы, қабылдаулар мен кездесулерде қолданылуы, т.б.) адамдар санасында айтарлықтай сәйкестікке ие болып отырғаны байқалса, әнұран жайлы көзқарастың сауалнамаға жауап берген респонденттердің ассоциативті бағамдарында көрініс табу денгейі біршама тәмен. Бұл оның аз, тек ресми шаралар кезінде ғана қолданылатынына байланысты болуы мүмкін.

Өткен ісіз кеттейді,
Ертеңге құсың жеттейді,
Мәңгілік билер галамды.

И. Гете



Аталған әлеуметтік (социологиялық) зерттеу үстінде ел халқының ұлттық валютага, оның өздері азаматы болып саналатын мемлекетпен сәйкестігіне қатысты ассоциативті таңдауларының деңгейі айтарлықтай жоғары екені байқалды.

Сауданамаға жауап берушілердің таңдауларына талдау жасау кезінде назарға ұсынылған рәміздер мен образдарда респонденттердің өздерінің сана-сезімдерінде Қазақстанды өз Отандары ретінде қабылдауларына қатысты астарлы ақпараттар жатқаны ескерілді. Зерттеудің міндегі респонденттердің жауабына орай азаматтық патриотизм идеясына қандай образдар көбірек сәйкес келетінін, қайсылары ерекше маңызды, ал қайсылары онша маңызды болып табылмайтынын анықтау еді.

Нәтижелерді талдау қорытындысында мынадай тенденциялар айқындалды: респонденттердің мемлекет рәміздеріне қатысты түсініктік көзқарастық бағдары жалпы ұлттық бағдар ала бастаған. Қазақстанға қатысты образдар мен рәміздер елімізде тұрып, өмір сүріп жатқан басқа этностар ортасында да сәйкестіктің ұйытқысына айналып келеді.

Жауаптарға қарағанда Отан ұғымына байланысты рәміздердің сәйкестік реті ту – елтанба – ұлттық валюта тұрғысында жүйеленеді.

Қай мемлекетте болсын, әсіресе құрамы көп ұлтты мемлекеттерде адамдарды отаншылдық сезім арқылы біріктіру, олардың арақатынастарындағы жарасым мен үйлестікті қамтамасыз ету – сыннан өткен сындарлы тәсіл әрі аса қажетті іс. Отаншылдыққа атусті жай ғана тәрбиелеу мүмкін емес. Оны мақсаткерлікпен әрі аса зор күш-жігер жүмсай отырып жүзеге асыру керек.

Осы орайда мемлекеттік атрибуттарды танып білу – маңызды қоғамдық-саяси үрдіс. Саяси өмір негұрлым толыққанды болса, рәміздердің мән-мағынасын жүректен өткізе зерделеу де солғұрлым тереңдей түседі.





Қазақтың атақты билері – Толе би, Қазыбек би, Әйтеке биге
қойылған ескерткіш. Астана қаласы

**ФАСЫРЛАР ҚОЛТАҢБАСЫ
НЕМЕСЕ
РӘМІЗДІК ТАНЫМ
БАСПАЛДАҚТАРЫ**





Әрине, адам біткеннің бәрі де білгісі келеді.

Аристотель

«Бөрілі байрақ». Осылай аталатын ежелгі ғұндар мен түркілер көтерген көне байрақтар үш боліктен тұрған. Олар – ту, наиза, және оның үшіншадагы ту байлар темір. Ту (туғ) – терісімен қоса кесіп алғынган жылқының құйрығы болса, наизаның үшар басына алтыннан немесе жезден, болмаса мыс тақтайша-га бөрінің (қасқырдың) бейнесін салатын болған. Бөрі бейнесінің таңдалуы оның тотемдік қызметіне және оны ержүректілік белгісі ретінде қабылдауга байланысты. Елбасылар мен қолбас-шылар өз төңіректеріндегі ең сенімді адамдарды (нөкери, жеке қорғаушысы, т.б.) да «бөрі» деп атаган. «Бөрілі байрақ» атты байыргы ту қазақ рулады арасында шапыраштыларда сақталған. Сүйінбай Аронұлының:

Карасай – мениң ұраным,

Бөрілі басты – байрагым.

Байрагымды көтерсем,

Козып көтер қайдагым, – деп шалқыта жырлайтыны содан.

Мемлекеттік рәміздердің табиғи болмысы ерекше қоғамдық құбылыс ретіндегі тарихы бағзыдан бастау алады. Олардың тіршілік кеңістігіне шығуы, бірегей әлеуметтік-саяси қажеттілік ретінде қалыптасуы мен өміршешендігінің сыры адамзат өмірінде ала-тын орнында, акпараттық және мәдени қызметінде жатса керек. Ал мазмұндық-мағыналық құрылымы уақыт, кеңістік, қарым-қатынас-тың әртүрлі әдістері мен түрлері тәрізді өлшемдерге орай айқында-лады. Мемлекеттік рәміздер – әрқиылдық мәдени орта өкіл-дерінің бәріне немесе басым көпшілігіне таныс әрі түсінікті ерекше діл (код) десе де болады. Болмысында әр халықтың өзіне ғана тән ма-нызды әлеуметтік-саяси және мағлұмматтық идеялар жатуымен ерек-






шеленеді. Оларға ұлттың төл психологиялық ерекшеліктері мен дәстүрлері де тиісінше ықпал етеді.

Біз күн сайын кездескенде «Ассалаумагалайкөм, аға», «Сәлеметсіз бе, қарындас», «Қайырлы күн, замандас» деп амандастып, қолдарымызды қысамыз немесе құшқақтасып қауышамыз. Бірақ осы бір әркайсымыз үшін әбден үйреншікті болып кеткен, бәрімізге бірдей ұғынықты, жақсылық, игі ниет пейіл, денсаулық тілейтін дәстүрдің адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында қолданылатын мәдени-нышандық белгілерге жататынын біле бермейміз. Әлімсақтан бері қолданылып келе жаткан бұл нышандық ұғымдар енді бір ха лықт арда басқа мағына беруі де мүмкін. Мысалы, европалықтардың кол беру әдетін орынсыз қолдану жапондықтар мен қытайлықтар үшін онша қолайлы бола қоймауы ғажап емес. Ал бір кездері эскимостар сүйісдің орнына, мұрындарының ұшын тигізіп, беттеседі екен.

Ертеректе қазақтар да бір-бірімен ашық сүйісіп жатуды ұят санаған. Әсіресе, ер адамдар арасында мүлдем жөнсіз, ерсі қылық көрінетін. Ғашықтар ғана сырт көзден тасада, онаша өбісіп, құмарланатын болған. Әкелері балаларының бетінен сүймей, маңдайынан ғана иіскеген. Мұның бәрі инабаттылықка, далалық дәстүр мен мәдениеттің көрінісіне жатады. Тағы бір қызық дерек болгарларға қатысты. Оларда макұлдағандықтарын білдіру үшін бастьарын шайқап, келіспегендіктерінің белгісі ретінде бас изейтін әдет бар екен. Мұның бәрі, ғалымдардың айтатыныңдай, рәміздердің сигнификативті (білдіруші, мән-мағына танушы) сипатынан хабар береді. Рәміздердің негізіне айналған нышандардың да, әдет-ғұрыптар мен мағлұматтық, эмоциялық және басқа арнайы астарлар жиынтығынан тұратын төл болмысы болатындығын білдіреді.



Түркі жауынгері. Таңбалы тас



Рәміздер нақты субъектілерге (адам, ұлт, мемлекет, әр алуан қауымдастықтар, т.б.) қатысты сипаты, мазмұны мен мәні тұргысынан таптырымайтын мағлұмат көзі ретінде өзара қарым-қатынас мақсаттарына ғана қызмет етіп қоймайды сонымен бірге сол субъектілердің өз ерекшеліктері мен қайталанбас дара болмысын, өз «менің» (мемлекеттік рәміздерге қатысты – «мен – мемлекет») терен сезініп-білуіне және оларды басқалардың алдында паш етуіне мүмкіндік береді. Яғни, егер өмір дегеніміз өз «меніңді» таныту деген философиялық пайымдауга жүгінсек, рәміздердің мәдени-нышандық қызметтің бір түрі ретінде тарих бұраландарында жоғалып кетпей, осы күнге дейін жетуі әрі олардың адамдар арасындағы жеке қарым-қатынастан бастап, халықаралық қатынастар саласындағы рееси рәсімдерге дейінгі ауқымды аяны қамтитын қеңістікте қазір де кең қолданылып жүру сырын аңғаруға болады.

Мемлекеттік рәміздердің тарихы – бұл төменнен жоғарыға дейін жетіліп, осы заманғы тұрлар қалыбына (формасына) түсken әлемдік еркениеттің даму жолы. Оған ой жүгірте отырып, қастерлі белгілеріміздің біз үшін несімен кымбат, несімен қасиетті және олар неліктен әр мемлекеттің әлеуметтік-саяси және қоғамдық тіршілігінде, тіпті, бүкіл әлемдік қауымдастық өмірінде аса маңызды рөл атқарады деген сауалдарға жауап табуға әбден болады.

Ең ежелгі нышандар – тотемдік (кие) белгілер. Олар біздің дәуірімізден көп бұрын, адамзат дамуының алакөбе шағында дүниеге келді. Әлем халықтары арасында кең тараған. Фалымдар бұл құбылысты архаикалық дүниетаным ерекшеліктері арқылы түсіндіреді.



*Мысыр өлкелерінің белгілері
б.з.д. IV ғ.*



«Беріл байракты» салт аттылар бейнесі Алматы облысының көне ескерткіштерінде жиі кездеседі.

Адам баласының өмірі әдетте екі өлшемде: жеке (профаникалық) және ұжымдық (сакральдық) деңгейде өтеді деп есептеледі. Ұжым (тайпа, ру) мүшесі ретінде ол өзінің жеке түйсік-түсінігімен қатар ұжымдық ұғымдарға да, сол сияқты, бірлесе өмір сүру тәртібі мен нормаларына да мойын ұсынуға тиіс. Ал олар сакральдық зерде және социумды қолдау мұраттарына негізделеді, соған орай, ең алдымен, дін мен дәстүрде көрініс табады.

Киелердің (тотемдердің) материалдық (заттай) көрінісі, әдетте әртүрлі жануарлар мен аң-құстардың суреттері немесе заттай (материалдық) бейнелері болып келеді. Олар әркілі әдет-ғұрыптарда пайдаланылып, рулық қауымдастықтың, тайпаның іштей топтасуына қызмет еткен (Н.А. Аристов).

«Тотемизм, – деп жазады этнограф С.А. Токарев, – адамзат ру-тайпалары мен әртүрлі жануарлардың табиғаттан тыс туыстығы бар, алғашқылар кейінгілерден өрбіген және санадан тыс (магиялық) құдіретті тінмен өзара байланысқан дегенге илану, сену».

Ту ұстаган салт атты.
Таңбалы тас



Қоғамда ақсақалдар, ру басылары мен діни лидерлер пайда болуына байланысты айырым белгілер дүниеге келді. Алғашқы билік нышандарына жататын бұл эмблемалардың қызметін бір уыс шөп, жапырақ немесе қауырсын қанат, ерекше бас киімдер, бейне-белгілер бедерленген наизалар мен бақандар, әшекейлі асатаяқтар пайдаланылды. Григорий Турский жылнамасында (613 ж.) мынадай бір ортағасырлық рәсім туралы айтылған. Король Гунтхрамн өз жеріне иелік ету қақысын король Хильдебертке тапсыру белгісі ретінде оған наизасын ұсынып тұрып: «Бұл менің саған өзімнің бүкіл корольдігімді мұра етіп тапсыруымның нышаны болсын», – дейді. Жылнамашы Дитмар неміс императоры Генрих 1004 жылы Бавар герцогтігін Генрих Люксембургскийге беру кезінде оған наизасын тапсырғанын мысалға келтіреді. Ал император Фридрих Оттан Фрейзингенский (XII ғ.) өлкө, жер беру ту тапсыру арқылы жүзеге асатын рәсім барына күәлік етеді. Көшпелілер тарихында Майқы би, Шыңғыс хан, Әз Жәнібек хан, Тәуеке хан өз ұлыстарының туы мен таңбасын белгілеп, ұранын айқындады деген аңыздар бар. Хальфин деген тарихшының 1822 жылы Қазанда жарық көрген «Шыңғыс хан мен Ақсақ темірдің өмірі» деген жылнамасында: «Шыңғыс хан... Қоңырат би оғлы Сенке-леке «Сенің ағашың – алма ағашы, құсың – сұңқар, ұраның – қоңырат, таңбаң – ай болсын» депті», деген жолдар кездеседі.

Мұндай үрдіс көне Қытай патшалары мен көрші далалық елдер билеушілері арасындағы қарым-қатынаста да орын алған. Н.Я. Бичуриннің айтуынша, біздін заманымыздың басында Жаркенттен бір ержүрек колбасшы шығып, 29 жылы өзін бүкіл Қашгарияның билеушісі деп жариялайды. Бұл туралы ол Қытайдың Хань императорына хабарлайды. Жиырма екі жылдан соң император оны мойындаپ, өз таралынан қалыптасқан дәстүр бойынша, жаңа билеушінің төл рәміздерін белгілеп береді. Ол Жаркент князіне мөр, алтын тәж, құйме мен ту тапсырады.

Қазак арасында ерлігімен ерекше аты шығып, ру-тайпа тізгініне ие болған жас батырлардың туын хан белгілейтін дәстүр болған.

Ел билеушілердің және басқа да беделді адамдардың жеке айырым белгілері (кейіндері «штандарт» – «байрақ» деп аталған) қазіргі



тулардың бір түрі ретінде дамыды. Көне замандардан жеткен ежелгі тарихи жазбаларда Шығыс билеушілерінің (Камбис, Ксеркс, Дарий (б.з.д. VI-V ғғ.) жеке рәміздері туралы деректер кездеседі. Тарихшы Филострат бірқатар парсы патшаларының, мысалы әйгілі Кир патшаның, (б.з.д. VI ғ.) жеке рәміздік белгі ретінде алтын қыран бейнесін пайдаланғандығын жазады. Рим диктаторларының, консулдарының және басқа жоғары лауазым иелерінің фасцилдері кәдімгі будаланған шыбық шилері болатын. Олардың мағыналық ишарасы «Құш – бірліктे» дегенге саяды.

Әртүрлі байрак-тулардың көлемдері де әртүрлі болып келетін. Ең ірілері императорлар, корольдер мен патшалар үлесіне тиді. Мысалы, Ұлы Карлдың (IX ғ.) аса зор туын арнайы өгіз жеккен арбаға тиеп, алып жүреді еken. Орта гасырларда император – 6, король – 5, принц пен герцог – 4, маркиз, виконт, барон – 3 футтық байрактар көтерген.

Алғашкы байрактардың басым көпшілігі – алқызыл және қызыл түсті. Кейінірек көптүстілірі пайда болды. Монархиялық жүйенің орнығы байрактар мен тулар, олардың түстеріне қатысты қалыптасқан



*Гүндердің әскери бағрағы.
М.В. Гореликтің жаңа жартпасы
(Мәскеу)*

Шыңғыс ханның туы – тогыз шашақты үшкіл ақ матада. Ол тудың сабына үш жерден байланатын болған. Ала тудың ортасында бауырына шеңгеліне ілінген қара қарғаны қысып, қанатын жайып үшін келе жатқан көк қаршығаның (түйгүн) суреті салынған. Көк қаршыға хан ғүлетең желеп-жебеуши киелі құс саналады. Бабасы Бодуаншар қын кездерде құс салып жан сақтады деген аңыз бар. Тудың сабының үшинде үш бүршитші арнайы темір қондыргы болған. Ал туды жерге тұргызып қою үшін жеті тармақты жылжымалы тіреуіштер пайдаланылған.



дәстүрлерге де өзгерістер әкелді. Жеке рәміздер де мұраға қалдырылатын болды. Әр әuletтің өз рәміздік бояуы айқындалып, бекітілді. Мысалы, әйгілі Бурбондар әuletтің төл бояуы ақ және сары түсті болып қалыптасты. Соған орай бурбон байрақтары жібек пен паршадан тігіліп, алтынмен апталды, күміспен қапталды. Оның үстіне асыл заттармен әшекейленетін.

XVI-XVII ғасырларда король туын елтанба суретімен безендіру әдісі дүниеге келді. Көбіне ақ матага, басқа түстермен өрнектелетін. Бұл ақ бояудың Еуропада монархиялық тұс, монархиялық рәмізге айналуына әсер етті. Франция, Англия, Испания, Португалия, Сицилия корольдерінің тулары актүсті болды.

Бірақ ақ тұс жоғарғы билік нышаны ретінде одан көп бұрын Азияда пайда болған еді. Көне Қытайда Чжоу династиясы (б.з.д. XII ғ.) кезінде ақ, ала тулар көтерілді. Шығыс гунн (375-454 жж.) және Ақ гунн (420-362 жж.) қаганаттарының, сол сияқты Алтын орда (1236-1502 жж.) мемлекетінің тулары тап осы түспен дараланды.



Шығыс хан әuletтің туы. XIII ғ.



Ежелгі жауынгерлік бақан



Монғолдың «Құпия шежіресі» мен «Алтын шежіресінде» сипатталған Шыңғыс ханның туы да – ақ.

Қазақ хандары мен сұлтандарының біразында да ақ ту болған. Мысалы, «Абылайдың ақ туы» кең таралған әдеби образға айналды. «Қамбар батыр» жырында:

*Қараман шықты қаладан,
Кернейлері баптылдан,*

Байрақты тулар жасалтылдан, – деп жырланады. Жауға аттаныс сәтін білдіретін бұл көріністегі ту көтеру рәсімінің жорықтық сипаты айтпаса да түсінікті болса керек. Махамбет те: «*Желт-желт еткен ала ту, жисырып алар күн қайдада; Жасаулы наиза қолга алып, жасау тоқтатар күн қайдада!*» деп толғайды.

Мөде, Бумын және Елтеріс, Жәнібек пен Керей, Қасым мен Есім хан, Тәуекел мен Тәуке, Әблікайыр мен Абылай сынды ел билеушілеріміздің, қол бастаған баһадүрлеріміздің қай-қайсының да өз байрағы болғаны тарихтан мәлім. Көне белгілердің бастауы халықтық та-нымға негізделген тотемдік белгілерде жатыр. Мысалы, «көк асаба» аталған көне байрақ түсін исі түркі халықтарының түп аталарап кие тұтқан. Ол көк аспан белгісіне баланған. Түркілердің тағы бір табынары – көк бөрі бейнесі де тудағы таңбаға айналды.

Көне орыс байрақтарының арғы атасы қәдімгі басына ағаш байланған ұзын ағаш не темір бақандар болып келетін. Кейінірек ұшбұрышты түрлі-түсті мата қызындылары пайдаланылды. Көбіне мата тұра бақанның өзіне емес, шағын көлденен құралға бескітілетін. Бақаннның ұшар басындағы деталь өткірше (острожек) деп аталған.

Ежелгі Русьте князь байрақтары жеке рәміздік белгілер ретінде пайда болды.

«Игорь полкі туралы сөзде»: Олег княздің қызыл байрағы («чрълен стяг») туралы дерек бар. Мәскеу қару-жарал палатасында Иван Грозныйдың, Алексей Михайлович Романовтың, I Петрдің байрақтары сақталған. Тарихшылар А.М. Романов патшалық еткен кезде ту тігу мен жасау аса жоғары шеберлік деңгейіне жетті деп жазады. Жылнамаларда, сол сияқты, орыстың ту жасау жүйесін тәртіпке келтіріп, жүйелеуде I Петрдің айрықша рөлі атап көрсетілген.



І Петр патшаның рәміздерге деген ықыласы ерекше болғандығын мына бір деректер де дәлелдей түседі. Оның өзі жасап, суретін салған және сипаттамасын өз қолымен жазған ту жобалары сақталған. Ол 1700 жылы Амстердамда шығып, тоғызы жылдан кейін орыс тіліне аударылған Карл Альядтың «Тулар туралы кітабын» тікелей өзі қарап, өндеген. Кітапқа «Мәскеу патшасының» үш туы енгізіліп, алғаш рет жарияланды.

Ресей рәміздерінде әулие-эмбиселер, айқыштар мен таңбалар (личные гербы) кең таралған. XVI ғ. байрактарына құдай мен құдай-ана бейнелері, әулие Женімпаз Георгий бейнесі кестеленетін. III Василийдің ақ туында құнді қасымен тоқтатып тұрган Иисус Навиннің бейнесі, ал Иван Грозның туында – ортасында Құтқарушы Христос бейнеленген қарапек (темно-голубой) дөңгелек пен ат үстіндегі әулие Михаил бейнеленген ақ дөңгелек орналастырылған. Ең кең тараған дәстүрлі эмблема Нерукотворный Спас бейнесі болды. Алексей Михайлович Романов пен I Петрдің туларында екі басты бүркіт суреті салынды. Кейін Ресейдің мемлекеттік рәмізіне айналған бұл екі басты бүркіт бейнесі Русьте алғаш III Иванның тұсында пайда болды. Тарихшылардың пікірінше, ол басында Рим империясы елтаңбасының негізгі элементі болған. Рим империясы құлаған кезде оның орнын басқан Византия бұрынғы рәмізді сақтап қалды. «1497 жылы III Иван София атымен көбірек танымал Византия патшайымы Зоя Пассолог-пен некеге тұрды, – деп жазады тутанушы К.А. Иванов, – Мәскеудің ұлы князьдері христиан дініндегі Византияның қарамағына енгендей болды да, сыйлық ретінде екі басты бүркіт рәмізді Византия тағын иеленді. Осылайша екі басты бүркіт Ресей елтаңбасына айналды».

Тубегі. Ерте замандарда осындағы ресми атақ, жогары мәртебелі қызымет болған. Жоңгар жаугершілігіне қарсы күрес алдында бас әмірші болып – Әбілқайыр хан, ал тубегілікке – бас сардар Бөгөнбай батыр сайланды. Мұндай шешім Ордабасындағы ұлы жиында қабылданатын. Тубегі тағайындау салты кейінге дейін жетті. Мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі қанағармандарының бірі Амангелді батыр ас-керінің тубегі – Қияқбай батыр.

Тағы бір қызғылықты дерек. 1833-1834 жылдары Ресейде елшілердің жеке рәміздік белгілері пайда болды. Олар Төтенше елшінің және Бас консулдың тулары дәп аталды. Олардың түсінде ұлттық тудың реңдері пайдаланылды.

Мемлекеттік рәміздерге байланысты орыс тіліндегі терминдердің қалыптасуының да өз тарихы бар. Бұл орайда алғаш қолданылған сөз, тегінде, «стяг» (байрак) болса керек. «Знамя» («значение – аян беру» дегеннен) (ту) XV ғасыр деректерінде көбірек кездеседі. XVII ғасырда, «хоругвь» және «прапор» сөздері сияқты, «стяг» сөзі де сирек ұшырасады, жаңа «флаг» (жалау) сөзі пайда болады.

Жеке билік белгілері қазір де дәстүрден шыққан жоқ. Король байрактары сияқты, Президент байрақтары, Үкімет басшыларының, дипломаттардың, әуе-теңіз флоттары қолбасшыларының, т.б. жалаушалары кездеседі.


Мемлекеттік рәміздер тарихында әскери белгілердің даму жолы айрықша орын алады. Ежелгі құл иеленуші мемлекеттердің де өз эмблемасы болған.



1



2



3

1. Баимақ бейнелі байрақ. Германия, XV ғ.


2. Тубегі Ганс Саксонский. XVI ғ.

3. Масуд сұлтанның әскери байрағы, XVI ғ.

Олар туралы деректер көптеген қазбалардан, көне ескерткіштерден мәлім. Гомер Троя шайқасына (б.з.д. XII ғасыр) қатысқан әскерлердің қалқандарындағы белгілер туралы баяндаса, Эсхил (б.з.д. V ғасырда) жауға қарсы соғыс ашқан жауынгерлердің қалқандарындағы нышандарды жырлайды. Олардың замандастары геттер мен сарматтар (б.з.д. V ғ.) ұрыс аланына басында жел үрлейтін сарнауық айдаһар сұлбалары бар темір бақандар ұстап шығатын болған. Көне түркілер де солай еткен. Мұндағы мақсат әскердің рухын көтеріп, жаудың үрейін ұшыру еді.

Мысырлықтар өз фараондары мен құдайлары бейнеленген белгілерін кие тұтса, ассириялықтар жүлкінған буйвол бейнелі темір бақандарды ес көретін. Гректер өз полистерінің ортасына қанатты Пегас, Рим әскерлері бүркіт, қасқыр, аю және жылқы бейнелері бедерленген байрақтар ұстап шығатын.

Египеттіктер – өз фараондары мен құдайларының суреттері салынған, ал ассириялықтар жүгіріп келе жатқан буйвол бейнелі бақандарды ту көтерді. Минотавр, бұқа, тасбақа, үкі суреттері салынған рәміздер пайдаланды, ал эфиоптардың тутаяқшаларында алтын шарлар мен айқыштар бедерленді.



Байрақтар. XIV ғ.



Тулардың эволюциялық даму үрдісі олардың мағыналық құрылымдарындағы қоғамда атқаратын қызметтік өзгерістерге байланысты. Қазіргі мемлекеттік рәміздер деңгейіне көтерілуі – бірнеше ғасырлық жол. Елді оның билеушісінің байрағы арқылы танитын кезеңдер болды. Мемлекеттік рәміз орнына әскери ту немесе теніз әскерлерінің жалауы жүрген кез де бар. «Еркін қалалар» атанған қала-мемлекеттердің тулары да мемлекеттілік, автономия және тәуелсіздік идеяларына қызмет етті.

Даму үстінде мемлекеттік рәміздер қорының жүйесі жетіле түсті. Оған арнаулы ғылыми мамандық ретінде өмірге келген тутану (вексилология) илі ықпал етті. Бұл ілім атауы б.з.д. 105 жылы консул Марий рим әскерлері үшін бекітіп берген вексиллум – бақанға бекітілген көлденең тутаяқшаға байланған тәртбұрышты матадан жасалған байракқа байланысты шыққан болатын.

Осыған сәйкес ғылымның бұл саласында енбек етіп жүрген ғалымдарды вексилологтер – тутанушылар деп атайды. Мадрид қаласының ұлттық кітапханасында белгісіз француз монахының «Таным кітабы» (1345-1350 жж.) деген енбегі сақталған. Онда Еуропа, Азия мен Африка елдеріне саяхат жолжазбалары арасында жүзден астам тулар мен елтаңбалардың түрлі-түсті суреттері берілген. Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы түрган «V Карл атласы» деген енбек те баға жетпес асыл мұрага жатады. XI ғ. бастап осындай альбомдардан басқа тулардың суреттері салынған кестесі бар кітаптар мен құралдар шығарыла бастады. Кейін осындай істермен әртүрлі елдердің мемлекеттік мекемелері арнайы шұғылданатын болды. Мысалы, Ресейде «Байрактар, тулар мен вымпелдер альбомы» жинағын Бас гидрография орталығы басып шығарды. Мұның бәрі тутану түрғысындағы

Тарих – халықтың киелі кітабы, оның түрмисы мен қызметінің айнасы һам ата-бабаларының өз үрпақтарына арнаган өсіметі болуга тиіс.

Н. Карамзин



білім көкжиегін кеңейтуге ғана емес, мемлекеттік рәміздер жүйесін орнықтыру мен жетілдіруге де айтарлықтай эсер етті.

Қазір дүние жүзінің барлық мемлекеттерінде ұлт түы басты ресми рәміз рөлін атқарады. Оның сипаттамасы, әдетте, Конституцияда немесе басқа заңдарда белгіленіп, бекітіледі. Тұға тағымы етіп, ту құрметіне отшашу ату дәстүрге айналған. Шет мемлекет шекарасына енген кемелердің тұмсығына екі елдің туларын қатар көтеру – салт. Ту қашанда тутұрындың төбесіне дейін көтерілуі керек. Туды қисайту – аза тұтудың, тудың жығылуы – женілудің белгісі саналады.

Халықаралық денгейдегі әр алуан конференциялар мен басқа ресми шаралар өткізген кезде, спорт жарыстарының женімпаздарының марафаттаған кезде жиын немесе шараға қатысушы елдердің, спорт сайыстары женімпаздары Отанының туын көтеру, әнұраның ойнау әдептік айналған. Норвегияның Лиллехамер қаласында 1994 жылы өткізген Бүкіләлемдік қыскы спорт ойындарында көкшетаулық шанғышы Владимир Смирновтың тамаша женісі құрметіне осындай жарыстарда алғаш рет Қазақстанның көкшулан туын көтеріліп, әнұраны орындалды. Бұған миллиондаған жанқүйерлердің бойын мақтаныш сезімі кернегені анық.

Мемлекеттік белгісі бар атрибуттардың айрықша әсерлілігінің сиқыры да, күші де осында жатыр. Олар адамдарды біріктіріп, мақсатқа жетуге және осы жолда өзін-өзі жетілдіре түсуге жігерлендіреді.

Бүкіл әлем халықтары мен мемлекеттері мойындаған келесі бір ресми рәміз – елтаңба (герб). Оның пайдаланылуы мен дамуы да жалпы әркенист тарихымен тығыз байланысты, ту тарихымен тамырлас.

Елтанбаларды зерттеумен ғылымда геральдика (елтанбатану) маマンдығының өкілдері – геральдистер (елтаңбатанушылар) шүғылданады. Бұл тақырыпта XVI ғ. арнайы кітаптар шыққаны туралы мағлumat кездеседі. Ал ғылыми саланың негізін қалаушы француз Менестрэ болып есептеледі. Ол 1650 жылы елтанбатану мәселелеріне арналған тұнғыш іргелі енбек жазып, шығарған. Тарихта сол сияқты Коломбиер, Варенн және Анセルм сияқты бірнеше атақты рәмістанушылардың ғылыми жазбалары зор құрметпен аталады.



Елтаңба жасау – өзінің өзгеше принциптері мен әдістері айтарлықтай қатаң да күрделі тәртіптері бар өнер. Елтаңбаны сипаттап, түсіндіру процесін француздың тілінде жасалған арнайы терминмен «блазированиe» (рәмізбаян) деп атайды. Сонау көне дәуірлерден осы кезге дейін жеткен елтаңба сипаттамаларының арасында Немврод, Геркулес және Семирамида елтаңбаларының суреттемелері бар.

Елтаңбатану тәртібі бойынша екі металл – алтын мен күміс, бес түрлі бояу (эмаль-финифт) – қызыл, көгілдір, алқызыл, жасыл, көк рендер негізгі рәміздік белгілерге жатады. Елтаңба қалқан, айқыш, және т.б. бөліктерден тұрады. Елтаңбалық композицияда әртүрлі суреттер пайдаланылады. Ертеде күш-қуат пен қайратты, айлакерлікті көрсететін және жауының құтын қашыраңдардай сұсты бейнелер көп колданылғаны байкалады. Олар – найза, қылыш, жебе суреттері және арыстан, қабылан, қасқыр, аю, айдаңар, т.б. бейнелері. Көне елтаңбаларда сол сияқты басқа да түрлі нышандар кездеседі.

Елтаңбаларда пайдаланылатын белгі – бедерлердің, бейнелердің бәрінің де астарлы мағынасы болады. Мысалы, арыстан – күшжігердің, батылдықтың, кенәдік пен дарқандықтың, ерліктің және



Курляндия губерниясындагы
Фридрихштадт қаласының
грифон бейнелі елтаңбасы



Ресей империясының елтаңбасы



Ежелгі украин елтаңбалары

ман болмысындағы өзгешеліктер тікелей әсер ететіндігі байқалады.

Елтаңба билік нышаны ретінде тулардың, жалаулардың, мөрлердің және ақшаның құрамдас бөлшектері ретінде де пайдаланылады. «Герб» деген терминнің шығу тегін мамандар немістің «erbe» – мұра, поляктің «herb» – эмблема, белгі деген сөздерімен байланыстырады. Әуелде корольдердің, билік иелерінің атадан балаға мирас етіп қалдырыған жерінің, басқа да меншік түрлерінің айырым белгісі ретінде қолданылған.

Қазақтың «таңба» сөзінің мәні де соған ұқсас. М. Қашғарі сөздігінде (XI ғ.): ел билеушілердің ерекше белгілері деген мағынада «Хақан не баска билеушілердің таңбасы» деген анықтама бар. «Таңба» сөзін орыс князьдері де «герб» деген мағынада қолданғаны белгілі. Бірінші Петр патшаның әкесі Алексей Михайлович Романов қол қойған грамоталарда «герб салығы» деген ұғымды білдіретін «тамговый сбор» түркесі кездеседі. Фалымдардың пікірінше, орыс тілінде осы уақытқа шейін кең қолданылатын «таможня» сөзі «таңба бажы» дегеннен шыққан.

Қытай тарихшысы Фан Сюанълин «Цзинь династиясының тарихы» атты еңбегінде үйсін тайпасынан шыққан ер жүрек қолбасшы

биліктің, аю – сақтықтың, бұқа – күштің, піл – адалдықтың, этеш – сайыс пен күрестің, жылан – мәңгілік пен даналықтың, балық – сергектік пен сақтықтың белгісі саналады. Өсімдіктер әлемінде пальма – ұзақ ғұмырдың, женістің, лилия – өмірдің, қайта тірілудің белгісін білдіреді.

Геометриялық кескіндер ішінде дөңгелек (шар) – жердің, әлемнің, шенбер – шексіздіктің, текше (куб) – мәңгіліктің нышандарына жатады. Айта кету көрек, мұндай әртүрлі жүйелер бар. Мамандар кейде бір рәміздік белгінің өзіне әртүрлі мағына беруі мүмкін. Оған ұлттық таным ерекшеліктері және заман болмысындағы өзгешеліктер тікелей әсер ететіндігі байқалады.




Шилінің (Шы Лэнің) III ғасырда бүкіл Қытайға билігін жүргізіп тұрған кездегі императорлық мөрі туралы кең мағлұмат береді. Ол ғажайып асыл тас – қара яшмадан (кварцтың бір түрі) жасалған. Көлемі – төртбұрышты (4 пунь мен 7 фенъ). Ұстайтын тұтқасы – тасбақа пошымды. Аса бағалы асылтас – оның қолындағы биліктің ерекше қасиетті, маңыздылығын білдірсе, оның түсі – тіршіліктің негізі болып табылатын бес стихияның бірі – судың белгісі, ал тасбақа – сол киелі күштің иесі болып саналған. Төртбұрыш қабыргаларының өлшемдері де тегін алынбаған. Жеті саны – жеті аспан шырағын (Күн, Ай, Шолпан, Меркурий, Марс, Юпитер және Сатурн) бейнелесе, төрт саны – дүниенің төрт бұрышы деген ұғым береді. Астарында аспан денелерінің (құдайлардың) мейірімі түскен император төл стихиясы күш алып тұрған сәтте шарттарапқа бірдей сөзін өткізіп, билігін жүргізе бередіге саятын емеуірін жатыр.

ЕЛТАҢБА ҚАЛҚАНДАРЫ


Қалқан бөлшектері:

1 – жарма; 2 – қыық; 3 – оң көлбеу; 4 – төрт бөлікті (жарма және қыық) қалқан; 5 – төрт бөлікті (екі жағынан қылған) қалқан; 6 – жа-пырақша (төрт негізгі бөліктің тоғысы) қалқан; 7 – жартылай қыық және жарма қалқан; 8 – айырылған (оң жақ сол көлбеумен жарты жарма) қалқан; 9 – жарма және бірінші бөліктегі оң көлбеу; 10 – тісті жарма; 11 – жалын бейнелі көлбеу; 12 – ұлу бейнелі қыық.




Бағалы геральдикалық бейнелер:

13 – маңдай; 14 – буын; 15 – толық маңдай (маңдайдың маңдайшамен – ұшарбаспен ұштасуы); 16 – буыншалы – табалдырықты толық маңдай; 17 – белдік; 18 – бағана; 19 – сол тартпабау; 20 – шеврон жаңқа; 21 – балдақ (маңдай мен бағананың тоғысы); 22 – рәміздік айшық (бағана мен белдіктің туйісүі); 23 – Андреев айқышы (екі тартпабаудың қосындысы); 24 – айыр айқыш (екі жарты тартпабау мен бағананың қосындысы).



Маңызы шамалы геральдикалық бейнелер:

25 – сыртқы тужиек; 26 – ішкі тужиек; 27 – шаршы; 28 – шахмат қалқан (шаршылармен толтырылған); 29 – еркін он жақ; 30 – сол жақ





ұшкіл; 31 – ұшкір; 32 – ұшкір бөлшекті қалқан; 33 – ұшкір қатарлармен көмкөрілген қалқан; 34 – ұш тақтай; 35 – тігісті қабырғалы қалқан (тақтайшалармен жабылған); 36 – ұш тілікті қалқан; 37 – ромб; 38 – ұршық; 39 – ұршықтар мен көлбеу қыылған қалқан; 40 – турнир жага; 41 – шенбер; 42 – қалқан қыық.










Геральдикалық емес елтаңбалық бейнелер:

43 – арыстан; 44 – леопард; 45 – геральдикалық лилия; 46 – лилия; 47 – мүйізбас (единорог); 48 – феникс.



Қалқандардың пішіндері мен реңі:

1 – көне алтын (варяг алтыны); 2 – неміс күмісі; 3 – неміс қызылы; 4 – ағылшын көгілдірі; 5 – ағылшындық жасыл; 6 – италияның алқызыл; 7 – испан қарасы; 8 – византиялық горностай «құндызы»; 9 – қисық бұрышты қарсы горностай «құндызы»; 10 – төртбұрышты тиін «құндызы»; 11 – поляк қарсы тиін «құндызы»; 12 – француз қабыршақтысы.



Шыңғыс ханның мөрі алқызыл тұсті асыл яшмадан жасалған. Онда «Аспанда – Құдайтағала, жерде қаган құдіретті. Адамзат билеушісінің мөрі» – деген сөздер бар.

Ақсақ Темір көрекенің мөріндегі бірінің үстіне бірі ұштагандан орналастырылған үш қара сақина бейнеленген. Бұл белгі – оның туындағы және Самарқан қаласының елтаңбасындағы негізгі нышан.

Еуропадағы алғашқы мөр 1136 жылы жасалды.

Әйгілі «алтын шежіреде» Шыңғыс хан Найман мемлекетін құлатқаннан кейін Таян ханның мөр сақтаушысы – Тататунганы сарай маңында ұстап, өнерін пайдаланғаны жазылған. Найман ханының жеке билік белгісін қойнына жасырып, жылысып бара жатқан Тататунгандан Батый:

– Басқаның бәрі бізге тізе бүгіп жатқанда, сен қайда қашып бара сың? Мынаны қайда апарасың? – деп сұрайды.

– Мен өз қызметіме өлгенімше адал болайын деп едім. Бұл таңбаны мәртебелі иесіне табыс етуді ойлағанмын. Үлгірмедім.

– Ол неге керек?

– Ием осы таңбаны маған көздің қарашығындаі сақтатып, кіргеншықкан қағазға бастыртушы еді. Жақсы адамды жат жерге жіберерде сенім көрсету белгісі ретінде пайдаланылады.

Содан былай таңба дегенді монғолдар да өз тілдерінің ыңғайына қарай сәлғана өзгертіп «тамға» деп атап кетсе керек.

Шыңғыс ханының мөрі яшма асыл тасынан жасалған алқызыл тұсті «тамға» болған. Оған: «Құдайтағала – аспанда, хақан – жердегі құдірет. Адамзат билеушісінің мөрі» деген сөздер ойып жазылған.

Таңба – тайпалық елтаңба, ол қазір шекара бағандарына салынатын Мемлекеттік елтаңба тәрізді тайпа жерлері шекараларындағы тастарға қашалып салынып отырган.

О. Сулейменов



Аңыз бойынша, Шыңғыс хан дүниеге келгенде оң қолына яшма асыл тасынан жасалған айдаһарлар патшалығының мөрін уыстал жатқан екен деген сез бар.

Казак таңбаларының ұлгілері қола дәуірдегі Бегазы-Дәндібай мәденисті қазбаларынан табылған. Мысалы, әйгілі этнограф-тарихшы Ә. Марғұлан осы кезеңнің мәдени ескерткіштері арасынан бағаналы руының таңбасына ұқсас белгі көргенін жазады.

Бір ғажабы, таңба ұғымы көптеген түркі халықтарына ортақ екені байқалады. Мысалы, қыргызша «тамға», – жылқының санына құйдіріп басатын таңба, белгі; қарақалпақша «тамға» немесе «таңба» – қазақшадағыдай мағынада; әзіrbайжанша «дамға» – таңба, белгі; өзбекше және башқұртша «тамға» – таңба, белгі, мөр. 1882-1892 жылдары Н.Ф. Костанов түркі халықтарына тән үш мыңға жуық таңба ұлгілерін жинапты.

Белгілі түркітанушы ғалым В.В. Радлов бұл ұғымның мағынасын «белгі», «ру таңбасы», «мөр» деген сөздермен ашады. Өте ертедегі тасқа қашалып жазылған әдебиет нұсқаларындағы мәні де осы пікірдің дұрыстығын дәлелдейді.

А. Дж. Эмре мен А.Н. Кононов сияқты ғалымдар «таңба» сөзінің түбірі «там» – құйдіру, ертеу, жағу деген етістік деп есептейді. Бұл қисынға келетін тәрізді. Қырғыз тілінде «там» тұтану, от алу деген ойларды береді. Ол қазақ тілінде де «тұтан», «жан» деген сөздердің синонимі. Ел арасында: «Сексеүіл оты тамғаниа, сексендегі шал өлер, тамуына таз өлер, қызыуна қызы өлер», – деген сез бар. Отты тутату, жағуға қатысты пайдаланылатын тамызу, тамызық сияқты сөздердің де түбірі «там». Малға таңба қару әдісімен, құйдіріп басылады. Бұдан тамға сөзінің мағыналық төркіні «там» болғанын, -та етістікке жалғанғанда есім тудыратын -қа (салыстыр: тұт-қа, жан-қа) тәрізді сез тудыруши жүрнақ екенін байқаймыз. Ал тамғаның таңбаға айналуы тіл ғылымиында кең белгілі метатезалық құбылыс.

Таңба – әдетте малға, кебінс жылқының санына құйдіріп басылатын айышық екенін жоғарыда айттық. Бірақ мәселе оның тек қана айырым белгісі емес екендігінде жатыр. Ол – малдың иесі болып табылатын рудың, тайпаның елдік нышаны, меншіктік айғақ міндетін



атқарады, Ал мөр ретінде билік белгісі сипатында көрінетін белгілі. Ел тұтқасын ұстаған, оның мемлекеттік істерін жүргізіп отырған бедел иесінің биліктік нышаны деп қарасақ та, бір қауымдастыққа біріккен елдің ортақ меншігінің айырым белгісі деп қарасақ та, ой төркіні теренде жатқанын аңғару қыын емес. Таңба, мөрлерге бүгінгі елтанбаларымыздың тарихи бастауында тұрган мәдени-этникалық мұралар тұрғысында қарайтынымыз да содан.

Таңбалық нышандар, әдетте, тайпаның, рудың бүтін ел құрамындағы халықтардың қасиет тұтқан наным-сенімдерімен, арман-аңсарларымен астасып жатқан киелі белгілерден тұрады.

Шәкірім шежіресінде түркі халықтарының таңбалары туралы дөректер V ғасырлардан белгілі екендігі айтылады. Қазақ руладарының таңбалары осы күнге дейін сақталған. Мысалы, тік сыңар сызық немесе дара әліп – қаңылдардың, тік қос сызық, немесе қос әліп – қыпшақтардың, көлбен немесе тік айқасып қыысқан қос сызық немесе айқыш керейлердің, бұрыш белгі – наймандардың, дөңгелек – дулаттардың, қос дөңгелек немесе көз – арғындардың, босаға – қоңыраттардың, садақ – адайлардың, құлақты дөңгелек – албандардың, қос құлақты дөңгелек – суандардың, үш құлақты дөңгелек – ботбайлардың, қос құлақты және тік қосылған сызықтар тіркессен дөңгелек – сиқымдардың ру-тайпалық таңбалары саналады.

ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАҢБАЛАРЫ




Түркі қаганының таңбасы. Қоңе түркі мемлекетінде қолданылған билік нышанының бір белгісі Күлтегін (685-731 жж.) қаганга орнатылған ескерткіште бедерленген. Ол биіктігі 3 метр 15 сантиметр, табанының ұзындығы мен ені тиісінше 1 метр 24 сантиметр және 41 сантиметр болып келетін үшкір пирамида түріндегі стелланың бесбұрышты үшар басының бір қырына таңбаланған.




Олардың әртүрлі бейне-пішіндері тастағы жазуларда, сан алуан материалдық мәдениет үлгілерінде, археологиялық қазбалар кезінде табылған көне мөрлер мен металл ақшаларда жиі ұшырасады.


Казак тайпалары мен руладының төл таңбалары бейнеленген ғылымға белгілі алғашқы тенгелер VI-VIII ғасырлар шамасында дүниеге келген деп есептеледі. Отыrap, Тараз және басқа бірқатар көне қалалардың өз ақша сарайлары болған.



Рюриктер
мәннеттеріндегі
белгілер



Кушан
патшаларының
белгілері



Шыңғыс хан үрпақтарының
белгілері – төре таңба

«Тенге», «ақша» атаулары қайдан шыққан? Орыстың В. Вакуров деген зерттеушісі «деньги» сөзі XII ғасырда түркі тілінен алынған, ондағы бір кездері айырбас құралы болған аң (белка) атауы «тин», «тийн» сөздерімен төркіндес дейді.

Әрине, «тенге» атауының түркі тіліндегі сөз екені – даусыз. «Деньги» де содан шыққан. Сондықтан «тенге» атауының түп тегі мен мағынасын да сол түркі тілдерінен іздеу керек.

«Тенгенің» түбірі, «тен», «тендеу» болуы да ықтимал. Сауда-сатық үстіндегі балама (эквивалент) ретінде пайдаланатыны да соған мегзейді.

«Ақша» атауының қайдан шыққаны туралы да орағытып айтылған пікірлер басым. Біздің пайымдауымызша, бұл жерде лингвистикалық талдауға жүгінсек – бұлтартпас дәлел табамыз. Түбірі «ақ» сөзі, ал «ша» – сөз түрлендіруші (бұл жерде түбір сөзге «сияқты», «секілді», «соған ұқсас» деген мағыналық рең қосу арқылы жаңа сөз тудырып түр) журнақ. Яғни, жаңа сөз түсі ақ нәрсеге ұқсас айырбас құралы (күміс тенгеге ұқсайтын қағаз ақша) деген мағынаны білдіреді және даму процесіне түсіп, жалпылық сипатта абстракциялана келе, ұлттық валюта атауына айналған.



«Тын», «құн» деген экономикалық терминдердің шығу тегі де ақша қызметіне байланысты. Алғашқысы сауда-саттық кезінде айырбас өлшемі болған тиін терісін, ал екіншісі – құндыз немесе сусар (кунища) терісін пайдалануга орай дүниеге келген.

Қазактың ежелгі ру таңбалары әртүрлі геометриялық пішіндерді еске салады. Өкінішке орай таңбалардың мәні мен мағынасын, тарихи тамырларын және халқымыздың этникалық болмысымен байланыстыра тарен зерделеген іргелі ғылыми-зерттеулер жоқ. Олардың басты ерекшеліктері – нақтылық пен қарапайымдылық. Кезінде әмбебап этносаяси нышан ретінде пайдаланылған, әскери байрактар мен тулардың маңызды элементтері қатарына жатады (Қазактың әскери байрактары негізінен «елтаңбалақ тулар» тобынан). Таңбалар кол орнына жүретін мөр ретінде де пайдаланылып келген.

Олардың әртүрлі бейне-пішіндері тастағы жазуларда, сан алуан материалдық мәдениет үлгілерінде, археологиялық казбалар кезінде табылған коне мөрлер мен металл ақшаларда жиі ұшырасады.

Елтаңбаларап тулар мен жалауларда, мөрлер мен металл ақшаларда пайдалану



Абылай хан (1711-1781)



Абылай ханның мөрі



Көшпенділердің тұйық оолы мөрі, 1339 ж.



дәстүрі бар. Билемшілердің аты-жөндерін жазып қою үрдісі де кездеседі.

Қазақ халқының көшбасшылары ұлт болып ұйысадын ұлы белгісі ретінде Ұлытау бойында өздерінің ру таңбаларын тасқа қашап қалдыраған. «Таңбалы тас» деп аталатын Қарағанды облысындағы Қызылжар станциясынан 10 шакырымда жатқан бұл жер қастерлі ұлттық рәмізге (жағрапиялық) жатады. Соған орай бүкіл әлем қазақтарының тізе бүгіп, тәу ететін киелі өнірлерінің бірі. 1992 жылы Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайына әлемнің әр түкпірінен арнайы ат басын тіреп келген қандас бауырларымыз атажүртпен қауышуды осы Ұлытауға тәу етуден бастады. Сол жолы «Таңбалы тас» маңында ескерткіш қою туралы ой тасталды. Ол 2005 жылы жүзеге асырылды. Бұл таңба Қазақстанның саяси тарихында айтартылғатай орын алғандығының белгісі екендігін тағы бір дәлелдей туследі. Ол сол сияқты, тайпаға, руға, отбасына, жеке адамға тиесілі меншік белгісі ретінде қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды дамытуға және экономикалық қатынастарды жетілдіруге де ықпал еткені белгілі.

Елтаңбалардың қаралайым формалардан курделі құбылысқа дейін көтерілген эволюциялық даму, жетілу жолы бірнеше кезеңнен тұрады. Біз бұл ретте, қолда бар деректерге сүйене отырып, алты кезеңді немесе алты деңгейді бөліп атауды жөн деп есептейміз. Біріншісі – алғашқы әлеуметтік айырым белгілерінің пайда болуымен сипатталады. Қазақ қоғамында өте ертеден белгілі әрі осы күнге дейін үзілмей жеткен малға ен салу дәстүрі, сөз жоқ, осы деңгейдегі құбылыс. Екіншісі – рәміздік таңбалардың қолданысқа түсуімен дараланады. Даалық мәдениетте өзгеше орын алатын рулық таңбалар осы деңгейге жатады. Үшіншісі – мөрлердің, тәртіншісі – әулеттік елтаңбалардың, ал бесіншісі – қалалар мен аумақтық бөліністер елтаңбаларының пайда болуымен, ал алтыншы, ең жоғары деңгей – ресми бекітілген мемлекеттік елтаңбалардың шығуымен дараланады.



Қазақстанда қалалық елтаңбалар XIX ғасырда пайда болды. Бұл кезде қазақ жері Ресей мемлекетінің қол астында еді. Сондықтан әулеттік, қалалық және аумақтық бөліністер елтаңбалары жүйесін дамыту жөнінде патшалық әкімшілік қолға алған қадамдардың шет жағасы Қазақстанға да жетті. Бұл саладагы жұмыстардың бәріне 1722 жылы құрылған Сенат жаңындағы Геральдмейстерлік кенсе басшылық жасап отырды.

Ресейдегі әулеттік, қалалық және аумақтық бөліністер елтаңбаларының дамуына Батыс Еуропа ықпалы зор болды. Өйткені, Батыс Еуропа елдерінде бұл іс орта ғасырларда-ақ дамып кетсе, Ресейге тек XVII ғасырдың соңғы он жылдығында ғана қолға алынған.

Бұл ықпалдың қашшалықты күшті болғандығын Ресейде едәуір кең тараған әулеттік рәміздер жөніндегі нақты деректерден жақсы аңғаруға болады. Мысалы, әулеттік елтаңбалар, белгіленген ресми тәртіп бойынша, әскери қалқаннан, дулығадан, тәжден, женіл шекпеннен (мантиядан), ұрансөзден (девиз, бірақ барлық елтаңбаларда бірдей жазыла бермен) және басқа бөліктерден тұрады.

Оларды салу үшін сегіз бояу (алтын және құміс түсті, қызыл, көгілдір, жасыл, қызығылт, қара, ақ) қолданылған. Бұл бояу түстерін елтаңбаның ақ-қара суретін салу кезінде қалай даралап көрсетілгені назар аударады.

Мысалы, алтын түсі ақ үстіне қара ноқаттармен, қызыл – тік сызықтармен, көгілдір – көлденең сызықтармен, қара – қосарланған тік және көлденең сызықтармен, жасыл – ондан (қалқаннан) солға жоғары тартылған көлбеу сызықтармен, қызығылт – керісінше, солдан онға қарай жоғары тартылған көлбеу сызықтармен белгіленетін болған.

Ресейде көбіне төменгі жағы үшкірлеу келген төрт бұрышты қалқан (француз үлгісі) суреті пайдаланылғаны байқалады. Ал тәждердің князь, граф, барон және дворян мәртебелеріне сәйкес түрлері бар.

Әулеттік елтаңбаларға қатысты негізгі үш шарт болған. Біріншісі – әулеттің тегі және елге сінген сибегі туралы деректер толық дәлелденген немесе ресми түрде танылған болуға тиіс; екіншісі – рәмізтану шарттарына толық сай келуге тиіс; үшіншісі – елтаңба міндетті түрде өкілетті билік орындарында бекітіліп, ресми тіркелуі тиіс. Осы




талаңтар орындалған жағдайда ғана әулеттік елтаңбаның суретін сарайдың төбесіне, қакпаға, зират басындағы ескерткішке, күйменің есігіне, ыдыска, жазу қағаздарына, кітаптарға, жүзіктерге салуға рұқсат етілген. Мұндай рәміздер белгілі бір әулеттің қоғамда алатын орны мен дәрежесін ресми бекітіп, соган сәйкес құрмет пен және жеңілдіктермен пайдалану құқығын жария ету құралы еді.

Патшалық Ресейде әулеттік, қалалық және аумактық бөліністер елтаңбаларының суреттері мен сипаттамаларын жинап, кітап етіп шығарып тұру жолға қойылды. Мұндай алғашқы жинақ 1686-1687 жыл-



Дала билеушілерінің белгілері.
XIX ғ.



Шоқан Уәлиханов
бабаларының морі

Ресей бекзадасы (князь Шыңғыс) атанды Ахмет-Керей 14-жылдың 14-қаңтарында бекітілген. Ашамай (Х) белгісі – Әулеттің аргы бабасы саналатын Шыңғыс ханның, ал готикалық белгі (М) – Бөкей ордасы хандарының толтаңбасы ретінде нышандалады



дары жарияланды. I Павел патшаның нұсқауы бойынша, 1797 жылы Ресей империясы дв орян әүлеттерінің жа лпы елтаңбалығын (гербовник) шығару қолға алынған. XX ғасырдың басына дейін осындай 20 том кітап жарияланды. Оларда бес мындан астам елтаңба жинақталған. 3-4 мыңы, ресми бекітілмегендіктен, бұл жинақтарға енбей қалған деп есептеледі. Жалпы Ресейдегі барлық дворян әүлеттерінің бестен бірінің ғана ресми хатталған әүлеттік елтаңбалары болған екен.

Елтанбалар патша жарлығымен зандастырылып отырған. 1649-1900 жылдар аралығында шыққан зандар жинағында Қазақстан қала-ларының ертедегі елтаңбалары туралы деректер кездеседі.

Бұл жерде қалалық және аумақтық құрылымдар елтанбаларының пайда болу жағдайынан кеңірек мағлұмат беру үшін Қазақстан Ресейге қарағаннан кейін, бұрынғы ел билеу жүйесі өзгеріске түскенін еске сала кеткен жөн. Басқарудың жаңа мемлекеттік-экімшілік жүйесі қалыптаса бастады. XIX ғасырдың басында қазақ жерінде үш түрлі жүйе пайда болды. Шығыс бөлігінде – «Сібір ведомствосы», батысында – «Орынбор ведомствосы», оларға қоса 1801 жылы бес мың түтін ел Жайық асып кеткеннен кейін Бөкей ордасы (1812 жылдан бастап Бөкей хандығы деп аталды) құрылды. Дәстүрлі басқару жүргізу жүйесін мұлдем мансұқтау мақсатында хандық билік жойылды. (Орта жүзде – 1822 жылдан. Кіші жүзде – 1824 жылдан және Бөкей ордасында – 1845 жылдан бастап. Соңғысы бұл тұста «Ішкі орда» деп атала бастады.) Бұл өзгерістер «Сібір қырғыздары туралы жарғы» (1822), «Сібір қырғыздарын басқару тәртібі» (1838), «Семей облысын басқару тәртібі» (1854), «Орынбор қырғыздарын басқару тәртібі» (1844), «Сырдария бойы қырғыздарын басқару туралы нұсқау» (1855-1856), «Алатай округін басқару тәртібі» (1862), «Далалық өлкелерді басқарудың уақытша тәртібі» (1867), «Далалық облыстарды басқару тәртібі» (1891) және басқа да құжаттарға сай жүзеге асырылады. 1867-1868 және 1886-1891 жылдарда өткізілген реформалардың нөтиjесінде жаңа басқару жүйесі бір ретке келтірілді. Алты облыс құрылды. Олар – Семей (құрамында Семей, Өскемен, Зайсан, Павлодар уездері бар), Ақмола (құрамында Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы уездері бар), Торғай (құрамында Қостанай, Ақтобе, Ыргыз, Торғай




уездері бар), Орал (құрамында Орал, Гурьев, Лбещинск, Темір уездері бар), Семиреченский (Жетісу – құрамында Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный уездері бар). Ал Маңғыстау уезі – Закаспий облысының, Ішкі Орда – Астрахань губерниясының құрамына кірді.

Ресейдің құрамындағы облыстар мен қалалардың барлығының елтаңбалары белгіленген ортақ тәртіп бойынша жасалып рәсімделіп отырған. Ресей империясының зандар жинағында қазақ жеріне қатысты алты облыстың (Ақмола, Семей, Жетісу (Семиреченская деп орыс тілінде аталған), Сырдария, Торғай, Орал) және бес қаланың (Верный (Алматы), Петропавл (Қызылжар), Семей, Торғай, Орал) рәміздерінің суреттері мен сипаттамалары берілген. Бұған қоса 16 уездік және округтік қаланың (Ақмола, Ақтобе, Өулисата (Тараз), Гурьев (Атырау), Жаркент (Панфилов), Үргыз («Чергиз» деп жазылған), Қазалы, Қарқаралы, Қекшетау, Қапал, Қостанай, Лепсі, Павлодар, Перовск (Қызылорда), Өскемен, Шымкент) елтаңбалары болғандығы жайлы деректер сақталған. Бірақ олардың біразының суреттері мен сипаттамалары Ресей империясының Заңдар жинағына енгізілмеген.


Бұл елтаңбалардың арасындағы алғаш жасалғаны һәм принципті ерекшелігі бары – Қызылжар (Петропавл) қаласының елтаңбасы. Ол 1842 жылы 7 қыркүйекте бекітілген. Қызылжар–Тобыл губерниясының Ақмола облысындағы уезд орталықтарының бірі еді. Соңдықтан көлдененін тәң белінген қалқанның (щит) жоғарғы белілігін Тобыл губерниясының жаңа елтаңбасының суреті алып жатыр. Ол – көк түсті кеңістікке салынған алтын пирамида, жан-жағына тулар қойылған. Елтаңбаның басқалардікінен түбекейлі ерекшелігі де тап осында жатыр. Кейінгілерінде мұндай белініс жоқ. Елтаңбаның негізгі белгісінің айналасын патша тәжімен, алтын түсті пальма жапырақтарымен және Алекс андр лент асымен көркемдеу әдетке айналды. Петропавл (Қызылжар) қаласы елтаңбасының өзіне тән белілінде – үстінен жүк тиелген түйс жетектеп, жар жағалап келе жатқан қолында таяғы бар, басына бөрік киген қазақ (азиат) бейнеленген. Мұнда қала орналасқан жердің ерекшелігі, оның ежелгі тұрғындары және олардың кәсібі дәл көрініс тапқан.



Қызылжар (Петропавл)
қаласының елтаңбасы



Тобыл қаласының
елтаңбасы



Омбы қаласының
елтаңбасы

(Тұпнұсқадағы толық мәтінді сол қалпында бергенді жөн көреміз: «*Щитъ разделенъ на две половины: въ верхней гербъ Тобольскій, а въ нижней въ серебряномъ поле на горе верблюдъ, навьюченный двумя тюками на перевесь и ведомый за веревку Азиатцемъ.*»).

Жалпы, мұқият зер салып, зерттеген жағдайда қалалар мен аумақтық бөліністер елтаңбаларынан ел мен жер тарихына қатысты тың де-ректер жинауға болады. Осы орайда 1785 жылғы 17 наурызда бекітілген Омбы қаласының елтаңбасы назар аударапты. Ол кезде қала – Тобыл наместничествоына қарайтын Ақмола облысының орталығы. Тен бөлінген темір қалқанның жоғарғы жағында, әлі өзгермелген дәстүр бойынша, Тобыл наместничествоының жаңа елтаңбасының суреті салынса, төменгі жағында – тек шекаралық белгі бейнеленген. Ол Омбы қаласының казактарға карсы ең басты камал екендігін билдіреді.

(Тұпнұсқадағы толық мәтінде: «*Въ верхней части щита гербъ Тобольскій. Въ нижней въ серебряномъ поле часть укрепленной изъ кирпича линии, потому что по Сибирской линии есть он главная Крепость против киргизов (казахов – Е.Ш.).*»).

Верный (Алматы), Орал, Семей және Торғай қалаларының елтаңбалары 1878 жылғы 1 шілдедегі патша жарлығымен қабылданған. Төртеуінің де сыртқы нысаны ұқсас. Жоғарғы жағынан – патша тәжімен, айнала – алтын түсті емен жапырақтарымен және Александр лентасымен көмкерілген. Негізгі белгілері – әр алуан, әрине.



Жетису (Семиреченский) облысының орталығы болған Алматы (Верный) қаласының елтаңбасының бас жағындағы үштен бір бөлігіне Ресей мемлекеттігінің негізгі рәмізі – екі басты бүркіт бейнесі орналастырылған, ал қалған үштен екі бөлігін төңкерілген, яғни төмен қаратылған жарты ай суреті алып жатыр. Мұнда Ресей мұсылмандары тұрады дегенді білдіреді. Бұл – саяси сипаты басым елтаңбалар катарына жататын рәміз.

(Тұпнұсқадағы толық мәтінде: «*В червленном щите золотой опрокинутый полумесяцъ. Глава щита золотая, усеянная Российскими Государственными орлами. Щитъ увенчанъ древнею Царскою короною и окруженъ золотыми дубовыми листьями, соединенными Александровскою лентою*»).

Орал қаласының елтаңбасында жергілікті жердің географиялық жағдайы, онда тұратын тұрғылықты жүрт, олардың ұлты, діні мен негізгі кәсібі туралы деректер беретін бейнелер салынған. Олар – қатар үш тау, олардың төбесіндегі алтын булава (ортада), тұрғының ұшарбасында ай бейнелі алтын түсті қылқырық тулар, толқын құған күміс балық суреттері. Бәрінің астарында – елтаңбаның негізгі түсін, ренін айқындастын жасыл бояу.

(Тұпнұсқадағы толық мәтінде: «*Въ зеленом щите три серебряные горы, на которыхъ поставлены на средней золотая булава, а на крайнихъ, золотые же бунчуки, на которыхъ таковые же полумесяцы, концами вверхъ, увенчанные золотыми же остриями отъ копья. Въ лазуревой волнообразной оконечности щиты, серебряная рыба. Щитъ увенчанъ древнею Царскою короною и окружен золотыми дубовыми листьями соединенными Александровскою лентою*»).

Торғай қаласының елтаңбасы қарапайымдылығымен, нақтылығымен көзге түседі. Екі белгі бар: теріс қаратылып салынған жылқының екі басы және солардың ортасында, өзара көлбеу айқастырылып, тік қойылған қос наиза. Жүйрік мініп, жауын женіп, ен далада еркін өмір сүрген халқымыздың рухына жақын рәміз.

(Тұпнұсқадағы толық мәтінде: «*Въ червленном щите два золотых косвенно накресть положенная копья, сопровождаемые, по бокам, таковыми же противопоставленными, оторванными конскими*



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

головами с лазуревыми глазами и языками. Щитъ увенчанъ древнею Царскою короною и окружен золотыми дубовыми листьями соединенными Александровскою лентою»).

Семей қаласының рәмізі де осы сипатты. Тек онда негізгі белгілер ретінде түйе, шалқалаған ай және бес бұрышты жұлдыз суреттері алынған.

(Тұпнұсқадағы толық мәтін: «В лазуревом поле золотой, съ червленными глазами и уздами верблодъ, сопровождаемый во главе щита, серебряною о пяти лучахъ, под таковымъ же полумесяцемъ, рогами вверх, звездою. Щитъ увенчанъ древнею. Царскою короною и окруженъ золотыми дубовыми листьями, соединенными Александровскою лентою»).

Бір назар аударатын жағдай – Верный (Алматы), Семей, Торғай және Орал қалаларының елтаңбалары тиісінше Жетісу (Семиреченский), Семей, Торғай және Орал облыстарының елтаңбаларымен бірдей болған. Осыған қарап Ақмола (қазір Астана) қаласының елтаңбасы да Ақмола облысынікіне ұқсас болуга тиіс деуге болады. Бірақ ол Ресей империясының Зандар жинағына енбеген. Ақмола облысының елтаңбасы облыс орталығы Омбы қаласынікіне мұлдем ұқсамайды. Жасыл түсті, ортасына қос мұнарасы бар күмбезді күміс ескерткіштің және тік жарты айдың суреттері салынған. Ақмола атауының «Белая могила» деген аудармасына орай ойластырылғаны «мен мұндалап-ак»



Верный қаласы мен
Жетісу облысының елтаңбасы



Орал қаласы мен
Орал облысының елтаңбасы

тұр. Негізгі бейненің, қорған (крепость) емес күмбезді ескерткіш екені елтаңбаның тұпнұсқа мәтіндегі сипаттамада да айқын айтылған.

(Тұпнұсқадағы толық мәтін: «*Въ зеленом щите, серебряный памятники, с двумя остроконечными богинями и куполомъ въ середине, сопровождаемый въ главе щита, золотыми полумесицъ. Щитъ украсенъ древнею Царскою короною и окруженъ золотыми дубовыми листьями, соединенными Александровскою лентою*»).

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның онтүстік өнірінің көп белгілі Сырдария облысының құрамында болғаны белгілі. Мысалы, өз елтаңбалары болған Әулиесата (қазір Тараз), Қазалы, Қапал, Перовск (Қызылорда) және Шымкент қалалары уезд, округ орталықтары ретінде осы Сырдария облысына қарайтын.

Сырдария облысының елтаңбасында төл табиғат нәші, табиғи құнтар (колорит) көбірек орын алғаны байқалады. Негізгі сурет – өзеннің екі жағын бойлата орналастырылған қос жүзім жапырағы. «Сулы жер – нұлы» деген мағынаны беруге саятындағы. Әрі қыска, әрі айтарты жеткілікті образ. Қасиетті Сыр бойы мен жер жәннәті Жетісу өніріндең ел өмірінің өзегі нәр мен жеміске негізделіп жасалған.

(Тұпнұсқадағы толық мәтін: «*Въ золотом щите лазуревый волнобразный пояс, сопровождаемый, сверху и внизу, двумя зелеными, опрокинутыми виноградными листьями, Щитъ увенчанъ древнею Царскою короною и окружен золотыми дубовыми листьями, соединенными Александровскою лентою*»).

Кезінде қазақ жерінің едәуір белгілі құрамына кірген Орынбор губерниясының елтаңбасында да (1856 жылғы 8 желтоқсанда бекітілген) жарты ай мен Жайық өзені бейнеленген.

(Тұпнұсқадағы толық мәтін: «*Въ червленном щите, два у накрест положенныхъ, золотых стремени, украшенных Императорским Российским орлом, сопровождаемых сверху золотым же Греко-российским крестом, а снизу золотым же опрокинутым полумесицем. Въ серебряной главе щита лазуревая куница. Щитъ увенчанъ императорскою короною у и окруженъ золотыми дубовыми листьями, соединенными Александровскою лентою*»).



Торғай қаласы мен
Торғай облысының елтаңбасы



Семей облысының
елтаңбасы

Кейінірек Қазақстан астанасы болған Орынбор қаласының елтаңбасы губерниялық рәмізге ұқсамайды және одан көп бұрын – 1782 жылғы 6 маусымда бекітілген. Оның негізгі белгісі – қасиетті кең дала және сол даланың төсінде тулап ағып жатқан жайсаң өзен.

(Түпнұсқадағы толық мәтін: «*Золотое поле, разрезанное на полы, голубую извиютою полосою, показующею протекающую путь реку Урал; в верхней части щита выходящий двоеглавый Императорский орел, в нижней части голубой Андреевский крест в знак верности сего города».*

Қазақ таңбалары мен европалық ұлгідегі елтаңбалардың арасында көп айырмашылық бар екені белгілі. Бұл олардың түріне де, құрылымына да қатысты. Өзгешелік далалық өркениет пен Еуразия көшпелілері мәдениетінің төл болмысының даралығына байланысты деген байлам жасау орынды. Көшпелілердің ойлау жүйесіндегі, өмір салтындағы және іс-қимылданағы pragmatism тіршілік көлденен тартқан немесе өзін-өзі сақтап қалу мен өзін-өзі жетілдіруге, қоршаған ортаны өзгертуге қатысты небір киын түйіндерді шешуге мүмкіндік бергеніне тарих күә. Қазақ киіз үйі де қарапайым. Бірақ оның адам баласы ойлап тапқан түргын жайлардың ішіндегі ең бір тендессізі екендігіне әлем тарихы тәнти.

Ғалымдар сан ғасырлар бойы жасалып, екшеленген далалық өркениеттің материалдық мәдениетінің қарапайымдылығы мен ең




алдымен тұрмысқа қолайлылығының сыртында терен ойластырылғандық және табиғатпен үндестік, сол сияқты сыннан өткен сарабдал өміршенендік сияқты қасиеттер тұр. Мұның өзі бәлкім, адамзаттың казіргі даму жолының альтернативасының әлдебір өскіндері болуы да әбден ықтимал.

Тарихтың өзі күелік етіп отырғандай, таңба біздің дамуымыздың белгілі бір кезеңінде мемлекеттік белгінің тиісті этникалық-нышандық қызметін атқарды. Ол осы заманғы классикалық елтанба үлгісіндең тұнғыш төл мемлекеттік рәмізіміздің бастауына жатады.

Осы орайда XX ғасырдың басында Алаш мемлекетін құруға талпынған ардактарымыздың төл рәміз ізdegен кездегі ойларын атай кеткен жөн. Сол тұста (1918 ж.) А. Байтұрсынов шығарған «Қазақ» газеті редакциялық «Орда гербі (таңбасы)» деген байқауға шақырған мақалада: «Әр мемлекеттің, әр губерния hәм облыстың өзінің арнаулы гербі бар. Таңбасына қарай қай елдің аты екенін тануға болады, гербіне қарай қай мемлекеттің нәрсесі екенін білуге болады. Елдің ру таңбасында қандай мағына болса, гербте де сондай мағына бар» деп жазды. «Алаш мемлекетіне Орда деп ат қойылған соң гербінде орда суреті болуы лайықтығында дау болмаса керек, – деп жазады одан әрі газет. – ...Ойы, қолы шебер азаматтар Алаш гербінің қалай еткенде ұнамды болу жағын ойласып, герб жобасын жас ап, көптің яки айрықша комиссияның сыннына салса екен. Әрі әдемілік, әрі



Ақмола облысының
елтаңбасы



Сырдария облысының
елтаңбасы

мағыналық жағынан ең ұнамдысы таңдалынып алынар еді» («Қазақ газеті» (құраст. Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов). Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998, 423-бет). (Осы мақалада әмблема деген рәміздің терминге қазақша «ишаарат» деген балама қолданғанын айта кетуге болады). Келтірлген үзінді – танбалар мен мемлекеттік рәміздер арасындағы тығыз байланыстылықты дәлелдей тусетін ой-дерек. Одан Қазақстан Республикасының тұнғыш мемлекеттік елтанбасында ел азаттығын армандағ, сол жолға жаңын бейтеге тіккен арыстарымыз арманының ізі жатқандығының, ой сабактастығын сезінесін.

Әлеуметтік-саяси бірігу және мәдени-этникалық даралану мақсаттарына әуендей рәміздер де (ішінде музыкалық-поэтикалық шыгармалар да бар) қызмет етеді.



Отан қорғаушылар ескерткіші
(Астана, 2001 ж.)



Олардың ең әйгілілері халықтың санасына сіңіп, тарихи зердесіне ұлаған. Сейтіп, ұлттық немесе мемлекеттік рәміздер деңгейіне көтерілген. Оларға мәтін жазылып, көптеген ұрпақтардың жаңына жақын, жүргегін тербейтін туындыларға айналып отырған. Олар, әдетте, халықтың, елдің өміріндегі ең бір маңызы, тағдырлық мәні бар оқиғалар кезінде дүниеге келеді. Жаңадан мемлекет уық шашып, кереге көтерген кездерде туындаиды. Мұндай шығармалар барлық халықтарда бар және аса қастерлі. Мұндай ән-күйлер қазакта да бар.

Қазақ халқының ұлттық гимніне айналған әйгілі тарихи туындылардың бірі – «Елім-ай» әні. Оның авторы – XVIII ғасырда өмір сүрген белгілі тарихи тұлға – қаһарман қолбасшы, өнегелі өнер иесі Кожаберген Толыбайұлы (1663-1756 жж.). Ән елді жау шапқан 1723 жылғы әйгілі «Ақтабан шұбырынды, алқа-көл сұлама» оқиғасы кезінде, халықтың басына түсken ауыртпалық пен азапқа деген жан күй-зелісінен шыққан. Жүрек сыйздатады. Бей-жай тыңдау мүмкін емес. Бірақ әннің сазында да, сөзінде де пессимизмнен ғөрі өміршендік пафос басым. Ән ел болып жиылдып, жат жүрттық езгіге қарсы қайрат көрсетуге шақырады. Тұған жерге деген сүйіспеншілік сезімін күштейтіп, жонғар басқыншыларына қарсы бүкілхалықтық ыза мен кек рухын оятуға бағытталған.

Жоғары отаншылдық сезімдермен астасып жатқан рухани қуат – ұлы күйші Құрманғазының әйгілі «Сарыарқасының» да ерекше табиғатын даралайтын қасиеттердің бірі. Шемші Қалдаяқовтың 1986 жылды желтоқсан оқиғасы кезінде елінің еркіндігі мен ар-намысының жоқтаушысы болған жас ұландардың жан дауасына айналған «Менің Қазақстаным» әні (сөзі Ж. Нәжімedenovtіkі) де өзінің аса кең таралуы мен ел сүйіспеншілігіне бөленуі жөнінде қазақ топырағында халықтық гимн деңгейіне көтерілген ерекше туынды.

Сөз берін саздың текті табиғаты, айрықша әсерлілігі жеке адамдар үшін – ішкі рухани-сезімдік қуатын бір мақсатқа жұмылдыруға, ал

Құрманғазының «Сарыарқа» күйі – халықмыздың музикалық, ұлттық әлемінің бірі.



әртүрлі қоғамдық құрылымдар ушін – белгілі бір әлеуметтік-саяси ахуал қалыптастыруға әріден бері пайдаланылып келеді. Оларды рұлар мен тайпалардың ерекше дыбыстық «айшығы» – ұрандар мен әскери марштардан бастап, мемлекеттік әнұрандарға дейін түрлі рәміз ретінде пайдалану да осыған негізделген.

Белгілі этнограф, ұлт аспаптарын жинаушы А. Эхгорн «урра» деңен көне аспаптың атын қазақтың «ұран» сөзінен шыққан деген пікір айтады. Ғалым бұл сөздің ерекше салтанатқа байланысты және аң аулауға шығар кезде, сол сияқты әскери жорыққа аттанарда үрмелі аспаптарда бірнеше рет қысқа қайырыммен қайталанатын әуенді білдіретіндігіне назар аударады. Ұран салу жиналу, қайраттану және айбат шегу деген мағыналарда ертеден қолданылып келеді. Ел рухын көтеру, басын қосу және жауға қарсы шабу қажет болғанда халық қасиеттейтін ардақты көсем, аруақты батыр, беделді би бабаның атын атап ұран салған. Әр рудың өз ұраны бар. Бар қазактікі – алаш. Ол басқа түркі тектес халықтарға да ортақ саналады.

Гимн термині грек тілінен аударғанда бағдарламалық сипаттағы өлеңге жазылған салтанатты әуен деген ұғымды білдіреді. Оның әлімсақтан әйгілі нұсқалары әдетте үш бөлімді құрылымға негізделді: құдайтағалаға құлшылық ету, ол туралы миф және рақым күтіп жалбарыну. Ғалымдар осындай алғашқы гимндер Ежелгі Мысыр мен Месопотамияда пайда болды деп есептейді. Ал құдайлар күрметіне киелі әндер (қазіргі әнұрандар бастауы) жазу ол кезде ең беделділердің ғана еншісіне тиғен. Гимн шығарудың өз тәртібі болған. Грек құдайларына арналған әндердің өзі олардың қадір-қасиетіне қарай әртүрлі өлшемнен тұратын. Мысалы, Апаллонға – пеан, Диониске – дифирамба, т.б. Б.з.д. VII-V ғғ. көп дауысты хордың сүйемелдеуімен орындалатын гимн әуендеріне Алкей, Алкмен, Стесихор сияқты сөз жазған. Гимн жанрында өлең жазғандардың бірі – Гомер.

Қытайлар гимнді «го-ге» – мемлекет өлеңі, мемлекет әні деп аударса, арабтар оған отан өлеңі, отан әні деген мағына береді.

Орта ғасырдағы әртүрлі діни-әлеуметтік қозғалыстар табигаты мұнан басқа сипаттағы гимндердің дүниеге келуіне себепкер болды.



Олардың арасында XV ғ. гусит әндері, XVI ғ. неміс әні «Stabat Mater» т.б. бар.

Классикалық тұрғыдағы гимн ұғымына толық жауап беретін тұңғыш туындылар XVIII–XIX ғғ. пайда болған. Мысалы, 1730 жылы «Рокоци-марш» дүниеге келді. Жарты ғасырдан соң (1845 ж.) оның Ф. Эркел өндеген нұсқасы венгрдің ұлттық гимніне айналды. 1797 жылы композитор Ю. Выбицкий «Италиядағы поляк легиондарының әнін» («Домбровский мазуркасы») шығарды. Осы туындының әуені мен сөзінің әсерімен Л. Гай 1833 жылы «Хорватия әлі тірі» атты гимн жазды. Иле-шала чехтар мен словактардың музикалық рөміздері «Қайдасың, Отаным» (1834 ж.) мен «Татра үстінде наизагай жарқылдап тұр» (слов. «Nad Tatrou sa blýska»), сол сияқты «Германия, Германия артық бәрінен», «Құдайым, сақтай ғер корольді» (Англия), «Құдайым, сақтай ғер патшаны» (Ресей), ал Францияда Ф. Госсектің «Азаттық гимні», Л. Керубинидің «Бауырмалдық гимні» және Руже де Лильдің «Марсельезасы» жазылды.

Ағылшынның «Құдайым, сақтай ғер корольді» (ел басшысы әйел адамы болған жағдайда – король сөзі патшайым сөзімен алмастырылады. Мысалы, Елизавета II патшайым басқарған жылдары (1952-2022 жж.) Ұлыбритания әнұраны «Құдайым, сақтай ғер патшайымды» деп аталған) гимнінің шығу тарихының бірнеше қызық нұсқасы бар. Олардың біріне сенсек, әннің әуені Францияда дүниеге келген. XIV Людовик қатты науқастан жазылған кезде «Құдайым корольді құтқарды ғой» деген өлеңге сарай сазгері итальяндық Аюлли арнағы әуен жазған. Кейін бұл ән Англияға жетеді де, оның композитор Г. Кәрі өндеген нұсқасы Ұлыбританияның мемлекеттік әнұранына айналады.

АҚШ әнұранын 1931 жылдың 3 наурызында президент Г. Гувер бекіткен. Ал оған негіз болған балтиморлық заңгер Ф.С. Кидің «Мак-Генри бекінісін қорғау» деген өлеңі одан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өмірге келген болатын. Ол бекіністі қорғаушылардың ағылшын әскерлерінің әуе шабуылына қарсы көрсеткен жаңқиярлық ерлігінің әсерімен, соған орай ел мереін көтерген отаншылдық сезімнен туган еді. Оны Дж. С. Смиттің «Жұмақтағы анаkreон» деген



әуеніне салып айтатын болды. Бұл Лондондағы анакреонтистер қоғамының (ағ. Anacreontic society) дастархан үстінде айтатын аса кең тараған музыкасы еді. Алғашында Филадельфияда Аналектикалық журналда» басылып шығып, одан кейін көптеген басқа газет-журналдарда әннің сөзі мен әуенің нотасы бірге жарияланып, көп ұзамай көпшілікке танымал патриоттық әнге айналды. Сөйтіп, ағылшынның дастархан басындағы әні мен Ф.С. Ки өлеңінің үндесуі АҚШ гимнін өмірге әкелді деуге болады.

Гимннің сазы мен сөзі сипаты мен мақсаты жөнінен біртұтас шығарманың өзара үйлесім мен жаразтық тапқан қос құрамдас бөлігі болып табылады. Олар терең сезімге бөленинде, белгілі бір көніл-куйге ортақтасуға және іштей өз қалауына қарай өзгеше рухани әлем жасап алуға мүмкіндік береді.

Кеңес дәуіріндегі ресми рәміздердің қай-қайсында да ондаған жылдар бойы күштеп танылған партиялық-таптық көзқарас табы айқын сезіледі. Қазақ КСР елтаңбасы мен жалауы, сайып келгенде, одактық рәміздердің көшірмесі болса, әнұран сөзі сол кезеңнің астам идеологиялық таптаурын тұжырымдарымен өрнектелді.

Ол тұста ұлттық рәміздер тарихы да зерттелген жоқ. Рулық таңбалар неме се батырлардың әскери байрақтары туралы сөз ету е скілік көртартпалыққа жатқызылды. Оларды білу мен зерттеу қауіпті болатын. Ақын Абзal Бөкенов жазғандай:

*Барі болған қазақ сынды көне елде,
 Ел белгі де, ерлік, өрлік, өнер де.
 Жаһандагы ең жауынгер халықта
 Кім сенеді,
 Ту болмады дегенге?!*
*Батырлыққа уызынан жарыған,
 Ер түркіні байрағынан таныған.
 Өзі ақын, өзі әниші халықта
 Кім айта алар
 Болмаган, – деп, – Әнұран?!*
*Бас білгізіп жер тарпыған тарпанга,
 Жасы түрмәқ, шығады еken қарты аңға.*



Қалай оның Елтаңбасы болмайды,

Түлігіне дейін салса ен-таңба?! – деген тарихи шындық тәуелсіздік алғанға дейін бодандықтың кайыс қамыт белбеуімен буындырылып, табанға басылып, тұншықтырылып келді.

1923 жылға дейін Кеңес Үкіметі Ресей (РСФСР) жалауын мемлекеттік белгі ретінде пайдаланды. Ол 1918 жылғы 10 шілдеде V Бүкілрессейлік Кеңестер съезінде қабылданған болатын. Сауда, теңіз және әскери жалауларының бірыңғай үлгісі бекітілді. Ол – сол жақ жоғарысында алтын қаріптермен «РСФСР» немесе «Российская Социалистическая Федеративная Советская Республика» деген жазуы бар (қызыл, алқызыл) түсті матада.



РКФСР түү (1918 ж.)

Жалпы қызыл ту Батыс Еуропада XVI ғасырда Германиядағы азамат соғысы кезінде дүниеге келген деп есептеледі. Жұлдыз Қызыл Армияның нышаны ретінде дүниеге келсе, орақ пен балғаны кім ойладап тапқанын дәл басып айту қыын. 1918 жылдың көктемінде жалау, елтаңба, мөр мен ақша жобасына жарияланған бәйгенің шартында: «композиция құрылымында жұмысшы және шаруа республикасының белгісі ретінде енбек құралдары – (мысалы: орақ пен балға) өрнектелуі қажет» деп атап көрсетілді.

Мемлекеттік тудың алғашқы ресми бейнесін суретші С.В. Чехонин салды.

1922 жылы рәмістанушы К. Дунин – Торховский тудағы жазуды жұмысшы-шаруалардың Кеңес үкіметінің таптық сипатын көрсететін





KCPO туы (1924-1991 жж.)

белгілермен, яғни, орақ пен балға бейнелерімен алмастыру жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс алғашқы Конституцияны жасау кезінде КСРО туы туралы мәселе көтерілген кезде ескерілді. КСРО Конституциясының 71-бабында: «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының туы қызыл немесе алқызыл матадан жасалады. Оның жоғары жақ бұрышында тутұғырга таяу, алтын орақ пен балғаның және олардың үстінде алтынмен көмкерілген бесбұрышты қызыл жұлдыздың суреті салынған. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2. 1936 жылғы Конституцияны талқылау кезінде бұл үлгіні өзгерту жөнінде бірқатар ұсыныстар жасалды. Мысалы, туға «Барлық елдердің, пролетарлары, бірігіндер!» деген ұран жазу, орақ пен балға белгісін жаңа соқа, трактор, бу құбырлары бейнелерімен алмастыру және тағы басқа пікірлер айтылды. Бірақ бәрі бұрынғы қалпында қалды. Тек тудың рені нақтыланды. Бұрынғы қызыл немесе алқызылдың орнына тек қызыл түсті деген анықтама қалдырылды.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы желобіреген қызыл тудың мемлекеттік нышанға айналуы ресми түрде 1918 жылдың 13 сәуірінен басталады. Жұмысшы-солдат, шаруалар мен казактар депутаттары Кеңестерінің Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті дәл сол күні арнаулы декрет қабылдап, «Ресей Республикасының жалауы болып «Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасы» деген жазуы бар қызыл ту белгіленеді» деп жариялады. 1918 жылғы 10 шілдеде қабылданған алғашқы Конституцияда да солай деп көрсетілген. Алты

жылдан кейін 1924 жылы, КСРО-ның тұнғыш Конституциясы қабылданып, онда ортақ мемлекеттік нысан ретінде жоғарғы жағында езара айқасқан алтын түсті орақ пен балға белгісі және бес тармақты қызыл жүлдyz суреті салынған қызыл немесе ал қызыл матада налады деп заңдастырылды.

Кеңестік кезеңдегі алғашқы Ресей елтаңбасы мемлекеттік мөр жасау кезінде дүниеге келді. Оған Қызыл Армияның эмблемасы негіз болды. 1918 жылғы РСФСР Конституациясының 89-бабында: «Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасының елтаңбасы қызыл фонда және күн шұғыласына малынған алтын орақ пен балғадан тұрады. Оларды көмкерген масақ бауында мынандай жазулар жазылған: а) Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасы және б) Барлық елдердің, пролетарлары бірігіндер», – деп жазылған.

Елтаңба жобасының авторы – график суретші А.Н. Лео. Елтаңба жасауга сол сияқты сәулетші Н.А. Андреев те тартылды. Ол елтаңба суретінің кейбір тұстарын нақтылап берді.

1922 жылы КСРО құруға байланысты одактық елтаңба туралы мәселе күн тәртібіне қойылды.

1924 жылғы 31 қаңтарда жобаның соңғы нұсқасы қаралып бекітілді. Оған РКФСР суретшілері В.И. Корзун мен И.И. Дубасов ұсыныстары негіз болды. Оның ресейлік елтаңбадан айырмашылығы тек жаңадан бес бұрышты жүлдyz қосылды және алты тілде (одактас республикалар санына қарай – орысша, украинше, белорусша, грузинше, армянша және түрік-татарша).

«Барлық елдердің, пролетарлары, бірігіндер!» деген ұранның қайталауы. Осындай одактық елтаңба негізінен КСРО құлағанша сақталды. Оған әр кезде (1941 жылғы мамыр, 1946 жылғы маусым, 1956 жылғы қыркүйек) енгізілген өзгерістер онша елеулі бола қойған жоқ. 1936 жылы Одак субъектілерінің санының көбеюіне орай елтаңбадағы


*Белгі болмысты игеріп, адамның өзін өзгертуге бағытталған
қызмет үшін жасалады. Өнерде белгі – ойдың нақты-сезімдік
негізінің жалаңаштануы.*

Ю. Борев

ұран сөз 11 тілде қайталағаны болды. Латын жазуынан орысшаға көшүг ә байланысты және аудармалардағы мәтіндерді нақтылауға орай 1941 және 1946 жылдары да ұрансөздерде сәл өзгертулер жасалды. Ал 1956 жылы ұрансөз мәтіні лент аға айшықт алды және енді 15 тілде қайталағаны болды.

Кеңестер Одағы алғашында гимн ретінде 1871 жылы маусымда дүниеге келген «Интернационалды» (сөзін жазған Э. Потье, музыкасын жазған П. Дегейтер) пайдаланды. КСРО-ның «Ерікті республикалардың мызығыас одағы» атты жаңа гимні (сөзін жазған С.А. Михалков және Эль-Регистан, музыкасын жазған А.Б. Александров) Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен 1943 жылдың 31 желтоқсанынан 1944 жылдың 1 қаңтарына қарабан түнде Бүкіл Одақтық радио арқылы тұнғыш рет орындалып таратылды.

Кеңестер Одағының мемлекеттік рәміздері ең алдымен тоталистарлық идеологияның нышандық белгісі еді. Оларды жасаған кезде сабактастық және тарихилық сипаттарға қатысты маңызды рәміздік ұстындар тек таптық түрғыдан ғана назарға алынды. Одақтық белгілерге негіз болған РКФСР рәміздерінің өзі ресейлік төл рәміздердің даму жолы мен орыс мәдениетіне қатысы шамалы болатын.





Сондықтан да КСРО тарағаннан кейін Ресей бұрынғы одақтас республикалардың арасында бірінші болып мемлекеттік рәміздерін алмастырыды. Сөйтіп Ресейге орыс халқының рухына жақын ежелгі ақ-көк-қызыл түсті ту мен екібасты бүркіт бейнелі елтанба қайтып оралды, М. Глинканың патриоттық ән әуені әнұранға айналды. Осылайша ресейліктердің сана-сезімінде төл мемлекеттілік бастауларына қарай маңызды қадам жасалды.

Кеңестік кезеңде дүниенің бәрін бір жіпке тізіп, бір инеден өткізіп орталықтандыру принципі мен идеологиялық айдаршылдық одақтас республикалар рәміздерінің де болмысы-бітімін айқындаған бірден-бір өлшемге айналды. Мәскеулік улгілердің көшіріп алудан басқа жол жоқ еді. Дегені болып тұрған әміршіл-әкімшіл өктем жүйе сөз жүзінде ғана дербес саналған республикалардың елдік белгілерін де бір қолдан шығарып, үйелмелі-сүйелмелі етіп жасап беріп отырған. Мысалы, әнұран сөздері авторлары әртүрлі болғанымен, рухы ғана емес, әрпімен де бір-бірінен аумай қалғаны, бірі-біріне егіз козыдай ұксастығы сондай, еріксіз жоғарыдан жарлық түсіріліп, көзге көрінбейтін бір дирижер басшылық жасаған-ау деген ой келеді.

Ортақ үлгі анық-ақ көзге ұрады: бірінші шумағында – әнұран қай республиканік болса сол халықтың бостандық алуына Лениннің сінірген еңбегі ерекше аталағы; екінші шумақта – аға халық – ұлы орыс халқына айрықша алғыс сезім білдіреді; үшінші шумақта – «дана партия, біздің ұлы көсеміміз» (1945 жылғы нұсқаларда – «данышпан Сталин, біздің сүйікті көсеміміз») мадақталады. Қайырмада – «Кеңестер Одағы жасасын» деген тақырыптағы ода шырқалады.

Оны бұрынғы мемлекеттік рәміздер арасында қазақ топырағында дүниеге келген жалғыз белгі болып саналатын Қазақстан әнұранынан да айқын аңғаруға болады. Ол да жоғарыда аталаған қалыптен жасалып:

«Торлаган тұманнан жол таптай тұрғанда,
Жарқырап Лениндей күн шығып, атты таң».
«Одақтас, үрандас елдердің қамқоры,
Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына».



«Еңбекте, майданда жеткізген жеңіске,

Даныштан партия – сүйікті кемеңгер», – деген сияқты бос мақтан, лепірме, елұран табиғатына жат жарамсақтық, құлдық ұрушылық сарынға құрылды. Мұндай жарамсақ жыр бұрынғы Кеңес Одағының құрамына кірген республикалардан басқа ешбір елдің әнұранында бұрын-сондық кездескен емес.

Қазақ КСР-і әнұранының толық мәтіні төмөндегідей:

Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаган,

Бостандық өмір мен ар үшін қиған жсан.

Торлаган тұманнан жол таптай турғанда,

Жарқырап Лениндей күн шығып, атты таң.

Қа ы р м а с ы:

Жасасын Советтер Одағы,

Жеткізген еркіндік, теңдікке,

Бастайтын елдерді бірлікке,

Жеңіске, шаттыққа, ерлікке!

Дақ салмай Лениннің жеңімпаз салтына,

Ұрпағы қосты даңқ Отанның даңқына.

Одақтас, ұрандас елдердің қамқоры,

Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына.

Іргелі мемлекет, ерікті болдық ел,

Достықпен, бірлікпен жайлайды тұган жер.

Еңбекте, майданда жеткізген жеңіске,

Даныштан партия – сүйікті кемеңгер.

Тәуелсіздік мәселесі басқарудың түрін гана емес, рухын да өзгертуде жатыр.

X. Марти



Салыстырып көру үшін КСРО-ның әнұраны мәтінінің қазақшасын да келтіруге болады:

*Азат елдердің мызғымас Одағы
Ұлы орыс еліндегі нұр алып, шыңдалған.
Жаса, біртұтас Советтер Одағы
Халықтар еркімен мәңгіге құралған!*

*Ка и р ма с ы:
Дауірле, дарқан ел – ерікті Ұлы Отан,
Шын достықтың сенімді тіреғі!
Лениндік партия – халықтар қуаты,
Коммунизмге жол бастай береді.*

*Шықты нұрлы күн көк дауыл ішінен,
Ленин – даныштан нұсқады жарқын жол.
Бастап біздерді әділет ісіне
Еңбек пен ерлікке құлышынты халқын ол!*

*Өшпес мәңгілік коммунизм нұрынан,
Елдің ертеңін біз айқын көреміз,
Даңқты Отанның алқызыл туына,
Айнымас адамыз, әрқашан сенеміз!*

Республика тулары мен елтаңбаларында кездесетін шамалы ауытқулар (өзгешеліктер деудің өзі қыын) да ортақ талаптарға сәйкес, шағын бояулы жолақтар немесе жергілікті экономикалық немесе географиялық жағдайға үйлес детальдар болып келеді.

Мұның бәрі күні кешелердегі өткеніміздің шын болмысына сайжәне сол біртұтас мемлекеттік құрылыштың империялық озбыр табиғатынан туған ақиқат. Орталық өз вассалдарына әмірін жүргізді.

Қазақстан рәмістануындағы кеңе стік кезеңін сипаттайтын жайлар, міне, осындаі. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті (БОАК – ВЦИК) мен РКФСР (РСФСР) Халық Комиссарлар Кенесінің (ХКК – СНК) 1920 жылғы 26 тамыздағы декретіне сәйкес Ресей (РКФСР) құрамында Қазақ АССР-і құрылғаны белгілі. Жаңа республика реєсми





Қазақ КСР-нің туы



Қазақ КСР-нің елтаңбасы

Рәміздері ретінде РКФСР Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасын пайдаланды. Тек республика атына байланысты бас әріптер таңбаланып, «Пролетарий всех стран, соединяйтесь» деген ұран сөздің қазақшасы қосылды. Рәміздердің сипаттамасында да айырмашылық жоқ. «Тудағы қызыл түс біздің еліміздің жұмысшы тобының коммунистік партия басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясындағы женісінің, ал орақ пен балға – жұмысшылар мен шаруалар одағын бейнелейді, бесбұрышты жүлдэз – еңбекшілердің өз күкүлары үшін құресіндегі халықаралық ынтымақтастығының белгісі» дедінген.

1936 жылды 5 желтоқсанда КСРО Конституциясы қабылданған ке зде бірнеше автономиялық республика, оның ішінде ҚазАКСР-ы да бар, одактас республикаға айналды. 1937 жылды 26 наурызда Кенес-тердің Бүкілқазақстандық Төтенше Х съезі Қазақ КСР-нің Конституциясын қабылдады. Оған Республика туы мен елтаңбасы туралы арнайы баптар енгізілді.

*Рух тарихынан басқа тарих жоқ.
С.-Д. Перс*



Басқа одақтас республикалардағыдай, Қазақ КСР-інде де 1936 жылы латын қарыптарымен және орыс тілінде республика аты жазылған орақ-балғалы қызыл жалау көтерілді. Екі жылдан соң, латын қарыптары өшіріліп, тек орысша қарып қалды. Отан соғысынан кейін республика туласына аз-кем өзгеріс енгізілді. Мысалы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1953 жылы 24 қаңтарда бекіткен жаңа жобада шағын көгілдір жолақ пайда болды. Бірақ енгізілген өзгерістің рәміздік мәнін түсіндіретін ешбір ре сми дерек болған жоқ.

Сондықтан да болар, кейін әркім өзінше «Қазақ КСР-інің жалауындағы көгілдір жолақ – күн нұрына малынған ашық аспанның белгісі» деген сияқты жорамалдар жазды. Бір назар аударар жай, әдетте, Мемлекеттік ту деген ұғым КСРО-ның жалауына ғана байланысты айтылатын.

Бидай масақтарымен көмкерілген орақ-балғалы, қызыл жұлдызды елтаңбаның пайда болу тарихы да осы тақылеттес. Онда қазақша жазылып, орыс тіліндегі нұсқаларын қайталаган «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіндер!», «ҚКСР» деген қазақша қарыптардан басқа республика ерекшелігіне мегзейтін тұлдыр жоқ.

1978 жылғы Конституцияда Қазақ КСР-інің туы, елтаңбасы, әнұраны туралы арнайы нормалар заңдастырылды.

Ту көлдененеңін қиояластырылған үш түрлі-түсті жолақтан тұрады, жоғарысында қызыл түс тудың енінің үштен екісін алады; тәменгісінде де қызыл түс тудың енінің тоғыздан екі бөлігін алады; орталарында көгілдір (лазурный) түс тудың енінің тоғыздан бір бөлігін алады. Матаңың жоғары қызыл түсті бөлігінде тутұғырдан бастап есептегендеге тудың енінің төрттен бір бөлігіне тең аралықта алтын орақ пен балға бейнеленген. Олардың үстінде алтынмен жиектелген бесбұрышты қызыл жұлдыз орналасқан. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы 1:2. Елтаңбада қызыл түсті фонда күн арайына бөленип, алтын масақтармен көмкерілген орақ пен балға бейнеленген. Масақтардың суретін орай салынған лента бауларында қазақ және орыс тілдерінде «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіндер!» деген жазу бар. Елтаңбаның жоғарғы жағында бесбұрышты жұлдыз, ал тәменгі жағында – «ҚССР және «КССР» деген таңбалар бар.

Қазақ КСР-інің әнұраны 1944-1945 жылдары жазылды. Бұрын республикада жеке ресми музикалық рәміз жоқ болатын. 1944 жылы 25 ақпанда Қазақстан КП(б) ОК Бюросының қаулысымен «ұлт тіліндегі



мемлекеттің гимн жобасын жасау жөніндегі ұйымдастыру-дайындық жұмыстарымен» шұғылданатын комиссия құрылды. Әнұран жазуға көптеген ақындар, жазушылар мен композиторлар қатысты. Жарияланған байқаудың қорытындысы бойынша 10 сазгерге (Б. Байқадамов, Б.Г. Ерзакович, М.Н. Иванов-Сокольский, С. Кәрімбаев, Қ. Мусин, т.б.), 34 ақын мен жазушыға; (М. Әуезов, С. Бегалин, М. Жансаева, Қ. Жармағанбетов, Т. Жароков, Қ. Жұмалиев, Ф. Малдыбаев, Ф. Орманов, Ж. Саин, Қ. Сатыбалдин. Ж. Сыздықов, А. Тоқмағамбетов, М. Хәкімжанова, Қ. Шаңғытбаев, т.б.) алғыс жарияланды.

Байқауда М. Төлебаев, Е.Г. Брусиловский, Л.Н. Хамиди шығарған әуен мен Қ. Мұхаметханов, Ә. Тәжібаев, Ф. Мұсірепов жазған мәтін (62 жоба ішінен) үздік деп танылды. Бұл екі шығармашылық топта композитор М. Төлебаев пен әдебиеттанушы Қ. Мұхаметханов жетекші рөл атқарды. Әнұран – кеңестік кезеңдегі авторларының аты-жөні белгілі жалғыз ресми рөміз. Одактық үлгілерге сәйкес жасалған ту мен елтаңбаға енгізілген шағын өзгерістердің иесі белгісіз. Тегінде бұл маңызды деп санаулмаған болу керек. Әнұран бекіту жөніндегі республика Жоғарғы Кенесі Тәралқасының жарлығы – 1978 жылғы 20 сәуірде, ал оның ережесі 1985 жылғы 5 маусымда шықты.

Үлттық рәміздердің кеңестік кезеңі келмеске кетті. Бірақ оны жоққа шығаруға болмайды. Ол ресми белгілер – сол дәуірдегі қоғамдық дамудың, мемлекеттіліктің, саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани еркіндіктің деңгейіне сәйкес тиісті тарихи болмыстың көрінісі. Бірнеше ұрпақ өкілдері сол образдардан өздерінің аңсарларын, мак-сат-мұдделерін тауып, тіршілік кешті. Сол образдар олардың салт-са-насына сініп, діліне айналды.

Осылың беріне түсіністікпен қарай отырып, кеңестік дәуір рәміздері енді біздің өткеніміз ғана екенин де терең ұғынып, қабылдаганы-мыз жөн.

Тарихи тамыры тереңде жатқан және халықтың өз рухынан туған рәміздер ғана халықпен бірге жасайды. Мемлекеттік ресми рәміздердің де өз қисынына (логикасына) сәйкес өрілетін, сонымен бірге халықтың тыныс-тіршілігімен өзектес өз тағдыры болады.

Үлттық нышандардың болмыс-бітімін, тарихын айқындастын, ең алдымен, ұлт тағдыры. Ал олар, өз кезегінде, мемлекеттік идеяның қалыптасуына, қоғамдық сана мен өркениет рухына белгілі бір дәре-жеде ықпал етеді.

**ҮМІТІН ЕЛДІҢ АРҚАЛАП,
АРМАННАН ТУҒАН
РӘМІЗДЕР**



Бұл дүниеде біздің бір гана Отанымыз бар.
Ол – Қазақстан.

Н. Назарбаев

Тарих дегеніміз уақыттық ұғым ғана емес. Оның мәні – мазмұндық құрылымы оқиғалық сипатқа ие. Республиканың жаңа мемлекеттік рәміздерін қабылдау – XX ғасырдың сонында Отанымыздың саяси егемендік алу тарихы үшін осы тұрғыда мәні зор оқиға.

Олар мәдениет тіліндегі астарлы ұғымдардың маңызды элементтері ретінде халқымыздың тарихында жаңа кезең басталғандығын жария етіп, рухани төл бастауларға және өзіндік даму жолына берік бетбұрыс жасалғандығын білдіреді.

Мемлекеттік рәміздердің әрқайсы – өзінше бір төлтума туынды. Олар жеке-жеке алғанда әртүрлі мәдени құбылыстардың көрінісі болғанымен, жалпы алғанда сол сан алуандығымен сындарлы біртұтас болмыс-бітімге ие. Оларды жасалу жолдарына қатысты ортақ ұстанымдар мен қызметтеріне қатысты ортақ идея біріктіріп тұр.

Алдымен ортақ ұстанымдар туралы. Олар – үшеу, бәрі де рәмізтанау канондарына толық жауап береді. Бірінші – тарихи ұстаным (принцип), немесе уақыт желісін үзбей, сақтау. Екінші – заманауилік ұстаным немесе рәміздік образдардың Қазақстанның бүгінгі қоғамдық ахуалына, төлтума менталитетіне сәйкестігі. Үшінші – болашақта ашықтық ұстанымы (принцип перспективности). Ал мемлекеттік рәміздердің бәрі бірдей қызмет етуге тиісті ортақ идея болса, ол – Қазақстанда басқа да халықтармен бірге ортақ иғлік үшін демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет құруға берік бел буған қазақ ұлтының мемлекеттік егемендік идеясы. Ол этникалық ұйтқысы



қазақ ұлты болып табылатын туған Отанымыздың көпүлтты тұрғындарының еркіне сәйкес айқындалған және Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы декларация мен Ата занда айқын көрініс тапқан.

Жаңа ресми рәміздер қазақстандықтар үшін қай жағынан алғанда да түсінкті әрі жақын. Олар түрлі жағынан, әлбетте, басым тұрғыда қазақ мәденистінің жемісі, ал мазмұны мен мәні жөнінен келгенде ізгілік, татулық пен бейбітшілік тәрізді жалпы адамзаттық иғіліктерге қызымет етуге бағытталған. Мұның өзі біздің бүгінгі қоғамымыздың төл менталитетімен бірге, оның әлемдік қауымдастықтың құрамдас бір бөлігі екендігі туралы үлкен ой жатқандығын анғартса керек.

Мемлекеттік рәміздер жасауға қатысты ресми ұйымдастыру шаралары қолға алынғанға шейін баспасөз бетінде қызу пікірталас өрбігені белгілі. Бұл ретте, әсіресе, республикалық «Ана тілі» апталығы (редакторы Ж. Бейсенбайұлы) айрықша белсенділік танытты. Пікірталасқа қатысушы мәдениеттанушылар, суретшілер, тарихшылар, жазушылар мен журналистер, қалың оқырман әр алуан тұжырымдама ұсынып, түрлі жобалар жолдады. Өзгеше ой жарысында төл рухани бастауларға, тарихқа, мемлекеттік құрылышқа, дін мен ділге таным мен талғамға, еліміздің бүгінгі болмысы мен ертеңгі даму келешегіне қатысты көптеген, тіпті кейде мұлдем керекар, дәлелдер назарға ұсынылды.

Соның бәрі қоғамда тұластай жаңа рәміздердің қажеттілігі туралы саналы ортақ шешімге алып келген факторлардың бірі еді. Жан-жақты ашық пікірталастар болашақ рәміздердің болмыс-бітімі қандай болуы керек деген сұраққа жауап іздестіру тұрғысында да бұқаралық сипаттағы қоғамдық талдаудың (экспертиза) маңызды баспалдағы болды.


Ту және елтаңба жобаларын іріктеу жөніндегі парламенттік комиссияны ҚР Ұлттық Ғылым академиясының мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор С.З. Зиманов, ал әнұран жобасын іріктеу жөніндегі парламенттік комиссияны – Қазақстанның халық жазушысы Ә. Нұрпейісов басқарды. Әнұран әуеніне қатысты жобаларды саралау кезінде Абай атындағы Опера және балет театры және







Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде
Мемлекеттік ту мен Мемлекеттік елтаңба жобаларын талқылау.
Алматы, 1992 жылғы 4 маусым



*Тұңғыш Президент
Н.Ә. Назарбаев пен
КР Жоғарғы кеңесінің
төрағасы (1991-1994 жж.)
С. Әбділғұлиннің
Мемлекеттік туды
көтеріп тұрган сәті*



*Тудың авторы
Ш. Ниязбеков пен
Елтаңба авторларының бірі
Ж. Мәлібеков*



Мемлекеттік тұдың авторы Ш. Ниязбеков пен Н. Ә. Назарбаев



Қазақстан Республикасы Парламентінде жаңа әнұран жобасын
тақылау сөті. Астана (2006 жыл, 6 қаңтар)



Ескерткіш сурет. Автор тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік
рәміздерінің авторларымен (1992 ж.)

Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрінің сүйемелдеуі пайдаланылады. Музыкалық тандаулар филармония залында Б. Ерзакович, Ф. Жұбанова, Н. Тілендиев, Б. Жұманиязов, А. Молодов, Е. Раҳмадиев, Б. Қарағұлов сияқты белгілі композиторлар мен музыка мамандарының катысуымен өткізілді.

Ресми байқау жабық түрде және бірнеше кезеңмен өткізілді, бір жылдан астам уақытқа созылды. Сөз реті келгенде айта кету керек, Мемлекеттік рәміздерді өзгертуге қатысты мәселе алғаш ресми түрде ел егемендігі жариялана салынысымен-ақ, 1990 жылы көтерілген еді. Жоғарғы Кенес Төралқасы әнұранның бұрынғы музыкасын қалдыру жөнінде шешім қабылданап, мәтінін қайта жазу мақсатында байқау жариялау үшін арнаулы комиссия құрды. Бірақ комиссия күніне қырық құбылғандай әсер қалдыратын саяси ахуалдарға байланысты жалтақтық танытып, істі сөзбүйдәға салып жібергені, кейін, тіпті, мүлдем ұмытып кеткені байқалады. 1992 жылы Жоғарғы Кенес Төралқасы қоғамдық пікірлерді ескере отырып, бұл мәселеге қайта оралды және жаңа шешімдер қабылдады. Енді үш рәмізді (ту, елтаңба және әнұранның әні мен сөзін қоса) бірдей тәуелсіздік талаптарына орай қайта мүлдем жаңадан жасау мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Мемлекеттік рәміздер жобаларын жасау жөніндегі байқау шын мәнінде орасан зор қоғамдық сипат алды. Ол тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы халықтың ерекше саяси белсененділігі мен жоғары отаншылдық сезімінің, рухани қанаттанып, түлеуінің жарқын көрінісіне айналды. Жас шамасы да, мамандығы да әртүрлі адамдар, суретшілер мен сәулетшілер, акындар мен сазгерлер, диқандар мен шахтерлер, малышылар мен құрылышшылар, студенттер мен

Біз жалғыз өзіміз тыныш өмір сүре алмайтынымызды сезіндік: біздің жайлы тұрмысымыздың өзімізден алыс жатқан басқа елдерге де байланысты.

Ф. Рузвелт

оқушылар, ғалымдар мен үй шаруасындағы әйелдер өз жүрек қалаударын білдіріп, ұсыныстарын ортага салды. Кейбіреулері өз жобаларын алыстан арнайы өз қолдарымен алғып келіп, тапсырып жатты. Байқауға қатысушылардың жағрафиясы да кең. Қазақстанның бірде-бір өнірі, бірде-бір түкпірі қалыс қалған жоқ. Шетелдегі қандас бауырларымыз бен бұрынғы отандастарымыз арасынан хат жолдан, тілек білдіргендер де болды.

Қазақстандықтарды бұл жолы бір мақсатқа жұмылдырған – ортақ Отанға деген сүйіспеншілік пен өз тағдырын тығыз байланыстырған тәуелсіз елдің ресми рәміздерін жасау ісіне атсалысуға деген құштарлық. Қоғамның барлық саласын қамтыған энтузиазм отандастарымыз үшін киелі біріктіруші рәміздердің қаншалықты маңызды екендігін айқын көрсетіп берді.

Ресми рәміздер туралы негізгі шешімді ел атынан және болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып, парламенттің қабылдағанының да мәні бар. Халық сайлаған қалаулылар өз ойындағыларын бүкпесіз білдіріп, өз пікірлері мен көзқарастарын батыл қорғай отырып, ортақ саяси нышандардың шын мәнінде бүкіл қоғамның өзара келісімге негізделген қалауына айналуына айтарлықтай үлес қосты. Депутаттардың үштен бірінен астамы тіке-лей сөзсайысқа шыққан парламенттік талқылаудың мазмұнын сол тұста қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси ахуалдың айнасы десе де болады.

Парламенттік талқылауға Президенттің қатысуы және оны бағыттап отыруы қабылданған шешімдерге шешуші ықпал жасағаны сөзсіз. Ол халық тағдырын өзіне сеніп тапсырған жаңа мемлекетті құрудың негізгі ұсыныстары мен идеяларын басшылыққа алу мен қоғамды топтастыруши әсердің алтын арқауға айналуы қаншалықты маңызды екендігін ашық білдірді. Нәтижесінде ең төзім тозды-ау деген тұстардың өзінде ақыл мен парасат салтанат құрғанын көрдік.



1992 жылдың 4 маусымы мемлекеттік рәміздеріміздің туған күні ғана емес, мемлекеттік идеяның ең басты принциптерінің бірі – қоғамдағы келісім мен сенімді сақтай отырып, прогрессе қол жеткізу идеясының өміршешендігін тағы бір дәлелдеген күн болды. 6 маусым күні тәуелсіздік рәміздері туралы тұңғыш зандар ресми күшіне енді. Сейтіп, төл мемлекеттік рәміздер жүйесін қалыптастыру мен дамыту процесінің негізі қаланды.

Еліміздің жаңа ресми рәміздері ізгілік, өзара ынтымак пен келісім тәрізді аса маңызды жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген. Олардың өнбойында өрнектелген образдарда казақ елінің мемлекеттік егемендігі мен тәуелсіздігі идеялары анық та айышықты қөрініс тапқан. Мемлекеттік рәміздердің ортақ образдық өзегі – өзін-өзі жетілдіру және даму рухы, негізгі мағыналық қазынасы – әрқайсымыздың және баршамыздың ортақ қүш-жігерімізді Отан данқын арттыруға, оның ерікті елдің еркін азаматтарының өмірі мен бақыты үшін гүлдене беруіне жұмсауға шақыру.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) тутұғырында желбіреген қыран қанатты қекшулан туымыз әлемге осылай деп жар салады. Басқа мемлекеттік рәміздеріміз де, ең алдымен, осындай ойларға шақыратын ресми төлкүжаттар.

Көкірегі ояу жандарға Мемлекеттік ту мен Мемлекеттік елтаңбаның әр деталі, Мемлекеттік әнұранның әрбір саздық иірімі мен әр жолы өзінше сыр шертеді. Олар туралы көбірек және тереңірек біле түсken сайын, мәні мен мағынасын да кеңірек әрі нақтырақ ұға түсесін.

Ал мұның өзі – мемлекеттік мәні бар, мемлекет үшін де маңызды мәселе. Өйткені, мемлекеттің тағдыры оның азаматтарының тілегі мен саналы іс-қимылына, олардың шынайы отаншылдық сезіміне де байланысты екені ақиқат.



САФАТЫ СОҚҚАН СӘТ

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің

БҮЙІРГЕСІ

№ 89

1992 жылғы 5 маусым

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа символдарын – ту, елтаңба және гимн қабылдаған құрметтіне орай

БҰЙЫРАМЫН:

1992 жылғы 6 маусымда Президент Резиденциясының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Үйінің төбелерінде Мемлекеттік ту көтерілген кезде Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласында 21 дүркін зенбіректен оқ атып, салют берілсін және 22.00-де – мерекелік отشاшу атылсын.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі
генерал-полковник С. НУРМАҒАМБЕТОВ



1992 жылдың 4 маусымы – ел тарихындағы ерекше мәртебелі күн. Бұл күні тағы да елдігіміз сынға түсті. Ертеңіміз үшін жан беріп, жан алысқан парламенттік дода қызу шайқасқа айналды. Интеллектуалдық сайыс 6 сағатқа созылды. 60-тан астам депутат сөз сөйлемеді. Сан қылы пікір, сан сала сөздің сарасынан таймай, көкейдегіні көшпілік қолдайтын сәтке жеткізу үшін нағыз азаматтық белсенділік, терең білімділік пен тайсалмайтын күрескерлік керек еді. Тәуба, соның бәрі табылды.

С. Зиманов, С. Сартаев, Ж. Әбділдин, Ә. Кекілбаев, М. Қозыбаев, Ә. Әлімжанов, Б. Қыдырбекұлы, Ш. Мұртаза, К. Смайылов және Ж. Қалиев сынды зерделі ой, жүйелі сөз көкейлеріне қонған замандастарымыз жасында жарқылдағанының күесі болдық. Ой-додаға А. Козлов, П. Атрушкевич, В. Чернышев, В. Гуляев секілді отандастарымыз да белсене қатысты.

Жаңа рәміздер екі күннен соң, 6 маусымда, Абай атындағы опера және балет театрының ғимаратында салтанатты түрде жер-жаһанға жария етілді.

Жаңа рәміздер қабылдау біздің елдік нышандарымыздың сонау ықылым замандар қойнауынан бастау алатын ұзақ тарихының тамаша тәжіне айналды. Бодандық саясаттың реєсми идеологиясы бұл тарихты есте сақтап, танып-білуді жаңаны мансұқ етіп, ескіні көксу деп үркітті. Республиканың төл мемлекеттік рәміздерін қалыптастыруға мүмкіндік берген жоқ.

Қадамы бөлек өмірдің –
 Айнасы ол откен, ертеңнің.
 Жұмбақтар жайлы айтыңдар,
 Жүрнагы әлі жоқ жерде...
 Түқымы, тамыры болған соң.
 У. Шекспир



Eрбол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

«Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздерін қабылдау қазақтар үшін және республикада тұратын барлық ұлттардың өкілдері үшін таптық, тоталитарлық қоғамның ескі іріп-шіріген белгілерін жай жаңарту ғана емес, – деген болатын егемен ел рәміздерінің тұсаукесер салтанатында Президент Н.Ә. Назарбаев, – бұл – республиканың демократиялық және құқықтық мемлекет құруға, жеке адам еркіндігіне, этникалық тұрғыдан әр текті халқымыздың бірлігін сактау принциптеріне негізделген жаңа қоғам құруға берік бетбұрыс жасағандығымыздың белгісі».

Тұнғыш Президент бұл сөзді замандастарына арнады. Бірақ ол біздің қоғамымызда XXI ғасыр қарсанында жүзеге асқан тәуелсіздік рәміздерін қабылдау оқиғасының тарихи маңызын келешек ұрпактар терең сезінуі үшін де қызмет етері анық. Ақиқаттан асқан қуәлік жоқ.

Қазақстанның ресми рәміздерінің жаңа жүйесінің негізі осылай қаланды. Егемен еліміздің жаңа рәміздік өмірбаянының – төл елдік белгілерінің қалыптасу жолының басы осылай басталды.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТИК ТУЫ**





**ШӘКЕН ОҢЛАСЫНҰЛЫ НИЯЗБЕКОВ
(1938-2014)**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұының авторы, Қазақстанға еңбекі сіңген өнер қайраткері. Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі.

1938 жылды 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келді. В.И. Мухина атындағы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) жосагары көркемөнер өнеркәсіп училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі болған.

Негізгі шығармашылық жұмыстары: Тараз қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы кинотеатрдың кешенінді дизайны (1979, А. Симоновпен, В. Кузьминмен бірге), «Волоколам багытында. Генерал-майор И. Панфилов пен қолбасы Б. Момышұлы ескерткіші (1985)», «Көбік шашқан», «Кісен ашқан», «Шоқан Уәлиханов», «Мұхтар Әуезов», «Сырым Датов», «Жамбыл», «Ана болу бақыты», т.б. көркем полотнолар. Алматы қаласы елтаңбасының авторы.

Чехословакияда откен Халықаралық байқаудың алтын медалін (1961) және Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербургте) откен плақаттар байқауының бірінші жүлдесін (1982) жеңіп алған.



Ресми бекітілген анықтамаға сәйкес: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2».

Алдымен терминдердің айқындалуын белгілеу үшін көзделім. Түркі тектес халықтар арасында кең тараған «ту» сөзі сонау VI ғ. бері белгілі. Мағыналық езгеріске ұшырамаған. Онымен қатар қолданылып жүрген «жалау» деген сөз де ертеден белгілі.

Осы орайда С.И. Ожеговтің белгілі «Орыс тілінің сөздігі» жинағында айқын анықтамалар кездестіруге болады. Онда: «Ту дегеніміз ағаш сапқа байланған белгілі бір түскे боялған жалпақ мата, белгілі бір ұйымға, мемлекетке тән немесе тән етіп белгілеп берілген болуы мүмкін», – деп көрсетілген. Ал «жалау дегеніміз – ағаш сапқа немесе жіпке тартылған эмблемасы бар түсті мата». Әлемдегі беделді анықтамалық басылымдардың бірі саналатын Мерриам-Уэбстер (*ағ.* Merriam-Webster) сөздігінде де жалауга «әдетте тік бұрышты болып келетін бір түсті немесе түрлі-түсті, ұлттың, оның бірлігінің символы ретінде пайдаланылатын мата бөлшегі» деген анықтама берілген. Көне түркі сөздіктерінде байрақ сөзі орыстың «боевой стяг» деген терминімен түрғылас мәнге ие.

Қазақ тіліндегі жаңа рәміздік терминдер жүйесінде «ту» сөзі «жалауға» қарағанда белсененді қолданылатын болды. Кеңестік дәуірдегі

Отан – жаратылышпен, қанмен, табиғатпен, жермен байланысын жан-тәніңмен сезіп тұратын қогамдық және рухани біртұтас болмыс. Отан құрамы адам болмысының құрамымен бірдей: рух пен тәннен тұрады.

Г. Гачев



«Мемлекеттік жалау» ұғымы қазір «Мемлекеттік ту» деген терминге ауыстырылып, қолданылып жүр.

Ой желісін ұзбей, қозғай кетер болсақ, рәміз де – жаңа термин. Ол мемлекеттің ресми белгілерін білдіретін термин ретінде орнығып келеді. Ал «нышан» сөзінің жалпылық сипаты басым. «Атрибут» терминінің қазақы баламасы әлі дәл табыла қоймағандай. «Знакты» белгі сөзімен беру бұрыннан бар.

Көнеден қалыптасқан рәміздік дәстүрі бойынша тудың негізгі белгісі оның реңі болып саналады. Бұл ретте М.В. Коломбъер, М. Варенн, Ансельм (Règne Anselme) сияқты тутанушылардың еңбектерінен көп деректер табуға болады. Олар әр бояуга өзінше мән берген. Орта ғасырда Х. Урстис, Кнакониус, И. Зибмахер, Г. Спильман сияқты ғалымдардың жазбалары негізінде жасалған бірқатар кестелер кең пайдаланылған.

Рәміздік реңді де табигат айқындаиды. Мысалы, экватордагы Африка халықтары үшін жақсылықты, аңсармұратты, ақиқатты – ақ, жамандық, қарабайырық, жалғандықты – қара түспен беретін үнді-арий дәстүрлерін қабылдау қыын. Сондықтан «қаны қарайған қаскайлік» деген тіркес оларға «жақсы жамандық» дегендей, ал Отеллоның «Мен – қарамын» деген трагедиялық жан айқайы, өзін-өзі мақтаган асқақ сөздей жер етеді.

Г. Гачев

Ұлттың бейнелейтін рәміз ретінде оның туының бояуын пайдаланса жетіп жатыр.


Ж. Сегела




Елтаным




Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының
сызба бейнесі



Бет жағы



Сырт жағы



A – ені

$$d_1 = A : 2.22$$

$$B = A : 5$$

$$L_1 = A : 1.96$$

Б – ұзындығы

$$d_2 = A : 3$$

$$B_1 = B : 2$$

$$L_2 = A : 28.6$$

A : B = 1 : 2

$$d_3 = A : 3.2$$

$$E = A : 18$$

$$L_3 = A : 80$$

$\Gamma_1, \Gamma_2 = A : 8,3$

$$d_4 = A : 50$$


$$N = A : 1.54$$

$$L_4 = A : 44.4$$



Ең көп таралған пайымдаулар бойынша, қызыл түс ерлік таныту, құрес, қауіп төндіру, бас көтеру және шу шығару деген ұғымдарды береді. Ал ақ түс – бейбіт ниет, жауға қарсыласпай берілу, қара түс – қайғыру, жоқтау және қарсылық білдіру белгісі деп саналады. Тұстертін діни магыналары да бар. Ақ түсті – христиандар, жасылды – мұсылмандар, сарғыш қызылды буддаға табынушылар қасиет тұтады.

Әр халықтың, әрбір ұлттың жаңына жақын, айрықша қастерлейтін өз бояуы, өз рені болады. Осыған орай ұлттық бояу, ұлттық рен деген ұғым қалыптасқан. Оның терең танымдық мәні, қолдану үрдісі және әріден бастау алатын төл тарихы бар. Әдетте, ұлттық өнер туындыларында, ою-өрнектерде, киім-кешектерде, тұрмыстық заттарда жиі қолданылады. Ұлттық бояу сол халықтың табиғи болмыс-бітімі мен мінез-құлқынан да хабар беріп тұрады деп есептеледі. Мысалы, Испания туларындағы өрекпіген қызыл-сары бояулар испан халқының қызу қанды мінезіне үйлесер болса, Финляндия туларындағы ақшыл, көгілдір түс фин халқының бойындағы салқынқандылық пен сабырлылықты сездіретін көрінеді. Халықтың ұлттық сана-сезімінің оянуы мен өсуі ұлттық бояуга деген ынта-ықыласты арттыра түседі.



6.07.92?

*Мемлекеттік ту түсінің (бояуының)
автор Ш.О. Ниязбеков қол қойған үлгісі*

Табиғи құбылыстардың да өз тұстери бар деп есептеледі. Қызыл – оттың, жылу мен қанның, жасыл – шөптің, өсімдіктің, қара – жердің, сұрықтың, қаранғылықтың, ақ – судың белгісі болып саналса, зенгір көк – аспанның, ауа мен құрлықтың нышаны саналады.



Мемлекеттік туымызың аспан текті зенгір көк түсті болуы кездейсоқ емес. Әйгілі Аңсельм кестесі бойынша ол – адалдықтың, кіршікіз тазалық пен пәктіктің нышаны. Көк тұс ынтымақ пен бірлік идеясын анғартады, бейбітшілік, тұрақтылық пен береке-байлық белгісі болып саналатын ашық аспанға мегзейді.

Аспанкөк тұс – қазақтың ұлттық бояуының реңі. Ұлттың менталиитеті, танымы, мәдениеті мен бұл тұске деген айрықша ілтипаты осы ойға жетелейді.

Табиғат – көшпелілердің өмір сүру ортасы ғана емес, бүкіл тіршілігінің ажырамас бөлігі. Табиғаттың төл баласы қазақ та айналасының бәріне көгілдір арман көз эйнегімен қарайтындаидай. Ашық аспан, көк тіреген биік таулар, мәлдір сулар, кекжиекпен астасқан көкмайса қырлар – бәрі де бір ғана ғажайып тәнірлік тұс зенгір көк реңмен жан баурайды. Тіпті, кейде жасыл түстін өзі көктей көрінеді. Жасыл шөп деудін орнына көк шөп дейміз. Құс төресі ару аққудың өзінің көгілдірін іздейміз. Тегін бе? Әрине, жоқ. Жан жылуы, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы ашықтық пен адалдық, жақсылыққа сену тәрізді ұлттың менталитетін құрайтын қасиеттер де аспан көк тұске байланысты образдар бойына қапысыз сінірліген.

Қазақ тілінде «көгеру», «көк шықты», «көкке ауыз ілікті», «көсесін көгергір», «көкке шырқау», «көк тіреу» деген тәрізді көп ұялас сөздер мен сөз тіркестері бар. Соның бәрі, сайып келгенде, өмір сүру, жаңарып-жасару, мұратқа жету деген ұғымдармен төркіндес. Табиғат оянып, тіршілік біткенге жан бітептін жыл мезгілі де «көктем» деп аталады.

Зенгір көк түстін ұғым ретінде ауқымы кең, халықтың таным-түйсігінде айрықша орын алғатынын әртүрлі жер-су атауларынан да

*Сенің өмір торыңа табиғат түсін қалыпты,
Көлеңкең – ағаш, жалаңаштан аспан-омырауын.
Құм болып сарнап, жел болып желтіп ойнаіды,
Айтқаныңың бәрі артыңан дем алып жатыр ентігін.*

П. Элюар





байқауға болады. Тұған жеріміздің ең бір шырайлы, сұлу өнірінің аты «Көкшетау» болса, ең үлкен көліміз Балқашты бұрын «Көкше теніз» деген.

Тіпті қарғыс біткеннің қатерлісі де «көктей солғыр» болып келеді. VI ғасырдағы «Чу шу» атты Қытай жазбаларының бірінде түркі халқы туралы «олар жыл сонынан жыл келіп, уақыт алмасу жүйесін шөптің көгеруіне қарап бағдарлайды» деген жолдар бар.

«Көксенгір», «Көккесене» атаулары тағы бар. Қай-қайсы да халық жүргегіне етene жақын.

Түркі халқы тарихта «көктің» тәнірлік түс ретінде айрықша саяси-әлеуметтік мөртебе иеленген кезеңді де бастан өткөрген. Мысалы, Түркі қағанатында (VI ғ.) бектер көк шатыр тігіп, көк түсті киім киген. Қағанат жұрты «көк түркілер» атанды. «Аспан түркілері», «тәнірлік түркілер» деген мағынаны білдіреді.

Ата-бабаларымыз көтерген бөрілі байрақ атауы – «Көк асаба». Олар жай бөрі емес, «көк бөріні» кие тұтқан. Аспан түстес асыл ту астында қайырсыз қас дүшпанның қабырғасын қақыратып, кең-байтақ атамекенің әр сүйемін көлденен қөк аттыдан қызығыштай қорыған қайсарлығымен айдай әлемге танылды. Тарихта көшпелілер мәдениеті деген атпен белгілі бітімі бөлек өркениетті орнықтырды.

Ал осынау ісі түркі жұртының кіндік мекені, отаны – өзіміздің Қазақ елі. Ғалымдардың пайымдауынша, қазақ халқы – түркілерге тән қасиеттерді бойына ең көп сініріп, сактап қалған халық. Бұл ерекшелік тілімізден айқын сезіледі. Қазіргі Еуропа түркілері, оның ішінде Түркиядылар да, қазақ жерін өздерінің төркіні, баба жұрты санаپ, арнайы келіп, топырағын сүйіп қайтуды армандаиды. Бұл туралы тәуелсіз мемлекетімізге тұңғыш келген сапарында Түркия Президенті Тұрғыт Өзал да ағынан жарылғаны есімізде.

Әмір Темір көрегенниң аспан көк туы гасырдан астам желбіреді. Рәміздің ортасында даңқты қолбасшының жеке мөрінің сурапті бар. Көк түркі қагандығының (552-743 жж.), Хазар қагандығының (651-983 жж.), Ұлы селжүқ қагандығының (1040-1157 жж.) тұлары да көк түсті болған.



Дәстүрлі діни наным-сенім тұрғысынан алғанда, көк тұс – тәнірлік тұс. Ерте замандарда тотемдік мәні болған. Тәнірлер мекені деп есептеген аспан аясын беретін ұғым тілімізде «көк» деген сөз болуы кездейсөк емес. Сол сияқты, әйгілі «Оғыз-наме» жырындағы Ай-қаған атты анадан туған гажап бір көркем ұлдың келбеті:

Сол баланың жүзі көгілдір,

Аузы оттай қызыл еді,

Көзі – алқызыл, шашы, қасы

Қан-қара болатын, – деп суреттелуінде де мән жатыр.

Мұндағы «көгілдір» жайғана бояу түсін бермейді. Айрықша мағынаға ие болып тұр. Сол жырда қызы сулулығы да былай жырланады:

Көзі оның аспаннан да мөлдір көк,

Шашы оның толқынындаи өзеннің.

Тістері оның бейне маржан секілді...

«Аспаннан бір көк нұр түсті», «Көк жалды арлан қасқыр», «Көк бөрі» деген тіркестердегі «көк» сөзінің тотемдік мәні бар.

«Көк» сөзі қазақ тіліндеға емес, бұкіл түркі текtes тілдердегі басты лингвистикалық бірліктердің біріне жатады. Ол өте көне және әлі күнге өзінің ең байырғы, аспанды Тәнірінің мекені дел кие тұтқан тотемдік мәнін жоғалтқан жок. Қазақ тілінде аспан ұғымын «көк» деген сөз де береді.



Солярлық белгі.

Қожа Ахмет Йасауи кесенесі

Аспан көк түсті тулар мен байрақтарды (көк асаба) тарихтың түрлі кезеңдерінде Түркі қағандығы (552-630, 682-743 жж.), Хазар қағандығы (651-983 жж.), Ұлы Селжүк қағандығы (1040-1157 жж.), Ақсақ Темір мемлекеті (1368-1501 жж.), Қазақ Ордасының кейбір хандары мен батырлары көтеріп шыққан. Шағын көгілдір жолақ Қазақ КСР жалауында да бар болатын.

Далалық ел билеушілер мен батырлар әр түсті тулар көтергені





ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ЕЛДЕР ТУЛАРЫ



Ұлы *Fүн* қагандығы
(б.з.д. 216–204)



Батыс *Fүн*
қагандығы
(48–216)



Шығыс *Fүн*
қагандығы
(375–454)



Ақ *Fүн* қагандығы
(420–562)



Көктүркілер
қагандығы
(552–743)



Авар қагандығы
(565–803)



Хазар қагандығы
(651–983)



Үйгыр мемлекеті
(744–1355)



Қарахандар
мемлекеті
(940–1040)



Ғазнауи мемлекеті
(963–1183)



Селжүқ қагандығы
(1040–1157)



Хорезм мемлекеті
(1157–1231)



Алтын Орда
мемлекеті
(1236–1502)



Ақсақ Темір
мемлекеті
(1368–1501)



Ұлы Могол
империясы
(1526–1858)



белгілі. Олардың арасында ақ тулар да, көк (кейде жасыл дәп атаған) тулар да, қызыл тулар да, тіпті, солардың үш түрлі бояуларының қосындысынан құралған шұбар ала тулар да болған.

Казак өмірінің көркем әнциклопедиясына айналған «Абай» романында Бөжейді дүниеден аттандыру кезінде осы салт қалай қолданылғаны егжей-тегжейлі суреттелген. Бөжейдің денесін өз үйінен шығарып, қаралы отау ретінде арнайы алдырылған сегіз қанатты ақ үйге енгізген соң, он жақ белдеуге қара тігіледі.

«Бұл жұмыс өліктің артын құтудің бір серті еді, – дәп жазады М. Әуезов. – Қара дегені – ұзын наизаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өзді-өзі тұқымының туларын тігер еді. Ақ тулы, көк тулы, ала тулы деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі осындайда көрінетін. Ал қарадан кісі өлсе, тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Сүйіндік жас кісі өлсе туы қызыл болатынын, көрі өлсе ақ болатынын айтып келді де: «Бөжейдей орта жасты кісінің қаралы туы – бір жағы ақ, бір жағы қызыл болу керек» дегенді айтқан».

Араб, парсы, түркі және қытай жазбаларына сүйене отырып, тарихи желі түзген Құрбанғали Халидулұлының әйгілі «Тауарих хамса-сында» төрелерді қызыл тулы, көк тулы, ала тулы дәп бөледі.

Алғаш қызыл ту ұстаган Орыс хан болған. Ақ ту негізінен Шағатай әулетінен тараған билеушілердің еншісінде саналады. Көк түмен дараланған – Үгедей ұрпақтары.

Күйік (Гуюк) ханды таққа отырғызу салтанатының күесі болған Плано-Карпини: «Алғашқы күні – империяның батыс (қыпшак) бөлігінің ала туы, екінші күні – шығыс бөлігінің (Қытай) қызыл туы, ал орталық (Монголия) үшін – қара көк ту тігілді» дәп жазады.

Бірақ бұл орайда қатып қалған дәстүр болмаған. Мысалы, қызыл тулы дәп есептелеғін Орыс ханының ұрпақтарының бірі Оннан батыр

*Адамдар нышандар арқылы тілдің мүмкіндігі жетпейтін
әлденелерді бір-біріне хабарлау жолдарын іздең.*

Мэнли П. Холл





өзінше дербес ақ ту қөтерген. Содан барып ақ тулы төрелер қайда жүрсө де Оннан тұқымы саналған. Барақ төре де ақ тулы. Көк ту ұстаган Болат хан да – Орыс хан ұрпақтарынан.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының бір түсті болуы кездейсок емес. Ол – еліміздің мемлекеттік бір тұтастығы идеясының көрінісі.

«Көк» сөзі көне түркі тілінде шығыс деген жағрапиялық ұғымды білдіреді. (Солтүстік – қара, оңтүстік – ақ, батыс – сары немесе қызыл арқылы өрнектеледі). Бұл ретте Мемлекеттік тудың түсінен белгілі бір нақты ақпарат та алуға болады. Ол геральтика тілінде Қазақстанның жер шарының күн шығысында орналасқандығына, тамыры тереңде жатқан Шығыс мәдениетінің өкілі екендігіне мегзейді.

Байрақ бетіне әртүрлі нышандардың суретін салу – бұрыннан бар үрдіс. Тұмызыдағы нұр шұғылалы алтын күн бейнесі, қыран көніл халқымыздың асыл арманын арқалаған дала бүркіті мен рухани болмысымыздың жарқын бір көрінісі болып табылатын ұлттық өрнек – сондай айтары мол астарлы айшықтар. Олармен бірге халқымыздың тарихи зердесі де қайта оянғандай.

Күн образы – байлық пен берекенің белгісі. Оның графикалық бейнеленуі (шенбер) өміршешендік нышаны деп саналады.



«Күнбейнелі құдайлар» (Таңбалы тас) ер адам шапанының жон арқасында – солярлық белгі

Қазақстан аумағында сонау сақ-скиф (б.з.д. VII-IV ғғ.) дәүірлерінде салынған күн және күн сәулелері бейнеленген тас жазулар (петро-глифтер) табылған тарихи жерлер аз емес.

Ғаламдық тіршілік көзі – Күнге табыну алдымен Шығыста дүниеге келген. Көне азыз-әпсаналарда күн мен айға қатысты желілер жиі кездеседі. Күн – көшпелілер өркениетіне тән дүниетанымның темір-қазығы іспеттес.

Адам – өзі бір әлем. Қоршаган табиғат – оның тіршілік ұясы. VII ғасырда дүниеге келген көне жазба ескерткіштерінің бірі «Күлтегін» (улken жазу) жырында:

*Биіктек көк тәнірі,
Төменде қара жер жарапланда,
Екеуінің арасында адам баласы жараплан.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Естемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жүртyn
Қалыптастырған, иелік еткен, – деген жолдар бар.*

Көшпелілер ғарышы көк аспан мен қара жер арасындағы бүкіл тіршілікті қамтиды. Көк аспанның өзі тәнірі текtes болса, аспандары ең айқын белгілер – күн, ай, жұлдыздар сол көк тәнірі бойындағы киелі шамшырактар. Бәрі де қасиетті оттан жарапған. Сондықтан да келін түскенде, отқа май құю, бесікті отпен аластау, елге келген елшіні, жауға аттанар батырды алас отының арасынан өткізу, от шашпау, жер ошақ аттамау сияқты наным-сенімдер киелі саналады. Су да киелі. Ауырған адам сумен ұшықталады. Су оюына, әдетте, киелі көк түс таңдалады.

Күн бейнесі – мемлекеттік туларда жиі кездесетін нышан. Олардың ішіндегі ең атақтысы – Жапонияның «Күн дөңгелегі». Рәміз – елдің «Нихон Коку» – «Күншығыс елі» деген атының нышандық белгісі. Тайвань туында – ақ күн, Филиппин туында – сөзіз сәулелі күн, Уругвай туында – адамның бет-бейнесіне үқсас «Мамыр күні» суреттері бар.



Жаратылғаннан табиғат тілін терен ұғынып, оның төл тумасына, одактасына айналған, одан өмірлік күш алып үйренген көшпелі айналасындағы әлеммен айрықша қарым-қатынас жасайды. Ол үшін бара-бара Күн табыну объектісінен гөрі тіршілік ету барысындағы әріптес тылсым күшке көбірек ұқсайды. Одан рақым күтеді. Күн нұры жердегі тіршіліктің көктеп, гүлдеуіне тікелей әсер етеді. Оның адам баласының дүниесінің максат-мұддесінің орындалуына да игі ықпалы бар. Сондықтан «Көгімде күнім сөнбесін!» деп тілейді көшпелі.

Күн – көшпелінің ен ұлы ұстазы да. Ол езінің өмір сүру сипатын, тіршілік тынысын соған қарап үйлестіреді. «Мәңгілік қозғалыста болу!». Міне, оның Күннен үйрене жүріп, көнілге түйген басты тағылымы осы. Бар өмір салтын соған бағындырып, тіршілік кешеді.

Көгілдір аспан аясында мәңгілік сапар шеккен ұлы Күн бейнесі – көшпелі үшін нағыз өмір символы. Сондықтан да ол жерде езі жасаған өнер тілінде Күн құрсаулы шенбермен мәңгілік тіршілікті бейнелейді.

Б.з.д. VII–IV ғасырларда тасқа қашалған суреттерде бастары жанжагына сәуле шашқан күн бейнелі мұсіндер жиі кездеседі. Ондай суреттер Сібір мен Алтайдан бастап Орта Азияға дейін табылған жазба ескерткіштердің қай-қайсында да бар. Көне қытай иероглифіндегі аспан атауын білдіретін қарыптың суреті де дөңгелек. Ол – баянды бақыттың, бірліктің, дамып-жетілудің белгісі.

Адам мәңгілік емес. Оның жер бетіне келіп-кетуі де өлшеулі. Өлшем – уақыт. Көшпелі үшін ол да күннің қозғалысымен байланысты. Күннің шығуы мен батуының арасы бір өлшем. Ол сан мәрте қайталаған отырып, апталар мен айларға, жылдар мен ғасырларға айналады. «Талтұс», «Сәске», «Ымырт»,

«Күн арқан бойы көтерілгенде», «Күнбұрын», «Күнұзак» деген сияқты толып жатқан өлшем ұғымдары тағы бар. Әйтеуір, бүкіл уақыт атты ұғымның негізінде күн қозғалысын сарсыла бақылаудың



табы жатыр. Басқасын былай қойғанда, адам баласының еңбақытты шағы – «күні туды», дүниеден өтуі – «күні бітті» деген ұғымдармен беріледі.

Көшпелі дуниенің төрт бұрышын да күн қозғалысына қарап бағдарлайды. Күн ұясынан көтерілер тұс – Күншығыс, қонар жағы – Күнбатыс. Тура Күншығысқа қарап тұрып, екі қолын екі жаққа созады да, Оңтүстігі мен Солтүстігін айқындайды.

Осының бәрін біле тұра туымызға күн бейнесі қайдан келген деу артық болар еді, әрине. Оның үстіне әлемдік рәміздік жүйеде Күн исі шығыс елдерінің төл белгісі болып саналатыны тағы бар. Геральтика заңы бойынша, күн бейнесі байлық пен берекенің нышаны болып есептеледі.



Табиғаттың төл баласына айналған көшпелілер ұрпағы үшін қанатты қыран – дала бүркітінің де орны бөлек. Та-рихшы Рашид-ад-диннің күәлік етуіне қарағанда, Оғыз хан ұлыс үлестірген кезде үлесіне ұшы-қыры жоқ киелі кең дала тиғен үшінші ұлына елт аңба ретінде қанатты қыран бейнесін ұсынған екен. Нышандық мәніне келер болсақ, бүркіт бейнесі өкімет билігін паш етіп, көрегендік пен кеңдікті білдіреді. Далалықтар үшін ол еркіндік белгісі, биік армандарға қол созу, жер бетіндегі тіршілік көші ұмтылған алыс армандарға қиялап қанат қағу нышаны. Сонымен бірге жолына кесе-көлденең тұрып, аяқтан шалғысы келетіндерді топшысымен

Қыран бүркіт – мемлекеттік рәміздерде аса жиі кездесетін рәміздік образ. Батылдық, сенім, жеңіс, асқақтық пен билік белгісіне саналады. Қанатын жайып салған суреті тәжірден шабыт құйылып, рухани қуат беру нышаны болып есептеледі.



қағып, ерен қайрат көрсете алатын құс. Тұымыздағы бүркіт бейнесі тәуелсіздік алып, қанатын қомдаған қазақ елінің әлемдік өркениет бүйгіне талмай ұмтылып, талассыз жетуін тілеген иғі ниеттен туғаны анық.

Қыран бүркіт бейнесінің нышандық мәні әдетте билік, көрегендік пен кеңдік, күш-қайрат ұғымдары арқылы айқындалады. Бұрынғы әлемдік тәжірибеде рәміздерде бүркіт бейнесін бедерлеу кезінде оның сұзы мен айбынын, жыртқыштық белгілерін ерек танытуға ұмтылыс басым болатын.

Қазақстан Тұында бұл образ мұлдем жана көркемдік шешім тапты. Біріншіден – бейбіт, салмақты міnez сипаты сезіледі. Екіншіден – ол күн астында тұр. Қанатында Прометей алауын, бақыт нұрын алып келе жатқандай әдемі әсер қалдырады. Үшіншіден – қозғалыс үстінде бейнеленген. Асқақ арман, асыл мақсатқа құлаш ұрып келе жатқандай. Рәміздік тұрғыдан алғанда бақыт пен берекеге, өркениет биіктіріне ұмтылған ел мұратын, халық ансарын анғартады.

Қазакы дүниетанымда қыран құсқа байланысты еркіндік, асқақтық, тәкәппарлық, қайрат-жігер, биік мұрат, кең пейілділік пен жан тазалығы тәрізді ғажайып ұғымдар ойға оралады.

Қазақ тілінде қыран бүркіт лексикасы пайдаланылып жасалған ер адамдардың есімдері (Бүркітбай, Бүркітбек, т.б.) жан сүйінішін білдіретін өзгеше орамдар («Ой, қыраным-ай», «Шіркін, қыранша сілтеді», «Қырандай қиянға қанат қаққан» т.б.) жиі кездеседі. Қыран бейнесі халық ауыз әдебиетінде, аңыздар мен әпсаналарда, ежелгі эпостарда, сурет өнерінде, әnde, ұлттық ойындарда, биде жан-жақты көрініс тапқан. Қанатын керіп қияға серпілген қыран бейнесі ежелгі түркілердің ержүрек қолбасшысы Күлтегін ескерткішінде (732 ж.) де

*Кираган жүртта қалқиган қызыл қызгалдақ,
Суырып алдым саңылауынан сені қоненің.*


А. Теннисон




бар. Бұл жерде ол жай көркемдік құрал ретінде емес, билік нышаны ретінде пайдаланылған.

Мемлекеттік туды даралап тұрған тағы бір белгі – оның сабына таяу тік тартылған ұлттық өрнекті («Қошқар мүйіз») жолақ. Бұл өрнек сонау сак дәүірінен белгілі. Сәulet өнері туындыларында қазір де қолданылады.

Сәuletші Т. Бәсенов Тараз қаласы төңірегіндегі әйгілі Айша бибі кесенесін (XI-XII ғғ.) Қазақстан сәүлет өнерінің ең негізгі ою-өрнек казыналары жинақталған мұражай деп атаған.



*Айша бибі кесенесі.
XI-XII ғғ.*



Әр алуан ою-өрнек түрлері мен оларды пайдаланып жасалған композициялар Қарғалы қорғанында (б.з.д. II ғ. – б.з. II ғ.) жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған алтын таяқшаларда, Тендіктегі патшазада қорғанынан табылған алтын алқаларда кездеседі.





Ұлттық ою-өрнек – халқымыздың қолданбалы өнерінің ең ұлы жетістіктерінің бірі. Ол – қазақ мәденистінің ең бір төлтума түрі. Мамандардың пікірінше, онда көшпелілердің көркемдік танымы барынша жарқын көрініс тапқан. Бүгінгі күнге дейін жеткен ою-өрнектер талай ұрпақтың ақыл-оый мен шеберлігінің, талай ғасырларға созылған үздіксіз ізденісінің жемісі. Зерттеушілер тарих сонарындағы ертелі-кеш болып жатқан сан алуан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің бұл шеруге тосқауыл бола алмағанын тамсана жазады.

Дәстүр бұзылмаған, Ұлттық ою-өрнектер сонысымен ерекше бағалы. Ұлттық ою-өрнектің қазақ халқының өмірінде алатын орны айрықша. Ол – оның бүкіл тіршілігінің ажырамас серігі. Киіз үйі де, төрдегі кілемі мен тәсектегі көрпесі де, текеметі мен басқұры да, басындағы сәүкелесі мен беліндегі кемер белбейі де, қайырма жаға қамқа тоны мен қыпша бел қынама көйлегі де, биқасап етігі мен күміс қаптырмасы да, алтын алқасы мен асыл жүзігі, басқа да әртүрлі әшекей бұйымдары – бәрі-бәрі сан алуан ою-өрнекпен нақышталған. Қару-жарагы, ер-тұрманы, ат-әбзелінде де, қобызы мен домбырасында да сондай бедер өріліп салынған.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері – халықтың эстетикалық інкөрлігіне сәйкес өзгеше көркемдік танымның бір көрінісі. Айрықша тур, сызықтар мен ырғақтардың үйлесіміне, әр алуан бояулардың таңғажайып турлену сиқырына негізделген аса күрделі құбылыс ретінде олар адамның ішкі жан дүниесін айқара ашады. Ал өнерге тән шарттылық астарында өмірдің өзінен алынған нақтылық көрініс беріп жатады. Ол – көшпелілер әлемінің, дархан дала рухының тынысы.

Қазақ ою-өрнектерінің пішімі мен түр-түсі, бүкіл болмысы халықтың өмірге деген көзқарасын, өршіл рухын, поэтикалық танымын танытады. Өнерге тән шарттылық астарында өмірдің өзінен алынған нақтылық көрініс беріп жатады. Ол – көшпелілер әлемінің, дарқан дала рухының көрінісі. Сондықтан да олар басқаша емес, «қошқар



Шығыс ою-өрнектердің пайда болуы





Қазақы ою-өрнек түрлері

ЖАҢУАР ТЕКТЕС

ӨСІМДІК ТЕКТЕС

ҒАРЫШТЫҚ

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ



МУЙІЗ



АҒАШ



ШЕНБЕР



СҮЙІР



ҚОС МУЙІЗ



ЖАПЫРАҚ



ШИМАЙ



ИРЕК



ҚЫЦЫР МУЙІЗ



ҰШ ЖАПЫРАҚ



ТӘРТҚҰЛАҚ



ТӘРТҮШКІЛ



ҚАЗМОЙЫН



ӨТКІЗБЕ



ШҰФЫЛА



БАЛДАҚ



ТАБАН



ШИҮРШЫҚ



ЖҰЛДЫЗ



ҚАРМАҚ



ӨРКЕШ



ГҮЛ



АЙШЫҚ



ТҮМАРША



ӨРМЕКШІ



ЖАУҚАЗЫН



БІТПЕС



ШЫНЖАРА

мүйіз», «түйетабан», «құс қанаты», «ағаш», «тұмарша», «қаз мойын», «өркеш», «өрмекші», «жауқазын», «шенбер», «айшық», т.т. деп атала-ды. Жалпы мамандар қазақ ою-өрнектерін негізінен төрт тақырыптық желіге топтастырады: жануарлар әлеміне қатысты, өсімдіктер мен ға-рыш тақырыбына арналған, геометриялық кескін-пішіндер.

Эстетикалық талап тұрғысынан келгенде ұлттық ою-өрнек-теріміздің ең бір ұрымтал, ұтар тұсы – теңбес-теңдік шартына сай өрілуі. Құбылыстарды даралап жинақтаудың ең кемел тәсілі болып есептелетін бұл принцип көшпелілердің кеңістікті бағдарлау ерек-шеліктеріне өте-мөте сай келеді. Соның нәтижесінде бояуы қалың, өрнегі көп болмаса да, қазакы кілемдер аса әрлі әрі айшықты көрінеді. Әлдебір құпиясы бар сиқырлы сұлулығымен тәнті етеді. Бұл басқа халықтар өнерінде жоқ, болмысы бөлек әсемдік. Тек әрбір өрнектің өз мән-мағынасына сай мөлшерде ғана бояу әріп пайдалану арқылы жасалатын сұлулық бұл!

Алтынмен айшықталып, көз жауын алардай әдемі зерленген рәміздік жеке белгілердің бояуы Мемлекеттік тудың шымқай зерен көк реңімен әдемі үйлесім тапқан. Бағзы бабалар ақылды – сары, де-нені – қызыл, ал рухты – көк түспен бейнелеген екен. Көк шулан ту реңі бұл ретте де терең мағыналы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ЕЛТАҢБАСЫ





ЖАНДАРБЕК МӘЛІБЕКҰЛЫ МӘЛІБЕКОВ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы, Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші.

1942 жылы Кызылорда облысындағы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келді. Ташикент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташикент қаласындағы ғылыми-зерттеу жобалау институтының қала құрылышы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетші. Әндіжсан қаласындағы әуежай, Ташикенттегі Үкімет қонақ үйі, Ферганадағы облыстық пошта, Самарқандатын облыстық әкімшілік үйі, драма театры мен орталық кітапхана гимараттарын, Ангрен, Фергана және Самарқанд қалаларындағы бірқатар тұргын үй аудандары құрылышын жобалауга қатысқан.

Қазір Астана қаласында тұрады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Университетінде дәріс береді.



**ШОТ-АМАН ЫДЫРЫСҰЛЫ ҮӘЛИХАН
(1932-2021)**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері. Белгілі қоғам қайраткері.

1932 жылды Көкшетау облысының (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы) Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірді. «Қазақ қала құрылышын жобалау» институтының қызыметкері, Алматы қаласының бас сәулетшісінің орынбасары, Қазақстан Сәулетшілер одағы басқарма-сының төрагасы болды. Республикалық тарихи және мәдениет ес-керткіштерін қорғау қоғамының төрагасы болған.

Негізгі шыгармашылық жұмыстары: Алматыдағы Шоқан Үәлиханов (1969), Әліби Жанғелдин (1975), Тоқаш Бокин (1977) ес-керткіштері, «Динамо» стадионы құрылышының (шыгармашылық топ құрамында) жобалары.

Алматыдағы Тәуелсіздік монументі авторлар тобының жетекшісі (1998).



Отанышылдық дегеніміз – сезім біткеннің ішіндегі ең асылы.

Д. Лихачев

Ресми анықтамаға сәйкес «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір тұс аясындағы шаңырақ (киз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаныракты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» деген жазу бар. Жұлдыздың, шанырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «QAZAQSTAN» деген жазу – алтын түстес».


Жасалу әдісі мен жасалатын материалы, эстетикалық әсері жөнінен елтаңба мен ту арасында айтартықтай айырмашылықтар бар. Егер туда дүниеге көзқарастың жазық қеңістікке байланысты бөлігі көрініс табатын болса, елтаңба табиғаты, әдетте, көлемге қатысты түсініктерге, сол сияқты сәулеттік (архитектуралық) композиция мен пошымға (формата) қатысты ұғымдарға сәйкес айқындалады.

Әлемдік тәжірибеде сыртқы түр-пішіні әр алуан елтаңбалар кездеседі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының пішіні – дөңгелек, оның барлық белгілері бір шеңбер ішіне орналас-тырылған. Рәмістануда кең тараған кескін әлемге алғаш шығыстағы көшпелілер өркениетінің өнер туындысы ретінде тараған. Мән-мағыналық жоралғысы: тіршілік белгісі, өмір нышаны. Әдетте жас жұ-байлардың үйлену тойына шақыру қағаздарының сыртында өзара ай-қасқан кос шенбердің суреті салынуының, тіпті бір-бірімен дөңгелек сақина алмасуының сырын да осындан танымдық ұғымдардан іздеген жөн. Белгілі ғалым Г. Фелькерзам көшпелілердің дөңгелек шенберге деген ықыласы бөлек екенін тап басып таныған.





Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының сызба бейнесі



Табигаттен тамыры бір көшпелілер үшін киіз үйде тұру
таңсық емес, қажеттілік еді.

Л. Гумилев



Елтаңбаның басты белгі-нышаны – рәміздің негізгі көркемдік-идеялық жүгін арқалап тұрған шаңырақ образы. Шеберлікпен шен-дестірліген түндік аспан күмбезіндегі асыл шырақ Құн бейнесін көз алдымызға екелсе, уықтар – одан тарап жатқан алтын сәулелердей әсер қалдырады. Қисыны табылып, керегелердің көрінісі де берілген.

Әр бөлшегі әсем айшықталған шаңырақ дүние космосының кішкене көшірмесіндей әсер қалдырады. Қазақстандықтардың ортақ шаңырақтағы тату-тәтті тірлігі, ортақ Отан тағдырына деген жауапкершілік идеялары шаңырақ образына қатысты туындастын ойлар мен әсерлердің бір парасы. Табылған көркемдік шешім жарасымдығымен әрі жаңашылдығымен назар аудартады.

Көшпелілер мәдениетінде шаңырақтың пайда болуы ата-бабала-рымыздың қоршаған ортанды қабылдау ерекшеліктеріне және соған орай ойлау жүйесінде орнықкан ұғымдармен тығыз байланысты. Ол сырттай аспан күмбезінде қалай үксаса, оның адамдардың ішкі жан-дүниесінде тіршіліктің аса маңызды заттық қуралы ретінде сәулеленуі де сондай ақиқат.

Шаңырақ – отбасының, одан да асыра алғанда бүкіл адамзат ұясының нышаны.

Шаңырақ көтеруге негізделген киіз үй – Ұлы далада сонау қола дәуірден (б.з.д. III ғ.) бастап тіршілік кеше бастаған адамдардың өмір салтына байланысты дүниеге келген тамаша төлтума жүйе көрінісі. Ол әлемдік сәulet өнерінің теңдесі жоқ үлгісі ретінде өртеде-ақ моянындалған. Оның әр бөлшегі өзінің нақты тұрмыстық қызметтерге қатысты мақсатының сыртында басқа да бірқатар маңызды міндеттерге (коғамдық-әлеуметтік, діни-әлеуметтік, діни-ғұрыптық, т.б.) қызмет етеді. Ол тұрғындардың рухани қажеттіліктерін де өтей алады.

Киіз үй – көшпелілер мәдениетінің сыйы. Ол туралы Геродот, Гиппократ, Сыма Цян мен Страбон, В. Рубрук пен Ибн-Баттута, Ибн-Рузбихан мен А. Вамбери тамсана жазған болатын. Оларды киіз үйдің қолайлылығы мен жайлыштырылған болатын. Олардың киіз үйдің өте-мөте ыңғайлылығы, жасалуы мен құрылуының жеңілдігі қызықтырады. Сонымен бірге олардың бәрі бір ауыздан аса күрделі



міндеттің қарапайым шешімін соншалықты дәл тапқан өнер иелеріне тәнгілік білдіреді.

Тан дәүірінің жазбаларында көшпелілердің киіз үйі VII ғасырдағы Қытай тұрғын үйлерінен әлдекайда артық болғандығы туралы деректер сақталған. Қытай билеушілері мен бекзадалары оны айырықша сән-салтанат және абырой белгісі ретінде пайдаланған.

Қытай әдебиетіндегі «алтын» дәүір атанған сол Тан кезеңінің аса даңқты ақыны Бо Цзюй-и (772-846 жж.) жыры соған дәлел. Ол – ұлы суреткер ғана емес, ұлы философ әрі белгілі саяси қайраткер атанған адам.

Бо Цзюй-идің дүниетанымы қытай поэзиясын, қытайдың қотамдық көркем ойын жаңа белеске көтерді деп саналады. Оның орыстың атақты ақыны Л. Гумилев аударған «Көгілдір киіз үй» атты өлеңі мынау:

*Шерсть собрали с тысячи овец,
Сотни две сковали мне колец.
Круглый остов из прибрежных ив
Прочен, свеж, удобен и красив.*

*В северной прозрачной синеве.
Воин юртуставил на траве,
А теперь, как голубая мгла,
Вместе с ним она на юг пришла.*

*Юрту вихрь не может покачнуть.
От дождя ее твердеет грудь.
Нет в ней ни застенков, ни углов.
Но внутри уютно и тепло.*

*Удалившись от степей и гор,
Юрта прибрела ко мне во двор.
Тень ее прекрасна под луной,
А зимой она всегда со мной.*



Войлок против инея – стена.
Не страшна и снега пелена.
Там меха атласные лежат,
Прикрывая струн певучих ряд.

Там певец садится в стороне.
Там плясунья пляшет при огне.
В юрту мне милей войти, чем в дом.
Пьяный – сплю на войлоке сухом.

Очага багряные огни
Весело сплетаются в тени,
Угольки таят в себе жару.
Точно орхидеи поутру.

Медленно над сумерком пустым
Тянется ночной священный дым,
Тает тушь замерзшая, и вот
Стих, как водопад весной, течет.

Даже к пологу из орхидей
Не увлечь из этих юрт людей.
Тем, кто в шалашах из тростника.
Мягкая зима и та горька.

Юрте позавидует монах,
И школьар, запутанный в долгах.
В юрте я приму своих гостей.
Юрту сберегу я для детей.

Князь свои дворцы покрыл резьбой
Что они пред юртой голубой!
Я вельможным княжеским родам
Юрту за дворцы их не отдам.





Бұл өлеңнің бірнеше шумағын А. Егеубаев қазақшалаған. Ол мынау:

*Жүнін қырқып мың-мың қойдың мыңғырған,
Арқан есті аумайтұғын шынжырдан.
Мәжсүн талдан иген берік шаңырақ,
Көзді арбайды күн сәулесі жасырап.*

*Киіз үйді шайқай алмас дауыл да,
Қатаяды жонын төсеп жауынга.
Бұрыши жоқ, қалтарыс жоқ, ыңғайты,
Жыл-жылы үя, берекелі, тым жайлышы...*

*Киіз – қамал, ақ қырауга ораган,
Ала алматиды қарлы боран бораган.
Асыл тері түгі жалт-жұлт ашылып,
Жатыр сазды пернелерді жасырып...*

*Киіз үйдің адамдары қусаң да.
Жоламайды төрге жұпар жусанды.
Қамыс күрке ішіндегі пенделер,
Жайлыштың соққандағы сенделер.*

Бұл ұзак жыр түркі киіз үйлері Қытайға қазіргі Қазақст ан жері арқылы жеткенін аңғартады. «Ол бізге онтүстіктен келді», «тау мен даладан бізге жетіп» деген сияқты өлең жолдары соған мегзейді.

Бұл ода – киіз үй образын поэтикалық және фило софиялық түрғыдан т анудың жақсы үлгілерінің бірі. Кезінде географ Оскар Пешель мен Бронислав Залесский де киіз үйге өнер туындысы ретінде жоғары баға берген.

*Мінездегі, мәнердегі, стилъдегі адемілік дегеніміз –
қарапайымдылық.*

Г. Лонгфелло





Киіз үй жасау өнері б.з.д. бірінші ғасырдан белгілі. Олардың көне нұсқалары туралы деректердің қола дәуірінің андронов мәдениетіне тән қазба ескерткіштерінен кездестіреміз. Орталық Қазақстандағы Бұғылы тоғайындағы, Солтүстік Қазақстандағы Шағалалы өзені бойындағы қазба жұмыстарының нәтижелері де оған анық дәлел.

Тарихи деректерге қарағанда казіргі киіз үйлердің алғашкы көрінісіне айналған әрі бір дәуір-

лерде онымен қатар бой түзеген тұргынжайлар донғалақты құймелер еді. Г. Рубрук XIII ғасырдың орта кезіндегі талдан тоқылып, киізбен жабылған құйме үйлер туралы жазды. Оларды жиырмадан астам өгіздер тартатын болған.

Дешті Қыпшақ даласына XV ғасырда сапар шеккен Ибн Баттута да терезе қойылған төрт донғалақты қошпелі үй – арбалар туралы көп бағалы деректер калдырыды.

Ағылшын саяхатшысы А. Джленкинсон жазбаларында осыған ұқсас деректер кездеседі. Ол XVI ғасырдың ортасында Маңғыстау, Атырау өнірлерінде болған. XVI ғасырда өмір сүрген Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани «Бұхар қонағының жазбалары» («Михманнаме-и Бухара») деген кітапта киіз үйдің ағаштан жасалған уығын, киіз жабуын, жүқа теріден немесе шыныдан жасалған терезелерін суреттеген. Бұл қошпелі үйлер қазақтың халық эпостарында, мысалы, «Қызы Жібек» жырында жырланатын құймелерге ұқсайды. Тарихи деректерде бірнеше мындаған киіз үйлерден тұратын қошпелі қалалар болғандығы туралы жазылады.

Қазақы киіз үй – киіз үйлердің түркілік типіне жатады және моңғол киіз үйлеріне қарағанда еңсөлілеу келеді. Бұл дауыл, қатты жаңбыр мен қалың қарға төтеп беруге қолайлы. Шығыстанушы



С. Руденконың пікіріне қарағанда мұндай киіз үйлер «құрылымы тұрғысынан алғанда, басқа көшпелі халықтардың ешқайсысында жоқ киіз үйлерге жатады және жылжымалы тұрғын үйлердің ішіндегі ең жетілгені болып саналады».

Киіз үй жасау – көп қырлы, синкретті өнер. Бұл шығармашылық процесте дәстүрлі қолөнердің бірнеше түрі: ағаш шабу, тігіншілік, киіз басу, бөз току және арқан есу, жұн іру, жіп үзу, таңба басу, кесте току қатар қолданылады. Киіз үй жасау нағыз хас шеберлердің ғана қолынан келген.

Қазакы киіз үйлер 1861 жылы Парижде өткен халықаралық көрмеге қойылып, 1876 жылы Петербургте өткен ориенталистердің III конгресінде көрсетіліп, мамандар тарапынан жоғары баға алды.

Киіз үйдің күмбезді формасы кейін Шығыстың тамаша сарайлары мен мавзолейлерінде, дәстүрлі кесенелер құрылышында көң пайдаланылатын болды. Сейтіп, жалпы күмбезді – порталды сөүлет өнерінің дамуына игі әсер етті. Мамандардың пікірінше күмбезді құрылыстар көне Римдегі күмбезді үйлерден бүрін дүниеге келген.

Күмбезді құрылыстардың көне үлгілерін археологтер Тараз, Сайрам, Отыrap, Сығанақ, Жаса, Құлан, Меркі, Баласағұн және басқа ежелгі қалалар орнын қазған кезде тапты. Сол сияқты мұндай үлгілерге Орталық Қазақстандағы Алаша хан және Жошы хан, Тараз маңындағы Айша бибі, Сырдария бойындағы Сырлытам кесенелері, Манғыстаудағы Шақпақ ата жер асты мешіті жатады.


Күмбезді сөүлет өнерінің аса көрнекті үлгілерінің бірі – әйгілі Жібек жолының үстіне орналасқан Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасау кесене-мешіті.

Киіз үй отбасы тұрағы ретінде ғана пайдаланылмаған. Ол көшпелілер үшін қоғамдық-элеуметтік мәні бар орын рөлін де атқарған. Аумағы атшаптырым, көп қанатты хан ордалары болған.

Жан нышанды үга бастаған кезде оның алдында таза ақыл-
дың түсіне де кірмейтін құбылыштар көлбендей бастайды.

Карл Юнг





*«Алтын адам» әшекейлері.
Есік қорғаны*

Өзін табиғаттың төл баласы санайтын және бүкіл өмір-салтын соның тыныс-тіршілігіне бейімдеген көшпелі ата-бабаларымыз тұрақжайына еуропалықтарша «өз камал қорғаным», «менің жеке әлемім» деп қарамаған. Сондықтан да одан табиғаттан оқшау тұрган ешбір белгі таба алмайсың. Түндігінен күн сөүлесі еркін түсетіндей ашық алаңқайға тігіледі. Есігі шығысқа қарайды. Күннің қозғалысын сыртқа шықпай-ақ қадағалап, соган орай мезгіл шамасын бағдарлауға болады. Табиғаттың қас-қабағын бағып күн кешкен тіршілікке сайжылдам көшіруге қолайлы.

Осы орайда мына бір әңгіме ойға ора лады. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына орыс саяхатшысы А.И. Левшин келген еken. Өзіне бейтанис тыныс-тіршілік жайымен қызыға танысып жүрген ғалым бір қарт анадан:

– Сіздер неге көшіп-қона бересіздер? Бір мезет байыз тапсаныздар болмай ма? – деп сұраса керек. Сонда:

– Қарағым-ай, сол да сөз болып па. Адам үнемі қозғалыста болуы керек. Айналаңа қараши. Күн де, ай мен жұлдыз да бір орында тұрмайды ғой. Дем-тұзы таусылған өлілерді құшағында тербеген қара жер ғана қозғалмайды, – деген жауап алған еken.

«Отан от басынан басталады» деген нақыл бар. Шаңырак деген киелі ұғымға бұл мағына да сияды. Қазақтың қасиетті қара шаңырағының бейнесі бүтін қазақ елінің символы іспеттес. Өйткені, қара шаңырак дегеніміз біздің ұлттық алтын бесігіміз той. Сан ғасыр бойы замана дауылдары жел күған қаңбақтай күресін-құрдымға итере салмас үшін тіресе күресуге тірек болған қасиетті алтын қазығымыз да.



Шанырақ – қазақ халқы үшін айрықша қастерлі ұғым.

Бағзы бабалар оны дүниетанымдық жүйенің өзегі ретінде ерекше кие тұтқан. Оған деген аялы көзқарас қазір де сакталған.


«Шанырақ» сөзін пайдалана отырып, қазақ тілінде адам баласының тұғаннан о дүниелік болғанға дейінгі бүкіл өміріне катысты басты ұғымдарды атап шығуға болады. Мысалы, «шаныраққа нәресте келді», «шанырақтың тіретіне айналу», «өз алдына шанырақ көтеру», «шанырақты шаттыққа толтыру», «шанырағы шайқалу», «шанырағы ортаға түсті», «шанырағын құлатпау» деген сөз тіркестерінің әрқайсысының сыртында айрықша мағына жатыр.

«Шанырақ» ұғымының әлеуметтік мәні зор. Мысалы, «қара шанырақ» – ата-ана үйі, әuletтің, рудың, тайпаның ең қастерлі отбасы дегенді білдіреді. Ықылым замандардан бері келе жатқан дәстүр бойынша қара шанырақ әдетте кіші ұлда қалады.

Қара шанырақ ұғымына байланысты орнығып, осы күнге дейін жеткен дәстүрлі жол-жоралғылар аз емес. Мысалы, алыс жолға аттанарда, жаңа іс бастарда қара шаныраққа кіріп, бата алмаса жол болмайды, іс онға баспайды деп есептеледі. Қара шанырақ иесінің сөзі – бүкіл әulet үшін зан.

Шанырақ ұғымына тек отбасыға емес, кез келген әлеуметтік топ сиып кетеді. Бұл оның қоғам үшін біріктіруші, топтастырушы ұғым символы ретінде қызмет ету мүмкіндігінің кен екендігін көрсетеді.

Еліміздің Мемлекеттік елтаңбасындағы шанырақ бейнесі – Қазақстанды мекендейтін барлық адамдардың ортақ отбасының, ортақ үйінің нышаны. Шанырақтың беріктігі оны көтерген уықтарға байланысты болса, Ұлы Отанымыздағы бақытты өмір әрқайсымыздың ой-аңсарымызға, іс-қимылымызға байланысты. Ел бақыты – ер бақыты. Ел байлығы – баршаның, әркімнің ырысы.



Елтаңбадағы қасиетті кара шаңырақ бейнесі: «Асыл діңгек аман болсын. Алтын бесік мәңгілік тіршілік әлдімен тербеле берсін. Үлкен үйдің уықтарын шын ниеттерімен қосыла шанышқан еншілес ел-жұртқа да бірге бақыт тілейік. Ортақ шаңырақ – биік, ортақ босаға – берік болсын. Отанымызға талмай адал қызмет етуге жазсын», – деген өрелі ойларға жетелейді. Барлық ұлттар өкілдерінің жаңына жақын образдық жүйе жалпы адамзаттық игіліктер аңсарына ұштасар ұлы ниеттерге бастайды.

Елтаңба композициясын құрап тұрған келесі деталь – ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі.

Жылқы жануары батылдық, көрегендік пен айрықша ерік-жігер нышаны деп есептеледі.

Ат – көшпелілердің өмірлік серігі. Мінген көлігі ғана емес. Ет пен қымыз – қазақ тағамының негізі, тері – киім, жал – музыка аспаптарының шегі. Жауынгерлік өнерде, дәстүрлі спорт түрлерінде, ұлттық ойындарда («көкпар», «бәйге», «құс салу», «қызы қуу», т.б.) да сұлу да берік текті тұлпарлар кең пайдаланылады. Қазақ дүниетанымында жылқы – адам тектес. Басқа жануарлардың бәрі де тек адамға қызмет етеді, ал жылқы алдында адамның өзі бас иіп, қызмет етуге әзір. Адамдікі тәрізді жылқының да пірі бар. Оны Қамбар ата («Жылқы иесі Қамбар-ая») деп атайды. Ежелгі діни нанымдар бойынша иесі қайтыс болғанда атын бірге көметін болған. Олар о дүниеде де бір-біріне қажет деп есептеген.

Осыдан үш мың жыл бұрын қолға үйретіліп, адам баласының ең бір жақын жан серігіне айналған жылқы – көшпелілер үшін айрықша қасиетті жануар. Ол алғаш рет Азия құрлығында, кейбір ғалымдардың айтуынша, қазіргі қазақ жерінде, жерсіндірілген көрінеді. Оған Солтүстік Қазақстан облысындағы көне Ботай қалашығының орнында жүргізілген археологиялық зерттеулер де күелік етеді.

Қасым хан өз елін Могол билеушісі Сайдқа таныстырғанда: «Біз – дала адамдарымыз. Біздің ең үлкен байлығымыз – жылқы, ең тәтті тағамымыз – жылқы еті. Біз үшін ең қалаулы сусын – қымыз. Біздің көңіл көтеріп, сайран салатын және өнер жарыстыратын жеріміз – сол жылқы жайылатын дала. Біз бәріміз сол жерге бірге барып, жылқыны



кызықтаймыз» – дейді (Қараныз: «Тарихи Рашиди», Ташкент, «Фан», 1996. 352-бет).

Көшпелілердің бүкіл тіршілігі, еңбегі мен өнері жылқымен етene. Ел қорғап, жаумен алысқанда да, қолы қалт етіп, құс салуға барса да, жігіттік жасап, қызды ауылды жағалаганда да, сайын дала сайыпқыранын сандалкер сәйгүліксіз елестете алмайсыз.

Жауға салғанда жер апшысын қуырган, қапыда түскен қоршаудан күтылуға келгенде жеммен жарысқан қабыргалы қазанат, жеммая жүйріктер – батыр біткеннің ең бірінші қолғанаты. Соңдықтан да «тамырында гундардың асау қаны бүлкілдеп жатқан» аты анызға айналған Мәде ханының «аты жылқы болғанмен, заты басқа» бота тірсек Шұбар айғыры («Шұбарлығы қандай! Көк түстес көгілдір атласқа жылтыр қоңыр теңгелерді сәндік үшін әдейі бір тәртіппен жапсыра берген секілді». «...Басы ересен үлкен», «Қабыргалары хан ордаларының уығындағы ірі де иінді», «омырауы толқын ұрган жартастай ашық, кең...», «Салқы төсі қайықтың толқын жарап тұмсығындағы сүйір де шенберлі. Ойымды ет домдап жапсырғандай бөлек-бөлек... Кере қарыс шідерліктің сінірі жуан. Ұршығы төмен, тірсегі маймақ, айта беретін бота тірсектің өзі»), «көне түркінің кеменгер қолбасшысы Құлтегін ердің жауын жер жастандырғаннан кейін ғана белі бүгілетін бәйгекер Боз аты мен шабуылға шыққанда шашасына шаң жұқпай жол бастаған әсем Ақ айғыры. Қара қыпшақ Қобыландының қысылғанда «Жоғарғы ерні жыбырлап, төменгі ерні қыбырлап» сырласа да білетін, қажет жерінде қиналмай «бүктеле беріп жазылған, Биікке бұлқып гулейтін» текті тұлпар Тайбурылы, Алпамыс батырдың бас иесінен басқаға темір зынданға салса да, дес бермеген» төрт аяғы тең болат «Байшұбары», Ер Тарғынның «Құлында емген, тайда

*Ана тілім – қайнарым,
Халқымның асыл мақтанды.
Өзіңде сөздің қаймагы,
Атадан жеткен сақталып.*

П. Бровка



емген, Құнан жаста арда емген», «жер тепелей желгендे, дүшпанның көзі қорықкан» тарпаң жорға Тарлан аты – тарихи зердемізге терен орнаған образдар. Қөрүғліның Ғираты мен Манастың Аққұласы да сондай. Жылқы жануары жалпы түркі халықтарының түрлі батырлық эпостарының, эпсаналары мен ертегілерінің ең сүйекті әрі көп тараған кейіпкерлерінің бірі.

Көшпелілер ұғымында жылқы – тұлік біткеннің төресі. Оның жолға беріктігі мен жүрдектігі, еті мен қымызының жанға дәру қоректік және шипалық қасиеттері, ойыңды айтпай көзіңнен ұғатын қасиеті мен талғампаз кірпияздығы (мысалы, жылқы ешқашан да лай суға тұмсығын малмайды) мінез-құлқындағы тектілік ретінде жоғары бағаланады.

Көне түсініктер бойынша, киелі пырақ адамды тәнірілер мекен еткен аспанмен байланыстырады. Жалы қанат тектес. Жалына қолы тиісімен-ақ адам жердің тартылыс заңын жеңіп, қиялыша қанат жағайды. Жақсы ат мінген – жарым патша. Аты жоқ жарлы өзін елдің коры сезінеді.



Халық ауыз әдебиетінде оның астындағы тұлпары жанды серігі ретінде суреттелеуді. Оларды бір-бірімен сөйлестіріп, сырластырып, ақылдастырып қояды. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында бас кейіпкердің астындағы аты құлағын қайышылай бастағаны – қауіп-қатердің белгісі. «Алпамыс»

жырында Байшұбар өз қожасына қырық күндік жолды қас қағымда өтуі үшін не істеу керек екендігі жөнінде кенес береді. Ат пен иесі атынан шығарылып айтылатын айтыстар бар.

Қазақ баласы үшін жылқының көзінде жас көргенмен қыны жоқ. Ол құлыншақты сәбидей аялайды. Оған жаман адамдардың көзі тиеді деп сақтанады. «Жылқы баласы» деген сөз бар. Басқа ешбір малдың төліне «бала» деп айтылмайды.



Кең байтақ қазақ даласында әйгілі тұлпарлар, даңқты адамдардай, айрықша әспеттеделі. Олардың аттары аңызға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жатады. Оларға арналған аңыздар, ән-күйлер шығару дәстүрі бар.

Ақан серінің шашасына шаң жүқпас жүйрік Құлагері – осындай өшпес данққа бөленген жылқы баласы. Ол әділетсіздіктің құрбаны болып, қапияда қара жүрек қаскөй қарақшының қолынан мерт болғанда бүкіл қазақ даласы күніренді. «Арқаны әнмен қырған» атақты Ақан сері қапияда мерт кеткен құндыз жалды қыл құйрығының жансызың денесін құшақтап жылап тұрып, жоқтау айтқан. Елде жоқ әдетке барып, жерлеу рәсімін жасайды. Оның атақты «Құлагер» әнін бүкіл халық айтып кетті. Бірақ ақынның қөнілі соның бірінен жай тапқан жоқ. Өйткені, Құлагерімен бірге өзінің жанының бір бөлшегін жоғалтқандай еді. Қасірет жүрек қызыны да азайтқандай. Ақын жанын әлдебір немкүрайдылық жайлап алды. Енді оны бәйге де, желден озған жүйріктер де бұрынғыдай қызықтырмайтын болды. Осылайша Құлагерінен айырылу ұлы өнерпаздың өмірлік қайғысына, трагедиясына айналды. Дүние қызығының берін «баспа-бас қызға бермес жаңуарына» тәрк еткен қазақтың Ақан серісіндей ғажайып ақын әлемде бар ма екен, шіркін. Жоқ шығар-ая...

*Құлагер қорқырайды қаныменен,
Ақан да шырқырайды жаныменен...
Егіліп, төгіледі Ақан сері
Зарлаған Құлагердің әніменен:*

«Не болды-ай, бай-бай саған, Құлагерім?!
Суалдың, сорлы иеңнің бұлагы едің...
Тірегі қөнілімнің, бәйтерегім,
Бұл жерге қалайынша құлат едің?!

*Бай-бай-ай,
Бай-бай-ай-ай,*



Бай-бай-ай-ай,
Бай-а-й-ай,
Бай-а-й-ай...
Бай-бай-а-й
Бай-бай-а-й
Құлагерім...

Шынымен кеткенің бе, Құлагерім!
Қасымда қасынысып тұрап едің.
Баспа-бас қызға бермес жсануарым!
Басылар өлгенімше қайтіп шерің?!

Құлагер, жаз жайладым, қыс жайладым,
Артына қызды ауылдың көп байладым.
Жеріңе қамши тимес, пышақ тиіп,
Құшақтан құ басыңды ойбайладым...

Құлагер, айналайын жулде алғаным,
Басындаи Арқарлының күн шалғаным!
Барғанда ақыретке пырагым бол,
Қызығын көре алмадым бұл жсалғанның.

Құлагер, қолда өсірген құлым-ай,
Ішінде омыртқаның жұлым-ай!
Жын ба еken, сайтан ба еken қаза болғыр,
Қанды қол қастықпенен ұруын-ай!

...Құлагер, жас күніңен құнаным-ай,
Сүйегің, еті таза бұланым-ай!
Қасыңнан бөлек жерге жаттаушы едім,
Айырылып енді сенен қуардым-ай!

...Көзіңнен айналайын тосталғандай,
Қияр ем сені не қып тастаганга-ай.



*Басыңды итке неге иіскетейін,
Ерте-кеш құшақтамай жас баламдай!*

*Кұлагер, қоши-қоши атым, жолдастым-ай!
Мен білдім түнесем де түрмасыңды-ай.
Тигізбей топыраққа жогары іліп,
Сақтармын оле-олгение қу басыңды-ай»*

Ілияс Жансүгіровтің атақты «Құлагер» поэмасында қазақ дала-сында бұрын-соңды «көз көріп, құлақ естімеген» жампоз ақын мен жүйрік атқа байланысты бұл трагедия осылайша жырланады.

Қазір жер шоқтығы Көкшетауда ұлы Ақан сері ескерткішімен бірге оның айтып жеткізе алмас арманына айналған Құлагеріне арналған тас мүсін де анадайдан мен мұндалайды.

Жылқы кейінге дейін қазақ дәулетінің өлшемі болып келген. Оны мындалап, үйрlep ұстаған. «Арқада толып жатыр жылқылы бай», «Ерден көктің үйірі» дегендер содан қалған. Далалықтар дәстүріне сай сый беріп, айып төлеуде де кен пайдаланылады. Ол кейде ердің құнын етеуге де жараган.

Әскери саладағы көшпелілер өнерінің негізі де салт аттыларды пайдаланумен байланысты. Қарудың қай түрін де ат үстінде шебер пайдалану жоғары бағаланған. Жебе, садақ, қайқы қылышты ойлап шығарған көшпелілер екені белгілі. Әлемді тітіреткен атты әскерлер Ұлы дала қойнауынан шығып, әлемге танылған.


Жылқы қылышынан алғашқы музыка аспаптарының шегі жасалған. Кез келген тойдың көркіне айналған ат бейгесі, көкпар, аударыспақ тәрізді тамаша ұлттық спорт ойындарымызды да арнайы жаратылып, дайындалған сәйгүліктерсіз елестету мүмкін емес.

Ат әбзелдері мен ер-тұрман жасау да өнер. Жалпы, тыныс-тіршілігіміздегі, мәденистіміз бен өнеріміздегі жануар біткеннің төресі – жылқы тұлғіне катысты ерекшеліктеріміздің бәрін көктей шолып өтудің өзі оңай емес. Өйткені ол біздің ұлттық сана-сезіміміз бен тірлік-салтымыздың ажырамас бөлігіне айналған.





Қозы Көрпеш – Баян сұлу
кесенесі – қазақ даласындағы
махаббат символы



Көне түркі жазуының
ескерткіші. VIII ғ.



Казак тілінде адам өміріне байланысты жылқыға қатысты сөздермен өрнектелетін ұғымдар өте көп. АナンЫң өз сәбінен деген асыл сезімі «құлыншағым менің» деген ғажайып тіркестен сәуле шашады. Балдырган балақанның жер бетіндегі алғашқы құмыл-қадамдары жөнінде «құлындақ құлдырайды» дедінсе, оның тұңғыш тәйтәйіне арналған дәстүрлі ғұрып «тұсаукесер» деп аталады. Азамат атануы – «ат жалын тартып мінді», аңсағаны болып, айдарынан жел есken сәт – «аты озып тұр», адам баласының өзі дүниеден өткенімен оның өмірін ұрпақтары одан әрі жалғастырады деген оптимистік философия – «ат тұяғын тай басар» деген сөз орамдары арқылы айшықталады.

Осылайша кестеленген басқа да күрделі ойлар бар. Мысалы, «жанылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ», (өмірде қателеспейтін адам болмайды деген ой), «жүгендізілдікке жол беру» (келеңсіздікке

Әпсаналық қанатты пырақ
Пегас Иппокрена қайнары
(«Жылқы бұлагы») басында
(Юлиус Троицель «Беллерофонт
және Пегас», Жаңа тинакотека,
Мюнхен)

Қанатты арыстан бейнелі
алтын ритон – киелі ыдыс
(Ахеменидтер, б.з.д. V-IV ғғ.)



кінәллік), «аттай шауып өт» (ойлағаның болсын, ісің онға бассын деген тілек), «сыннан сүрінбей өтті» (қынышылықты жену), т.б.

Жылқы – қазақтардың ұлттық әлемінің ажырамас бір бөлігі, ұлттық дүниетанымының маңызды нышандық белгісі.

«Қазақ жылқы мінезді» деген атам заманнан бері келе жатқан сөз бар. Бұл, ең алдымен, терен табиғи ұқсастықтарға, еркіндікке, қозғалысқа, жылдамдық пен құштарлыққа құлай берілетін ортақ қасиеттерге мегзейді.


Қазақ баласы жүргегіне жақынның бәрін жылқы төнірегінен табады. Сондықтан да оның қабылдаудындағы текті тұлпар образы: ат – от («қызы қанды», «кеудесі көріктей», «ауыздықпен от шайнап», «көздері оттай жанады»); жылқы – жел («желмен жарысып», «құйын-дай шабу», «оқтай зулады»); жылқы – жартас (жердің, құш-қуаттың белгісі – «жауырыны мықты жартастай», «кеудесі берік қамалдай», «тегеуіріні қатты темірдей», «тұяғы тас жарады», «аяқтарының арасы ел көшкендей», «түркы берік емендей»); сәйгүлік су («екпіні селдей», «құлагынан тері саулады», «су жорға»); пырақ – қанат (стихия, аспан, ғарыш нышаны – «тұяғы жерге тимейді», «аузымен құс тістейді», «атқа қону» (айға қону дегендей), «қанатты тұлпар», «ат – ер қанаты») деген үлкен ұғымдар арқылы айшықталған.

Елтаңбада қыран қанатты қос тұлпар – қос пырақ бейнесі бедерленген.

Қанат – асқақ арман нышаны. Бұл жерде ол еңсесі биік, дәүлеті тасыған тәуелсіз мемлекет құру жөніндегі ел мұратын еске салады. Қанатты тұлпарлар – елдің өсіп-өркендеуіне, дәүлеті тасып дамуына қатысты табиғи тілектердің, сол сияқты қоғамдағы әртүрлі мұдделермен және ғаламдық өркениет үміттерімен үйлесім табуға деген ұмтылыс пен ізгі ниеттің де көрінісі.

Биікке ұмтылу, дамудың тәменгі сатысынан жоғарғысына дейін кетерілу – әлемдік өркениет мұраттарының бірі. Асқақтық, самғау, биік мақсаттарға жету деген ұғымдар адам үшін де, қоғам үшін де қастерлі. Күйілік қораштыққа жатады.

Қанат образының терен рәміздік мәнінің Мемлекеттік елтаңбада жақсы жарасым табуы – жалпы мәдениет заңдылықтарының, оның



Жылқы бейнелі білесік.
Б.з.д. III ғ.



Көне дәстүрге сәйкес құрбандық
шалу рәсімі бейнеленген үстел.
Б.з.д. V–VIII ғғ.

ішінде нышандық емеуіріннің, типологиялық образ жасау мүмкіндіктерін пайдалану жемісі.

Көркем типологиялық бейнелер жасау әдісі – типтік бейне жасау әдістерінен бөлек. Ол нақтылықтың шуда жібін үзіп, әр алуан, тіпті мүлдем дерексіз (абстрактілі), құбылыстарды әлдебір ортақ жүйеге келтіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте көркемдік ойды жүзеге асыру кезінде жасалатын образдың негізгі мәні мен басты идеясын өмірдегі бейнеалды (прообраз) құбылыстардан көп алшақ кетіп барып, оның кейбір қырларын тым әсірелеу арқылы да жеткізуге болады. Философ А.В. Гулыганың айтудынша: «типтік бейне – сезім нақтылығына, ал типологиялық бейне – ұғым нақтылығына жақын».

Типологиялық бейнелер қазақ фольклорында көп кездеседі. Әйгілі «үшқыш кілем», «шойын кулак», «таусоғар», «дәүкара», «көлтауы-сар», «желаяқ», «жалғыз көзді дәу» – осындай образдар.

Жартылай құс, жартылай аң бейнелі грифтер туралы аныз-әнгімелердің өзегі де ортақ. Геродоттың күелігіне сүйенсек, б.з.д. III-II ғғ. Қазақстанның солтүстігін қанлылар, агріппий, ариман деген тайпалар мекендеген көрінеді. Бұлардан гөрі солтүстікке, шығысқа та-ман «алтын жабағы күзеткен грифтер» атты тайпалар тұрған. Кейбір



тариҳшылар оларды тагор, майемир мәдениеттерінің иелері еді, арасында қазақтың керей, найман, аргын, қыпшақ тайпаларының өкілдері болған деген пікір айтады. Бұл мәдениеттердің заттық айғақтары Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылжар және Көкшетау өнірлерінде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылды.

Қанатты тұлпарлар образы да ертеден белгілі. Авестада (б.з.д. I ғ.) қанатты тұлпарлармен көшіп-конып жүретін тур елі туралы айтылады. Кейбір зерттеушілер осы «тур» атын «түркі» этонимімен, «тұран» тарихи топонимімен байланыстырады. Қанатты тұлпарлар бейнесі тастағы көне сурет жазбаларындағы скиф-сармат мәдениетіне жататын «аңшылық стиль» колтаңбасымен ерекшеленетін қолданбалы өнер ескерткіштерінде жиі кездеседі.

Алтайдың Пазырақ корғанында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген кезде о дүниеге аттанған патшаны аспанға көтеріп бара жатқан фантастикалық пырақ бейнесі бедерленген бас киім табылды. Есік қорғанынан табылған әйгілі «Алтын адамның» бас киімін де қанатты тұлпар бейнесі көмкерген. Мемлекеттік елтаңба жобасын әзірлеу кезінде авторлар ойна осы бейне өзек болғаны белгілі.

Қыран қанатты тұлпар, қанатты жануарлар бейне сі қиял-ғажайып ертегілері, аныз-әпсаналар мен жырларда да кездеседі. Әрі мұндай сюжеттік линиялар бертінгे дейін жеткен. Қобыландының Қазан қаласын алатын сәтін еске түсірейікші. Қысылғанда қол ұшын беретін жалғыз серігі – қазанаты биік қорғаннан қалықтап ұшып барып, қала көшесіне топ ете түспеуші ме еді. Тұлпарына тіл бітіп, қанат қомдал ұшатын мұндай кейіпкерлер ертегілерде де бар. Сол сияқты діни наным-сенімдер бойынша, пайғамбар-ғалиссаламның пейішке мініп баратын қасиетті пырағы да қанатты жылқы еді дөлінеді.

Осы орайда кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, он сегізіншіғасырда жойылып кеткен жылқықиік туралы аныздар еске түседі. Оларды киелі «қызыл ат», «ешкі тұяқ Қызыл ат», «қызыр жылқысы» деп атаған. Атақты

«Қарасай – Қази» хиссасында:

Орал, Орал, Оралтау,

Оралтаудай тау болмас



Оралтаудың басында
 Шұбырып өскен бес тұлпар
 Бес тұлпардай мал болмас.
 Бес тұлпардың ішінде
 Ешкі түяқ қызыл ат...
 Жал құтрығы ұзын ат...
 Талма-талтус болады
 Ішіп жүрген бұлаққа
 Шұбырып тұлпар қонады.
 Шолден келген жануар
 Суга басын қояды.
 Бұғып жатып Қарасай
 Кызыл атқа қарады.
 Қасындағы тұлпардан
 Артық екен түяғы.
 Кызыл аттың түяғы-ай!
 Ұшатын құстай көрінді.
 Ойнап басқан аяғы,
 Төбесінде көрінді.
 Қылған қайши құлағы.
 Қолтығынан көрінді!



«Алтын адам».


Есік қорғаны. Жаңартпа

Ұшатын қанат – қияғы-ай! – деген жолдар бар. Жылқықиқтің 3 атасы (род), 5 түрі (вид) бар көрінеді. Солардың ішінде көгілдір түсті ерекше түрі де болған деседі. Қанатты жануар, дene сі – жылқы, басы – адам кентаврларға негізделген адам қиялынан туған әртүрлі көркем образдар әлем халықтарының аңыз-әпсаналарында, тасқа қашап салған ерте дәуір суреттерінде молынан ұшырасады.



Қанатты таутекенің алтын мүсіні,
 б.з.д. VII ғ.





*Ат және оның әбзелдері.
Берелдегі сақ қазбасы.
Қ. Ахметжановтың
жаяңартпасы*

Қытай мифологиясында Лун (Лу-ұлу) деген қанатты айдаһар бейнесі ерекше орын алады. Тұрқы – ұзын, төбесінде мүйіздері бар Лун суретін сонау Инь дәүрінің (б.з.д. XIV ғасыр) көріпкел-сөүегейлері пайдаланған жауырын сүйектерінен кездестіруге болады.

Аңыз бойынша ол аспандагы бұлттың, жаңбырдың, наизағайдың қожасы ретінде көк жүзінде еркін қалықтап журеді. Қажет кезінде аузынан су бүркіп, от шашады. Ежелгі аңыз-әпсаналардың кейіпкерлері осы Лунга мініп, аспанға көтеріліп журеді. Олардың кейбіреулерінің басы жылқының басына ұқсас, құйрығы айдаһардіңдей болып келетін «ат-айдаһар» ретінде де бейнеленген. Бұл жөнінде Ван Чуннің I ғасырда жазылған «Сыни пайымдаулар» атты еңбегінде кен айттылады. Әпсаналық бейне бірде қанатты, бірде мүйізді, бірде ба-лық қабыршақты, бірде мүйізсіз – әртүрлі кейіпте көрінеді. («Әсемдік туралы жазбалар», III ғасыр). Сондықтан да болар XI-XII ғасырларда дүниеге келген

«Эръя сөздігіне түсініктер» атты кітапта оған «бүкіл аң мен құс біткеннің атасы» деп анықтама беріледі.

Лун – жақсылық иесі, оның пайда болуы жағымды белгі ретінде қабылданады.



Су иесі әрі алақанына наизағай уыстаған ғаламат айдаһар бейнесі монгол тектес халықтардың азыз-әнгімелерінде де жиі ұшырасады. Олар оны Лу (Ұлу), Лу-тәнірі деп атайды. Ал енді бір әпсаналарда оны наизағай құдайының жазда мінетін көлігі деп те суреттейді. Осы тектес азыздар буряттар мен дүрбіттерде, басқа Сібір халықтары арасында кең тараған. Олар Лун ханға, жер асты билеушісі Эрликке байланысты айтылады.

Кең тараған азыз-хикаялар арасында мүйізбас (единорог) туралы әпсана да бар. Кейбір деректерге қарағанда (Бартомен кітабы) ол басында мүйізі бар жылқы тәрізді мақұлққа жатады, ал келесі бір деректер бойынша (Геспер кітабы) басы мен мойны жылқынікіне ұқсас ешкі бейнелі болып келеді. Мүйізбастың мүйізінің өлшемі туралы тарихи жазбалар да әрқылы. Мысалы, Ктесий мен Плинний екі аршинге (бір жарым метрдей) теңесе, Элий – бір жарым аршин деп көрсетеді. Мүйізбастың мүйізі кезінде алтыннан да қымбат бағаланса керек. Оның керемет қасиеттері бар деп есептелген. Ең алдымен оба ауруына қарсы бірден-бір тиімді құрал санаған. Соған орай 1665 жылғы әйгілі Лондон обасы кезінде аса қат затқа айналды.

Мүйізбастың мүйізі дертке дәру шипалы дәрі ретінде ұзақ уақыт бойы аса зәру дәрі-дәрмек тізімінде жүргені белгілі. Оны патшалар мен корольдер, аса данқты адамдар пайдаланғаны туралы анызға айналған әнгімелер аз емес.

1585 жылы Иван Грозный-дың ұлы Федор әкесінің тагына отырған кездे мүйізбастың мүйізін ұстап тұрып, реcми рәсім жасаған. Ұзындығы 3,5 футтық мүйіз оған әкесінен калған екен.

Әпсаналық аң мен құс бейнелері, грифон образы (арыстан денелі, қыран қанатты,



Таутекелер. Қазанның бір бөлишегі

бүркіт не арыстан басты фантастикалық жануар) Еуропа әдебиетінде де мол орын алады. Мысалы, қанатты Пегас пырағы Олимп тауындағы Зевске найзагай тасып жүреді. Оның аты бұлақ бастауында туғанына байланысты қойылған. Осы бұлақты шабыт қайнарына балап, Пегасты шығармашылық өнермен айналысушылардың желеп-же-беушісіне телу кейін шыққан. Енді бір аңыз бойынша, Пегасты, құдайлар Беллорофонт деген батырға сыйлайды да, ол ұшып барып елдін шырқын бұзған ғаламат бір макұлықты өлтіреді. Қанатты арғымак Пегастың тұяғымен аршылған «шабыт қайнары» Гиппокрена («жылқы бұлағы») деп аталады. Геликонда орналасқан. Оның шәрбат дәмін тату адамға шабыт береді деп есептеледі.

Мүйіздің де нышандық мәні бар. Ол – айбын, айбат, ақжолтайлық белгісі. Тарихи деректер бойынша замандастары А. Македонскийдің патшалық пәрмені, қолбасшылық құты бас киіміндегі мүйіз бейнесінде деп санаған. Бұл желі Абайдың «Ескендір» (ұлы қолбасшыны қазактар осылай атайды) поэмасында пайдаланылған. «Қос мүйізді Ескендір» деген халық күйі бар.

Көне шумерлік «Гильгамаш» эпосында мүйізді жолбарыс кездеседі. Мүйізді адамдар бейнесі көне үнділік мөрлерде, Таю Шығыс пен Мысыр елдері халықтарының ежелгі өнер туындыларында да бар. Еуропада кең тараған мүйізді сайтанның мүйізі бұрын христиан дәуіріне дейін аса құрметті құдай бейнелерінің бірінен көшірілген деп дәлелдейді ғалымдар.

Мүйіз бейнесі Қазақстанның мәдени ескерткіштерінде де молынан жолығады. Мысалы, Қызылтоған қорғанындағы (Жетісу) екі бірдей мыс мүсінде таутеке мүйіздері айқын әрі аса бедерлі бейнеленген. Монголиядағы Күлтегін ескерткіш кешенінің кіре берісінде мүйізді қошқарлар бейнесі қойылған. Ең көп тараған ою-өрнек түрі «қошқар мүйіз» деп аталатыны белгілі.

Алдын ала белгі ретінде құпияланбай тұрып, әлеуметтік түқым қуалауышылық арнасына ештеңе де түспейді.

M. Петров





*Ламмасу атты ежелгі ассириялықтардың қанатты, адам басты, бұқа денелі қорғаушы құдіреті бейнеленген биіктігі 4,4 м. тас мүсін
(Париж, Лувр мұражайы)*

Қазақ тілінде «мүйіз» сөзі күш-қуат, ерлік, батылдық ұғымдарын білдіретін мағынада кең қолданылады. Мысалы, «мүйізі қарағайдай» (кушті, беделді), «мүйізін қагып алу» (жену, масқара ету), «мүйіздесіп қалу» (керісу, жанжалдасу), т.б.


Оның үстінеге қазақ «Жарапазан айтамын есігіне, қошқардай қос ұл бітсін бесігіне» деп тілек тілейді. «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деп мақалдағанда, ел жақсылары мен есесі бөлек мықтЫларды мегзейді. «Бір елдің мүйізі қарағайдай пәленшекесі» деп жатамыз кейде. «Ал содан не мүйіз шықты?» деп келетін сөз орамдары да жеткілікті.

«Өтеген батыр» жырында бас кейіпкердің айрықша нышаны ретінде «Қасара біткен қос мүйіз батырлықтың белгісі ед» деген жолдар бар. Мүйіз түріндегі заттар мен бейнелер ертеде әскери байрақ тутұғырының ұшар басында, діни әдет-ұғырларды атқару кезінде кең



пайдаланылған. Тәңір құты ретінде, көбею мен жолы болудың нышаны ретінде оның орны жоғарыда деп есептеледі.

Мемлекеттік елтаңбада қос бірдей ай мүйізді әпсаналық арғымактар бейнеленген. Олар киелі шаңырақты қос қапталынан орап, пәләжаладан, қауіп-кательден қызығыштай қорып тұрғандай әсер қалдырағы. Ортақ үйіміз – қасиетті Отанымызға қалтқысыз қызмет ету идеясын білдіреді. Тәуелсіз елімізді көздің карашығындай қастерлеп, сол жолда жан сала қызмет ету – киялдағы қанатты пырактар бейнесінің астарында жаткан басты лейтмотивтердің бірі.




Мемлекеттік елтаңбада бес бұрышты жұлдыз бар. Ол тәуелсіз мемлекетіміздің құшағы бес құрлыққа бірдей айқара ашық, әлемдік өркениет көшіне өз болмыс-бітімізді сақтай отырып ілеспек ниетіміз бар деген ойға мегзейді.

Адамзат баласы жұлдызды билік белгісі, өмірлік бағыт-бағдарды айқындастын жарық сәуле, асқақтық пен мәңтілікке құштарлық символы ретінде өте ерте замандардан бері пайдаланып келеді. Жұлдыз сөзі қолданылып жасалған геральдикалық (рәміздік) девиздер каншама. Мысалы, «Ad astra» (жұлдыздарға жол), «Astra peti» (Жұлдызды биіктеге ұмтылу), «Ad astra per fidem» (Сенім арқылы жұлдыздарға жету), «Per aspera ad astra» (Бұрылыс-бұлаңдарды басып, жұлдыздарға қол созу.) Бесбұрышты жұлдыз суреті көне түркі мәдениеті мұраларында (мысалы, Құлтегін ескерткішінде) кездеседі.

Жұлдыз бейнесі ұлттық тулардың төрттен бірінен астамында кездеседі. Олардың саны көп ретте елдегі аумақтық бөліністердің салына қарай айқындалады. Марокко туындағы бесбұрышты «Сүлеймен жұлдызының» бұрыштары рух, ауа, от, су және жер нышаны деп есептеледі. Израильдің алты бұрышты «Давид жұлдызы» бейнеленген туындин мәнімен таныма.





Бесбұрышты жұлдыз
бейнелі жасаңырмалар

Қазақ тілінде «сөті тусу», «жолы болу», «бақыт» деген ұғымдарды беретін қанатты ойлардың көбі «жұлдыз» сөзін пайдалану арқылы өрнектеледі. «Айың тусын оныңнан, жұлдызың тусын солыңнан», «Бағың ашылып, жұлдызың жарқырай берсін», «Жұлдызы жанған адам» деген сөз тіркестері соның айқын дәлелі.

Жұлдыз кеңестік ресейдің рәміздік жүйесінің төл белгілері қатарына жатпайды. Оны алғаш дворяндар іш тартқан. А.С. Пушкин олардың демократиялық аңсарын 1818 жылы жазылған «Чаадаевқа» деген өлеңінде: Сенгейсің, жолдас, жанады әлі, Жұлдызы жауһар бақыттың, Оянып Ресей үйқыдан... – деген әйгілі жыр жолдарымен білдіргені белгілі.

Бесбұрышты жұлдыз РКФСР-дің әскери омырау белгісі ретінде әскери істер жөніндегі Халық комиссарының шешімімен 1918 жылғы 19 сәуірде бекітілді. Бас киімге де тағылатын болды. 1918 жылдың 7 мамырына дейін оны әскери емес, жай адамдар да пайдаланды. Тек әскери істер жөніндегі Халық комиссарының арнаулы бүйрығы шыққан соң ғана жай адамдар тақпайтын болды. Бүйрықта белгіленген тәртіпті орындағандар әскери трибунал алдында жауап беретін боллады деген қатаң талап қойылған еді.

Бесбұрышты жұлдыз Ресейдің мемлекеттік елтаңбасында да бірден пайда болған жоқ. 1920 жылғы 20 шілдеде макұлданған жобада ол жоқ еді. Ал алғаш рет Латвияның мемлекеттік елтаңбасында қолданылды. Ол шешім 1919 жылғы 13-15 қантарда Ригада өткен Жұмысшылар, жері жоқтар және әскери атқыштар депутаттары Кеңесінің I съезінде қабылданған Республика Конституациясында бекітілді. Бесбұрышты жұлдыз латыш атқыштарының әскери белгісіне айналды.




Жаңында жарты ай бейнесі бар бесбұрышты жұлдыз 1920 жылы Хорезм және Бұхар Халық Республикаларының алғашқы елтаңба-рында көрініс тапты.

XVII-XVIII ғасырларда бес, алты және сегіз бұрышты жұлдыздар патшалық Ресейдің бірқатар қалалық, уездік және облыстық елтаңба-лық белгілерінде бейнеленді. Олардың арасында Семей қаласының (1851 жылғы 13 қарашада бекітілген) және Семей облысының (1878 жылғы 5 шілдеде бекітілген) ресми рәміздері бар. Олардың сипатта-маларында «...күміс ай мен бес бұрышты жұлдыз» деп аталған.

«Жұлдыз» және «бес» ұғымында терең нышандық байланыс бар екендігі назар аударарлық. Біздің заманымыздан бес мың жыл бұрын мысырлықтар ғарыш ұғымын беретін бес санын жұлдыз суретімен көрсететін болған. Бес саны ақиқат, әділдік және әділет құдайы Маат қолында деп есептелетін тағдыр ұғымын да берген. Бес – ақиқат пен әділдеттің ең жоғарғы өлшемі. Білімді бес баллдық жүйемен бағалау дәстүрі осыдан шыққан. Бесбұрышты жұлдыз белгісі пифагорлықтар ілімінде өзгеше орын алады. Олар 5 (пентада) жүп (2) және так (3) сандардың одағы ретінде рухтың заттық табиғаттан биіктігін бейне-лейді деп есептейді. Бес саны – табиғаттың символы. Өйткені, оның өзін өзіне көбейтер болсаң ($5 \times 5 = 25$), жерге себілген дән тәрізді қайта-дан өзін тудырады. Оны тепе-тендік саны деп те атайды. Өйткені, ке-мел сан – 10-ды тең екі бөлікке бөледі. Адам үшін ең жоғары құнды-лық дәнс аулық деп білген пифагорлықтардың бір-біріне хат жазған кезде алғаш қағазға түсіретін белгісі осы 5 саны болған. Ол амандасу рәсімін, «саяу-саламат болыңыз» деген ұғымды білдіретін еді.

Символизм канондары бо-бынша бесбұрышты жұлдыз ғарыштық бейнеге, адам фор-муласына жатады. Ертеде оны тұмар ретінде абыздар ғана пайдаланған. Оның суреті жа-мандық біткеннен қорғайтын кие саналған. Бесбұрышты жұлдыздың мұндай қасиеті





Гetenің «Фауст» поэмасында пайдаланылған. Онда Мефистофель бесбұрышты жұлдыз суреті салынған есіктен қорқатыны жөнінде сюжеттік желі бар.

Бесбұрышты жұлдыз – таңмен бірге туатын Шолпан жұлдызының белгісі.

Таң жұлдызы кашанда ізгі армандардың жүзеге асуына жол ашып, игі мұраттарға жөн сілтейтін аспан шырағы ретінде адамдар санасында айрықша қастерлі орын иеленді.

Казакстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында терезесі тен тәуелсіз мемлекет құру, адамзат көшіндегі осы заманғы дамыған елдер қатарына қосылу жөніндегі ізгі ниеттің және осы жолда барлық бес құрлық мемлекеттерімен, халықтарымен ашық қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыштың белгісі.

Ел аты мемлекеттің лингвистикалық және этно-мәдени рәмізі болып саналады. «Qazaqstan» («Қазақстан») (қазақ – этнос атауы, стан – парсы тілінде ел ұғымын білдіретін сөз) – мемлекет атауы ретінде ежелден қолданылып келе жатқан термин. Мысалы, араб тарихшысы Зайд-ад-дин Уасифи «Таңғажайып оқиғалар» («Бидаи аль-Вакаи») деген үлкен еңбегінде 1516-1517 жылдар шамасындағы бір оқиғаны



Қанатты барыс. Құрбандық шалу үстелінің бір бөлшегі



Алтын қаптырма. Есік қорғаны.
Б.з.д. V-IV ғғ.

суреттей отырып, шайбаниздар ханы қазақтарға қарсы жорықта өзірлік үстінде Қазығұрт тауының етегінде әскер жиып, Сайрам бойынан «Қазақстанға қарай» тартты деп жазады. Византия императоры Константин Багрямородный (Х в.) Кубанының шығыс жағын мекендеп отырған елді «Казахия» деп атайды. «Закхиядан әрі Панагия, Панагиядан әрі Казахия, ал одан әрі аландар отаны» деп жазады ол. «Тан әuletінің тарихы» (VII в.) атты қытай жылнамасында: «Парсылар Шығыста тохарлар мен және қаньлылармен шектеседі, ал олардан әрі қыыр солтүстікке қарай түркі ұлысы – қасалар (казақтардың көне деректерде қолданылған атауларының бірі) тұрады» дедінеді. Парсы тілінде жазылған «Әлем шекаралары» (982 ж.) деген кітапта «Аландар елінде қасақ ұлысы бар» деген жолдар кездеседі. Шығыстың ұлы классигі Фирдоусидің «Шахнама» дастанында «қазақ елі», «қазақ хандығы» Арап теңізінен солтүстікке қарай кесіліп жатқан сайын даланы мекендейтін сайыпқыран халқы бар аса қуатты әрі саны мол ел деп көрсетеді. Дастанда о сынау күшті мемлекеттен Тұранның сол тұстағы ең құдіретті патшалықтарының бірі Иранның өзі сескенетіні де сездірілген. С. Лэйн-Пул, А.П. Чулошников сияқты тарихшылардың пікірі де осыған саяды. Никон жылнамасы (ор. «Никоновская летопись», XVI в.) бойынша Шығыс хан славян князьдіктеріне алғаш шабуыл жасағанда (1223 ж.) Кавказ тауы жағынан қазақ жерін басып өткен. Араб жиһангери жазушы Эль-Ауфидің «Тандаулы әнгімелер мен аңыздар жинағы» атты кітабында: «Алтайда қарлықтар тұрады... Олар тоғыз ұлысқа бөлінеді, ішінде үш «шіңгіл» және үш «қазақ» ұлысы бар» деген дерек аталады. 1582 жылы араб тарихшысы Сейфи: «Қырғыздардың қасындағы көршілері – қазақтар. Олар – 200000 отбасы. Өздері – мұсылмандар, Имам Ағзам (Абу Ханифа) жолын ұстайды», – деп жазады (Қараңыз: В.В. Бартольд. Очерк истории Семиречья, 96-бет).

Қазіргі Қазақстан аумағында ерте дәүірлерден бері талай мемлекеттік құрылымдар дүниеге келген. Олардың құрамында бүгінгі қазақтардың ата-бабалары болып табылатын әртүрлі тайпалар мен руслардың да болғаны анық.



Қазақ хандығының құрылғанына
550 жыл толғанына орай
шығарылған пошта маркасы
(Қазпошта, 2015 ж.)



Қазақ этносының атымен аталған мемлекеттік құрылым 1456 жылдың 15 қарашасынан шықты. Ол – Қазақ хандығы (Қазақ ордасы) деп аталды. Негізін салған – қазақ хандары Керей мен Жәнібек. Қазақ хандығы XVIII ғасырға дейін өмір сүрді. Кейін қазақ жері Ресейге қосылды. XX ғасырдың басында, 1917 жылдың ақпанында, «Алашорда» атты мемлекет құруға әрекет жасалды. 1920 жылы 26 тамызда РКФСР құрамына сол кездегі Семей,

Ақмола, Торғай, Орал губерниялары және Астрахан губерниясының қазақтар тұратын бөлігі енген Қырғыз (Қазақ) АКСР-і (1924 жылға дейін Қазақстанның қазіргі жер аумағының біраз бөлігі Түркістан АКСР-нің құрамына енді). 4 қазанда Астана атанған Орынборда ҚАКСР Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, республикалық жоғары басшылық органдар сайланды. ҚАКСР ОАК төрағалығына – С.М. Менделев, ҚАКСР ХКК төрағалығына В.А. Радус-Зенькович өтті. Ол 1925 жылғы 19 сәуірде Қазақ АКСР-і атандып, 1936 жылғы 5 желтоқсанда Қазақ КСР-і болып қайта құрылды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда жаңа егеменді қазақ мемлекеті Қазақстан Республикасы (Қазақстан) деген ресми атау алғаны жоғарыда) айтылды.

Орыс тілінде «казах», «Казахстан» деп айту-жазу тәжірибесі 1936 жылдан басталды. Тиісті Үкімет қаулысы шыққанға дейін «казак», «Казакстан» үлгісі пайдаланылып келген болатын.

1936 жылдың акпан айында Қазақ автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының (Қазақ АКСР) Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссарлар Кеңесі қабылдаған бұл құжат «Қазақ» сөзінің орысша айтылуы мен жазбаша таңбалануы туралы» деп аталады.

Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары Әліби Жангелдин Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кенесінің төрағасы Ораз Исаев қол қойған қаулының бірінші бабында: «Қазақты» орысша барынша дұрыс айту үшін осы сөздің қазақша айтылуына және жазбаша таңбалануында «казак» сөзінің соңғы әрпі «х» әртімен алмастырылсын, осыған байланысты «казак» емес «казах» деп, «Казакстан» емес «Казахстан» деп жазылатын болсын», – дейді.

1997 жылы ел атауының ағылышын тіліндегі ресми транскрипциясы бекітілді («Kazakhstan»).

В. Гинзбург пен Н. Залкиндің «Антропология және этнографиялық музей» жинағының XVI томында (1955 ж.): «Қазақ халқының антропологиялық типі Оңтүстік Сібірдің өте ертеден келе жатқан халықтарының негізінде Орталық Азиядан, Оңтүстік-Шығыс Сібірден келіп қосылған жүрттармен бірігіп, VII–VIII ғасырлардан XII–XIV ғасырларға дейін өз алдына жеке антропологиялық тип болып қалыптасқан» деген ғылыми қорытынды жасалады.

М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы» деген кітabyнда «Қазақ халқының халық болып құрыла бастауы әрісі Түркеш ұлыстық одағы (704-766 жж.), берісі оның орнына әрісін кенейте жасалған Қарлұқ ұлыстық одағы (766-940 жж.) кезінен басталады» деп есептейді. Еуразия төріндегі Ұлы дала төсінде тамырын теренге жайып, тірлік кешкен қазақ этносының қалыптасуына қатысты осы мерзім Қазақстан тарихына арналған басқа ірі зерттеулерде де аталады. А. Вамбери

Карлы шың жақта қарайып,
Мүсін тұр басын күн сүйген.
Шеберде болар бар «айып»,
Каракөз қызды шын сүйген.
Қыз – бейне содан қашаган,
Сыр түйіп ерін, жанарга.
Тіл бітсе кенет, о, жасаган,
Қыпшақша әнге салар ма?

C. Марков



казактар «физиологиясы, тілі мен әдет-тұрпры жөнінен өзінің ежелгі тегіне ең жақын» үлт деп саналатынын ашық жазған.

Ал осы заманғы Тайвань ғалымы Чжен Кун Фу: «Қазақ халқы – табиғи орта жағдайында сакталып қана қоймай, оның үстіне сол табиғи ортасы осы күнге дейін қаймағын бұзбай сактай алған әлемдегі азғана ұлттардың бірі. Халықтың өткеніне көз жіберсөніз, қазактар мындаған жылдар бойы осы кең далада барлық ресурстарды ақылмен пайдаланып, өмір сүргеніне анық көз жеткізесіз. Олар қоршаған ортаны қиратуға немесе езгертуге ұмтылмаған, сондықтан да әлеммен әдемі жарасым тапқан. Сондықтан да олар қазір Ұлы даланың бірден-бір қожасы ретіндеге өздерінің тәуелсіз мемлекетін – Қазақстан Республикасын құрып отыр» дейді.

Расында да, біздің мемлекетіміздің тарихы сонау өткен ықылым замандардан бастау алады. Ол Ұлы дала тағдырымен тығыз байланысты.

Ол – донғалақты, киіз үйді, жебе мен темір дұлығаны ойлап табу тарихы. Оның данқы аты аңызға айналған скиф ғұламасы Анахарис және Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Шығыстың ұлы – энциклопедист ғалымы әл-Фараби е сімдерімен, ке зінде бүкіл дүниеге мәшіһүр Александрия кітапханасымен бақ таластырған ғажайып Отырар кітапханасымен шыққан. Ол – ұлы қолбасшылар Мөде мен Аттила,



Кошпелілердің коне баірақтары



әйгілі әйел патша Томирис, Мысыр мамлюктерінің көсемі Бейбараң есімдерімен, олардың Кир патша мен Александр Македонский жауынгерлерін жерге қаратқан жеңістерімен даңқты ғаламат әскери өнер тарихы.

Ол – алты гасыр бойы (VI–XII ғғ.) әлемнің Шығысы мен Батысның бірден-бір алтын көпірі болған, аймақтың экономикалық дамуының бірден-бір көзі қызметтін атқарған әрі жалпы әлем экономикасының жағдайына тікелей әсер еткен Ұлы Жібек жолының тарихы. Ол – Талас және Орхон-Енисей ескерткіштерінде, Жетісудан табылған «Алтын адам» көмбесінде ізі қалған көне түркі жазуы және төлтума өнердің тарихы. Оның бойында танғажайып музыка мәдениеті мен әдебиет тарихының тамыры бұлкілдейді.

Бағзы бабалар қолданған жазулар мен жасаған көне әдебиет туралы дерек Қытай саясатшысы Чжан Цянъ жазбаларында кездеседі. Ол б.з.д. 140-127 жылдары барлығын қосқанда он үш жылдай уақыт қазіргі қазақ халқының құрамындағы үйсін, қаңлы және басқа тайпалардың ортасында өмір сүрген. Өз еңбегінде олардың төл жазуы бар деп хабарлайды.

Қытай саяхатшысы көрсеткен өнірлерде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде 15 ескерткіш тас табылған. Оларды ғалымдар

«Талас руникалық жазуы ескерткіштері» деп атады. 1896 жылы В.А. Каллаур тауып алған «Талас тасы» деп аталатын көне жәдігер V-VII ғғ. дүниесі ретінде тіркелген. 1963 жылы аталмыш дәуір жазба мәдениетінің тағы бір үлгісі Туркістан қаласы маңындағы Артық (Архук) қалашығының орнынан қазып алынған тас ескерткіштен таңылып, оқылды. Оны зерттеген белгілі тілші-ғалымдар F. Мұсабаев пен А. Айдаров.

Қазақ даласында орта ғасырларда дүниеге келген мәдениет үлгілерінің кейбір нұсқаларын әлем кітапханаларынан, мысалы Париждегі Ұлттық кітапхана және Армениядағы «Матедаран» кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорынан кездестіруге болады.

Көне түркі тілінде мемлекет, тайпалық одақ және ұлыс ұғымдары «ел» деген сөзben өрнектелгеніне назар аударған жөн. Орхон-Енисей

ескерткіштерінде (VII–XII ғғ.) осылай тасқа қашалған. Қазір де осылай жазып, осылай сөйлейміз. Тек қазактарда ғана емес, туvalықтарда да, қыргыздарда да, хакастарда да, шорларда да, алтайлықтарда да, басқа да бірқатар түркі текстес халықтарда да солай. Ту, шекара және елші сөздерінің тағдыры да осындей.

Сол сияқты қаған (Киев княздері Владимир және оның баласы Ярослав Мудрый өздерін қаған атаған), хан, орда, төре, ер, батыр, шеру, ұрыс, ұлыс, оқ, қылыш, т.б. сөздері де осы заманға шейін айтартықтай көп өзгеріске ұшырай қоймаған.

Ғалымдардың ортақ пікірі бойынша, қазақ тілі әлемдегі түркі тілдері арасындағы ең көнеден бастау алған және басқа тілдердің ықпалына көп түспеген, сол сияқты өте бай әрі сұлу тілдердің бірі. Ғалымдар Қазақстан аумағында сонау VI ғасырда төл әліпбі бар көне түркі жазуы пайдаланылған деп есептейді.

X–XI ғғ. араб жазуына көшу жүзеге асырылған. Бұл әліпбі XX ғасырдың 20–30 жылдарына дейін пайдаланылды. Соナン кейін біраз уақыт женілдетілген араб және латын әліпбилері қолданылды. Қазіргі қазақ әліпбі орыс жазуы мен фонетикасының негізінде жасалған, 1940 жылдан бері қолданылып келеді.

Каратай жоталарында, Есіл өзенінің жоғарғы сағасында, Сарысу бойында, Балқаш көлінің маңында және Манғыстауда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары Қазақстан аумағында адамдар тас дәүірінде тіршілік етіп, отпен, садақпен, жебемен, балтамен, дән уат-кышпен пайдаланылғанын дәлелдейді.

Неолит дәүірінде тоқымашылық, құмыра жасау және кен қазу жұмыстарының қарапайым түрлері өмірге келген. Ал қола дәүірі – бұл полиметалдар мен енбек құралдарын игеру, қару-жарақ және сапалық түргыдан мүлдем жаңа заттардан жасалған әшекей бүйымдар қолдану кезеңі. Жезқазған және Зырян, Атасу және Қалба, Нарын, Степняк және Ақжол маңында барлығы жүзге жуық көне кеніш және металл құю шеберханаларының орындары табылды. Өндірілген кен және қорытылған металл төл қажеттіліктерге ғана емес басқалармен айырбас құралы ретінде де пайдаланылған.

Өткен дәуірдің сонына қарай және жаңа жыл санауымыздың басында еліміздің онтүстігінде жоғары дәрежеде дамыған мал шарушылығымен қатар суармалы егіншілік те өрбіді. Отырықшылық және егіншілік аймактары барған сайын кеңеңе түсті. Малды жеке меншікке айналдыру үрдісі орнықты.

Экономикадағы өзгерістер рухани мәдениеттің дамуына, қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің жетілуіне негіз болды.

Ұлы дала төсінде өткен өмірді халықтың тарихи зердесінде қайта оятуға археологиялық қазба жұмыстардың інтижелерімен қатар белгілі жазба мұралар да көмектеседі.

Олар – «Авеста», «Шахнама», көне түркі жазбалары ескерткіштері, Рашид-ад-диннің, Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектері, көне қытай, монгол, Византия және орыс жылнамалары. Терен білім көздеріне сол сияқты «тарихтың атасы» атанған Геродоттың (б.з.д. V ғ.). Полибидің (б.з.д. IV–III ғғ.), «Қытай тарихының атасы» Сыма Цянъ (б.з.д. I ғ.), Гомер, Константин Багрянородный, Плано Карпини, Марко Поло, Г. Рубрук, А. Вамбери, Өтеміс қажы, Фазылллах ибн Рузbihan Исфахани, әл-Фараби, Абылғазы, Махмуд Қашқари, Қадырғали Жалаири шығармалары жатады. Оған қоса аса ауқымды, бірақ аз зерттелген, тарихнама айналымына әлі аз енгізілген араб және парсы тілдеріндегі әдебиеттер бар.

Халқымыздың өткені туралы «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қырымның қырық батыры» циклы және басқа эпикалық туындылар көп сыр шертеді.

Өткінішке орай біздің халқымыз бер қоғамымыздың толық әрі ғылыми жүйеленген тарихы әлі жазылған жоқ. Нағыз тарихымыз тек XX ғасырдан бастау алады, қандай да болсын дара болмыс-бітіміміз туралы сөз етуге хақымыз жоқ деген көзқарас бел алған кезеңді бастаң өткергенімізге де көп бола койған жоқ.

Ағаш тамырсыз болмайтыны тәрізді халық та тарихсыз болуы мүмкін емес. Ертеңен үміті барлардың әлі-ақ көніл көзі ашылары сөзсіз. Ұмытшақтық та өтер. Мәңгүрттік емес, жақсы зерде ғана



адамның бойына сенім ұялатып, келешекті айқын сезінуге көмектеседі, жақсылық жасау мен жасампаздыққа ұмтылдырады. Тарихты танып-білу өз болмысынды тану үшін және тарихыңың бүкіл адамзат тарихының бір бөлшегі әрі басқа халықтардың тарихымен тамырлас екенін сезінүү үшін қажет.

Қазақстан тарихына қатысты түпнұсқа материалдарды жүйелеуде ниеттеніп, қыруар иғі қадамдар жасаған ғалымдардың арасында А.Н. Левшин, В.В. Бартольд, А.Н. Бичурин, В.В. Радлов, Л.Н. Гумилев, И.И. Карамзин, Н.А. Аристов, С.Е. Малов, В.В. Вельяминов-Зернов, А.Н. Бернштам, В.М. Массон, Г.Е. Грум-Гржимайло, В.В. Григорьев, Н.Г. Потанин, С.Г. Кляшторный т.б. бар. Осы бағыттағы Ш. Уәлиханов, Ш. Құдайбердіұлы, М.Көпееев, М. Тынышбаев, Е. Бекмаханов, С. Аманжолов, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұлан, М. Қозыбаев, М. Ақынжанов, Т.И. Сұлтанов, т.б. енбектері зор. Халықтың тарихи болмысын танып-білуге бағытталған бұралаңды жолдың ірі белестері ретінде Қазақстанның он екі томдық энциклопедиясын және

«Қазақ ССР-ның көне замандардан осы кезге дейінгі тарихы» атты бес томдық академиялық басылымды атауға болады. Тарихты оқып-үйрену арқылы ұлттық сана-сезімді ояту – жан-жақты процесс. Осы арада деректерді тарихи көркемдік таным арқылы қорытып, жүйелеудін маңызы зор. Мұндай қарает бізде И. Есенберлин, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, М. Симашко, О. Сүлейменов, Қ. Мырзалиев, Ж. Молдагалиев, Д. Досжанов, Б. Жандарбеков сияқты белгілі ақын-жазушылардың есімімен байланысты. Соңғы кезде тарихи білімді көпшілік қолды әдебиетке айналдырушылар пайда болды. Бұл олардың адамдардың өздерінің өткенін білуге деген қажеттілігінің өсуіне және авторлардың тарихи ақтандактарды толтыруға деген талпыныстарының әсерінен өріс алған құбылыш. Төл тарихымызды қазіргіден кенірек әрі терең зерттеу далалық өркениет жағдайында калыптасқан адамзат тәжірибесінің болмыс-бітімін барынша айқындал берері сөзсіз. Әлемдік тарихнамада сақтар (б.з.д. VII-VI ғғ.), массагеттер, үйсіндер (б.з.д. IV-III ғғ.) қаньылар (б.з.д. II-I ғғ.), сарматтар (б.з.д. I ғ.), аландар (I ғ.) және ғұндар (III ғ.), жалайырлар, дулаттар, арғындар мен алшындар әртүрлі мемлекеттік құрылымдар құрғаны белгілі.



Ғұн империясы ыдырағаннан кейін тарих сақнасына Түркі қағанаты (VI- VIII ғ.) шықты. Астанасы Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласы болған Батыс түркі қағанатының құрамына көптеген қазақ тайпалары (жалайыр, аргын, алшын, қоңырат, найман т.б.) енді. Оның жер көлемі Ғұн империясынікінен әлдеқайда артық еді. Түркі қағанатының орнын Түргеш (VIII ғ. 40 жылдары), Қарлұқ (766-940 жж.) қағанаттары басты. Кейін Қараханидтер мемлекеті (X-XI ғғ.) дүниеге келді. Астанасы – көне Тараз. IX-X ғғ. Орталық Қазақстан мен Сырдария өзенінің төменгі ағысы тұсындағы жерлер тарихта оғұз атымен танымал түркі тілдес тайпалар одағының құрамына енді. Бұл мемлекеттің астанасы – қазіргі Қызылорда облысының жеріндегі ежелгі Янгикент қаласы. Оғұздардың батыстағы көршілері Еділ, Жайық бойындағы печенегтер болатын. Солтүстік пен Солтүстік шығыста қимақ (VII-IX ғғ.), керей, найман (IX-X ғғ.), қыпшақ мемлекеттері құрылды.

1218 жылы аймакқа Шыңғыс хан әскерлері басып кірді. Одан кейінгі тарих парактартары Алтын Орданың оның Шығыс қанаты – Көк Орда (астанасы – Сырдария өзенінің бойындағы Сығанақ қаласы) жылнамасымен тығыз байланысты.

1456 жылы Қазақ Ордасы (Қазақ хандығы) құрылды. Оған негіз болған оқиғалар – Шыңғыс әүлеттері арасындағы билікке талас, Ақсақ Темірдің Алтын Орданы күйретуі, Өзбек ұлысындағы Әблілқайыр хан билігінің әлсіреуі. Дер кезінде жасалған сәтті қадам Керей мен Жәнібек хандардың қазақ мемлекеттігінің негізін қалауына мүмкіндік берді. Кейін казіргі Қазақстанның аумағын түгел қамтыған жаңа мемлекеттік құрылыш жүйесі, сот ісі мен дипломатиясы қалыптасты.



Дала көшпелілерінің Қасым ханының «Бес жарғысы», Тәуке ханының «Жеті жарғысы» аталған төл конституциялары болғаны белгілі. Оларда қоғамдық, діни, халықтық салт-дәстүрлер терең көрініс тапқан.

Қазақ хандығының жеке мемлекет ретінде өмір сүруі төлтума мәдениеті, әдебиет пен өнерді сактап,



одан әрі дамытуға және Еуразияның күрделі тарихи бұраландарында ұлт ретінде сақталуға мүмкіндік берді. Қазақ Ордасының астанасы мұсылман әлемінде

Меккеден кейінгі танымал киелі орындардың бірі – Түркістан қаласы.

Әлем тарихын зерттеуші ғалымдар адамзаттың даму жолын үш кезеңде бөледі. Олар: 1) антикалық – орта ғасырлық кезең (б.з.д. III ғ. – XV ғ.); 2) жаңа тарих (XV–XX ғғ.) және 3) қазіргі тарих (ол 1914–1918 жж. алғашқы дүниежүзілік соғыс кезінен басталады). Екінші кезеңде әлемдік рынок қалыптасқан. Осы кезеңде құрылған Қазақ хандығының тағдыры көрші мемлекеттер халықтары тағдырымен тығыз байланысып жатыр. Жонғариямен арадағы көп жылдық соғыс ақырында женіспен аяқталды. Еуразия арасындағы көшпелілердің соңғы мемлекеті Қазақ Ордасы болып қалды.

Қос өкпесінен бірдей Қытай мен Ресей империялары қысқан, оның үстіне Орта Азияның басқа да мемлекеттерімен бәсекеге түскен күрделі жағдайда өмір сүру онай болған жоқ. Бірақ Абылай хан (1711–1781 жж.) тәрізді көреген де батыл саясатшылардың арқасында қазақ елінің тәуелсіздігі сақталып тұрды. Ол өз саясатын Қытай мен Ресей мұдделері арасында шебер үйлестіріп, түрлі тығырықтан шығар жол таба білді.

Дегенмен мұндай жағдайда ұзақ сенімді тірлік кешу қыын еді. Күшті одақтас таңдау қажеттігі туды. Әбілқайыр хан, Жәнібек Тархан және басқа мемлекет кайраткерлері осындағы саясат ұстанды.

Таңдау Ресейге түсті. Өкінішке орай, тең мұдделі одақ туралы ой жүзеге аспады. Күшті әлсізben санасуды жән санаған жоқ. Қамқорлығы үшін мемлекеттік егемендікпен, ел тәуелсіздігімен қош айтysуға тұра келді. Тарихымыздың Ресей құрамындағы жаңа кезеңі басталды.

Жер-su аты – елдің халықтың ақындық аңсары арқылы беріндірілуі. Олар халықтың мінез-құлқы, тарихы, қалau-құмары мен тұрмыстық ерекшеліктері туралы сыр шертеді.

К. Паустовский



Ресей империясы жаңа бодандарымен қарым-қатынасты Қазақстан аумағында әскери бекіністер салудан бастады. 1880-1890 жылдары аймақты бүкіл ресейлік экономикалық жүйеге қосу жөнінде шешуші қадамдар жасалды. Патша үкіметі Қазақ даласына Ресей, Украина және Белоруссия шаруаларын көшіріп, қоныстандыру туралы шешім қабылдады. Кейін де бірнеше мәрте қайталаңған мұндай ірі көші-қон процестері казақ ұлтының өз жерінде азшылыққа айналуына экеп соқты.

Ресей халықтарымен және басқа көршілермен бір мемлекеттік жүйеде өмір сүрген көп жылдық ортақ тағдыр туралы бір жақты пікір айту қыын. Бұл жағдайдың бүкіл теріс әсерін алға тарта отырып, күшжігер біріктіру аса күрделі жағдайдың өзінде этнос ретінде және бірегей қауымдастық ретінде сакталып қалуға мүмкіндік бергенін де жоққа шығарма керек. Аймақтың экономикасы, мәдениет пен өнер дамытылды. Негізгі бағдар, әрине, европалық өркениетке көбірек бағытталды.

Халқымыз тарих сынынан еңсесі білік, ертеніне деген зор сеніммен шықты. Өміршендей күшін, пассионарлық қасиетін (Л. Гумилев) жоғалтқан жоқ.

Тәуелсіздікті аңсап-армандаудың өзі жаңалық біткенді қабылдау сезімін күштейтіп күш-жігерді айырықша шындаитын тәрізді. Жана болмыс-бітім қалыптасады. Бұл ретте көп ұлттылықта біздің қоғамымыз үшін оң әсерлі құбылысқа жатады. Ортақ мақсатқа орайлы бағытталған көп қырлы күш-жігердің тиімділігі аз емес. Әртүрлі мұдделерді өзара үйлестіру жөніндегі кажеттілік жан-жақты ойластырылып, өлшеп-екшеленген шешімдер қабылдауға деген мұдделілікті күшайтей түседі. Алуан-алуан пікірлер мен көзқарастардың еркін бәсекесі кез келген қоғамның қозғаушы құші екені белгілі.

*Өмір дегеніміз – қоршаган ақиқат әлеммен аралас-
қыралас болу.*

Х. Ортега и Гассет



Әлемдік даму тарихының теоретиктері қоғамның ырғакты дамуын ақиқат ретінде тану қажет деп есептейді. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолында да отырған жоғалтқанымызды тауып, елдік егемендігімізге қайыра қол жеткен қазіргі кезең біздің жаңа тарихымыздың бастауы болуы керек.

Осынау иғі ниетпен берік сенімге негіз болған тарихи жолдың басы – 1990 жылғы 25 қазанды Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы. (Қазір бұл күн жалпыұлттық мерекеге айналды*). Мемлекеттік тәуелсіздігіміз, сол сияқты, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы заңда (1991 жылғы 16 желтоқсан) және Қазақстан Республикасының Конституциясында заңдастырылған.

Егемен ел атанған тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциясы:

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, бауырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп үгына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жағдапары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз», – деген терен мағыналы сөздермен басталады.

Ата Заңда Қазақстан Республикасы демократиялық, зиялды, құқықтық және әлеуметтік сипаттағы мемлекет екендігі атап көрсетілген. Мемлекет үшін ең жоғары құндылық адам, оның өмірі, құқы мен еркіндігі болып табылады. Негізгі қағидаттар қатарына республикадағы қоғамдық көлісім мен саяси тұрақтылықты сақтау, бүкіл халықтың ігілігіне бағытталған экономикалық дамуды қамтамасыз ету, қазақстандық патриотизм, мемлекет өміріндегі аса маңызды мәселелерді демократиялық жолмен шешу бар.

* 25 қазан – Республика күні болып көп жылдар бойы тойланғанымен, 2009 ж. мерекелер тізімінен алғыншыл тасталады. Алайда, 2022 ж. Президенттің ұсынысымен ол Үлттық мерекелер қатарына қайта қосылды.



Қазақстан Республикасы – президенттік басқаруға негізделген унитарлық мемлекет. Егемендік елдің бүкіл ауқымына бірдей тараиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, оған ешкімнің қол сұқпауын және оның бірде-бір пұшпағы бөлшектенбеуін қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық. Республикада идеологиялық және саяси әр алуандылыққа жол ашиқ.

Жас егемен мемлекетіміз құрылышының басты бағыттары, міне, осындаі. Олар ізгілік пен демократияға қатысты ең биік талаптарға жауап беретін құндылықтар. Біздің аңсарларымыз бен алғашқы қадамдарымыз әлемдік қауымдастық тарапынан қолдау тапты. Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымының, Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ұнтымақтастық Ұйымы, Халықаралық валюта қорының, бірқатар әлемдік және Еуропалық банктердің, сол сияқты көптеген басқа да беделді халықаралық ұйымдардың тең құқылы мүшесі. Жұзден аса елмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Ресей және Жапония сияқты ірі мемлекеттермен, басқа да елдермен өзара тиімді байланыс жасалуда.

Откен отыз жыл ішінде нарықтық экономикаға дербес бел айтқан ел, орта Азияның лидері, тыныштық пен бірлік бесігі деген атқа ие болып үлгерді.

Тарихи тәжірибе мемлекет тағдырының ең бір күрделі тұстарында ұлттық лидерге қаншалықты зор рөл жүктелетіндігіне күэ. Жаңа тарихымыздың бастауы – Президент Н. Назарбаев есімімен тығыз байланысты. Ол – барлық өзгерістердің тізгінің ұстаған тұлға. Ел басшылығының ауыр жүргін 1989 жылдан (1991 жылы 1 желтоқсанда Бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тұнғыш Президенті болып сайланды) – 2019 жылдың 20 наурызыңа дейін көтеріп келген тұнғыш Президент қалыптасқан жағдайға сәйкес нақты әрі болашаққа батыл бағыт алған жүйелі саясат ұстанып, оны тегеуінді турде жүзеге асырды. Асау толқындар жағаға ұрган буырқанған бейтаныс теңіз айдынында аңсардағы алыс жағалауға кеменде тұра жүргізу женіл емес, эрине.

Ал 2019 жылдың 20 наурызында елдің басшысы ауысып, Қазақстан Республикасы Президентті лауазымына еліміздің нығаюы мен дамуына талай жыл зор үлесін қосқан танымал мемлекет қайраткері



Қасым-Жомарт Тоқаев мырза ие болды. Ол 2019 жылдың 9 маусымында өткен Президенттік сайлау нәтижесінде 71% дауыспен женіске жетіп, тәуелсіз Қазақстан тарихындағы екінші президент болып саланды.

Сарапшилар Қазақстан басшылығы Азияға да, Еуропаға да барша әлемге ашық саясат жүргізіп отырғандығын бөле-жара атайды. Өйткені өз мүдденді жоғары қоя отырып, өзгелермен өзара тиімді қарым-қатынас жасай білу – мемлекетаралық байланыстағы басты қағидаттардың бірі. Қазақстан басшысының бірлік пен жасампаздыққа баса көніл бөлуі елімізде және одан сырт жерлерде де кең қолдау тауып отыр.

Мемлекет басшысы қызметтінің өзгеше рәміздік сипаты бар. Мысалы, американдықтар өз Президентін ең жоғары әкімшілік қызметтің иесі ретінде ғана емес, сонымен бірге жалпы мемлекеттік идея символы ретінде құрметтейді. АҚШ-та жыл сайын ұлттық мереке ретінде тойланатын «Президенттер күні» мейрамы да бар. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» заңының* алғашқы бабында: «Республика Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастырының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кеппілі», – деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының рәміздік астарында аса ауқымды мән-мағыналар жатыр. Оның ел өмірінде ерекше орын алуының сырын да осындей терең қатпарлардан іздеу керек.


Мемлекеттік елтаңбада пайдаланылған негізгі бояу – алтын түсті рең. Рәмістану дәстүрі бойынша алтын – байлықтың, әділдік пен кеңдіктің белгісі. Графикалық түрде көп нұктемен белгіленеді.

Елтаңбада көгілдір тұс те бар. Ол алтын түсті реңмен әдемі жарасым тапқан.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының мағыналық және көркемдік-эстетикалық болмыс-бітімі, сол сияқты, оны жасаудағы жоғары кәсіби шеберлік білгір мамандар тарапынан жақсы баға алып жүр.

* Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2733 Конституциялық заңы.





Кимак-қытыңкылар елтін картасы. Х.г. (Әп-Илдисінді «Әлем шекаралы» кітабынан, XI с.)



Жазу белгілері мен нышандары

Алғашқы пиктограммалар	Кейінгі жазулардағы пиктограммалар	Көне Вавилон белгілері	Ассирия белгілері	Мәні
				Құс
				Балық
				Есек
				Өгіз
				Күн
				Дән
				Бақша
				Жер жырту
				Бумеранг лақтыру, ұрып түсіру
				Тұру, журу



Әлем халықтарының көне жазулары

Скнайлық	Ханааней-Финикийлік	Ежелгі Грек	Кейінгі Грек	Латын	Ағылшын
א ב	ף	Α	Α	Α	Α
ב ג ד	ג ג	Σ Β	Β	Β	Β
ל צ	ל	1	Γ	C G	C.G
ב פ	ו ו	Δ	Δ	D	D
ח צ	ץ צ	Ξ	Ξ	E	E
ו	ו	Υ	Υ	F V	F U V W Y
= (?)	ז ז	Ι	Ι		Z
ח צ	ח צ	Θ	Θ	H	H
	⊗ ⊗	⊗	⊗		(Th)
ג י	ג י	ئ	ς	I	I, J
ת צ	ת צ	Κ	Κ		K
נ צ	נ צ	ν Η Ι	Λ Α	L	L
מ צ	מ צ	Μ	Μ	M	M
נ צ	נ צ	Η	Ν	N	N
← →	← →	Ξ Ξ	Ξ	X	(X)
ו ו	ו ו	Ο	Ο	O	O
ו	ו	Γ	Γ	P	P
ג א	ג א	Μ	Μ		(S)
ש צ	ש צ	Φ	Φ	Q	Q
ת צ צ	ת צ צ	א	א	R	R
כ צ	כ צ	ז	ξ	S	S
+.	+	Τ	Τ	T	T

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ӘНҮРАНЫ





**ШӘМШИ (ЖӘМШИД)
ҚАЛДАЯҚҰЛЫ (ӘНӘПИЯҰЛЫ) ҚАЛДАЯҚОВ
(1930-1992)**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының авторы, көрнекті сазгер, Қазақстан Республикасы халық артисі, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері.

1930 жылды Оңтүстік Қазақстан облысының Отырад ауданындағы Шәуілдір ауылында дүниеге келген. Қапыланбек мал-дәрігерлік техникумында, Хамза Ниязи атындағы Ташиент музикалық училищесіндеге және Құрмангазы атындағы Алматы консерваториясының композиция факультетінде оқыған.

1950 жылдан бастап шыгармашылық жұмыспен айналысты. «Қазақ вальсінің королі» атапнан композитор үш жүзге жуық ән шыгарды. Олардың арасында «Бақыт құшагында», «Бәрінен де сен сұлу», «Қайықта», «Ана туралы жыр», «Ақ сұңқарым», «Ақ маңдайым», «Көгілдір Көкше», «Сыр сұлуы», «Ақ ерке – ақ Жайық», «Әнім сен едің», «Ақ бантік», «Кешікпей келем деп ең», «Қайдасың», «Цыган серанадасы» және басқа халық арасында кең тараған музикалық туындылар бар.

Композитор шыгармалары «Әндер» (1967), «Бақыт құшагында» (1971), «Шәмшиңің әндері» (1983), «Шәмши әлемі» (2000), «Шәмши» (2002) атты жеке жинақтарда жарық көрді.





**ЖҰМЕКЕН САБЫРҰЛЫ НӘЖІМЕДЕНОВ
(1935-1983)**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одагы сыйлышының иегері. 1935 жылы Атырау облысының Құрмангазы ауданындагы Қошалақ ауылында дүниеге келген. Құрмангазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының халық аспаптары факультетінде және Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институты жасындағы Жогары әдеби курстарда оқыған. «Жазушы» баспасында, «Лениншіл жас» газетінде, Қазақстан Жазушылар одагында, Баспа істері жөніндегі Мемлекеттік комитетте, «Мектеп» баспасында жұмыс істеген.

Шығармалары: «Балауса» (1961), «Сыбызғы сырды» (1962), «Өз козіммен» (1964), «Жоқ, ұмытуға болмайды» (1965), «Жарық пен жылу» (1966), «Күй кітабы» (1967), «Мен түгансын» (1972), «Мезгіл әуендері» (1968), «Ұлым, саган айтам» (1970), «Қызығалдақ жайлары баллада» (1971), «Ақ шағыл» (1973), «Кішкентай» (1975), «Даңқ пен дақпырт» (1977) «Темірқазық» (1981), «Мениң топырағым» (1985) кітаптары, уи томдық шығармалар жинағы (1996).

Ақын жылдары бірнеше шетел тіліне аударылған.





НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының, Халықаралық инженерлік академияның және Ресей ғлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. «Алтын Қыран» орденінің, дүние жүзінің көптеген елдерінің ең жоғары мемлекеттік наградаларының, бірқатар отандық қоғамдық үйімдердің арнайы сыйлықтарының иегері.

1940 жылды Алматы облысының Қарасай ауданындағы Шамалған ауылында дүниеге келген. Украинаадағы Днепродзержинск техникалық училищесінде, Қараганды металургиялық зауыты жасындағы Жоғары техникалық оқу орнында (зауыт-ВТУЗ) оқып, инженер-металлург мамандығын алған. Еңбек жолын Теміртауда болат балқытушы болып бастап, кәсіпорын, қала және облыс деңгейінде басшылық жұмыстар істеді. Қазақ КСР-нің Үкімет басшысы және елбасы жоғары лауазымды қызметтерін атқарды.

1991 жылдың желтоқсан айынан – 2019 жылдың 20 наурызына дейін – Қазақстан Республикасының Президенті қызметтің атқарды.

Ғылыми және әдеби шығармашылық жұмыстармен айналысады.

«Қазақстан экономикасы: ақырат және қалыптасу мүмкіндіктері» (1988), «Әділеттің ақ жолы» (1991), «Ғасырлар тогысында» (1996), «Тарих толқынында» (1999), «Сындарлы он жыл» (2001), «Еуразия журегінде» (2005) және басқа кітаптардың авторы. Ел ішінде кең тараған «Елім менің», «Үш қоңыр», «Жерім менің» атты жоғары патриоттық әндердің өлеңін жазған.

Шығармалары алемнің көптеген халықтарының тілдеріне аударылды.



Таза міңсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза міңсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Асанқайғы (XV ғ.)

Мемлекеттік әнұран – елдің музикалық-поэтикалық әмблемасы, әдеби-сазды төлкүжаты. Ол халық жүргегінің лұпілін тұмар ғып түйген музикалық сәлемхат іспеттес. Оның сазы мен сөзі сипатты мен мақсаты жөнінен біртұтас шығарманың құрамадас қос қанаты тәрізді.

Өнер туындысының маңызды саяси-әлеуметтік міндегі атқаруының астарында айырықша сыр бар. Ол өнердің адам жанына әсер етіп, оның іс-қимылы мен ой-аңсарына тікелей ықпал ету қасиетімен байланысты.

Саз бен сөз арқылы өмірдің бүкіл бояуын, тағдырының барлық мағыналық-әсерлік болмысын танытуға боллады. Олар адам баласының ішкі дүниесін, жан ауаны мен асқак аңсарын жайып салып, жеткізуіндегі ең құдіретті құралдары саналады.

Музика мен поэзия әлеміне енген адам тылсым табиғат ырғағын тап басып, керемет күйге бөлениеді. Ал ырғақ болса табиғи және әлеуметтік болмыстарды біріктіру арқылы адам жанында бүкіл тіршілікке деген ортақастық сезім оятады.

Музика мен поэзияға тән ішкі үн-дестік, табиғи жарасын (гармония) тіршілікке сұлулық әрін беретін керемет



қасиетке жатады. Олардың адам жүргегінің қақпасын ашар құпия кілті де осы.

Ән мен күй Ұлы дала көшпелілерінің де табиғатпен тілде су, сырласу мен мұндасу құралы болған. Олардың түсінігінде бүкіл дүние ән салады. Сайын дала да, саумал көл де, тәқаппар тау шындары да, асау толқын мен ақ селеу, самал жел мен сансыз жұлдыздар да өзінше күй ұқтырады. Мұнаяды, қуанады. Айнала толған ән болса, өз тыныстіршілігінді одан қалай бөліп аларсын?

Көшпелілердің дәстүрлі мәдениеті осының айғағы. Қазақ үшін шілдехана (адам баласының дуниеге келу сөтіне әлеуметтік астар беру), тұсаукесер (сәбидің жер бетінде тұнғыш қадам жасау оқиғасына бөлекше мән беру), тоқымқағар (жас баланың әлемге аяқ басуы – тұнғыш рет туған ауылдан тыс сапар шегуіне оның әлемге алғаш шығуы ретінде айырықша назар аудару), некеқияр мен беташар (жана шаңырақ көтерілуіне орай адам өмірінің жана кезені басталғандығын айғақтау), мүшел (адам өміріндегі физиологиялық және әлеуметтік-психологиялық кезеңдік өзгерістерге назар аудару), жарапазан (қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормаларға жеке көзқарасты білдіру) тәрізді елеулі оқиғалардың ешбірін де ән мен күйсіз, қуанышты-қайылы сөз берілген сазсыз елестету мүмкін емес.

Поэзия мен музыка дәстүрлі мәдениеттің, рәсім мен ұлттық әдет-ғұрыптардың архитектоникасына көміл кірігіп кетеді. Ұлы Абайдың «Туганда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер деңен» деген қанатты сөздері де осыған мегзейді.

Бұл – тек ақындық эсер емес. Тұтас бір философия. Көшпелі өмір салтының көрінісі. Далалықтар тіршілігінің ұлы шындығы.

Сәби шыр етіп жерге түскеннен-ақ ана әлдиімен оянып, шілдехана жырымен құндақталады. Одан кейінгі өмірі де әнмен әдіптеліп, жырмен жұпталып жатады. Әрі қай жол-жораның болсын өзіне лайық музикалық қалып-қайнары бар. Өнер тудырушы одан аспайды. Небір ғажайып сұлу сазды соған құйып, соған небір терен мағына қотарады. Тек тіні бірге. Сондықтан да әртүрлі әрі таныс, әрі бейтаныс біртуар өмір саздары жүрекке жетіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзінше күн кеше береді.



Сөз бен саз сезім бөлісү, жан сырын ортаға салып, түрлі көніл-күй ауандарына ортактасу қасиеттерімен қатар әркімнің көнілі қалаған жеке әлемін жасау мүмкіндіктеріне ие.

Ертеде өнерпаздарға әлдебір айрықша қасиеті, киесі бар адамдар ретінде қараған. Ерекше қастер тұтқан. Ән шыгарып, жыр жазуга қабілетті адамдардың, сол сияқты музикалық аспаптарда ойнап, жүрт алдында жақсы сөйлей алатын адамдардың абыройы жоғары болған.

Сол тәрізді музика мен сөзге де тым ерекше мән беріліп, олар киелі құбылыс ретінде қабылданды. Ғарыштық мағынадағы ұғым, өмір тылсымына саналды. Шабытты сөз бен шалқар саз сырттан берілетін кереметтер деген көзкарас орын алды.

Қазақтың көне музикалық аспаптары



Тастмауық
(Шаттауық)



Мұйіз сырнай



Сазсырнай

Сөз бен сазға қатысты сақталған дәстурлі дүниетаным іздерін мынадай сөз орамдарынан да байқауға болады. Мысалы, әдетте «ай туды», «ұл туды», «көктем туды» деген сияқты «ән туды» дейміз.

Ұлттық ойлау жүйесі халықтың сөйлеу өнерінде заттық түргыда көрініс тапқан. Халықтың сөйлеу өнерінің бірнеше қаттары бар: тәменигі қабат – тіл, келесі қабат – ауыз әдебиеті, фольклор, жоғарғы қабат – әдебиет, жазу.

Г. Гачев



Өзгеге, көнілім, тоярысын,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанын,
Іштегі дерпті жоярсың.

Абай

Немесе «күн шықты», «шөп шықты», «жаз шықты» деген мағынада «күй шығару» дейміз.

Тұындыны дүниеге әкелу құбылысы «шығару» (сочинять) сөзі арқылы беріледі. Соған орай «жанынан шығару» (импровизация – тұра жан-жүректен бірденені суырып алғандай) және «ойдан шығару» (придумать – жадынан немесе ойдың ішінен бірденені тартып, суырып алғандай) деген ұғымдар бар.

Сол сияқты «жүректен шықпаған жүрекке жетпейді» (кудды сөз бір жерден шығып, екінші жерге баратын құдірет тәрізді) деген қаһатты сөз де бар.

«Сөз табылды» дейміз. Ол кәдімгі бір жасырып қоятын зат сияқты.

Сазгер мен ақын тұындыларының «шығарылуы» қазақ тіліндегі «жел тұрды», «самал соқты», «жаңбыр жауды», «жақсылық жасады» деген тұрғыдағы мағыналық ұғымдардың жасалу жолдарын еске салады және ұлттық дүниетанымдағы шығармашылыққа киелі құбылыс ретінде қарау көзқарасына қуәлік етеді.

Сөз бен саздың адамзат санасындағы киелік тегі мен ерекше әсерлілігі жеке адамдардың ішкі рухани-сезімдік қуатын белгілі бір мақсаттарға жұмылдыруға, ал әртүрлі қоғамдық құрылымдарда тиісті саяси-әлеуметтік ахуал қалыптастыруда ертеден бері пайдаланылып келеді.

Ру-тайпалардың әуендік жеке белгісіне айналған ұрандардың, әскери марштардың, мемлекеттік әнұрандардың саяси-әлеуметтік рәміздерге айналу сырын да осыдан іздеген жөн.

«Қазақ халқының «ұран» дейтін сөздері бар. Бұл «орнат» деген сөзден алғынған. Қыздыру, жиналу, қайрат беру мағынасында айтылады, – деп жазады тарихшы Құрбанғали Халидулы, – әр рудың өзіне тән



ұраны болады. Төре ұраны – «арқар». Бұл «уақор» сөзінен алынған. Мағынасы араб тілінде намысын, арын қорғау деген түсінікті береді».

Мемлекеттік әнұранға да елдің намысының туы, арының айнасы, жоғары отаншылдық рухының көрінісі ретінде қараған жөн. Соған лайық ән мен сөз табу қай халықтың да арманы болса керек.

Ұлы композитор Мұқан Төлебаевтың Евгений Брусиловский және Латиф Хамидимен тізе қосып отырып шығарған әйгілі әуені қазақ елінің әнтушмары міндеттін 1944 жылдан бастап 2005 жылға дейін – 60 жылға жуық атқарып келді. Фаламдық қан төгістегі жақын қалған жеңіс рухы, соған орай көтерілген халқымыздың ұлттық рухы өлмес өнер туындысының дүниеге келуіне тікелей ықпал еткен тәрізді...

Ол бұрынғы одақтас республикалар әнұрандары арасында да бөлек бітімімен дараланатын. Құдіретті әуен нақыштарынан қазақтың досқа ашық құшағы, дарқан мінезі мен ер көңілі сезіліп, айдын көл, асқар тауға жан берген салқар самалының лебі еседі. Музыка – халықтың жан дауысы десек, әсем әнұраннан халқымыздың ұлттық мінезі, асыл аңсары айқын сезіледі.

*Туган дала әуендері шалқиды,
Қалған үйін түнгі тылсым тыныштық.
Аузын ашып отыр тыңдаң әр күйді,
Казақ біткен, жас-кәрісі ұлыстың.
Жан тербейді жеті атадан жеткен сыр,
Жатыр тарих астарында дыбыстың.*

Б. Қанапиянов

*Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жайы бәрін не бардың...
Алтын күннен бағасыз бір бехегі бол,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!*

М. Жұмабаев

*Маган бүкіл қазақ даласы ән салып тұргандай көрінеді.
Г. Потанин*



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК
ТҮНГҮШ ӘНҮРАНЫ**

Музыкасын жазғандар: М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди

Салтанатты. Шалқыта.

The musical score is composed of two staves. The top staff is for the voice (treble clef) and the bottom staff is for the piano (bass clef). The score is divided into eight measures. Measure 1: The piano has a dynamic ff. Measures 2-3: The piano has a dynamic sff. Measures 4-5: The piano has a dynamic f. Measures 6-7: The piano has a dynamic p. Measure 8: The piano has a dynamic ff. The vocal part consists of eighth and sixteenth note patterns with slurs and grace notes. The piano part includes bass notes and chords.



Елтаным



ff

p

1.2.

f

v

rit.

sff

v





**МҰҚАН ТӨЛЕБАЙҰЛЫ ТӨЛЕБАЕВ
(1913-1960)**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұңғыш әнұранның (әні) авторы, көрнекті композитор, Қазақстанға еңбекі сіңген онер қайраткері, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1913 жылды Талдықорған облысының (қазіргі Жетісү облысы) Борлітобе ауданындағы Қарашиған ауылында дүниеге келген. Мәскеу консерваториясын бітірген. Көп жылдар бойы Алматы консерваториясында ұстаздық еткен, профессор. Қазақстан Композиторлар одагын басқарды.

Қазақ саз онеріндегі көсіби жанрлардың негізін қалаушы. Музыка мамандары оны «Қазақтың Глинкасы» деп бағалаған. Тұңғыш қазақ романсын жазған.

Негізгі шығармалары: «Амангелді» (Е. Брусловскиймен бірге), «Біржан – Сара» опералары, «Қазақстан» симфониялық поэмасы. Елуден астам әндер мен романстар жазды. 100-ден астам халық әнін жинап, потага түсірді.



**ЕВГЕНИЙ ГРИГОРЬЕВИЧ
БРУСИЛОВСКИЙ
(1905-1981)**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұңғыш әнұранның (әні) авторы, көрнекті композитор, Қазақстанға еңбекі сіңген онер қайраткері. Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1905 жылды Ресейде дүниеге келген. Алматы консерваториясында ұстаздық





етті, профессор. Қазақстан Композиторлар одасын басқарды. Қазақ, музика өнеріндегі кәсіби жсанрлардың негізін салуга және ұлттық өнер қайраткерлерін тәрбиелеуғе көп еңбек сіңірген.

Негізгі шығармалары: «Қызы Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Гвардия, алға», «Дударай» опералары, «Күрмангазы» симфониялық поэмасы.



ЛАТИФ АБДУЛХАЕВИЧ ХАМИДИ (1906-1983)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұңғыш әнұранның (әні) авторы, көрнекіті композитор, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1906 жылы Ресейдің бұрынғы Қазан губерниясының Свияж уезіне қарасты Құшман болысындағы Буалы ауылында дүниеге келген. Өзбекстанның Қаттақорған қаласындағы музикалық техникумды, кейін Мәскеу консерваториясын бітірген. Қазақ Мемлекеттік драма театрының дирижері әрі музикалық жетекшісі, Ұлттық халық аспаптары оркестрінің дирижері, Мемлекеттік хор капелласының дирижері әрі жетекшісі, Алматы мемлекеттік консерваториясының және музика училищесінің профессоры болды.

Негізгі шығармалары: «Абай», «Төлеген Тоқтаров» (екеуі де А.К. Жұбановпен бірге жазылған) опералары, вальс жсанрындағы алғашқы әндер («Тұңғыш вальс» – 1922 жыл, сөзі – М. Жәлелдікі, «Қазақ вальсі» – сөзі С. Мұқановтікі). 250-дей халық әнін жинап, нотага түсірген.



**МҰЗАФАР ӘЛІМБАЙҰЛЫ ӘЛІМБАЕВ
(1923-2017)**



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұңғыш әнұраның (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1923 жылы Павлодар облысының Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Пионер», «Балдырган» (1958-1986) журналдарында жұмыс істеген.

Көптеген жылар жинақтары мен ән мәтіндерінің авторы. Ақын жырлары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.

**ҚАДЫР ҒИНАЯТҰЛЫ МЫРЗА ӘЛІ
(1935-2011)**



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұңғыш әнұраның (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1935 жылы Орал облысының Жымти-ты кентінде дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. «Балдырган», «Жұлдыз» журналдарында, «Жазушы», «Балауса» баспа ларында жұмыс істеген.

Қазақстан Республикасы Жогарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. Көптеген жылар жинақтары, сценарийлер мен ән мәтіндерінің авторы. Ақын жырлары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.





Елтаным



**ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИҰЛЫ
МОЛДАҒАЛИЕВ
(1935-2011)**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік түңгыш әнұраның (мәтіні) авторы, көрнекіті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1935 жылы Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданындағы Жарсу ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

«Жазушы» баспасында, «Жалын» журналында жұмыс істеген. «Балдырган» журналының бас редакторы болған.

Көптеген жыр жинақтары мен ән мәтіндерінің авторы. Ақын жырлары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.



ЖАДЫРА ДӘРІБАЙҚЫЗЫ ДӘРІБАЕВА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік түңгыш әнұраның (мәтіні) авторы, қазақ және орыс тілдерінде қатар жазатын ақын.

1948 жылы Қызылорда облысының Тереңөзек кентінде дүниеге келген. М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесін, Мәскеудегі М. Горький атындағы әдебиет институтын және А. Луначарский атындағы театр

және опер институтын бітірген. Қазақстан Жазушылар одагында, «Қазақстан әйелдері» журналының редакциясында жұмыс істеді.

«Гулжайна», (1978 ж.), «Мейір» (1988 ж.) және басқа жыр жинақтарының авторы.



Мамандар тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге келген алғашкы Мемлекеттік әнұран әуенінің музыкалық жарасымын, жанға жайлыштырып шығарған Н. Кетегенованаң пікірінше, ол «казактың асқақ та мағыналы дәстүрлі халықтық лиро-эпикалық интонацияларын бойына жиған туынды, сонымен бірге онда музыкаға қайрат пен салтанаттылық сипат беретін осы заманғы жаңа әуендер – динамикалық кварталық серпіндер де бар».

Жалпы әнұранның музыкалық сыңары өнер тілінде – дыбыс пен ырғаққа негізделген өзгеше тілде халықтың мінезі мен рухын жақсылықтастырылады. Салтанатты да асқақ әуен ұзак уақыт бойы өзінің өміршілдігін сақтап келді.

Алуан әуенінде арасында жаңылыспай таныр, бойымызға ата-баба қанымен қоса дарыған нақыш-сазымен жүректерге жол тапқан өнер туындысы екені тәуелсіздік рәміздеріне жарияланған 1992 жылғы байқауда тағы бір рет дәлелденді.

Ол бәйгеге музыка мамандарының, баспасөз бетінде жарияланған жүртшылық пікірлерінің негізінде қосылғанды. Нұрғиса Тілендиев, Фазиза Жұбанова, Анатолий Молодов және басқа танымал композиторлар оны жоғары бағалады. Соған орай көпшіліктің үміті ақталып, әннің бағы тағы жанды. Әсем саз, асқақ әуен тәуелсіз Қазақстанның әнтүмары болып жарияланды.

Әнұран әуенінің өзіндік болмысы тамыры тереңде жатқан ұлттық музыка мәдениеті ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Бірқатар ғалымдар қазактың қобызы мен домбырасын әлемге кең тараған барлық шекті және қылды аспаптардың атасы санайды. «Қазактың қобызы тәрізді құралдар, – деп жазады әлемге мәшінүр музыкатанушы, академик В. Виноградов, – осы заманғы виоленчельдер, скрипкалар мен альттердің арғы аталары болуы әбден мүмкін» («О музыкальной археологии». // «Советская музыка» журналы, 1971, №5).

Сазды шығармаларды жанрға білу, дәлірек айтқанда, жеке орындалатын және аспапты музыка деп айырып айдарлау, қазақ жерінде VI-VIII ғасырларда дүниеге келген. Орта ғасырларда музыка теориясын жасаған жауһар ой алыптары да аз болмаған. Әйгілі әл-Фараби – сол жарық жұлдыздардың бірі.



Күй атасы – Құрманғазы Сағырбайұлы

Әйгілі жерлесіміздің «Музыка туралы үлкен трактат» («Китаб аль-мутика аль-Кабир») атты шығармасы музыкатану әлеміндегі аса бағалы классикалық туынды саналады. Онда жалпы музыка теориясының ең алғашқы негіздері қаланған. Музыка тарихын зерттеуші араб ғалымы Г. Фармер бұл ретте:

«Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби «Екінші ұстаз». Ал музыка саласын алатын болсақ, онда әл-Фараби бір өзі ғана Бас король болып табылады» – деп жазған (Қараңыз: А. Машанов. Әл-Фараби және Абай. Алматы, «Қазақстан», 1994, 57-бет).

Коркыт (VI-VIII ғғ.), әл-Фараби (IX ғ.), Кетбұғы (XIII ғ.), Сыпыра жырау (XIV ғ.), Асанқайғы, Қазтуған (XV ғ.), Бұқар жырау, Нысанabyz (XVIII ғ.), Құрманғазы, Біржан сал (XIX ғ.) – осы бір ұлы есімдерді қатар ой елегінен өткізу дің өзі қазіргі қазақ саз өнерінің сонау ықылым замандардан бері қарайғы жаразты җалғастық жолын жаксы аңғартса керек. Ғалымдар қазақтың халық музыкасының даму жолын бес кезеңге бөледі.

Халық музыкасын зерттеуші А.В. Затаевич қазақ даласын «музыка мұхитына» теңейді. Оған нақты дәлелі – «Қазақ халқының мың әні» (1925 ж.) және «Қазақтың 500 әні мен күйі» (1931 ж.) атты іргелі енбектері.



Оның еңбегі «музыкалық фольклор жинаудағы әлемдік рекорд» (Р. Роллан) деп бағаланды. Шынында да, бар болғаны 5-6 жыл ішінде негізінен Орынборда тұрып, Семейге қысқа сапарлармен қатынай жүріп, ғалымның 2000-та жуық ән мен аспапты пъесалар жазып алуы – әлемдік этнография мен фольклористика тарихындағы теңдессіз құбылыс. Ол, сонымен бірге, «ең алдымен, қазақ халқының музикалық байлығының рекордтық көрсеткішінің айғағы» (А. Сейдімбек).

Қазақ халқының музикалық байлығына осы салада қолданыста жүрген терминдердің молдығы да бір дәлел деуге болады. Ғалым С. Жансейітованың зерттеулеріне қарағанда қазір қазақ музикасына қатысты пайдаланылатын терминдердің ұзын саны 7000-нан асатын көрінеді. Бұл, әрине, музикалық төлтумалықтың да жақсы көрсеткіші.

Мамандардың есептеуінше, қазір 6000-нан астам күй белгілі. Әдетте үлкен күйлер 6 минутка дейін созылады. Бұл, ғажайып аспапты шығармалардың образдық амплитудасы да аса кең: жүректі тербереген сиқырлы жан сезімінен – терең ойлы философиялық толғаныстарға дейін, қарапайым би ырғактарынан – қалың көпшілік қатысатын ала-пат адам қимылдарының аса қуатты сазды сүреніне дейін, алуан әрлі дыбыс турлерінен – тым нәзік көңіл күй ауандарын айшықтауға дейін қамтиды. Эпикалық қуатымен және орасан зор монументальдық тұлғалылығымен тәнті ететін күйлер қаншама.

Бұл жерде домбыра, қобыз, сыйбызы, дауылпаз, ысқырық, қамыссырнай, қоссырнай, бұғышақ, мүйіз, керней, шертер, жетіген, шаңқобағыз, дабыл, данғыра, шың, кепшін, асатаяқ және басқа көне аспаптарды қазіргі оркестрлерден де көріп, тамашалауға болады. Олардың бір-қатары – ұрмалы, енді бір қатары – ұрмелі аспаптарға, үшіншілері – ұрмалы-шулы, төртіншілері – шекті аспаптарға жатады.

Негізінде адамның сойлеу ыргагы жатқан ерекше дыбыстармен өрнектелген эмоциялық көңіл ауаны мен сезімге құндақ-талған идея – музикалық образдың табигаты, міне, осындаі.

Ю. Борев



Домбыра



Ұлттық домбыра күні

Ұлттық аспаптардың сирек кездесетін түрлерін зерттеуге, қайтадан қалпына келтіріп осы заманғы жағдайға икемдеуге мұзыкатанушы Б. Сарыбаев көп еңбек сінірді. Ол тамаша көне аспаптар коллекциясын жинады және бірнеше халық оркестрін құрды.

Казак музика мәдениетін зерттеушілер оның таңғажайып өзгешелігіне, сұлулығына және мағыналық тереңдігіне баса назар аударады. Мысалы, академик Б. Асафьев бұл ретте: «Ақиқаттың аса дәл адами көркем жаңғырығы ретінде қазақтың бай әуені (мелодикасы) әрдайым барынша өмірмен үндес, көнілді әрі нақты (дәйім тіршілікпен тінdestігі тұрғысынан алғанда) болып келетіндігіне қарамастан, халықтың ой-санасындағы құбылыстарды терең философиялық синтезден өткізіп, аса адами ансарларға орай жинақтаған құдіретті дүниелер ретінде әсер етеді» деп жазады. Ол сол сияқты ұлттық музика өнерінің «жоғары әдептілік ауанын» («эстетическая высокая настроенность») да айырықша атайды («О казахской народной музыке» // Музыкальная культура Казахстана. Алматы, 1995).

Ғалымдар қазақ композиторларының, әсіреле, XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген өнерпаздардың жан-жақтылығын ерекше құбылыс



ретінде атап көрсетеді. Олардың көпшілігі сазгер ері орындаушы ғана емес, оның үстіне ақын, тамаша әнгімеші, ескі салт-дәстүрлердің білгірі, өткен тарихтан да, өз заманының жағдайынан да терең хабардар білікті әнгімеші болып келеді. Сегіз Сері, Біржан сал, Ақан сері, Құрманғазы, Мұқит, Сүйінбай, Үкілі Үбірай, Кенен, Фазиз, Абай, Жамбыл, Мәди, Иманжұсіп, Балуан Шолақ. т.б. – міне, осындай ерекше тұлғалар. Осындай жан-жақтылық айрықша ардақталған тұста қазақ мәдениетінің ең бір көрнекті көрінісі – сал-серілік дәстүр дүниеге келді.

Қазақтың ұлы ханы Абылай да музыка шығарған. Оның он шақты күйі осы заманға дейін жетті. Солардың бірі, мысалы, «Жетімторы» деп аталады, ханның жақын серігі Жантай батырға арналған.

Қазақ музыка мәдениеті – өз қазанында ғана қайнаган тұйық жүйе емес. Ол, әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі ретінде, ешқашан да сыртқы әсерге жон арқасын беріп, жат міnez танытпаған. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында әлемдік саз өнерінің білгірі К. Квітко бұл жөнінде: «Қазақтардың музыкасы ғажап бай ері алуан түрлі болып келеді, ол – өте алдыңғы қатарлы музыка, оның бойында, тіке-лей ауди-күйіс тым аз болғанымен, жаңа батысеуропалық музыкамен (Батыс Еуропа қалаларында дамыған кәсіби музыкамен – Е.Ш.) үн-дестіктер көп» деген пікір қалдырған.

Тәуелсіз Қазақстанның тұнғыш әнұранның өнбойына өрілген дәстүрлі музыка нақыштары мен осы заманғы әуен бояулары туралы сөз еткенде, ең алдымен, өнердің осындай өзгеше терең астары ойға оралады.

Басқа халықтардағыдай, қазақтардың да ерекше музыкалық рәміздерге, ұлттық гимнге айналып кеткен әуендері бар екені, солардың

Музыка – танымның ең жоғары түрі.

O. Шпенглер



бірі – «Елім-ай» әні екені өткен тарауларда айтылды. Осыған байланысты мынадай бір қызық дерек келтіре кетуге болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым академиясының корреспондент-мүшесі музыкатанушы Б. Ерзаковичтің пікірінше «Елім-ай» әнінің қазақ өнері тарихының аса бағалы мұрасына жататын VIII-IX ғғ. жазылған «Codex Cumanicus» әуеніне ұқсас жерлері бар. Хорға арналған жеке дауысты көне канондық шығарманың бірінші бөлігін

«Елім-ай» әнінің музыкасымен салыстыра талдау «диатоникалық ырғақтардың ұқсастығын, оларда субдоминанттық сферага қарай жайлап, бірте-бірте әуездік қозғалыс жасау әдісінің басым қолданылуы, сөйтіп оның шегіне жеткенмен кейін тоникаға қайта оралу (1, 2, 3 тактілер) қатар кездесетіндігін көрсетеді. Оның үстіне хоралдың құмандық (қыпшак) әуенінде қазіргі қазақ мелосына тән басқа да элементтер кездеседі. Олар – бәсек қвінта мен асқақ квартта өлшемдері арасындағы интервалдардың кейір түрлері, аккордты-айқында-малық дыбыстар бойымен әуендік қозғалыс, ладты-тональдік ауысу-лар». («Казахстанская правда» газеті, 1996 жылғы 15 қараша).

Тағы бір қызық дерек. Осыдан біраз жыл бұрын баспасөзде Пекин мұрағатында Бұқар жыраудың 36 шығармасының қолжазбасы табылғаны туралы хабарланды. Солардың арасынан халықтық әнұранға айналған «Елім-ай» әнінің халық мәтіні және оның авторы Қожаберген Толыбайұлының осы аттас поэмасы (1723 ж.) табылған.

«Елім-ай» әні 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі кезінде Шемші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнімен қатар шырқалды.

Сезімдік және магиналық бастаулардың, нақтылық пен дерексіздіктің қосылуы арқылы әдеби ойлаудың негізгі тәсілі ретінде нышандай пайдала болады.


М. Поляков

Ұлттық қасиет адам бойына идеал мен мәңгілік сезімдерін дарытады және мұны аса бір нәзік әрі иланымды жасайды.

Г. Гачев




ҚАЗАҚТЫҢ ҚӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ




Асатаяқ



Ұран



Шанқобыздар



Қонырау



«Мениң Қазақстаным» әннің сөзін ақын Жұмекен Нәжімеденов жазған. Елдің сүйікті әуесіне айналған бұл шыгарма дүниеге келген 1959 жылы композитор да, ақын да консерваторияның студенттері еді. Әнді алғаш радиода Жамал Омарова орындаған, кейін Ришат Абдуллин мен Сара Тыныштықұлова айтты. Әннің толық мәтіні төмендегідей:

*Алтын күн аспана.
Алтын дән даласы.
Думанды бастады,
Далама қарашы.
Кең екен жер деген,
Жерге дән шықты гой.
Дән егіп, терлеғен,
Қазағым мықты гой.*

*Қа ѹ ы р м а с ы:
Мениң елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып төгілемін, елім.
Туган жерім менің – Қазақстаным!*

*Айнала қарасам,
Асықты жүрегім.
Заманға жасасын.
Жарасып түр елім.
Біздің ел орденді,
Көтерді туларын.
Желмен ол тербелді,
Тербеле жырладым.*

*Қа ѹ ы р м а с ы:
Мениң елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып төгілемін, елім.
Туган жерім менің – Қазақстаным!*



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

Сагымды далам бар,
Сабырлы көлім бар.
Қараңдар, жарапандар,
Осындай елім бар!
Қарсы алған уақытты,
Ежелгі досындаі
Біздің ел бақытты,
Біздің ел – осындаі.

Әнұранның қосқұрамды біртүтас табиғаты әуен мен сөздің айырықша үйлесімін талап етеді. Тек музыкалық және поэтикалық тұрғыдан ғана емес. Олар ең алдымен, рухы мен мінезі тұрғысынан туыста-сып жатуы керек. Олардың әрқайсы тек өзіне ғана тән көркемдік құралдары, жан түкпіріне жетіп, жүрек көзін ашу мүмкіндіктері арқылы әнұран тәрізді ерекше әле у мәттік фено мен а лына қойылатын ортақ міндетті шешүте қызмет етеді.

Әнұран сөзі турға лы XX ғасыр дағы көрнек ті қазақ ақындарының бірі Ә. Тәжібаев: «Әнұран – сөзбен тоқылған ел туы» деген анықтама берген.

Сөз реті келгенде айта кеткен жөн, Ә. Тәжібаев – Қазақ КСР әнұраны авторлары санатында болған. Осы орайда ақын республикалық «Ана тілі» газетіне (1991 жылғы 19 желтоқсан) берген сұхбатында: «Небәрі үш шумақ өлеңді үш адам бірігіп жаздық қой. Оның тең жартысы, өздерінде мәлім, «орыс – ұлы халық, біздің ағамыз, соның арқасында ғана күн көріп жүрміз» дегендегі жолдардан құралған. Енді одан біздің муддемізге жағымды сөз бар деп, егеменді ел болуға ұмтылған ұлтымызға зәредей пайдасын тигізеді деп айта алмаймын.

Өлең – сөздің патшасы, сөз арасы,
Қызынан қыстырып ел данасы.
Тілге – женіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Абай



Сорлылау кезімізде, әлі өзіміздің тізгінімізді өз қолымызға алмаған, алатынымызға көзіміз жетпеген шақта құлшылықты мойындаپ жазған әлсіз, мұсәпір нәрсе ғой ол», – деп еске алады. Одан әрі тілші сұрағына жауап беріп отырып, комиссия: «гимн әуенінің құлаққа жағымды е стілуін қадаға лап, тексіне қәдімгі саяси құжат ретінде қаралды», – деп ой түйеді.

Сөз жок, әнұран сөзі халық жүргегінде айырықша қастерлі орын алады. Сондықтан да жүректен шығып, жүрекке жететін әсерлі әрі мағынасы терең салмақты сөздерді табу онай емес. Тақырып жағынан өткенді, бүтін мен өртөнді бірдей бір уақыт кеңістігіне сыйғызып мемлекет қызмет етуге тиісті ең ізгі идеяларды жүйелі әрі жан толқыта жеткізу керек. Отанға деген махаббат пен адалдық сезімі, ортақ тағдырдың болашағына деген жауапкершілік мағыналық – концептуалдық тұргыда да көрініс табуы қажет. Сөз – рәміз, сөз – антты дүниеге әкелу үшін тарихи ақиқатты сезіну аздық етеді даналық пен көрегендік керек. Ең бастысы, хас шебердің шабыты қажет.

Алашорда атты әскерлерінің маршын қазақ халқының ардагер ұлдары Жусіпбек Аймауытов пен Міржақып Дулатов жазғаны белгілі. Онда мынадай жолдар бар:

«Арғы атам – ер түрік,
Біз – қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа – жеріміз.

Сай-сайлап, мал айдан,
Сайрандан ен жайлап,

Еріннен бұрын, кім білген Жаралған шығар сыйрының, Агашиңыз жерде күмбірлеп Жапырақ тартқан шығырын.

О. Мандельштам

Сөз – қайғы-қуанышқа толы тамырлар іспеттес.

Э. Фромм



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

Арқаның ерке өскен
Еркесі – серіміз.

Ер түрік ежелден,
Оқ тескен етіміз.
Қайтпазан еши жаудан,
Қайтпазан бетіміз.

Біздерге сөз бе еken,
Жауыңың көп-азы.
Өлсек – хақ шаһит біз
Өлтірсек, біз – Fазы.

Жау шауып,
Сау қайтсақ, боламыз.
Қазақтың шын ұлы
Қаһарман сабазы.

Сол кезде:

Қазағым, антықпа, қамалма,
Ел болар қамыңды амалда.
Шыңты күн, кетті түн
Сал жанды, сал малды, аянба, – деген бостандық
сүйгіш, еркіндік аңсаған жырлар ел арасында әнге қосылып айтылып
жүрді.

(Бұл өлеңдерді өткен ғасырдың алпысыншы жылдары өз әкем
Шаймерден Сәрсенбіұлы да айттып отыратын).

Сөз ойды, образды, белгілі бір идеяларды немесе әртүрлі ақпарат-
тарды жеткізу құралы ғана емес, ол – соларды жасайтын құрал. Сон-
дықтан да халық: «Өнер алды – қызыл тіл» дейді.

Сөз, әсірессе, өлең сөз, ақыл-ой мен жүрекке ерекше әсер етеді.
Оны әртүрлі афоризмдерден де аңғаруға болады. Мысалы, ұрпақтан-
ұрпаққа жетіп келе жатқан «Айтылған сөз – атылған оқ», «Таяқ еттен
өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген халық даналығы бар. Сол сияқты «Бас

кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» немесе «Ердің екі сөйлегені өлгені» деп жатады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген жақсы мәтел де бар.

Сөз құдіретіне деген айырықша қастерлі көзқарас тәуелсіз еліміздің тұнғыш ресми әнұранының мәтініне жарияланған байқау үстінде де айқын аңғарылды. Жолданған жобаларда әртурлі идеялар ортаға салынып, сан а луан поэтикалық қолтанбалар көрініс берді.

Тарының қауызындағы үш-төрт шумаққа өлең жасаудың таза поэтикалық құралдарымен әдіптелген ауқымды ой, терең мағына сыйғызу онай шаруа емес.

Тәуелсіз Қазақстанның тұнғыш әнұранына бәйге жарияланар тұста осы орайда болашақ авторларға қалай көмектесуте болады, алдын ала бағыт-бағдар сілтеген жөн бе деген ойлар да туды. Бірақ қасиетті іске дайын қалып ұсына қою қын дегенге тоқтадық. Расында да, тарихи зерде ұрпақтан-ұрпаққа ұластырган халықтық таным тағлымы, «әнұран жыры» деген қасиетті ұғымдар ақын миының мың градустық домнасының от-жалынынан қайнап шыққанда қандай қорытпаға айналарын қалай болжап білерсін?! Ел тұмарына айналар асыл сөз, жүргегіміздің ең бір нәзік қылын тербелтер төл жырымызға айналатын аруақты өлең жазу, ең алдымен, бәйгеге түскен жүйріктің, хас таланттың өзіне түсер салмақ болса керек. Сөйтіп, елдігімізге тән ерлік бұл жолы ақындардан күтілді.

Жан-жақты сыннан сүрінбей өтіп, мандайы жарқырап келген жыржоба дүлдүл ақындарымыз: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдагалиев, жас ақын Жадыра Дөрібаева бірігіп жазған мәтін болып шыққаны белгілі. Ол – ел Парламентінің сессиясында бекітілді.

Озып шыққан творчестволық топтың сыры неде болуы мүмкін? Тегінде, алдымен, құрамының сәтті іріктелуінде болса керек, Авторлардың ортақ творчестволық қуатында жоғары поэтикалық шеберлік, зор шығармашылық және өмірлік тәжірибе айырықша орын алады.

Отанға деген махаббат – жақсылық атаулының бастауы.

Цицерон

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

Авторлардың үшесі – Қазақстанның халық жазушысы және әрқайсысы 300-400 ән мәтіндерін жазған. Олардың арасында Мәскеудің әдебиет институтын бітірген, қазақ және орыс тілдерінде қатар жыр жазып жүрген жас ақынның болуы да ұсынылған жобаға жаңашылдық рен беруге әсер еткендей.

Әнұран үш шумақ пен қайырмадан тұрады:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ТҮҢГИШ ӘНҰРАНЫ

*Сөзін жазғандар: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі,
Тұманбай Молдагалиев, Жадыра Әрібаева*

Жаралған намыстан қаһарман халықтыз,
Азаттық жолында жалындан жаныптыз.
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен
Аман-сау қалыптыз, аман-сау қалыптыз.

*Қа ы р м а с ы:
Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың құаты – халықта,
Халықтың құаты – бірлікте!*

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық, достықтың киелі бесігі –
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

*Қа ы р м а с ы:
Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың құаты – халықта,
Халықтың құаты – бірлікте!*





Талайды өткердік, өткенге салауат,
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!
Ар-ождан, ана тіл, өнеге-салтымыз,
Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат!

Қа ы р м а с ы:
Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты – халықта,
Халықтың қуаты – бірлікте!

Бұл әнұранның мазмұндық-идеялық мәні туралы сұраққа жауап бергенде, оның авторларының бірі М. Әлімбаев былай дейді: «Біздің ойымыз бойынша бірінші шумақта Қазақстанның ерлікке толы өткені туралы тақырып, ал екінші шумақта – көптеген халықтардың тағдырын бір арнаға тоғыстырыған республикаға айналған қазіргі Қазақстан тақырыбы қамтылды. Үшінші шумақта келешекке көзқарас жөнінде сөз болады. Қайырмада біз Қазақстан халқының бірлігі, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді көздің қарашығындей сақтау қажеттілігі туралы айтқымыз келді».

Әнұран мәтінінің идеялық-мағыналық астары жөнінде әр шумақтағы ең басты лексикалық бірліктерді – сөздер мен жолдарды іріктеп алып, саралау арқылы да көп жайға қануға болады. XVIII ғасырда дүниеге келген халықтық гимн «Елім-ай» әнінде «қайғы», «көз жасы», «бастан ұшқан бақ» тектес ұғымдар көп.

Қаратаяудың басынан көш келеді,
Кошкен сайын бір тайлак бос келеді.
Ел-жүртүңнан айырылғап жасаман екен,
Егіліп екі көзден жас келеді.

*Сен оған біздің әндерді айт, Тыңдасын жаңы жадырап, Оған да
тұрса таңғалмай Жусан бер – жетсін аңырап.*

К. Майков



Мына заман қай заман, қысқан заман
Басымыздан бақ-дәүрен үшқан заман.
Көк аспаннан топырақ, шаң борайды
Күні сұық қаңтардан, қыстан жаман.

Хоши-аман бол, Қаратай – ел өлкесі,
Жердің кетер ел ауса берекесі.
Ханзададай, ханишадай өскен ұл-қызы,
Қайсы жүрттың болар-ау келекесі.

Казақ КСР-інің әнұраны «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған» деген жолдардан, ал тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа әнұраны «Қаһарман халықпаз жаралған намыстан» деп басталады. Мұның бәрінде де ел өміріндегі, халық тағдырындағы рухани һәм әлеуметтік-саяси өзгерістердің табы бар.

Мемлекеттік әнұран табиғатын айқындастын негізгі лексикалық бірліктер арасында: «Намыс», «Азаттық», «Тағдырың тезі», «Аман-саяу қалыппыз», «Татулық – достықтың киелі мекені», «Келешек – ғажайып» деген сөздер мен сөз орамдарын айырықша атау керек. Ал «Алыптың қуаты – халықта, халықтың қуаты – бірліктे» деген жолдар қазір қанатты сөзге айналып үлгерді.

Осы орайда философия ғылымдарының докторы Б. Қасеновтің пікірін («Мысль журналы, 1995 жыл) келтіре кетуге болады. Ол әнұран мәтінін бойына «идеялар комплексін» жиган мәдени құбылыс ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, әнұран мәтінінің ғылыми-саяси идеясы – қазақ халықның бостандық жолындағы жанқиярлық күресі жөніндегі ойларға, әлеуметтік-философиялық және қоғамдық-психологиялық идеясы – елдің еркіндігі жолындағы күрестің басты тұлғасы адам деген ұғымды беретін ойларға, ал адамгершілік-эстетикалық идеясы – қазақ халықын «жаралған намыстан қаһарман халық» деп сипаттайтын ойларға негізделген.

Тіл – таным байтерегі.
Г. Гачев



Әнұран мәтінінің ұлттық-патриоттық және тәрбиелік астары да айшықты: «Еркіндік кыраны, шарықта!», «Алыптың қуаты – халықта», «Халықтың қуаты – бірлікте» деген ұрандар – бүкіл тақырыптық желінің езегіне айналған. Әнұран елдікке шакырады. Онда халқымыздың бостандық сүйгіш көнілі, тарихи тамырының терендігі және болашаққа деген уміті көрініс тапқан. Ол бізді көне де киелі қазақ жерінде бейбітшілік пен береке, татулық пен ізгілік мәңгілік салтанат құра беруі жолында бірігуге шакырады.

Жоғарғы Кеңесте байқауда көзге түскен үш жоба қаралып, дауысқа салынған болатын. Ең көп дауыс алған жобадан кейінгі өлеңдерінде біреуі мынау:

*Азаттық айбыны кеудесін кернеген,
Ақ бесік, Ай, Күні арманын тербеген,
Антынан айнымас, салтынан жаңылмас,
Халықтың намысын ешкімге бермеген.*

Қағыр маңы:

*Жаратқан жасар болсын баршага,
Көк байрақ құламас біз барда,
Жеріміз кең байтақ болса да,
Орын жоқ, бірлікті бұзғанга.*

*Әділет – ұраны, ту етер теңдікті,
Даладан алғанбыз дархандық, кеңдікті.
Тағдырлас ұлттарға тамырлас бауырмыз,
Танытар әлемге ерлік пен елдікті.*

Қағыр маңы:

*Нұр жаусын Заманға, жасасын Жер-Ана,
Ар-иман жолында жаңымыз садаға.
Аяулы ұлы Отан, ана тіл, бостандық,
Мәңгілік аманат атадан – балага.*



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

Бұл жобаның иелері – белгілі ақындар Нұрлан Оразалин, Иранбек Оразбаев, Несілбек Айтұлы, Есенғали Раушанов.

Ал тағы бір жобаның иесі – әдебиетші, Қазақ КСР-і әнұраны мәтінінің авторы Қайым Мұхаметханов. Ол өлең мынадай:

*Біз қазақ, ежелден еркіндік аңсаган,
Азаттық жолында ар үшін қызған жсан.
Сан ғасыр бунаған бұғауды талқандап,
Ерікті ел болдық, жарқырапт атты таң.*

*Қа ы р м а с ы:
Қазағым самғаган гарышқа,
Бостандық, береке – ұраны.
Қашанда құлашты кең таста.
Алаштың ер жүрек ұланы!*

*Іргелі мемлекет – біз қазақ, еліміз,
Достық пен бірлікте жаінайды жеріміз.
Әділет, адалдық, ақжолдан таймаймыз,
Кең пейіл қазақтың жасампаз еріміз.*

Қа ы р м а с ы:

*Ұлы ата-бабаның адамыз салтына,
Атағы жер жарған айбынды даңқына.
Жығылмас көк туын күн сүйген мәңеіге,
Бар әлем тілектес қазақтың халқына.*

Әнұран қашан да дәуір рухынан туады. Халықтың тағдырымен байланысты ойларды кәделеп, халықтың жүргегін билеген ортақ сезімдерге негізделеді. Қазақстан Республикасының тұнғыш әнұранының мәтіні де – оны өмірге әкелген тарихи кезеңнің туындысы.

Мемлекеттік рәміздердің де уақыт сынына тәуелді екендігінің бір дәлелі – 1992 жылы қабылданған әнұранның он екі жылдан кейін өзгеріске ұшырауы. 2006 жылдың 6 қантарында ел Парламенті



Сенаты мен Мәжілісінің бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының жобасы қаралды. Онда Үкіметтің ұсынысы бойынша Мемлекеттік әнұранының әуені мен мәтінін жаңарту көзделді.

Екі жарым сағатқа созылған екі оқылым талқылауы түскі 13 сағат 35 минутта аяқталды. Дауыс беруге қатысқан 69 Мәжіліс депутаты мен 38 сенатордың бәрі жақтап дауыс берді. Елбасы Занға келесі күні қол қойды. Жаңа әнұран баспасөзде жарияланған күнінен – 10 қаңтардан бастап күшіне енді.

Кезекті сайлаудағы женісінен кейін Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісу құрметіне арналған салтанатты ресми рәсім кезінде – 11 қаңтарда, Астанадағы Ақордада алғаш рет орындалды. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әнұранының тұсауқесеріне әлемнің 70 елінен келген мәртебелі қонақтар күә болды. Олардың арасында президенттер мен премьерлер, министрлер мен дипломаттар, халықаралық ұйымдардың басшылары мен өкілдері болды.

Жаңа әнұран елге бұрыннан таныс «Менің Қазақстаным» әнінің негізінде дүниеге келді. «Қазақ вальсінің королі» атанған сазгер Шемші Қалдаяқов пен ақын Жұмекен Нұжімеденов шығармасының мәтініне енгізілген өзгерістер талайлы туындының ресми гимн болып бекуіне жол ашты.

Мемлекеттік рәмізге айналған әннің мәтініне бірқатар өзгерістер енгізілді. Таңдал алынған жиырмада жолдағы елу тоғыз сөздің жиырма бесі өзгеріске ұшырады. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының мәтіні былай болып шықты (өзгертіліп, жаңадан қосылған сөздер курсивпен беріліп отыр):

Алтын күн аспаны.

Алтын дән даласы.

Ерліктің дастаны –

Еліме қарашы!

Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазагым мықты ғой.

Қайырмасы:
Мениң елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Тұған жерім менің – Қазақстаным!

Үрпаққа жол аиқан,
Кең байтақ жерім бар.
Тірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындаі.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындаі!

Депутаттарға бұл мәтіннің орыс тіліндегі ресми жолма-жол аудармасы да таратылды:

В небо золотое солнце,
В степи золотое зерно.
Сказание о мужестве – моя страна.
В седой древности
Родилась наша слава,
Горд и силен мой казахский народ.

Припев:
О, мой народ! О, моя страна!
Я твой цветок, взращенный тобой.
Я песня, звенящая на твоих устах,
Родина моя – мой Казахстан.



У меня простор неоглядный,
И дорога, открытая в будущее.
У меня независимый.
Сплоченный, единый народ.
Как извечного друга,
Встречает новое время.
Наша счастливая страна, наш народ.

Жаңа әнұран баспасөзде жарияланысымен, іле-шала республикалық «Экспресс К» газетінде (20 қаңтар, 2006 жыл) қостанайлық Александр Павловскийдің тәржімасы жарияланды. Көпшілік ықыласының бір белгісі болып табылатын бұл нұсқа былайша өрнектеліпті:

В небе солнце горит, ярко светит оно,
А в раздольной степи золотое зерно.
Из седой старины наша слава идет.
Горд, силен и могуч мой казахский народ.

Припев:

Моя страна, мой народ родной,
Я цветок, я взращен тобой.
Звонкая песнь на твоих устах – я.
Казахстан – Отчизна, Родина моя.

Неоглядный простор и дорога вперед.
Независим сплоченный единый народ.
Как извечных друзей, новых дней времена,
Повстречала счастливая наша страна.

Парламентке ұсынылған құжаттарда Ж. Нәжімеденов өлеңіне енгізілген өзгерістер авторы көрсетілмеген еді. Бұл туралы талқылау басталар алдында қойылған сауалға Мәжіліс тәрағасы О. Мұхамеджанов жауап берді. Ол депутаттарды Президенттің Парламентке жолдаған хатымен таныстырыды.



МЕНИҚ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Әні - Шәмші Қалдаяқовтікі,
Созі - Жұмекен Нәжімеденовтікі

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Думанды бастады,
Далама қарашы.
Кен екен Жер деген,
Жерге дән шықты фой.
Дән егіп, терлеғен,
Қазагым мықты фой.

Сөзімдің дос болып
Еліңе қарашы!
Сөзімдің ер зекіл
Форшам жаңынан
Дарынан шынартса
Намасынан
Газотын жақын тәу!

Қайырмасы:

Мениң елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып тогілемін, елім,
Туган жерім менің – Қазакстаным.

Сағымды далам бар,
Сабырлы көлім бар.
Қараңдар, жарандар,
Осындей елім бар.
Карсы алған уақытты,
Ежелгі досындей.

Оғаның ішінде қалас бар (басы)
Көнгө бай тегін бар
Бірден шаралған
Тікенің мәнін дар
Көмілдер

Тұзуңдан
Біздің еді бақытты,
Біздің ел осындей.

Миңде: Бабабар ақсан
Бірнеше көзін бар
Діңесін
Миңде бұл салынған
Көнгө бай тегін дар

Чұндағы мән ақсан
Көнгө бай тегін дар
(Көмілдер)

Онда: «Тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны осы жылдар ішінде барлық қазақстандықтардың жүргегінде жатталып қалды деу қыын. Еліміздің кай түкпіріне барсам да, көрі де, жас та әнұрандық мәртебесі болмаса да, аса көрнекті композиторымыз Шәмші Қалдаяқов пен талантты ақынымыз Жұмекен Нәжімеденовтың сөзіне жазылған «Мениң Қазақстанымды» әнұран есебінде шырқағанының талай рет куәсі болдым. Бұл мен ғана емес, қазақстандықтардың сан буыны әлдеқашан білетін шындық. Осы уақытқа дейін бейресми әнұран қызыметін атқарып келген бұл әнге реcми мәртебе беретін күн жетті деп есептеймін. Осы орайда ән мәтініне қатысты да өз пікірімді ортага

салмақын. Бұл әннің мәтіні Қазақстан тыңын игерушілер құрметіне жазылғаны ешкімге құпия емес. Сол себепті мәтінді әнұран ретінде қабылдау үшін оған бірқатар өзгерістер енгізу керек деп есептеймін. **Біріншіден**, әнұранда ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін құрескен ба-балар ерлігі көрсетілуі тиіс. **Екіншіден**, мәтінде сол ата-бабалардан қалған асыл мұрамызы – жеріміздің кең байтақтығы орын алуы керек. **Үшіншіден**, еліміз бен жеріміздің байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына жарқын жол ашатыны да айқын көрініс тапқаны жөн. Ең бастысы, біздің тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі – ел бірлігі баса көрсетілуі керек. Осы талаптарға жауап беретін өзгерістер түскенде ғана «Менің Қазақстанымның» музыкалық редакциясын сақтай отырып, әнұран ретінде Қазақстан Республикасы Парламентіне ұсынуға әбден болады деп есептеймін. Елбасы есебінде ғана емес, Қазақстаның азаматы ретінде де мен осы әннің сезіне жоғарыдағы талаптарға жауап беретін тиісті өзгерістер түсіріп, мәтіннің жаңа нұсқасын назарларыңызға ұсынып отырмын. Авторлығына еш таласым жоқ. Мен үшін биіктеге беттеген тұған елімнің әлі талай буыны асқақтата шырқайтын Қазақстанның бүгінгі келбетіне сай әнұран қабылданса болғаны», – делінген.

Осыдан кейін, жобаны талқылау кезінде әнұран авторлары қатарына Қазақстан Республикасынының Президенті Н.Ә. Назарбаевты қосып, оның авторлық құқын ресми бекіту жөнінде мәселе көтерілді (С. Ибрағимов, В. Нехорошев, М. Трошихин, Ж. Жексембінов). Әділет министрі З. Балиева мәселенің заңдық тұрғыдан дұрыс қойылып отырғанын, ақын мұрагерлерінің оған ресми келісім бергендей-терін назарға салды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын М. Шаханов талқылауға белсене қатысып: «Жалпы мен бұл мәселе-ге Президенттің араласқанын бүгін ғана біліп отырмын. Кеше мен осы тексті, осы өзгертулерді қолдадым. Өте бір сәтімен жасалған. Ал бұрынғы мәтінімен қалдырсақ, ол гимн болмайды», – деген кессімді пікір білдірді. Қалған депутаттар пікірі де осыған орайласып, парламент әнұран мәтінінің авторлары Ж. Нәжімеденов пен Н. Назарбаев екенін айғақтайтын шешім кабылдады.

Жаңа әнұран қабылдаудың уақыт талабына орай жасалған қадам екендігі туралы парламентте де, бұқаралық ақпарат құралдарында да аз айтылған жоқ. Үкімет атынан сөз алған Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрі Е. Қосыбаев, парламент палаталары атынан қосымша баяндама жасаған депутаттар Б. Тілеуханов пен Қ. Сұлтанов 1992 жылы қабылданған әнұранның өз міндеттін атқарғанын, енді замана руҳына сай жаңа гимн қабылдау қажеттігі туындалп отырғанын дәлелдейтін ойларын ортаға салды.

Алғашқы әнұранды «үйқастырылған саяси манифест» деп айдарлаған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, жаушы Ә. Кекілбаев: «Гимн – өлі, жансызың жаңр емес. Өзгереді, дамиды», – дей келіп, жаңа әнұранның сипатына қатысты жаңрды «демократияландырудың бір көрінісі», – деген пікір қости.

Жаңа әнұран жобасының жаттауға, айтуға женілдігіне көбірек наزار аударған басқалардың сөзі де осыған сайды. Алғашқы әнұранның өзені бұрынғы кеңестік дәуірде туғанын алға тартушылар да болды.

«Менің Қазақстаным» әні жарты ғасыр бойы елмен бірге жасап, елмен бірге мұнайып, елмен бірге қуанып келеді. Әр шаңырақтың, ел шаттығының жалауына айналды. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі кезінде қаһарман жас өрендердің рухани туы болып шалқыды.

Ақын Темірхан Медетбекше толғасаңыз: ««Менің Қазақстанымды» айтқан кезде жатқан жалың көтеріліп, аққан қаның тасып, бойына ерен қуат пен қайрат еніп, әрі-беріден кейін аруақтанып, арқалаңып кететінің сөзсіз. Рухты ән. Ол ән шырқалған кезде тегеурінің – тегеурін, жігерің – жігер қосылып бара жатады. Бүкіл жан-жүйесе алабұртқан өр рух лақ етіп төгіліп, өрттей ыстық сезім лап етіп тұтап шыға келеді». («Егемен Қазақстан», 2006 жылғы 10 қантар).

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, әнші Бекболат Тілеуханов сөзімен айтсаңыз: «Әнұранды тыңдағанда құйқаң шымырлап, бойынды рух кернеуі шарт. Ол айтылғанда егілуң керек, еңселенуің керек, шаттанған жөн, шамырқанған ләзім. Женіс тұғырында түлеген қыранның, етігімен су кешкен ұланның аузына түсе кетуі керек. Толқыған топтың, шаттанған көптің көкейіне орала кеткіш ардақты болуы шарт. Осы талабымызға лайық қандай ән бар десек, сөз жоқ ол – Шемпінің «Менің Қазақстанымы».



Өз «өмірбаяны» бар, қалың жұртшылық жүргегіне жол тапқан туынды негізінде әнұран жасау – әлемдік тәжірибеде бар құбылыс. Әдетте ол мемлекеттік рәміздің халықтық сипатын күштейтіп, ел арасында кең таралуына мүмкіндік береді. Бұрыннан келе жатқан әуен мен сөздің ресми нышанға айналуы – елді шығарманы өздері бірге туындарқандай әсерге бөледі. Сөйтіп, белгілі авторлардың жеке қолтаңбасы қалың көпшіліктің ортақ қазынасына айналады.

«Менің Қазақстаным» әнін оның авторлары әнұранға арнап жазған да емес, әнұран байқауына өз қолдарымен ұсынған да емес. Дүниеден ерте озған санлақтардың артындағы жоқшысы да, бағалаушысы да – халықтың өзі.

Ол 1992 жылғы әнұран бәйгесіне де ұсынылған болатын. Белгілі жазушы, бірнеше ән жинақтарының құрастыруышы, баспа басшысы Хайдолла Тілемісов 1992 жылғы 10-қантарда комиссия атына жолдаған хатында: «Қайнар» баспасы қаламгерлерінің пікірінше біздің болашақ әнұранымыз халқымыздың еркіндік, тәуелсіздік жолындағы ізгі ниетін, ұлттымыздың ұлылығын, мәрттігін, қайсарлығын, ағайын алдындағы арлылығы мен адалдығын, алтын бесік – туған өлкеміздің ырыс пен құт, бақыт пен тыныштық мекені екендігін паш ететін, туған елді, кіндік кесіп, өскен жерді аялап сүюге, оның атак-данқын арттыруға үндейтін аскқақ жыр болғаны абзал. Осы талаптар тұрғысынан біз, мысалы, Қазақстан Республикасының әнұраны етіп «Менің Қазақстаным» атты әнді алуды ұсынған болар едік», – деп жазды.

Бірақ ол жолы бұл ұсыныс «марш жанрында жазылған туындыны гимн бәйгесіне қосуға болмайды» деген дәлелмен қайтарылған болатын. Десе де, халық жүргегінің қалауы айныған жоқ. «Менің Қазақстаным» әні бұрынғысынша мектептер мен балабақшаларда, спорт сайыстарының, салтанатты жиындардың төрінде, саяси науқандардың бел ортасында жарқырап көріне берді. Сол ілтипат пен ықылас енді оны ресми рәміз тұғырына апарып қондырып отыр. Лайым, ғұмыры ұзақ болғай!

Рәмістану тарихында Мемлекеттік әнұрандардың белгілі бір атауға ие болуы аз кездеспейді. Ол да әнұранның қоғамдық санада орнығына, көпшілік жадында жылдам жатталып, берік сакталуына игі ықпал етеді. Осы орайда Қазақстан Республикасының жаңа



Мемлекеттік әнұранының аты «Менің Қазақстаным» болуы керек, әрине. Бұл – оның негізін ескергенде де, бөлек болмысы мен терен мағынасына қарағанда да лайықты һәм заңды.

Жаңа әнұранның қабылдануы – елімізде мемлекеттік және саяси түсіп келе жатқандығының бір белгісі. Азаматтардың мемлекеттік сәйкестігі (государственная самоидентификация) деңгейінің өссе түскендігінің айғағы. Сонымен бірге ұлттық сана сезімнің әлеуметтік процестерге әсерінің және қазақ ұлты төнірегінде топтасқан барша отандастарымыздың ортақшылдық ниетінің артқанын білдіреді.

Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік әнұраны – бойға зор патриоттық сезім ұялататын асқақ та сыршыл әуен. Онда ел деп соққан жүректердің дұрсілі бар. Оның өн бойынан өміршеш оптистік рух лебі еседі. Музыкалық табиғатының марш жанрына жақындығы дауыс ырғағының екпінін арттырып, оған ерекше өршілдік қуат беріп тұр.

Әнұран мәтіні – өлең өрнектерімен өрілген отаншылдық манифесі іспеттес. Оны поэзия тілінде жасалған елжандылық портреті десе де болады. Әрқайсы сегіз жолдан тұратын екі шумак пен төрт жолдық қайырмада туған жерге, елге деген махаббат сезімі мен Отан алдындағы перзенттік парызы жайлыш парасатты пайым терен көрініс тапқан.

Одан өзінің туған елі үшін, оның ұлы мұдрагаты жолында «гүлі болып егілуге, жыры болып төгілуге» әзір азаматтық позиция айқын сезіледі. Ел азаматтарын «кеңбайтақ жеріне», «тірлігі жарасқан тәуелсіз еліне» деген мақтаныш сезімге бөлейді. Ежелден «намысын бермеген» халықтың бүгінгі-ертеңгі ұл-қыздарының аузына: «Біздің ел бақытты, біздің ел осындар!» деген салмақты сөздер салады.

Әуені мен өлеңі бір мұддеге қызмет етіп тұрған еліміздің жаңа музыкалық-поэтикалық әмблемасы, ең алдымен, азаматтық асқар рухтың жаршысы ретінде құнды. Шын мәнінде қалғығанды – оятып, мойығанды – жұбагатын, тізерлегенді – тік түрғызып, ұрандағанды – атқа қондыратындағы әсерлі де айбарлы. Ізгі мақсаттар жолында елдікке, бірлікке шақырады. Ертеңіне үкілі умітпен қарап, болашаққа батыл сеніммен қадам басқан барша қазақстандықтардың қәделеп-қастерлейтін рухани қазынасы деуге лайық.

ЭПИЛОГ ОРНЫНА



Өмірін рухымен нұрландырган жаның бойынан өзгеше шуақ
төгіліп тұрады.

«Біз тәуелсіздікке аңсан, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы».

Н.Ә. Назарбаев

Енді елдік нышандарға ерекше ілтипат танытып, құрмет көрсету қаһында арнайы лебіз білдіре кетсек. Онсыз мемлекеттік рәміздер туралы әнгіме толық болмайды.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – адамзат өркенистімен бірге калыптасып, бірге дамып келе жатқан қоғамдық-саяси құбылыстардың бірі. Адам жанының нәзік қылын шертіп, айырықша аңсарларын қозғайтын эсері болғандықтан, адамдардың түр-түсі мен тегіне, қоғамда алатын орны мен жас шамасына, тіпті қашанда құбылмалы келетін саяси ұстанымдарға да қарамастан ешкімге жаттығы жоқ, көпке ортақ феномен.

Мемлекеттік рәміздерге деген көзқарас қазіргі ғаламдық даму процесінде де қоғамдық сана сипатын айқындастын маңызды факторлардың бірі болып саналады. Осы орайда американдық әйгілі ғалым Самюэль Хантингтонның «Біз кімбіз? Американдық ұлттық сәйкестік проблемалары» («Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности», М., Транзит книга, 2004) деген кітабынан бір мысал келтіруге болады. Бұл елде қалыптасқан дәстүр бойынша ұлттық ту («Жұлдыздар мен жолақтар») «... діни статус алып, иконға айналған, американдықтар үшін Ұлттық сәйкестік символы болып саналады және оған (туға) басқа елдердің азаматтары қалай қарайтыны сөз емес» (С. Хантингтон).



1998 жылы ақпан айында Лос-Анжелес қаласында Мексика мен АҚШ футболшылары әлем біріншілігінде бақ сыйнасты. Мексикалықтардың шеберлік мысы басты ма, әлде американцылардың отаншылдық сезімі селкеулік танытты ма, әйтеуір стадионда қонақтардың мемлекеттік туы көбірек көлбендереп, «жүлдіздар мен жолақтардың» үні шықпай қалды. Тіпті жалауша желпінтіп, жеңіске шақырған жерлестерін жеңінен тартқан американцылар да аз болмады. Осы жағдайға күйзелген жанкүйерлерінің бірінің «Мен өз елімде жүріп өз мемлекеттік туымды көтере алмасам, яғни менің елімде ерекше бір сорақы өзгеріс болғаны да» деген жан айқайы кітапта қазіргі американцы қоғамдық санадағы ұлттық сәйке стік проблемасын талдаудың бір тиегіне айналған.

Ал 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік апат жағдайында туға деген көзқарасты пайымдау проблеманың басқа қырларын ашуға



«Тәуелсіздік полосі» ғылыми-зерттеу экспедициясы мүшелерінің мемлекеттік туды Антарктиданың ең биік шыңына шығаруы (2016 ж.)





Президент Н.Ә. Назарбаев 2000 ж. Сидней Олимпиадасының жеңілмазы атақты боксшы Е. Ибраимовқа ту табыстауы



«Әлем ишүңы» – Эверестті екі рет бағындырған альпинист
Максұт Жұмаев (2018 ж.)

көмектеседі. Бұған дейінгі бойкүйездіктің ізін де таба алмайсыз. «Жұлдыздар мен жолақтар» қарша жауды десе де болады. Ұлттық жалауша ілінбеген жер қалмады. Үйлер мен оғистердің төбелерінде, автокөлік бекетінде, терезе сайын, фасадтар мен шам жанған бағандарда, телефон антенналарында, тіпті жиһаздар мен кісі киімдерінде бәрі-бәрінде «жұлдыздар мен жолақтар» тігілмеген, шанышылмаған, тұрғызылмаған, тартылмаған, тағылмаған бос жер табу қын еді. Қазан айының басында өткізілген социологиялық зерттеу барысында американдықтардың 80 пайызы өз елінің туын көтергенін, оның 63 пайызы – үйлерінде іліп, 28 пайызы – автокөліктегіне орнатып шыққанын, ал 29 пайызы – өз кітім-кешектеріне қадап алғанын айқындал берді. Тек «Уолмарт» (ағ. «Walmart») гипермаркетінде ғана 11 қыркүйекте – 116 мың жалауша, ал келесі күні – 250 мың жалауша сатылыпты. Ал бұрынғы жылға сойкес көрсеткіштер – тиісінше 6400 және 10 мың болатын. Жалауша жасаушылар әдеттегіден төрт-бес есе көп пайдаға кенелді.

Бұл әлеуметтік-психологиялық құбылыстың астарында, сөз жок, мемлекеттік рәміздердің қоғамдық санада алар орнын айқын айғақтайтын аса маңызды факторлар жатыр. С. Хантингтон болса, «Жалаушалар американдықтардың өз ұлттық сәйкестігіне қатысты тұтас әрі қасіретті сезімін ояту» деп тұжырымдайды.

Өз мемлекетінің туы желбіреп, әнұранының әуені тербелгенде не-месе сезімен қоса шырқалғанда сelt етпейтін жүрек жоқ. Әсіресе, тұған жерден жырақта жүрген кездерде. 1992 жылы Барселонада өткен дүниежүзілік жазғы олимпиадалық ойындарға Қазақстан делегациясы тұнғыш рет тәуелсіз Отанымыздың өзгелермен терезесі тең әкіл ретінде қатысты. Тағдыр жазып, сәті түсіп, сол жолы әлем әлі көзайым бола қоймаған көкшулан туымыз, көнсін көзіндей, көшпелілер болмысының өзіндей көк байрағымыз спорттағы саңлақтарымыздың қолында желбіреді. «Қазақстанның күн қонған көгілдір туын көкке қадай көтеріп, Олимпиаданың ашылу шеруінің бел ортасында келе жатқан Дәүлетті (Д. Тұрлыханов – осы сайыста классикалық күрестен қола жүлдегер атанған қаһарман жігітіміз – Е.Ш.) көргенде, – деп жазады сол жолы алғыстан ақжолтай хабарлар беріп тұрған журналист



Атагы жер жарған кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин
Түңгышы Президент Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауында



Белгілі кәсіпқой боксшы Қанат Исламның
Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесуі (2019 ж.)



Е. Бапи, – спорт фототілшісі Дендербай аға бір суретін тұсіруге үш фотоаппараттан бес пленка жұмсаپ ұлгерді. Ал «Спорт» газеті редакторының орынбасары Қыдырбек Рысбекұлы қуаныштан көзіне жас алып, жылап жіберді». Әлемнің сонау бір қиян түкпірінде, кілең бір марқасқалар жиылған айтулы ортада отандастарымызды өзгеше мақтандын сезіміне бөлеп, тебіренткен ғажайып көрініске баға жетер ме? Оның сыртында тәуелсіз мемлекетіміздің төл рәмізін басқалармен қатар тік көтеріп, дәңгеленген дүниенің дүрмін деген небір дүлдүл елдерімен иық тірессе шеру тарту бақтыы тұр ғой.

Жер-жаяндық жарыс төрінде өзінді еркін елдің еркешорасы сезініп, қуаныштан көзге жас алу құдіретін тек бастан өткізіп қана біле аларсың, тегі!

Нақ осындаі күй кешіп, тебірену бақтыын сезінген тағы бір қазақты білеміз. Ол – дәм-тұзын шеттен жазып, әртурлі жағдайда шекара асып, сыртта жүрген қандасымыздың бірі, түркиялық бизнесмен Мансур Тайжы мырза. Сол 1992 жылы ол Алматыда өткен «Азия дауысы» байқауына екі жұз жалауша тігіп алғып келіп, таратты. «Тәуелсіз еліме деген ыстық махаббатымды жеткізуіндің бұдан артық жолын білмедім, бауырлар. Өз басым халқымыздың бойтұмарындаі қыран қанатты көгілдір туымызды қастерлеу қазақты қасиеттеу деп ойлаймын», – деп сыр бөлісті теледидар арқылы сөйлеген сәтінде.

Сол жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Дүние жузі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Сонда ұйымдастыруыштар қатарында құрылтай шараларына белсене қатыса жүріп, шеттегі ағайындардың өздері алғаш рет аяқ басып, бірінші рет көріп тұрган атамекен, асыл жұртына деген жүрек түкпіріндегі ғажайып махаббатын сезініп сан толқығанымыз бар. Қонақтардың алғашқы үлкен тобын Үкімет Премьер-Министрінің орынбасары, елім деген еркөңіл азамат ағамыз Мырзатай Жолдасбеков бастап, 24 қыркүйек күнгі таңғы 9-да Алматы әуежайында қарсы алдық. Айтып тауса алмас әсер... Суреттеуге тіл жетпес сезім... Ыстық қауышулар... Қуаныштан құйылған көз жасы... Өз алдына шаңырақ көтеріп, ел болған, жеке ту желбіретіп, төл елтаңбасын төрге ілген Қазақ мемлекетінің қазіргісіне шүкірлік айтып,





Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы (1992 ж.)

ертеңіне баянды болашақ тілеген жүрекжарды сөздер... Әсіресе, ұшак табалдырығынан түсे сала ақ сақалын бойлай акқан көз жасын тия алмай еңкілдеп келіп, етпетінен түсіп, тұған жердің тасын сүйген қария және қонақтардың үлкен-кішісінің берінің қолында бірдей биікке көтерілген кішкентай жалаушалар әлі күнге көз алдымында тұр. Құдды көз жазып қалған елдің Ұлы Отанына, ата жұрттына: «ағайын, мен – өзінің бауырынмын» деп қасиетті белгілерді қуәлікке тартып тұрғанындей. Атамекенің топырақ-тасын аймалаған аймандағай асыл





ағамызы тұған жердің құдірет, қадірін сезіндірсе, біртуғандық елшісіне айналған көгілдір жалаушалар мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін көрім ұқтырады. Санылауы бар санаға бұдан артық не сөүле керек, шіркін.

Іә, сөз жоқ, туға тағзым – елге, жерге, тарихқа тағзым. Туға құрмет – елге, жерге, тарихқа деген құрмет. Бұл елтаңба мен әнұранға да қатысты. Өйткені, олар – біздің елдік белгілеріміз, олар – мемлекеттігіміздің құты мен қасиеті. Ал елін шын сүйетін адаптацияның азамат өз Отанының бойтұмар белгілерін де қасиеттер болар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу маңызды конституциялық нормалар қатарына жатады. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңы: «Қазақстан Республикасының азаматтары, соңдай-ақ Республика аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін құрметтеуге міндетті» деп көрсетілген. Құжатқа 2005 жылғы 6 қантарда өзгерістер енгізілген кезде әнұран орындау рәсіміне қатысты «гимнің орнынан тұрып, оң қолының алаканын омырауының сол жағына қойып тыңдайды» деген жаңа салт зандастырылды.

Тағдырыңды тамырсыздық індеңінен қалқала!

Әр адамда өз анасынан басқа да,

Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада

Болу керек құдіретті төрт ана:

Тұган жері – түп қазығы, айбыны

Тұган тілі – сатылмайтын байлығы,

Тұган дәстүр, салт-санасы – тірекі

Қадамыңа шұақ шашар үнемі.

Және тұган тарихы, еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасиетті болса да.

... Төрт анасын қорғамаған халықтың

Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаган.

М. Шаханов



Мемлекеттік рәміздерді тұрақты түрде насихаттап отыру, азаматтардың бойында оларға деген құрмет сезімін қалыптастыру жөнінде шаралар жүргізу Республика Үкіметіне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдеріне заң бойынша жүктелген.

Мемлекеттік рәміздерге айрықша құрмет көрсету – халықаралық қарым-қатынас тәжірибесінде тарихи қалыптасқан және ресми орнықтырылып келе жатқан тәртіп. Ол – мемлекет басшыларының ресми сапарларын реттейтін арнайы хаттама бойынша ерекше қадағаланатын нормалардың бірі. Мысалы, мемлекет басшысын қарсы алу және шығарып салу кезінде ел әнұраны орындалады. Дипломаттар кез келген елмен таныстырын ең алдымен сол мемлекеттің ресми рәміздерін танып-білуден бастайды. Бұл елтану әліппесіне жатады.

Мемлекеттік рәміздерге көзқарастан сол елге деген ықылас пен пейіл дәрежесі анғарылады. Бұл ретте орын алған кез келген ресми неміңдіктердің пін кемсітушілік елді құрметтемеу деп бағаланып, кейде мемлекетаралық қарым-қатынастарға салқынын тигізеді, тіпті белгілі бір шиеленістерге апарып соғуы мүмкін.

Мұндай көзқарас рәміздердің ұлттық сана-сезім мен азаматтық сәйкестік туралы ұғымдарда айрықша орын алғындығына негізделген. Талай ұрпақтар елтанба көтеріп, желбіреген ту ұстап, асқақ әндер шырқап аса ұлы ерліктер жасағанына тарих күә. Ержүрек саяхатшылар мен теңізшілер өздері ашқан жаңа жерлерде елінің рәмізін қадап, белгі қалдырып отырган. Ұлттық тулар астында Отанының еркіндігі мен бостандығы үшін жан аямай құрессен патриоттар қолында да қашан да ұлттық тулар желбірейді. Әлемнің көптеген халықтары өздерінің мемлекеттік рәміздерін иелену құқығына қол жеткізу үшін небір ғаламат қызындықтарды бастан өткерді.

Рәміздерді құрметтей ту, елтанба және әнұран пайдаланыластын жағдайларды әлеуметтік реттеуге байланысты бірқатар ұлттық



дәстүрлер мен ресми рәсімдердің негізі болып саналады. Ресми рәміздер бірынғай мемлекеттік стильдің басты ұстыны қызметін атқарады.

Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау жөніндегі ұлттық рәсімдердің сипаты мен деңгейі әр елде әртүрлі көрініс тапқан. Оған әрқайсының төл менталитеті мен саяси мәдениеті тікелей ықпал ететін байқалады. Дамудың жоғарғы сатысына көтерілген, демократиялық жолмен өркендер келе жатқан әрі идеологиялық мойынтурық не екенін білмейтін АҚШ-та Мемлекеттік туға ізет таныту – жалпыхалықтық құндылық бағдары, жоғары отанышылдық көрінісі және мемлекеттік мұдделерге адалдық танытудың бір көрінісі деп есептеледі. Швецияда жылма-жыл ұлттық мереке ретінде аталып журген Мемлекеттік ту күні бар.

Әрине, қастерлеп, қасиеттеу үшін алдымен мемлекеттік рәміздер туралы терең түсінік болуға тиісті. Әсіресе жас ұрпақ оларды жақсы білгені жөн. Ресми рәміздердің мектептерде, жоғары оқу орындарында арнайы пәндей курс ретінде, білікті әдіскер мамандар мен білгір ғалымдар жасап, бекітілген бағдарламаларға сәйкес оқытылуы халықаралық тәжірибеде бар иғі іс. Мұның өзі жастардың туған халқы, туған елі туралы түсініктерін тереңдетіп, отанышылдық сезімдерін күштейте түседі.

Дипломатиялық протоколдың елшілік салтының халықаралық құқықтың негізгі принциптерін нақтылауға және жүзеге асыруға қызмет ететін айрықша құрал ретінде саяси маңызға ие екені белгілі. Ол кез келген мемлекеттің сыртқы саясатына, дипломатиялық қызметіне ықпал ететін факторлардың бірі. Елшілік салтқа сәйкес Мемлекеттік туға тағым ету, Мемлекеттік әнұраннның орындалуы тәрізді рәсімдер (протоколдық этикеттер мен нормалар) мемлекет егемендігін танытатын белгілерге жатады. Елшілік орналасқан мекенжайда мемлекеттің туы желбіреп тұруы, әр алуан ресми кездесулер мен басқа да маңызды шарапалар кезінде жалаушалар қойылды,



соған қарай тиісті орналасу тәртібі айқындалатыны содан. Қазақстан егемен ел атанип, тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік аренага шығуына, халықаралық қауымдастыққа енуіне байланысты қыран қанатты көкшулан туымыз Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап, көптеген беделді халықаралық ұйымдардың, әлемнің әр түкпіріндегі мемлекеттердің төрінде желбіреді.

Қазақстанда қазір қоғамдық сана деңгейінде мемлекеттік рәміздер образын әркімнің өз қабылдауы арқылы бойға сініру және оларды ел азаматтарының жеке рухани құндылықтарына айналдыру процесі жүріп жатыр. Бұл – ел егемендігі, мемлекеттік тәуелсіздіктің орнығу тарихында оның нышандарын ресми белгілеу олардың адамдар санасында орнығынан бұрын жүзеге асқан кезде болатын қалыпты қажеттілік, заңды құбылыс.

Мемлекеттік рәміздердің жалпыұлттық деңгейде мойындалуы, ел азаматтарының сана-сезімінде барынша төрөн сәулеленуі – оларға деген құрмет сезімін қамтамасыз етудің бірден-бір кепілі. Тек сондай әлеуметтік негіз ғана ресми рәміздерді және оларға байланысты әр алуан идеяларды тиімді пайдалану тәжірибесіне қатысты ұлттық дәстүрлер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әр адамның ой-санасы арқылы өтіп, жан-журегімен қабылданған азаматтық позициясына айналған мемлекеттік рәміздерді қастерлеу көзқарасы жоғары патриотизмнің, Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мұддесін өзге мұдделердің бәрінен жоғары қоюға баулудың өзегі болып табылады.

Осындай жағдайды орнықтыру және соған сәйкес белгілі бір әрекеттік-сезімдік императивтер тәрбиелеу үшін ел рәміздерін жаксы білудің орны өзгеше. Ресми рәміздер қашан да адамдар санасында мемлекеттілік идеясын және соған сәйкес құндылық бағдарларын қалыптастыруға, өркенисттілік пен мәдениеттілік рухын орнықтыруға тікелей әсер етіп келгенін және бұдан әрі де солай бола беретінін ешқашан да естен шығармаған жөн.













ӘЛЕМ КАРТАСЫ АЛДЫНДА



ГЛОССАРИЙ

(Рәмізтанды: негізгі ұғымдар)



ГЕРАЛЬДИКАЛЫҚ МОЗАИКА



ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КУРЬЕР

(Қазақ фольклоры мен поэзиясындағы рәміздік сарындарды саралау тәжірибесінен)



Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік рәміздерін танып-білуғе

арналған қазақша-орысша-ағылшынша

СӨЗДІК

ӘЛЕМ КАРТАСЫ АЛДЫНДА

	Мемлекеттің толық аты	Жер көлемі мың км ²	Астанасы	Ақша бірлігі
	1	2	3	4
АУСТРАЛИЯ, ОКЕАНИЯ				
	Австралия одагы	7 692,02	Канберра	Австралия доллары (AUD)
	Вануату Республикасы	12,19	Порт-Вила	Вату (VUV)
	Жаңа Зеландия	268,02	Веллингтон	Жаңа Зеландия доллары (NZD)
	Кирибати Республикасы	0,81	Оңтүстік Тарава	Австралия доллары (AUD)
	Маршалл Аралдары Республикасы	0,18	Маджуро	АҚШ доллары (USD)
	Микронезия Федеративтік Штаттары	0,7	Паликир	АҚШ доллары (USD)
	Науру Республикасы	0,02	Ярен	Австралия доллары (AUD)





	1	2	3	4
	Палау Республикасы	0,4	Нгерулмуд	АҚШ доллары (USD)
	Папуа-Жаңа Гвинея Тәуелсіз мемлекеті	462,84	Порт-Морсби	Кина (PGK)
	Самоа Тәуелсіз Мемлекеті	2,84	Апиа	Тала (WST)
	Соломон Аралдары	28,4	Хониара	Соломон Аралдары доллары (SBD)
	Тонга Корольдігі	0,75	Нукуалофа	Паанга (TOP)
	Тувалу	0,03	Фунафути	Тувалу доллары (TVD) Аустралия доллары (AUD)
	Фиджи Республикасы	18,27	Сува	Фиджи доллары (FJD)
АЗИЯ				
	Армения Республикасы	29,74	Ереван	Драм (AMD)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Ауғанстан Ислам Республикасы	652,87	Кабул	Афгани (AFN)
	Әзірбайжан Республикасы	86,6	Баку	Манат (AZN)
	Бангладеш Халық Республикасы	148,46	Дакка	Така (BDT)
	Бахрейн Корольдігі	0,79	Манама	Бахрейн динары (BHD)
	Бруней- Даруссалам мемлекеті	5,77	Бандар-Сери- Бегаван	Бруней доллары (BND)
	Бутан Корольдігі	38,394	Тхимпху	Нгултрум (BTN)
	Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ)	83,6	Абу-Даби	Дирхам (AED)
	Вьетнам Социалистік Республикасы	331,699	Ханой	Донг (VND)
	Грузия Республикасы	69,7	Тбилиси	Лари (GEL)





	1	2	3	4
	Жапония	377,975	Токио	Йена (JPY)
	Израиль мемлекеті	20,8	Тель-Авив	Шекель (ILS)
	Индия Республикасы	3287,263	Нью-Дели	Үнді рупиясы (INR)
	Индонезия Республикасы	1904,569	Джакарта	Индонезия рупиясы (IDR)
	Иордан Хашимит Корольдігі	89,342	Амман	Иордан динары (JOD)
	Ирак Республикасы	438,317	Бағдад	Ирак динары (IQD)
	Иран Ислам Республикасы	1648,195	Тегеран	Иран риалы (IRR)
	Йемен Республикасы	555	Сана	Йемен риалы (YER)
	Камбоджа Корольдігі	181,035	Пномпень	Риел (KHR)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Катар мемлекеті	11,581	Доха	Катар риалы (QAR)
	Кипр Республикасы	9,251	Никосия	Euro (EUR)
	Корей Халықтық Демократиялық Республикасы (КХДР)	120,54	Пхеньян	Корея халық вонасы (KPW)
	Корея Республикасы	100,363	Сеул	Корея Республикасы вонасы (KRW)
	Кувейт мемлекеті	17,818	Эль-Кувейт	Кувейт динары (KWD)
	Казақстан Республикасы	2724,9	Астана	Тенге (KZT)
	Қыргыз Республикасы	199,951	Бишкек	Қыргыз сомы (KGT)
	Қытай Халық Республикасы (ҚХР)	9596,961	Пекин	Юань (CNY)
	Лаос Халықтық Демократиялық Республикасы	237,955	Вьентьян	Кип (LAK)





	1	2	3	4
	Ливан Республикасы	10,452	Бейрут	Ливан фунты (LBP)
	Малайзия	330,803	Куала-Лумпур	Ринггит (MYR)
	Мальдив Республикасы	0,3	Мале	Мальдив руфиясы (MVR)
	Монголия	1564,116	Улан-Батор	Тугрик (MNT)
	Мьянма Одағы Республикасы	676,578	Нейпвидо	Къят (MMK)
	Непал Федеративті Демократиялық Республикасы	147,516	Катманду	Непал рупиясы (NPR)
	Оман Сұлтандығы	309,5	Мускат	Оман риалы (OMR)
	Өзбекстан Республикасы	448,978	Ташкент	Өзбек сомы (UZS)
	Пәкістан Ислам Республикасы	881,913	Исламабад	Пәкістан рупиясы (PKR)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Сауд Арабия Корольдігі	2149,69	Эр-Рияд	Сауд риалы (SAR)
	Сингапур Республикасы	0,733	Сингапур	Сингапур доллары (SGD)
	Сирия Араб Республикасы	185,18	Дамаск	Сирия фунты (SYP)
	Тайланд Корольдігі	513,12	Бангкок	Бат (THB)
	Тәжікстан Республикасы	143,1	Душанбе	Сомони (TJS)
	Түрік Республикасы	783,356	Анкара	Түрік лирасы (TRY)
	Түркменстан	491,21	Ашхабад	Түркменистан манаты (TMT)
	Филиппин Республикасы	300	Манила	Филиппин песосы (PHP)



	1	2	3	4
	Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы	65,61	Шри-Джаяварденепура-Котте (ресми административті); Коломбо (де-факто)	Шри-Ланка рупиясы (LKR)
	Шығыс Тимор Демократиялық Республикасы	15,007	Дили	АКШ доллары (USD)
АФРИКА				
	Алжир Халықтық Демократиялық Республикасы	2381,741	Алжир	Алжир динары (DZD)
	Ангола Республикасы	1246,7	Луанда	Кванза (AOA)
	Бенин Республикасы	114,763	Порто-Ново	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Ботсвана Республикасы	581,73	Габороне	Пула (BWP)
	Буркина-Фасо	274,2	Уагадугу	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Бурунди Республикасы	27,834	Гитега	Бурунди франкі (BIF)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Габон Республикасы	267,667	Либревиль	Орталық Африка КФА франкі (XAF)
	Гамбия Республикасы	10,689	Банжул	Даласи (GMD)
	Гана Республикасы	238,535	Аккра	Седи (GHS)
	Гвинея Республикасы	245,857	Конакри	Гвинея франкі (GNF)
	Гвинея-Бисау Республикасы	36,125	Биссау	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Джибути Республикасы	23,2	Джибути	Джибути франкі (DJF)
	Египет Республикасы	1010,408	Каир	Египет фунты (EGP)
	Замбия Республикасы	752,617	Лусака	Замбия квачасы (ZMW)
	Зимбабве Республикасы	390,757	Хараре	Зимбабве доллары (ZWD); АҚПП доллары (USD)





	1	2	3	4
	Кабо-Вerde Республикасы	4,033	Прая	Кабо-Вerde эскудосы (CVE)
	Камерун Республикасы	457,442	Яунде	Орталық Африка КФА франкі (XAF)
	Кения Республикасы	580,367	Найроби	Кения шиллингі (KES)
	Комор Арапдары Одағы	1,861	Морони	Комор франкі
	Конго Республикасы	342	Браззавиль	Орталық Африка КФА франкі (XAF)
	Конго Демократиялық Республикасы (Заир)	2345,409	Киншаса	Конго франкі (CDF)
	Кот-д'Ивуар Республикасы	332,463	Ямусукро (де-юре); Абиджан (де-факто)	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Лесото Республикасы	30,355	Масеру	Лоти (LSL)
	Либерия Республикасы	111,369	Монровия	Либерия доллары (LRD)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Ливия мемлекеті	1759,541	Триполи	Ливия динары (LYD)
	Маврикий Республикасы	2,040	Порт-Луи	Маврикий рупиясы (MUR)
	Мавритания Ислам Республикасы	1030	Нуакшот	Угия (MRU)
	Мадагаскар Республикасы	587,041	Антанариву	Ариари (MGA)
	Малави Республикасы	118,484	Лилонгве	Малави квачасы (MWK)
	Мали Республикасы	1240,192	Бамако	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Марокко Корольдігі	446,3	Рабат	Марокко дирхамы (MAD)
	Мозамбик Республикасы	801,59	Мапuto	Метикал (MZN)
	Намибия Республикасы	825,615	Виндхук	Намибия доллары (NAD)





	1	2	3	4
	Нигер Республикасы	1267	Ниамей	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Нигерия Федеративтік Республикасы	923,769	Абуджа	Найра (NGN)
	Оңтүстік Африка Республикасы (OAP)	1221,037	Претория (атқарушы билік); Кейптаун (зан шыгарушы); Блумфонтейн (сот)	Оңтүстік Африка ранды (ZAR)
	Оңтүстік Судан Республикасы	644,329	Джуба	Оңтүстік судан фунгі (SSP)
	Оргалық Африка Республикасы	622,984	Банги	Оргалық Африка КФА франкі (XAF); Биткоин (XBT)
	Руанда Республикасы	26,338	Кигали	Руанда франкі (RWF)
	Сан-Томе және Принципи Демократиялық Республикасы	1,001	Сан-Томе	Добра (STN)
	Сейшель аралдары Республикасы	0,459	Виктория	Сейпель рупиясы (SCR)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Сенегал Республикасы	196,712	Дакар	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Сомали Федеративтік Республикасы	637,657	Могадишу	Сомали шиллингі (SOS)
	Судан Республикасы	1886,086	Хартум	Судан фунті (SDG)
	Сьєрра-Леоне Республикасы	71,74	Фритаун	Леоне (SLL)
	Танзания Біріккен Республикасы ?	947,303	Додома	Танзания шиллингі (TZS)
	Тоголез Республикасы	56,785	Ломе	Батыс Африка КФА франкі (XOF)
	Тунис Республикасы	163,61	Тунис	Тунис динары (TND)
	Уганда Республикасы	241,038	Кампала	Уганда шиллингі (UGX)
	Чад Республикасы	1284	Нджамена	Орталық Африка КФА франкі (XAF)



	1	2	3	4
	Экваториалық Гвинея Республикасы	28,05	Малабо	Орталық Африка КФА франкі (XAF)
	Эритрея мемлекеті	117,6	Асмэра	Накфа (ERN)
	Эсватини Корольдігі (бұр. Свазиленд)	17,364	Мбабане (атқарушы білік); Ломамба (занъ пығаруны)	Лилангени (SZL); Оңтүстік Африка ранды (ZAR)
	Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы	1104,3	Аддис-Абеба	Быр (ETB)
ЕУРОПА				
	Австрия Республикасы	83,879	Вена	Еуро (EUR)
	Албания Республикасы	28,748	Тирана	Лек (ALL)
	Андорра Княздігі	467,63	Андорра-ла-Велья	Еуро (EUR)
	Беларусь Республикасы	207,595	Минск	Беларусь рублі (BYN)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Бельгия Корольдігі	30,689	Брюссель	Евро (EUR)
	Болгария Республикасы	110,993	София	Лев (BGN)
	Босния және Герцеговина Республикасы	51,129	Сараево	Босния және Герцеговина ауыстырмалы convertible маркасы (BAM)
	Ватикан Мемлекет- қаласы	0,00049		Евро (EUR)
	Венгрия	93,030	Будапешт	Форинт (HUF)
	Германия Федеративтік Республика	357,022	Берлин	Евро (EUR)
	Грек Республикасы	131,957	Афины	Евро (EUR)
	Дания Корольдігі	42,926	Копенгаген	Дания кронасы (DKK)
	Ирландия	84,421	Дублин	Евро (EUR)





	1	2	3	4
	Исландия	102,775	Рейкьявик	Исландия кронасы (ISK)
	Испания Корольдігі	505,99	Мадрид	Eуро (EUR)
	Италия Республикасы	301,23	Рим	Eуро (EUR)
	Латвия Республикасы	64,589	Рига	Eуро (EUR)
	Литва Республикасы	65,3	Вильнюс	Eуро (EUR)
	Лихтенштейн княздігі	0,16	Вадуз	Швейцария франкі (CHF)
	Люксембург Ұлы Герцогтігі	2,586	Люксембург	Eуро (EUR)
	Мальта Республикасы	0,316	Валлетта	Eуро (EUR)
	Молдавия Республикасы	33,843	Кишинев	Молдова лейі (MDL)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Монако княздігі	0,002	Монако	Евро (EUR)
	Нидерландт Корольдігі	42,531	Амстердам	1. Евро (EUR) – Еуропа; 2. АҚШ доллары (USD) – Нидерландт Кариб аралдары; 3. Нид. антиль гульдені (ANG) – Кюрасао, Синт- Мартен; 4. Аруба флорині (AWG) – Аруба
	Норвегия Корольдігі	385,207	Осло	Норвегия кронасы (NOK)
	Польша Республикасы	312,696	Варшава	Злотый (PLN)
	Португалия Республикасы	92,212	Лиссабон	Евро (EUR)
	Ресей Федерациясы	17098,246	Мәскеу	Рубль (RUB)
	Румыния	238,397	Бухарест	Румын лей (RON)





	1	2	3	4
	Сан-Марино Республикасы	0,061	Сан-Марино	Eуро (EUR)
	Сербия Республикасы	88,361	Белград	Серб динары (RSD)
	Словак Республикасы	49,035	Братислава	Eуро (EUR)
	Словения Республикасы	20,271	Любляна	Eуро (EUR)
	Солтүстік Македония Республикасы	25,713	Скопье	Македония динары (MKD)
	Украина	603,628	Киев	Гривна (UAH)
	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен Корольдігі	242,495	Лондон	Фунт стерлинг (GBP)
	Финляндия Республикасы	338,455	Хельсинки	Eуро (EUR)
	Француз Республикасы	643,801	Париж	Eуро (EUR)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Хорватия Республикасы	56,594	Загреб	Хорватия кунасы (HRK)
	Черногория	13,812	Подгорица	Eupo (EUR)
	Чехия Республикасы	78,871	Прага	Чех кронысы (CZK)
	Швейцария конфедерациясы	41,285	Берн (де-факто)	Швейцария франкі (CHF)
	Швеция Корольдігі	450,295	Стокгольм	Швеция кронысы (SEK)
	Эстония Республикасы	45,339	Таллин	Eupo (EUR)

СОЛТУСТИК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АМЕРИКА

	Америка Құрама Штаттары (АҚШ)	9833,52	Вашингтон	АҚШ доллары (USD)
	Антигуа және Барбуда	0,44	Сент-Джонс	Шығыс Кариб доллары (XCD)





	1	2	3	4
	Багам Аралдары Достасыты	13,878	Нассау	Багам доллары (BSD)
	Барбадос	0,439	Бриджтаун	Барбадос доллары (BBD)
	Белиз	22,966	Бельмопан	Белиз доллары (BZD)
	Гаити Республикасы	27,75	Порт-о-Пренс	Гурд (HTG)
	Гватемала Республикасы	108,889	Гватемала	Кетсаль (GTQ)
	Гондурас Республикасы	112,492	Тегусигальпа	Лемпира (HNL)
	Гренада	0,349	Сент-Джорджес	Шығыс Кариб доллары (XCD)
	Доминика Достасыты	0,75	Розо	Шығыс Кариб доллары (XCD)
	Доминикан Республикасы	48,671	Санто-Доминго	Доминикан песосы (DOP)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Канада	9984,67	Оттава	Канада доллары (CAD)
	Коста-Рика Республикасы	51,1	Сан-Хосе	Коста-Рика колоны (CRC)
	Куба Республикасы	109,884	Гавана	Куба песосы (CUP)
	Мексика Құрама Штаттары	1972,55	Мехико	Мексика песосы (MXN)
	Никарагуа Республикасы	130,375	Манагуа	Кордоба (NIO)
	Панама Республикасы	75,417	Панама	Бальбоа (PAB); АҚШ доллары (USD)
	Сент-Винсент және Гренадина	0,389	Кингстаун	Шығыс Кариб доллары (XCD)
	Сент-Кітс және Невис Федерациясы	0,261	Бастер	Шығыс Кариб доллары (XCD)
	Сент-Люсия	0,617	Кастро	Шығыс Кариб доллары (XCD)



	1	2	3	4
	Тринидад және Тобаго Республикасы	5,131	Порт-офф-Спейн	Тринидад және Тобаго доллары (TTD)
	Эль-Сальвадор Республикасы	21,041	Сан-Сальвадор	Сальвадор колоны; АҚШ (USD); Биткойн (XBT)
	Ямайка	10,991	Кингстон	Ямайка доллары (JMD)

ОҢДУСТИК АМЕРИКА

	Аргентина Республикасы	2780,4	Буэнос-Айрес	Аргентина песосы (ARS)
	Бразилия Федеративтік Республикасы	8515,767	Бразилия	Реал (BRL)
	Венесуэла Боливариан Республикасы	916,445	Каракас	Венесуела боливары (VED)
	Гайана Кооперативтік Республикасы	214,970	Джорджтаун	Гайана доллары (GYD)
	Колумбия Республикасы	1141,748	Богота	Колумбия песосы (COP)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

	1	2	3	4
	Көпүлтты Боливия Республикасы	1098,581	Сукре	Боливиано (BOB)
	Парагвай Республикасы	406,796	Асунсьон	Гуарани (PYG)
	Перу Республикасы	1285,216	Лима	Соль (PEN)
	Суринам Республикасы	163,821	Парамарибо	Суринам доллары (SRD)
	Уругвай Шығыс Республикасы	176,215	Монтевидео	Уругвай песосы (UYU)
	Чили Республикасы	756,096	Сантъяго	Чили песосы (CLP)
	Эквадор Республикасы	256,370	Кито	АКШ доллары (USD)





ГЛОССАРИЙ

(Рәмізтану: негізгі ұғымдар)

Аверс (касбет) – Елтаңбатану (геральдика) ғылымында қолданылатын термин. Мөрдің негізгі рәміздік белгі соғылатын он жақ бетін осылай атайды.

Ақша (валюта) – мемлекеттің саяси-экономикалық тәуелсіздігінің белгісі. Әдетте металдан (алтын, күміс, т.б.) соғылады, немесе мемлекеттік құнды қағаз түрінде басылып шығады.

Астана – ең жоғары мемлекеттік билік жүзеге асырылатын орталықты (қаланы) білдіретін саяси-географиялық ұғым. Астана атауы елдің ономастикалық төлкүжаты (мысалы, Париж десе ойға бірден Франция келеді) рәмізі саналады.

Әнұран – объектісін даралай отырып, соның төнірегінде қогамда-суға үндейтін музыкалық және поэтикалық құралдар арқылы жасалатын көркем туынды. Негізінен мадактау сарыны басым болады.

Белгі – адамның ақыл-ойы мен жан-дүниесіне әсер ету арқылы курделілігі әртүрлі деңгейдегі ақпарат бере алғатын шартты ұғымдардың таңбаланған немесе бейнеленген көрінісі.

Елтаңба – әлеуметтік даралау және меншіктеу сипатындағы құбылыстарға күәлік ететін заттық белгі.

Елтаңбалық (мемлекеттік) мөр – мемлекеттік елтаңба бейнеленген дөңгелек немесе төртбұрышты құрал. Заңдарды, мемлекеттік маңызы бар басқа да құжаттарды ресімдеуге пайдаланылады.

Елұран – қогамдық деңгейде қауымдасуға, бірлескен іс-қимылға шақыратын шартты сөз. Негізінен сана-сезімге психологиялық әсер ету жолымен жігерлендіруге, рухтандыруға бағытталған.

Ең (таңба) – астарында меншік нысанына қатысты ақпарат бар шартты белгі.

Елорда – жаңа сөз (неологизм). 1998 жылдан бастап астана деген мағынада қолданыла бастады.

Колтанба – адамның жазбаша таңба салу мәнеріне, іс-қимылына және шығармашылығына тән ерекшеліктерін даралайтын ұғым.



Мемлекеттік әнұран – мемлекеттік тәуелсіздік пен егемендіктің музыкалық немесе музыкалық-поэтикалық рәмізі. Негізінен әүен мен сөзден тұрады. Кейде тек музыкалық шығарма болуы да мүмкін.

Мемлекеттік елтаңба – мемлекеттік тәуелсіздік пен егемендіктің заттық айғағы. Онда, әдетте, сурет және сәулет өнері мүмкіндітерін пайдалану арқылы елдің төл тарихи, рухани және саяси болмысынан туындастын мемлекеттік идеяны беретін шартты белгілер жүйесі бедерленеді.

Мемлекеттік награда – мемлекет алдында айрықша еңбек сінірген адамдарды марапаттауға арналған рәміз. Әртүрлі металдан (алтын, күміс, қола), құнды қағаздан жасалады. Отаншылдық рухта тәрбиселеуге қызмет етеді.

Мемлекеттік рәміз – мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін паш ете отырып, жоғары отаншылдық сезімге баулитын әлеуметтік-саяси белгі, сурет өнерін, сәулет өнерін музыка мен поэзияны пайдалану арқылы жасалатын көркем туынды.

Мемлекеттік рәміздер қоры – мемлекеттілік идеясына қызмет ететін рәміздер тобы. Оған мемлекеттің Әнұраны, Елтаңбасы мен Тұы, т.б. енеді.

Мемлекеттік тіл – Мемлекеттік егемендік белгісіне жататын этнолингвистикалық рәміз. Ол ресми түрде, әдетте ел Конституциясында, айқындалып, бекітіледі.

Мемлекеттік шекара – мемлекеттік тәуелсіздік пен егемендіктің негізгі айғақтарының бірі. Құрлықта мемлекеттік елтаңба бейнеленген ала бағандармен белгіленеді. Мемлекеттік шекара арнайы әскерлер күшімен қорғалады.

Мөр – мемлекеттің, ұйымның, кәсіпорынның, топтың немесе жеке адамның заңды тұлға ретіндегі күкіна күәлік ететін дәңгелек немесе төртбұрышты құрал. Рәміздік сипаттағы сурет салынған немесе сөз жазылған бейнесі, әдетте, әртүрлі құжаттарға басылады. Мөр авторлық жауапкершілікті мойынға алушын, сенім көрсетудің немесе міндеттеме алушын белгісі.





Нышан – заттың, құбылыстың, ұғымның немесе идеяның тұп-теркініне, магыналық негізіне, болмысына мегзейтін шартты ұғым, көркем бейне.

Ономастикалық рәміз – тұастай елдің, немесе оның әртүрлі аумақтық беліністерінің рухани тәлкужаты, тарихи оқиғаға айналған жерсу атаулары (мысалы, Сарыарқа, Манғыстау, Жетісу, т.б.).

Рәміз – белгілі бір әлеуметтік-саяси мәні бар идеяны әртүрлі нышандар жүйесі және сан алуан бейнелер арқылы астарлап жеткізетін заттық айғақ немесе көркем шығарма. Өзін-өзі даралау мен қауымда-суға қызмет етіп, адамның бойында қажетті сезім туғызуға бағытталған арнаулы әсерлі ақпарат көзі.

Реверс (қарсыбет) – Елтанбатану (геральдика) ғылымында қолданылатын термин. Мөрдің сол жақ бетін осылай атайды.

Таңба – астарында меншік нысанына қатысты ақпарат бар белгі.

Тенге – тәуелсіз қазақ елінің төл ақшасы (валютасы).

Ту – бір түрлі немесе түрлі-түсті төрт бұрышты мата. Бетіне әртүрлі белгілер салынуы да, салынбауы да мүмкін.

Тубегі – ежелгі әскери термин. Ту ұстайтын адам деген ұғымды береді. Әдетте бұл міндеге ен белгілі батырга жүктелген. Оны ханның өзі немесе алқалы жиында ел таңдаған.

Тужиек (кайма) – түсті матаның шетіндегі арнайы жолақша. Әдетте белек бояумен дараланады.

Тутаяқша (древок) – түсті матаның ағаштан немесе металдан жасалған тірек.

Тутұғыр (флагшток) – туды тік көтеріп қоятын арнайы құрал. Әдетте металдан жасалады.

Үлттық бояу – тутану (вексилология) ғылымында қолданылатын термин. Белгілі бір ұлт өкілдері көп қолданып, кие тұтатын рең.

Ұран – адамдардың белгілі бір тобын ортақ әрекетке, іс-қимылға жұмылдыруға арналған шартты сөз (атаяу).

Шашақ (бахрома) – түсті матаны жиектеп көмкерген тоқыма әшекей.

Шекара – мемлекеттер арасындағы, аумақтық құрылымдар арасындағы жер белінісін білдіретін ұғым.



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

ГЕРАЛЬДИКАЛЫҚ МОЗАИКА

I

Көне ту. 1972 жылы Ираннан (Хабис) б.з.д. III ғасырда жасалған ту табылды. Металл тудың пішімі – төртбұрышты, ұзындығы мен ені бірдей – 23 сантиметрден. Оның бетіне қыран құстың, қос арыс-танның, әулие ананың, үш әйелдің, бұқаның бейнелері бедерленген. Бұл – ең көп суретті тулардың бірі.

Ұлттық рәміздер арасындағы ең байырғылары (әлі де қолданыста) – Дания (1370 ж. бері), Нидерланд Корольдігі (1572 ж. бері), Непал (1743 ж. бері), Ұлыбритания (1801 ж. бері), Чили (1817 ж. бері), Аргентина (1818 ж. бері), Перу (1825 ж. бері), Уругвай (1828 ж. бері), Франция (1830 ж. бері) елдерінің тулары.

Тайвань туы ерекше көзге түскен сәт 1989 жылы осы елдің Гаосюн қаласында өткен спорт жарысына байланысты. Оның ашылу салтанаты кезінде салмағы 820 килограмм алып ту көтерілді. Оның ұзындығы – 126, ені – 84 метр.

Бразилияда тутұғыра ұзындығы – 100, ені – 70 метр ту көтерілгені бар.

Фажайып сыйлық. 1983 жылы сол кездегі АҚШ Президенті Р. Рейганға салмағы 8 тонна таңғажайып ту сыйға тартылды. Индиана штатында жасалған бұл рәміздің ұзындығы – 140, ені – 70 метр.

Оңтүстік Африка Республикасының (ОАР) 1994 жылы бекітілген жаңа туының негізгі ерекшелігі – көп түстілігі. Бірнеше ұлттың өкілдері тіршілік етіп жатқан мемлекеттің рәмізі баршаның жүргегіне жақын болсын деген ниетпен алты түске боялыпты.

Бұл елдің 1997 жылы қабылданған әнұраны «Оңтүстік Африка үні» (1957-1994 жж. аралығында ОАР-ның мемлекеттік әнұраны болған) және «Кұдайым, қолдай көр Африканы» (африканың бірқатар елдерінің әнұранына арқау болған, 1897 ж. Энох Сонтонга шығарған, кхоса тілінде «Nkosi Sikelel'i Afrika» атты діни гимн) деп аталатын екі әннің шумактары мен әндерін араластыру арқылы жасалған.





Триколор – үш (түсті) жолақты ту осылай аталады. Олардың ең байырғысы XVI ғ. бірінші рет қолданылған Голландияның (Нидерландының) Принц туы (нид. Prinsenvlag). Онда үш көлденен жолақ – қызыл сары, ақ және кек түске боялған.

«Жұлдыздар мен жолактар» (ағ. «Stars and Stripes», «Star-Spangled Banner») деп аталатын АҚШ туына 1777 жылдан бері 26 рет өзгеріс жасалыпты. Оның бәрі де аумақтық бөліністердің – штаттар санының қосылуы мен кемуіне байланысты. Қазіргі 50 жұлдыз бар туы 1960 жылы қабылданған.

Қызыл түс – әлем мемлекеттері туларында ең көп кездесетін рен. Ол барлық тулардың үштен екісінде бар. Одан кейін көп пайдаланылғаны ақ, кек, сары және қара бояулар екен.

Ені мен ұзындығы бірдей жалғыз шаршы ту – Швейцариянікі.

Күн бейнесі – мемлекеттік туларда жиі кездесетін нышан. Олардың ішіндегі ең атақтысы – Жапонияның «Күн дөңгелегі» (жап. Hinomaru). Рәміз – елдің «Нихон Коқу» – «Күншығыс елі» деген атауының нышандық белгісі. Тайвань туында – ақ күн, Филиппин туларында – сегіз сәулелі күн, Уругвай туында – адамның бет-бейнесіне ұқсас «Мамыр күні» суреттері бар.

Жұлдыз бейнесі ұлттық тулардың төрттен бірінен астамында кездеседі. Олардың саны көп ретте елдегі аумақтық бөліністердің санына қарай айқындалады. Марокко туындағы бесбұрышты «Сүлеймен жұлдызының» бұрыштары рух, ауа, от, су және жер нышаны деп есептеді. Израильдің алты бұрышты «Давид жұлдызы» бейнеленген туы діни мәнімен танымал.

Ең ірі аңының суреті Шри-Ланканың (бұрынғы Цейлон) туында бейнеленген. Ондағы арыстанның суреті айтарлықтай көрнекті-ақ.

Ең ірі құстың суреті – Албания туында. Албандықтар өз отанын «Қырандар елі» деп атайды. Ел рәмізінде екі басты бүркіт бейнеленген.

Мемлекеттік туында тотықұс суреті салынған ел де бар. Ол – Доминика достастығы (Императорлық амazon құсы бейнеленген. Сондай-ақ, Доминика достастығы туы Никарагуаны санағанда, күлгін түсі бар жалғыз екі тудың қатарында).



Жұмақ құсы (лат. Paradisaea raggiana) – Папуа-Жана Гвинея туындағы құс осылай аталады.

Ең үлкен өсімдік суреті бейнеленген ту – Канаданікі (үйенкі жапырағы).

Философиялық мәні бар нышандар Үндістанның «Зәң дөңгелегі», Оңтүстік Кореяның «Инь-Ян» туларында, сол сияқты Монголияның, Израильдің, Марокконың туларында кездеседі.

Тудағы жазу рәміздің ең басты бөлшегі болып саналатын ел – Сауд Арабиясы. Оның туында «Алладан басқа құдай жоқ. Мұхаммед – оның пайғамбary» деген сөйлем жазылған.

Иранның туында «Аллах акбар» (Алладан басқа құдай жоқ) деген сөйлем 22 рет қайталаңған. Бұл сан аятолла Хомейнидің Иранға оралған күнімен – 1357 жылдың 22 бахманы (1979 жыл ақпанның 11-i) – байланысты көрінеді.

Бразилия туында – елдің ұлттық ұраны «Ordem e Progresso» («Тәртіп және Прогресс») деген сөздер жазылған.

Оңтүстік полюсте желбіреген тұнғыш ту – Норвегиянікі. Оны 1911 жылғы 14 желтоқсанда Р. Амундсен мұзға қадап көтерген.

Солтүстік полюсте желбіреген тұнғыш ту – АҚШ-тікі. Оны 1909 жылы 6 сәуірде Роберт Пири тікті.

Айға шығарылған алғашқы ту – АҚШ-тікі. Оны ай бетіне 1969 жылғы шілденің 20-сында «Аполлон-11» экипажының командирі Н. Армстронг алғып шықты. Айда жел болмайтындықтан ол сымға байланды.

Әлемдегі ең биік шың Эверестке (теніз деңгейінен 8848 метр) тігілген тұнғыш ту – Ұлыбританиянікі. Оны Ұлыбритания ұйымдастырыған экспедицияның мүшелері Жана Зеландиялық Эдмунд Хиллари мен оның көмекшісі Непалдық Тенцинг Норгей 1953 жылы маңырдың 29-да көтерді. Олар сол сияқты Непал мен Біріккен Ұлттар Ұйымының туларын да желбіретті.

Қазақстан туын ғарышқа шығарған – қазақтың екінші ғарышкер ұшқышы Талғат Мұсабаев.

Қазақстан туы Эверестке 1995 жылы көтерілді.



Қазақстан туын дүниежүзілік жарыста тұнғыш желбіреткен – көкшетаулық шанғышы В. Смирнов. Ол 1996 жылы Лиллехаммерде өткен қысқы спорт Олимпиадасының чемпионы атанды.

Қазақстан туы БҰҰ сарайының алдындағы дүние жүзі елдерінің тулары қатарына 1992 жылы қосылды.

«Көк қаршиға». Шынғыс ханның туы – тоғыз шашақты үшкіл ақ мата. Ол тудың сабына үш жерден байланатын болған. Ала тудың ортасында бауырына шенгеліне ілінген қара қарғаны қысып, қанатын жайып ұшып келе жатқан көк қаршиғаның (тұйғын) суреті салынған.

Ақсақ Темір көрегеннің аспан көк туы. XIV ғасырда көтеріліп, бір жарым ғасыр бойы желбіреген женімпаз тудың түсі – шымқай көк.

Абылайдың ақ туы. Ел жадында ерекше сақталған рәміздердің бірі – Абылайдың ақ туы. Ол – бір түсті төрт бұрышты ақ мата. Шашақты бауы бар.

Тубегі. Ерте замандарда осындағы ресми атақ, жоғары мэртебелі қызымет болған. Жонғар жаугершілігіне қарсы құрес алдында бас әмірші болып – Әблқайыр хан, ал тубегілікке – бас сардар Бөгөнбай батыр сайланды. Мұндай шешім Ордабасындағы ұлы жаңында қабылданатын. Тубегі тағайындау салты кейінге дейін жетті. Мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі қаһармандарының бірі Амангелді батыр әскерінің тубегі – Қияқбай батыр.

Қандыадырда қалған ту. Қазақ даласында ұзақ сақталып, бүгінгі ұрпақтар қолына тиғен көне тулар мен байрақтар туралы нақты деректер шамалы. Солардың бірі – Олжабай батыр байрағы жөніндегі дерек. Ол батыр мен байға қатыстының бәріне қырын қараған қытымыр заманының 1930 жылдары Сарыарқадағы Шідерті өзенінің бойындағы Қандыадыр деген жерде (Екібастұз маңындағы «Степной» кеңшары) көмілген көрінеді. Өзінің өсіеті бойынша оған ғұламағалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның шешесі Нұрила марқұмның денесі оралып еді деседі батырдың бүгінгі ұрпақтары. Бұл туралы дерек таратушы – ғалымның келіні – туған інісі Адаштың әйелі Сәлиман Хақанқеліні Марғұлан.



Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры – Рақымжан Қошқарбаев. Оның есімі екінші дүниежүзілік соғыс тарихында фашизм ордасы – Рейхстагқа тұнғыш женіс туын желбіреткен жауынгер ретінде қалды.

Жаңа рәсім. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының астанасының Алматыдан Ақмолаға (1998 жылғы 6 маусымнан – Астана қаласы) көшірілуі тұсында бұрын-соңды болмаған жаңа рәсім дүниеге келді. Ол – ұлы көштің Мемлекеттік рәміздердің эталондық үлгілерін жеткізуден басталуы. Тұнғыш рәсімнің «туған күні» – 1997 жылғы 8 желтоқсан.

II

Ержүрек қолбасшы Шилінің (қытайша Шы Лэ) мөрі. Қытай тарихшысы Фан Сюаньлин «Цзинь династиясының тарихы» деген еңбегінде ержүрек қолбасшы Шилінің императорлық мөрі туралы мағлұмат бар. Шилі батыр III ғасырда Қытайда билік жүргізген. Оның мөрі төртбұрышты қара яшма (кварцтың бір түрі) асылтасынан жасалған, тасбака бейнелі тұтқасы болған.

Сақ қолбасшының ханзадалық белгісі. Есік қорғанынан табылған «алтын адамның» саусақтарынан екі жүзік табылған. Бірінде – рәміздік белгі бар. Бұл жүзік-мөрде сәнді бас киіп, қырын қарап тұрған адамның бас бейнесі бедерленген.

Түркі қағанының таңбасы. Көне түркі мемлекетінде қолданылған билік нышанының бір белгісі Күлтегін (685-731 жж.) қағанға орнатылған ескерткіште бәдізделген. Ол биіктігі 3 метр 15 сантиметр, табанының ұзындығы мен ені тиісінше 1 метр 24 сантиметр және 41 сантиметр болып келетін үшкір пирамида түріндегі стелланың бесбұрышты ұшар басының бір қырына таңбаланған.

«Адамзат билеушісінің мөрі». Шыңғыс ханның мөрі алқызыл түсті асыл яшмадан жасалған. Онда «Аспанда – Құдайтағала, жерде қаған құдіретті. Адамзат билеушісінің мөрі» – деген сөздер бар.



«Қара сақина». Ақсақ темір көрегеннің мөрінде бірінің үстіне бірі ұштағандап орналастырылған үш қара сақина бейнеленген. Бұл белгі – туындағы және Самарқанд қаласының елтаңбасындағы негізгі нышан.

Еуропадағы алғашқы мөр 1136 жылы жасалды.

Көне құжаттарда аталған тұнғыш әулеттік елтаңба – Анжуй графы Жоффрейдің қалқанында. Бұл оқиға 1127 жылы болған. I Генрих 14 жасар өтей баласын рыцарь деп жариялау кезінде, оған алтыннан жасалған көк қалқан сыйлады.

Мон – XII ғасырда пайда болған Жапониядағы әулеттік елтаңбалар осылай аталады.

Әйгілі ағылшын жазушысы Уильям Шекспирдің әулеттік елтаңбасында наизаның белгісі бар.

Арыстан – елтаңбаларда ең жиі кездесетін жануар бейнесі. Еуропада XII ғасырдан бері (1127 ж.) рәміздік рөл атқара бастады.

Бүркіт бейнесі – мемлекеттердің, империялардың рәміздік нышаны ретінде өте ертеден әрі жиі қолданылады. Ол 962 жылы Қасиетті Рим империясының, 1804 жылы Франция императоры Наполеонның, 1782 жылы АҚШ-тың елтаңбаларында пайда болды.

Лилия бейнесі – елтаңбаларда ең жиі қолданылатын өсімдік текстес нышан. Аңыз бойынша Франкілердің королі Кловис 496 жылы христиан дініне енген. Сонда оған, періште тазалық белгісі ретінде лилия сыйлаган деп саналады.

Роза (раушан) елтаңбалық белгі ретінде алғаш 1236 жылы қолданысқа түсті. Элеонора Прованская патшайым (куйеуі III Генрих 1216-1272 жылдары Ағылшын королі болды) бұл мақсатқа «алтын раушан» бейнесін пайдаланды.

Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік үлкен мөрінің жобасын жасау туралы шешім туралы ел тәуелсіздігі жарияланған күні – 1776 жылғы 4 шілдеде қабылданды. Жоба әзірлеушілер арасында Джон Адамс, Бенджамин Франклін, Томас Джефферсон да болды. Бірақ олардың ұсыныстары тым аллегориялық сипаты басым деген дәлелмен қабылданбай тасталды.



1782 жылы 20 маусымда қабылданған Үлкен мөрге Филадельфия қаласының тумасы геральдист Уильям Бартонның және Континенталды конгрестің хатшысы болған Чарльз Томсонның ұсыныстары негіз болды.

Үлкен мөрдің қасбетінде (аверс) кеудесіне он үш (алғашқы штаттар саны) ақ-қызыл жолақты қалқан қысқан бүркіт бейнесі бар. Ақ және қара жолақтар арасын байланыстырып тұрған көк жолақтар «Конгресте бөлінбейтін біртұтас болудың нышаны» деп есептеледі. Бүркіттің тырнақтары 13 жапырақ пен 13 оқ (соғыс болса – әзірміз деген белгі) тізілген зәйтүн ағашы бұтағын бүріп алған. Бүркіттің тұмсығына «E Pluribus Unum» («Көптен – біреу») деген ұлттық девиз жазылған лента ілінген. Құн сәулелері мен бұлт көмкерген көгілдір фондағы он үш жұлдыз «Жана ұлт егемен мемлекеттер арасында өз орнын табады» деген ойды білдіреді.

Елтаңбаның сол жағында (реверс) пирамида суреті бар. Ол – күш жігер мен шыдамдылықтың белгісі. Пирамиданың жоғарғы жағында «Көреген көз» (ағ. «The Eye of Providence») бейнеленген. Бетте «Annuit Coeptis» («Ол біздің ісімізді қолдайды») және «Novus Ordo Seclorum» («Гасырларға жаңа тәртіп») деген және «1776 жыл» деген жазулар бар.

Пирамида бейнесінің пайдаланылуы АҚШ-тың негізін салушы қайраткерлердің өздерін жаңа Иерусалим салған Израиль балаларына теңеуімен байланыстырылады.

АҚШ-тың Үлкен мөрінің қарсыбетіндегі (реверс) белгі мемлекеттік рәміз ретінде бір-ак рет пайдаланылған көрінеді. Президент Ф. Рузвелттің шешімі бойынша (1935 жылғы 2 шілде) құны бір долларлық банкноттарға басылды. Бір долларлық АҚШ банкноттарында қазір де сол сурет сақталған.

Қазақстандағы ресми бекітілген елтаңбалық рәмізі бар алғашқы қала – Петропавл (Қызылжар). Қала елтаңбасы 1842 жылы 7 кыркүйекте Ресей патшасының жарлығымен бекітілген.



Авторлық құқық белгісі. Халықаралық құқық объектісі ретінде 1955 жылдан бері пайдаланылып келеді. © белгісі ЮНЕСКО-ның 1952 жылы Женева қаласында қабылданған Авторлық құқықты қорғау жөніндегі жалпыға ортақ конвенциясына сәйкес дүниеге келді. Мұндай белгісі бар шығарманы автордың рұқсатынсыз пайдалануға болмайды.

III

Ең көне мемлекеттік әнұран (сөзі) – жапон жұртынікі. Ол «Кимигайо» деп аталады. Оның сөзі IX ғасырда жазылған.

Нидерланды әнұранының музыкасы дүние жүзіндегі ең көне рәміздік әуен деп есептеледі.

Қазақтың «Елім-ай» әні – әлемде теңдесі жоқ бөлек болмысты ұлттық гимн. Әдеттегі әнұрандарда негізінен мадақтау сарыны басым жататын болса, бұл ел әнінің қуаты бүкіл халық басына түскен қасіретті боямасыз баяндай отырып, рухты жасытпай, қайта елдік пен ерлікке шақыратын оптимистік сезім оятатын қасиетінде жатыр.

Ең ұзак әнұран мәтіні 158 шумақтан тұрады. Ол – Грекияның мемлекеттік рәміzi. «Бостандық әнұраны» деп аталады. 1823 жылы жазылған. Авторы – ақын Дионисиос Соломос.

Ең қысқа әнұран мәтіні – Жапония әнұранына тиесілі. Ол тек 1 шумақ құрайтын 32 буын-белгіден тұрады.

Тек әуенмен өрнектелген, сөзі жоқ мемлекеттік әнұрандар да бар. Мұндай рәміздер – төртеу. Олардың ішіндегі ең көнесі – Испаниянікі. Ол 1770 жылы дүниеге келген.

Елұран. Кезінде қазақ халқын құраған ру тайпалардың өз ұрандары болғаны белгілі. Олар бір сөзден тұрады. Қебіне аруақты аталар мен аналардың атына құрылған. Ал бар қазаққа бірдей ортақ елұран – «Алаш». Тағы бір ортақ ұран – «Аруақ» сөзі. Ұрандауды кейде аруақ шақыру дейді.



Ұлттық ақшалар. Әр елдің ұлттық ақшасының (валютасының) өз атауы бар. Қазақстанда – теңге, Ресейде – рубль, Ұлыбританияда – фунт стерлинг, АҚШ пен Канадада – доллар, Қыргызстанда – сом, Германияда, Францияда, Бельгияда, Италиада және т. б. бірқатар еуропа елдерінде – евро, Иракта – динар, Венгрияда – форинт, Түркіменстанда – манат, Швейцарияда – франк, Швецияда, Норвегияда, Данияда, Исландияда, Чехияда – крона, т.б.

Тұнғыш тенгелер – ежелгі қазақ жерінде шығарылған алғашкы ақшалар арасында Мұбәрәк қожа сұлтандық еткен тұста Сығанақта жасалған тенгелер де бар. Ол екі рет – 1327-1328 жж. және 1328-1329 жж. – ақша шығарған. Табылған темір тенгелерде «Әділ сұлтан – Мұбәрәк қожа. Тәнірім оның билік дәуренін ұзак еткей» деген сөздер бар. 1368-1369 жылдары Сығанақта Орыс хан да өз ақшасын шығарған.

Ертедегі астаналар туралы белгілі бір дерек Сығанақ қаласына қатысты. Фалымдардың жазуынша, 1446 жылы Әбліхайыр хан Сыр бойын Мауренахрдан тартып алып, өз астанасын Сығанаққа көшірген. Ол хандық таққа бүкіл Дешті-Қыпшақтағы 71 ру-тайпа басшыларының тікелей дауыс беруі арқылы 1428 жылы сайланған болатын.

Қазақ жеріндегі көне астаналар қатарында Суяб (Түркі қағандығының астанасы), Баласағұн (Қарахан әuletінің бірінші астанасы), Қойлық (Қарлұқ хандығының астанасы), Жанкент (оғыздардың ордасы), Түркістан (Қазақ хандығының бас ордасы) т.б. қалалары аталады.

ХХ ғасырда қазақ елінің астанасы атанған қалалар – Орынбор (1920-1925), Қызылорда (бұрынғы Ақмешіт – 1926–1929), Алматы (1929-1997), Астана* (бұрынғы Ақмола, 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап).

* 2019-2022 жж. аралығында – қаланың аты Нұр-Сұлтан болып өзгертілді. Ал 2022 ж. 17 қыркүйектен бастап елордага Астана атауы қайтарылды.





ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КУРЬЕР

*(Казақ фольклоры мен поэзиясындагы раміздік
сарындарды саралау тәжірибесінен)*

Ер наизасыз болмас,
Ел таңбасыз болмас.

Жасыл туын көтеріп,
Шашақты наиза қолға алып,
Батыр жігіт жауда ойнар.

*Мәтеп**Билер сөзі*

Ен салған мал – елдікі,
Ені жоғы – желдікі.

Мақал

Ізакор ырысын төгеді,
Шекара елді бөледі.

Мақал

Табаны жалпақ тарланды,
Таңбалап мінер ме екенбіз?

Ақтамберді Сарыұлы
(1675-1768)

Садағын сала байланса,
Астана жүртyn айналса.

Мұрат Мөңкеұлы
(1843-1906)

Тоғыз санды торғауыт,
Он сандайын оймауыт.
Барабан соғып, шың қағып.
Алдынан әскер жүргізді.

«Қамбар батыр» жыры

Алтын туы жығылды
Мысыр сынды қаланың.

Алмажсан Азаматқызы
(1823-?)

Қарсыласып екі топ,
Іріккеді батырды.
Қалмақ соғып барабан,
Қазақ ұран шақырды.

Дулат Бабатайұлы
(1802-1871)

Астана жүртyn айналған,
Атына тұрман болсам деп.

Махамбет Өтемісов
(1804-1846)

Жалаулы наиза жанға алып.
Жау қашырап ма екенбіз?!

Ақтамбербі Сарыұлы
(1675-1768)

Орда болмай орта толмас.

Мәтеп

Арыстан туған екен деп,
Асыра жүртты қуанды.



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

Сүйінші сұрап жан-жаққа,
Колдарына ту алды.

«Қобыланды батыр» жыры

Көк асаба, қызыл ту,
Көк жаңғырған ұлы шу.

Кара олең

«Берілі байрақ» астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
«Берілі наиза» ұстасам,
Түрлемей кеткен жан емен.

Сүйінбай Аронұлы

(1815-1898)

«Қарасай» – менің ұраным,
Берілі басты – байрағым.
Байрағымды көтерсем
Қозып кетер қайдағым.

Сүйінбай Аронұлы

(1815-1898)

Аруақты батыр боларсын,
Алысқан жауды аларсын.
Елінді слетерсін,
Ежелгі жерге жетерсін.
Егіз берін тұрғанда,
Екіленбей не етерсін.

Қазыбек бидің Керей Жәнібек
батырга берген батасы

Қараман шықты қаладан,
Кернейлері бапылдан,
Байракты тулар жалпылдан...

«Камбар батыр» жыры

Желп-желп еткен жасыл ту,
Желкілдeter күн қайда?!
Жер қайысқан қалың қол,
Жауға шабар күн қайда?!

Толғай

Қасқая біткен қос мүйіз –
Қайсарлықтың белгісі.

«Өтеген батыр» жырынан

Қазақ – жылқы мінезді.

Мәтеп

Елдестірмек – елшіден.
Жауластырмақ – жаушыдан.

Мәтеп

Ханды қарашасы сақтайды.

Мәтеп

– Адамзатқа не ортақ? –
– Аспандағы күн ортак.

Билер сөзі

Ел үстіне жау келсе,
Көк бөрідей ер керек.
Мен де атадан туғанмын...
Алдыңа арым жібермен.
Үш таңбалы Майлыйбай
Тұқымым бітіп қырылмай.

Шернияз Жарылғасұлы
(1807-1867)



Елтаным



Ұрандасып келгенде,
Бр дулаттың баласы.

Шөже Қаржасаубайұлы
(1808-1895)

Қайратым қанша қайтса да,
Мұныңа, ханым, шыдаман.
Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін.

Жиенбет Бортогашулы
(XVI-XVII ғғ.)

Күннен елші келеді,
Күміс шашып келеді.
Айдан елші келеді,
Алтын шашып келеді.
(Жұмбак («Кодекс куманикус» –
XIV ғ.) Жауабы: күн мен айдың
шашылған сәулесі)

Көмірлі тауда,
Иар өзенінде,
Үш тулы түркі халқы (бар).
Мойыниор ескерткіши – VIII ғ.

Түркі-Сыр халқының жерін,
Жат баспасын!
Тонықөк ескерткіши – VIII ғ.

Губернатор – жандарал
жауапқа алды,
«Жайлауда ту көтеріп
шыққан кім», – деп.
Ешқайсы айтпаған соң,

Өзі айтты жандаралдың
«Бекболат» деп,
«Бекболат бола қалса
ту көтерген, –

Бүйрық қылды: дарға
асып-тарт» деп.
Жамбыл Жабаев
(1846-1945)

Сәске мезгіл болғанда,
Қырық мың әскер қол шықты.
Хан Темірхан бас болып,
Желбіреген ту шықты.
Дабылдарын қақтырып,
Шылдаған шу шықты.
«Зияда Шахмұрын» дастаны

Келесі кенестер не?
Ақ найза не?
Не тоқтау толқып жатқан
айна көлге?
Көтерген «Абылайлап»
ала жалау,
Шақырушы бола ма
тозған елге?
Ақ туын Абылайдың
кім көтерді
Алашта, дүниеден көшкелі хан?
Илияс Жансүгіров
(1894-1938)

Ат шабады – ер шаттанады.
Корқыт (VII-VIII ғғ.)



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

Көк кіріп, қызыл шықсын!

(*Көне қыпшақ аныты*)

Ер – атымен,

Құс – қанатымен.

Махмұд Қашқары (XI ғ.)

Ұран көтерілсе – ру жиылар,

Жау келсе – жамиғат жиылар.

Махмұд Қашқары

Жас ағашты отамайды,

Елшіні өлтірмейді.

Махмұд Қашқары

Жақсының жаны – жалау.

Мәтеп

Төртеу түгел болса –

төбедегі келеді,

Алтау ала болса –

ауыздағы кетеді.

Мақал

Күннен туған баламын!

Жарқыраймын, жанамын.

Күнге ғана табынам...

Жерде жалғыз тәнірі – от,

Оттан басқа тәнірі жоқ.

Магжан Жұмабаев

(1893-1938)

Мен – қазақпын мың өліп,

мың тірілген!

Жәргегімде таныстым

мұн тілімен.

Жылағанда жүрегім

күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен

түн түрілген.

Жұбан Молдагалиев

(1920-1988)

Мениң елім...

Туған жерім менің –

Қазақстаным!

Жұмекен Нәжімеденов

(1935-1983)





Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік рәміздерін танып-білуге арналған
қазақша-орысша-ағылшынша

СӨЗДІК

А

Адам – человек – human, man

Адамзат – человечество – mankind

Адал – честный, верный – loyal

Адалдық – честность, верность – loyalty

Азамат – гражданин – citizen

Азаматтық парыз – гражданский долг – civic duty

Азат – свободный – free

Азаттық – свобода – freedom

Ай – луна – moon

Айбын – доблесть – valour

Айбынды – доблестный – valiant

Айшық – узор – ornament

Айшыкты – красивый (с узорами) – ornamental

Айырым – различие – distinction

Айырым белгісі – знак различия – distinguishing badge; insignia

Ағынан жарылу – поделиться самыми сокровенными мыслями –
to confide in someone

Аймүйіз – лунообразный – crescent horn

Ақ – белый – white

Ақиқат – правда – truth

Ақша – деньги – money

Алып – великан; зд.: народ – giant; here: people

Алыптың қуаты – зд.: сила народа – here: power of people

Алтын – золото – gold

Алтын түсті – цвет золота, золотистый – golden, gold-coloured

Алқа – колье – necklace

Аманат – наказ – entrust someone with something, deposit



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

Аман-сау қалу – уцелеть, не исчезнуть, сохраниться – to survive, to stay alive, persist

Ана – мать – mother

Ана тілі – родная речь – mother tongue

Аңыз – легенда – legend

Аңсар – самое сокровенное желание – innermost desire

Ардақтау – уважать – to respect

Арыстан – лев – lion

Арман – мечта – dream

Ар-оқдан – совесть – conscience, sense of right or wrong, principles

Асыл – благородный, драгоценный – noble, precious

Асыл заттар – драгоценные изделия – precious items

Асқақ – величавый – prominent, high, dignified

Аспан – небо – sky

Аспан түстес – зд.: небесный – heavenly colour, sky blue

Аспан тектес ту – небесно-голубой флаг – sky blue flag

Аспап – инструмент (музыкальный) – instrument (musical)

Астана – столица – capital

Ат – конь – horse

Ата-баба – предки – ancestors

Ата заң – Конституция – Constitution

Ата жұрт – прародина – homeland, ancestral home

Аялау – беречь – to cherish

Ә

Әлем – мир – world, universe

Әліппе – азбука – alphabet book

Әнұран – гимн – hymn, anthem

Әуен – мелодия – melody

Әulet – династия – dynasty

Әсер – впечатления – impression

Әскер – дружина – military squad

Әскери байрақ – военный стяг – military flag

Әспеттеу – почет, славословие – glorification, praise



**Б**

Байқау – конкурс – competition

Байрак – штандарт – standard, banner

Бала – зд. сын – *here*: son

Батыр – герой – hero, warrior-hero

Барыс – барс – snow leopard

Батыс – запад – west

Бау – лента – ribbon

Бауырға басу – зд.: приютить – *here*: to shelter

Бедер – узор – pattern

Бейне – образ – image

Белгі – знак – sign, symbol

Бес – пять – five

Бесік – колыбель – cradle, crib

Бесбұрышты (жұлдыз) – пятиконечная (звезда) – five-pointed (star)

Бет (он жак, сол жак) – сторона (правая, левая), аверс и реверс (вексилология) – side, face (right, left); obverse and reverse (vexillology)

Бірлік – единство – unity

Бодан – зависимый, раб – dependent, slave

Бодандық – зависимость, рабство – dependency, slavery

Болашақ – будущее – future

Бойтұмар – талисман – talisman, amulet

Бояу – краска – paint

Бері – волк – wolf

Бөлшек – часть – part, piece

Бүйым – предмет, вещь – item, product

F

Фажайып – прекрасный – marvelous, magnificent

Фаламат – чудесный – wonderful, delightful

Фасыр – век – century



Д

Дала – степь – steppe

Даму – развитие – development

Дана – мудрый – wise

Данқ – слава – glory

Данкты – славный – glorious

Дәстүр – традиция – tradition

Дәуір – эпоха, время, век – era, age

Дәлел – доказательство – proof, evidence

Дәлелдеу – доказать – to prove, to provide evidence of smth

Дерек – факт – fact, detail

Дос – друг – friend

Достық – дружба – friendship

Дөңгелек – круглый – round, circular

Дүние – мир – world

Е

Егемен – независимый – sovereign

Егемендік – независимость – sovereignty

Ежелгі – древний – ancient

Ел – страна, народ – state, people

Елдік – державность – statehood

Елбасы – президент – president

Елдің аты – название страны – country name

Елтаңба – герб – coat of arms

Елтаңбатану – геральдика – heraldry

Елтаңбатанушы – геральдист – heraldist

Елтану – страноведение – study of state

Елтаңбалық – гербовник – armorial

Елұран – общий клич – slogan, gathering-cry

Ен (танба) – тавро – livestock branding mark

Ені – width

Ер – отважный – brave, courageous



Еркіндік – воля – freedom

Ерлік – отвага – bravery, courage

Ж

Жалау – флаг, знамя – flag, banner

Жалғастыру – продолжение – continuation

Жалын – пламя – flame

Жан – душа – soul

Жанды – живой – living, alive

Жаралу – рождение, появление на свет – being born, birth

Жарасым – гармония – harmony

Жарғы – устав, свод законов – charter, code of law

Жарты ай – полумесяц – crescent moon

Жасыл – зеленый – green

Жау – враг – enemy

Желбіреу – развеваться – flutter

Жер – земля – earth

Жоба – проект – project

Жолақ – полоса – stripe, band

Жолбарыс – тигр – tiger

Жұзік – перстень – signet ring

Жүрек – сердце – heart

Жүрекжарды – искренний – heartfelt, earnest

Жүрекжарды сезім – искреннее чувство – sincere feeling

Жүрекжарды қуаныш – искренняя радость – sincere joy

Жұн – шерсть – wool

Жұлдыз – звезда – star

Жұмыр жер – планета – planet

Жылқы – лошадь – horse

З

Заман – эпоха, время – epoch, age

Заң – закон – law



Зер – узор, позумент – pattern, embroidery

Зерлі – красивый с узором – beautifully adorned with embroidery or pattern

Зerde – память – memory

Зерделеу – изучать, запоминать – research, memorize

Зенгір көк – голубое небо, сине-голубой (цвет) – blue sky; light-blue (colour)

И

Иман – мораль – morality, integrity

Имандылық – моральный – moral, principled

К

Келешек – будущее – future

Кемпірқосақ – радуга – rainbow

Кереге – раздвижная решетчатая основа юрты – retractable lattice frame of a yurt

Киіз үй – юрта – yurt («felt house»)

Көгілдір – голубой – light-blue

Көк – синий – blue

Көкбөрі – сизый волк – gray wolf

Көш – караван – caravan

Көшпелілер – кочевники – nomads

Көшпелілер әлемі – мир кочевников – nomads' world

Күміс – күміс – silver

Күн – солнце – sun

Күй – кюй (музыкальный жанр) – kui (music genre)

Қ

Қабылдау – принять – adopt; accept

Қадірлеу – уважение – respect

Қайғы – печаль – sorrow, sadness



Қала – город – city

Қалайы – олово – tin

Қалыштасу – формирование – formation, establishment

Қалканша – щит – shield

Қанат – крылья – wing

Қара – черный – black

Қару-жарақ – оружие – armaments, weapons

Қасиет – качество, свойство, святость – virtue, quality, sanctity

Қаһарман – доблестный – valiant, heroic

Қисын – логика – logic, reasoning

Қызыл – красный – red

Қыран – орел – eagle

Қоғам – общество – society

Қозғалыс – движение – movement

Қола – бронза – bronze

Қола дәүірі – бронзовый век – bronze age

Қолөнер – пркладное искусство – applied arts, craftsmanship

«Қошқар мүйіз» (ою) – «Бараньи рога» (узор) – «Ram's horns» (ornament)

Құлыншақ – жеребенок – foal

Құрметтеу – оказать уважение – to show respect

Құшак – объятие – embrace

Құшағы ашық – доброжелательный, гостеприимный – welcoming, hospitable

M

Мата – ткань – fabric

Мақсат – цель – goal, objective

Мақтандыши – гордость – pride

Мәдениет – культура – culture

Мәртебе – статус – status, rank, position

Мейірбан – добрый – kind

Мемлекет – государство – country, state

Мемлекеттік – государственный – national/state

Мемлекеттік әнұран – государственный гимн – national anthem

Мемлекеттік елтаңба – государственный герб – national coat of arms



Мемлекеттік рәміздер – государственные символы – state/national symbols
Мемлекеттік рәміздер қоры – фонд государственных символов – fund of state symbols

Мемлекеттік ту – государственный флаг – national flag

Мөр – печать – seal

Мұра – наследие – heritage

Мұрат – мечта, цель – dream, aspiration

Мүйіз – рог – horn

Мұлік – имущество – property

Н

Найза – копье – spear

Нақыш – чекан, инкрустация – chisel, incrustation

Намыс – честь – honour

Негіз – основа – basis, foundation

Негізін қалау – основать – establish

Нысан – форма – form, shape

Нышан – символ – symbol

Нышансөз – идеограмма – ideogram

Нұр – свет – light

О

Ойсөз – логограмма – logogram

Оңтүстік – онтүстік – south

Орда – ставка – a khan's (ruler's) principal seat; an area where the main residence of khan is located

Орта – середина – middle

Орталық – центр – centre

От – огонь – fire

Отан – родина – homeland

Отаншылдық – патриотизм – patriotism

Ошақ – очаг – hearth



Ою – узор – ornament

Ояну – пробуждение – awakening

Ө

Өмір – жизнь – life

Өмір салты – образ жизни – lifestyle

Өнеге – пример – example

Өң (түр) – вид – appearance, look

Өңді – видный, красивый – slightly, good-looking

Өрнек – узор – pattern

Өсімет – завет – will

П

Парыз – долг – duty, obligation

Парасат – ум, интеллект – intelligence

Патша – царь – king, tsar

Пайгамбар – пророк – prophet

Перзент – дитя – offspring

Пырақ – мифический крылатый конь – mythological winged horse

Р

Рәміз – атрибут, символ (официальный) – symbol (official)

Рәмізбаян – герб (фр.) (устный или письменный рассказ о гербе) – blazon (a verbal or written description of armorial bearings)

Рәсім – церемония, ритуал – ceremony, ritual

Рәсімдеу – оформление – processing, registration

Ресми – официальный – official

Рұ – род – clan

Рух – дух – spirit

Рухани – духовный – spiritual



C

Сақина – кольцо – ring

Сана – сознание – consciousness, mind

Сары – желтый – yellow

Сезім – чувство – feeling

Сенім – уверенность – trust

Солтүстік – север – north

Сурет – рисунок – picture, painting

Суретсөз – пиктограмма – pictogram

T

Табиғат – природа – nature

Тағдыр – судьба – destiny

Тағдырдың тезі – испытание судьбы – trials of life/fate

Тағым – поклонение – veneration, worshipping

Тақ – трон – throne

Талғам – вкус – taste

Талайды өткіздік – многое пережили – went through a lot

Таным – познание – learning, knowledge

Танба – клеймо, тамга – mark

Танбалашу – ставит тамгу, клеймить – to brand

Тандандыру – удивлять – to surprise, to amaze

Тандау – выбор – choice

Тарих – история – history

Тас – камень – stone

Тас дәуірі – каменный век – stone age

Татулық – согласие – concord, unity

Таутеке – горный козел – mountain goat

Тәңірі – бог – god

Тәуелсіздік – независимость – independence

Темір – железо – iron

Тенге – монета, валюта – coin, currency

Тірлік – жизнь – life, existence



Тозақ – ад – hell

Төртбұрышты – четырехугольный – quadrangular

Ту – флаг – flag (national)

Тубегі – знаменосец – standard-bearer

Тутану – вексилология (наука) – vexillology

Тутанушы – вексилолог – vexillologist

Тұған – родной – native

Тудың сабы – древко флага – flagpole

Тудың түсі – цвет флага – colour of the flag

Тудың шашағы – кисточка флага, бахрома – flag tassel, fringe

Тұтұғыр – флагшток – flagstaff

Тұс – цвет – colour

Тұсінік – понятие – understanding, notion

Тұрмыс – быть – everyday life, way of life

Тұллар – боевой конь, скакун – racehorse

Тыныштық – мир, спокойствие – peace, tranquility

Ұ

Ұық – купольные жерди (в юрте) – top poles (in a yurt)

Ұыздай ұю – әд.: жить в согласии – *here*: to live in harmony

Ұ

Ұғым – понятие – concept, idea

Ұзындық – длина – length

Ұлт – нация – nation

Ұлттық бояу – национальный цвет (вексилология) – national colour (vexillology)

Ұлттық намыс – национальное достоинство – national honour/dignity

Ұлттық рәміз – национальный символ – national symbol

Ұлттық рух – национальное самосознание – national spirit

Ұлы – великий – great

Ұлыс – народ – people



Ұран – клич, призыв – cry, call
Ұрансөз – девиз – motto, slogan
Ұрпақ – поколение – generation
Ұстаз – учитель – teacher

Y

Үміт – надежда – hope
Ұшқолақты (ту) – триколор, трехцветный (флаг) – tricolour (flag)

X

Халық – народ – people

III

Шанырақ – купол юрты – dome of a yurt
Шаршы – квадрат – square
Шашақ – кисточка, баҳрома – tassel, fringe
Шенбер – круг – circle
Шекара – граница – border
Шығыс – восток – east
Шындық – правда – truth
Шұғыла – заря, радуга – dawn

I

Ілтипат – уважение, внимание – respect, care

Ә

Эмблема – эмблема – emblem



ДЕРЕККӨЗ

1. Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Иоакинф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Стэнли Лэн-Пуль. – Мусульманские династии. – М-Т-Б: «Туркестан». 1996.
2. Аджи М. Европа, Тюроки, Великая Степь. – М.: «Мысль», 1998.
3. Айдаров Ф. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алма-Ата, 1990.
4. Атмуратов Д. Тюркские этнонимы. Нукус, 1986.
5. Ақатаев С. Күнгей мен көлеңке. – Алма-Ата, 1990.
6. Ақатай С. Көк асаба көтердім. «Ана тілі» газеті, 1991 жылғы 2 мамыр.
7. Ақберен. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ ақын-жазушыларының жинағы. (Күр. Қ.Сыдықов). – Алма-Ата, 1972.
8. Акишев К.А. Искусство и идеология саков Семиречья (по материалам Кургана Иссык). – М., 1980.
9. Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
10. Акишев К.А., Күшоеев Г.А. Древняя культура саков и уйсуней долины реки Или. – Алма-Ата, 1963.
11. Ақынжанов М. Қазақтың тегі туралы. – Алма-Ата, 1957.
12. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. – Алма-Ата, 1976.
13. Албани Б. Тарихи таным. – Алматы, «Ататек» 1994. 14. Арутюнян Ю.В. и др. Этносоциология. – М., 1999.
15. Архаический ритуал в фольклорных и раннелитературных памятниках. – М., 1988.
16. Асфендияров С. История Казахстана (С древнейших времен). – Алматы: «Санат», 1998.
17. Аттокуров С. Кыргыз санжырасы. Бишкек, «Кыргызстан», 1995.
18. Әбіласан Ә. Ешкі тұяқ қызық ат. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1992 жылғы 5-6 сандары.
19. Әбілғазы. Түрік шежіресі. III том, – Алматы, 1992.
20. Әуезов М. Шығ жинағы, III том, – Алма-Ата, 1979.
21. Бабыр З.М. Бабырнама. – Алма-Ата, 1990.
22. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. – Алма-Ата, 1986.
23. Байрамов А., Каиргали Ш., Назарбаева А., Шаймерденов Е. Государственные символы тюркоязычных стран. – А., 1997.
24. Барг М.А. Эпохи и идеи. «Мысль», – М., 1987.



25. Барманкулов М.К. Тюркская вселенная. – Алматы, «Білім», 1996.
26. Барт Р. Избранные работы. Семиотика. Поэтика (пер. с франц.) – М., «Прогресс», 1994.
27. Бартольд Б.В. Общие работы по истории Средней Азии. Сочинения, II (I) том – М., 1963.
28. Бартольд Б.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Сочинения, V том. – М., 1968.
29. Бартоняк А. Златообильные микены. – М., «Наука». 1991.
30. Батырлар жыры /I-II томдар/. Алма-Ата. 1986-1987.
31. Бауер В. И др. Энциклопедия символов. – М., «Крон-Пресс», 1992.
32. Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Дореволюционный период. – Алма-Ата, 1976.
33. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алма-Ата: «Қазақ университеті». 1992.
34. Белицкий М. Шумеры. – М.: Вече, 2000.
35. Вайнберг Б.И. Этнография Турана в древности. VII в. до н. э. – VIII в. н.э. – М.: Восточная литература, 1999.
36. Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. – М., 1967.
37. Вебер М. Избранное. Образ общества. – М.: Юристь, 1994.
38. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. – М., 1988.
39. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье: этнос, языки, религии. – М., 1992.
40. Гачев Г. Национальные образы мира. – М., 1988.
41. Геродот. История в 9-ти книгах. – Л., 1972.
42. Государственные символы Казахской ССР. (К Акаев). – Алма-Ата, Казахстан. 1986.
43. Граков Б.Е. Скифы. – М., 1971.
44. Грач А.Д. Древние кочевники в центре Азии. – М., 1980.
45. Григорьян Б.Т. Философская антропология. – М.: Мысль, 1982.
46. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М., 1985.
47. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1967.
48. Джанибеков У. Эхо. – Алма-Ата: «Өнер», 1990.
49. Древние обряды, верования и культура народов Средней Азии / Историко-этнографические очерки. – М., 1986.
50. Дулати М.Х. Тарих-и-Рашиди. – Алматы: «Санат», 1999.



51. Дюргейм Э. Социология. – М.: Канон, 1995.
52. Есмағамбетов К. Коне Қазақстанды көрғендер. – Алма-Ата, 1979.
53. Жәнібеков Ә. Уақыт керуені. – Алматы, 1992.
54. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алма-Ата, 1990.
55. Жұбанов А. Фасырлар пернесі. – Алма-Ата, 1975.
56. Записки о Бухарском ханстве / отчеты П.И. Демизона и И.В. Виткевича. – М., 1983.
57. Зеленин Д.К. Восточно-славянская этнография. – М., 1991.
58. Зотов О.В. Китай и Восточный Туркестан в XV-XVII вв. Межгосударственные отношения. – М., 1991.
59. Иванов К.А. Флаги государств мира. – М., 1971.
60. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алма-Ата, 1989.
61. Ивин А.А. Введение в философию истории. – М.: Владос, 1997.
62. Искусство стран Востока. Под ред. доктора исторических наук Р. Васильевского. – М., 1986.
63. Ислам/энциклопедический словарь/. – М., 1991.
64. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана. – Алма-Ата, 1982.
65. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. I-том. – Алма-Ата, 1977.
66. Қабышұлы И. Керейлер керуені. МХР. – Өлгій, 1978.
67. Қадырбаев М.К. Памятники Тасмолинской культуры. – Алма-Ата, 1966.
68. Қадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алматы, 1992.
69. Қазақ әдеби тілінің тарихы. (Хрестоматия. Құраст.: F. Калиев, Г. Боранбаева). Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының Республикалық Баспа кабинеті, – Алматы, 2000.
70. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-12 томдар. – Алма-Ата, 1972-1978.
71. Қазақ тарихи жырының мәселелері. – Алма-Ата, 1979.
72. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алма-Ата, 1966.
73. Қазақ АССР-нің ОАК мен ХКК қаулысы. «Қазақ» сөзінің орысша айтылуы мен жазбаша таңбалануы туралы. – Алматы, 1936 ж. ақпаны.
74. Қазақ КСР Заңы. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы. – Алматы, 1991 ж. 10 желтоқсан.
75. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, «Жеті жары», 2000.



76. ҚР Заны. Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы. – Алматы, 1998 ж. 20 мамыр.
77. ҚР Президентінің Зан қүші бар Жарлығы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы. – Алматы. 1996 ж. 24 қантар.
78. ҚР Заны. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы. – Алматы. 1992 ж. 4 маусым, («Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінің жаршысы». №10, 1992 ж.)
79. ҚР Заны. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы. – Алматы. 1992 ж. 4 маусым. («Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінің жаршысы». №10, 1992 ж.)
80. ҚР Заны. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы. – Алматы, 1992 ж. 4 маусым. («Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінің жаршысы». № 10, 1992 ж.)
81. ҚР Заны. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының тексі туралы. – Алматы, 1992 ж. 11 желтоқсан.
82. ҚР Заны. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы (Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы №2676 Заны). Әділет ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі сайты. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002676>
83. ҚР Заны. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері туралы. (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 Конституциялық заны). Әділет ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі сайты. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ Z070000258>
84. ҚР Заны. Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдаланылу тәртібі туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы №2736 Жарлығы). Әділет ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі сайты. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002736>
85. ҚР Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдалану тәртібі туралы. – Алматы, 1995 ж. 29 желтоқсан.
86. ҚР Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасы астанасы – Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы деп кайта атап туралы. – Ақмола. 1998 ж. 6 мамыр.
87. ҚР Президентінің Жарлығы. Ақмола қаласын Қазақстан Республикасы астанасы деп жариялау туралы. – Алматы, 1997 ж. 20 қазан.



88. Кара Д. Книги монгольских кочевников /Семь веков монгольской письменности/. – М., 1972.
89. Қасқабасов С.А. Қазактың халық прозасы. – Алма-Ата, 1984.
90. Кассирер Э. Жизнь и учения Канта. – Санкт-Петербург, 1997.
91. Қашқари М. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ат-түрік). Үш томдық шығармалар жинағы (ауд. А. Егеубай). – Алма-Ата, «Хант», 1997.
92. Кекілбаев Ә. Елең-алан. – Алма-Ата, 1984.
93. Кекілбаев Ә. Үркөр. – Алма-Ата, 1981.
94. Келімбетов Н. Ежелгі дәүір әдебиеті /I-II кітап/. – Алма-Ата, 1991.
95. Қенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алма-Ата. 1977.
96. Керімтаев Е. Атаулар сыры. – Алма-Ата, 1984.
97. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүтін, ертең. – Алматы. «Ғылым», 1999.
98. Кляшторный С.Г. Древнетюркская письменность и культура народов Центральной Азии. – М., 1972.
99. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М., 1964.
100. Кляшторный С.Г., Султанов Т.Г. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алматы: «Рауан», 1992.
101. Книга Марко Поло. – Алма-Ата: «Ғылым», 1990.
102. Қозыбайтегі М.Қ. Ата тарихы туралы сыр. / Қазақ халқының тағдыры хақында/. «Ақықат», 1992 ж. №12.
103. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. –Алма-Ата, 1987.
104. Космос древньої України. Київ, 1992.
105. Кузьмина Е.Е. Распространение коневодства и культа коня у ираноязычных племен Средней Азии и других народов Старого Света. – Средняя Азия в древности и средневековья /история и культура/. – М., 1937.
106. Культурология (под ред. Н.Г. Багдасарьяна). – М., «Высшая школа». 1998.
107. Қун Н.А. Ежелгі Грек мифтері мен аңыздары. –Алма-Ата, 1979.
108. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса /бес тарих/. – Алматы, 1992.
109. Қьера Э. Они рисовали на глине. – М., 1984.
110. Лангер С. Философия в новом ключе. Исследования символики разума, ритуала и искусства. – М.: «Республика», 2000.
111. Легенды и сказания Древней Греции и Древнего Рима. /Сост. А.А. Нейхардт/. – М., 1988.



112. Леонтьева Г.А. и др. Ключи к тайнам Клио. – М.: «Просвещение», 1994.
113. Ллойд С. Археология Месопотамии. – М., 1984.
114. Лосев А.Ф. Фило софия. Мифология. Культура. – М.: Изд. Политической литературы, 1991.
115. Лотман Ю.М. Символ в системе культуры. Сборник. Символы культуры. – Тарту, 1987.
116. Лувсандаанзан. Алтын шежіре. (Монгол тілінен аударған А. Мауқарадұлы). – Алматы, «Өнер», 1998.
117. Мағаин М. Аласапыран. I-II кітап/ Алма-Ата, 1981-1983.
118. Мағаин М. Қазақ тарихының әліппесі. –Алматы, «Қазақстан», 1995.
119. Максутова Е. Бизнес на флагах. // Журнал «Промышленность Казахстана». №2. 2000 г. – С. 63.
120. Малов С.Б. Памятники древнетюркской письменности. – М., 1951.
121. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алма-Ата, 1985.
122. Марко Поло. Книга о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустикано в 1928 г. от р.х. – Алма-Ата, 1990.
123. Марти Х. Избранные. (пер. с исп.) – М.: «Художественная литература», 1979.
124. Мартынов А.И., Мариашев А.Н., Абетков А.К. Наскальные изображения Саймалы-таша. – Алматы, 1992.
125. Масон М.Е. Монетные находки в Средней Азии в 1917-1927 гг. Среднеазиатский комитет по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Известия. вып. 3. – Ташкент, 1928.
126. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. /Извлечения из персидских и тюркских сочинений/ – Алма-Ата, 1969.
127. Материалы по истории кочевых народов в Китае III-в.в. – М., 1990.
128. Мелюкова А.И. Вооружение скифов. – М., 1964.
129. Мифологический словарь. – М., 1990.
130. Молдағалиев Ж. Қызыл қайың. – Астана, «Елорда», 2000.
131. Монғолдың құпия шежіресі. (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). (Монгол тілінен ауд. М. Сұлтаняұлы) – Алматы, «Өнер», 1998.
132. Монтэ П. Египет Рамсесов. Последняя жизнь египтян во времена великих фараонов. (пер. с франц.) – М.: «Наука», 1989.
133. Муканов М.С. Из исторического прошлого. – Алматы: «Қазақстан», 1998.



134. Мыльников А.С. Народная культура и генезис национального самосознания // Сов. этнография, 1981, №6. – С. 3-13.
135. Мыльников А.С. О формировании национальной символики. Сб. Расы и народы. Вып. 21. М., 1991.
136. Мыльников А.С. Язык культуры и вопросы изучения этнической специфики средств знаковой коммуникации. Сб. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Л., 1989.
137. Мюллер Г. История Сибири. Т.1. – М.: «Восточная литература», 1999.
138. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: «Өнер» 1996.
139. Назарбаев Н.Ә. Дүниежүзі қазактарының құрылтайында сөйлеген сөзі. – Алматы, 1992.
140. Народы мира. Этнографические очерки. II том. Народы Средней Азии и Казахстана. – М., 1963.
141. Нәжімеденов Ж. Үш томдық шығ. жинағы. – Алматы, «Жазушы», 1996.
142. Нейхардт А.А. Скифский рассказ Геродота в отечественной историографии. – Л., 1982.
143. Ницше Ф. Сочинения в двух томах. – М., «Мысль» 1990.
144. Нурмухamedов Н. Искусство Казахстана. – М., 1970.
145. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: «Жалын», 1994.
146. Ожегов С. Словарь русского языка. – М., 1988.
147. Оппенхейм А.Л. Древняя Ме сопотамия. Портрет погибших цивилизаций (пер. с англ.) – М: «Наука», 1980.
148. Ортега и Гассет Х. Избранные труды. (пер. с исп.) – М.: «Весь мир», 1997.
149. Ортега и Гассет Х. Что такое философия. – М.: «Наука», 1991.
150. Петров М.К. Язык, знак, культура. – М.: «Наука», 1991.
151. Познание мира традиционным искусством. – Алма-Ата, 1976.
152. Поэты пяти веков. Казахская поэзия XV – начало XX века. (сост. М. Магауин) / пер. сказ. – Алматы: «Жазушы», 1995.
153. Проезжая по Московии /Россия XVI-XVII веков глазами дипломатов/. – М., 1991.
154. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: «Ғылым», 1993.
155. Радлов В.В. Из Сибири. – М., 1989.



156. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – СПб. 1893-1911.
157. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Кн. I-II. – М., 1952.
158. Речь президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на торжественном заседании всемирного курылтая казахов (на каз., русс., англ. языках). – Алматы, 1992.
159. Рождественский Ю.В. Введение в культуроведение. – М.: «ЧеRo», 1996.
160. Руденко С.И. Горноалтайские находки и скифы. – М., 1952.
161. Рыбаков Б.А. Мир истории. – М., 1952.
162. Сагалаев А.М., Октябрьская И.В. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. – Новосибирск.
163. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алма-Ата, 1981.
164. Сеа Л. Философия американской истории. (пер. с исп.) – М.: «Прогресс», 1984.
165. Сейдімбеков А. Көк байрақ болса ұраным.. «Ана тілі» газеті, 1991 жылғы 14 қантар.
166. Сейдімбеков А. Құңгір-құңгір күмбездер. – Алма-Ата, 1981.
167. Сергичук В. Національна символіка України. Київ, «Веселка», 1992.
168. Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. /V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинак/. (Құраст. Ә. Құрышжанов). – Алма-Ата, 1982.
169. Өсиетнама. Құрастырган К. Сейдеханов. – Алма-Ата, 1982.
170. Скифы. Хрестоматия. – М., 1992.
171. Сматаев С. Елім-ай./I-II кітап/. – Алма-Ата, 1979-1980.
172. Смирнов К.Ф. Сарматы. Ранняя история и культура сарматов. – М., 1964.
173. Смирнов О.И. Сводный каталог согдийских монет. – М., 1981.
174. Сулейменов О.О. Язык письма. Взгляд в досторио – о происхождении письменности и языка малого человечества. – Рим: «Rial», 1998.
175. Сулейменов О.О. Азия. – Алма-Ата: «Жазушы», 1975.
176. Сыма Цзянь. Избранное. Пер. с китайского. – М., 1952.
177. Таракты Ақселеу. Ұлттың тұмары – туы. «Ана тілі». 1992 жылғы 28 қараша.
178. Таракты Ақселеу. Ұлы дала тарихына шолу. «Қазақ әдебиеті», 1992.
179. Татанайұлы А. Тарихи дерек, келелі кенес. ҚХР. Шыңжан халық баспасы, 1989.



180. Тахо-Годи А.А. Греческая мифология. – М., 1989.
181. Тихвинский С.Л. Китай и соседи древности в Средневековье. – М., 1970.
182. Тойнби А.Дж. Постижение истории. – М., «Прогресс», 1991.
183. Тресиддер Дж. Словарь символов. (пер. с англ.) М., «Файлпресс», 1999.
184. Трубецкий Н.С. Язык. История. Культура. /Под ред. Л.Н. Гумилева/. – М., 1991.
185. Тұрқітер. (Орысшадан аударып, құраст. – Салғараұлы Қ.). – Алматы: «Санат», 1999.
186. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы: «Санат», 1998.
187. Утемиши-хаджа. Чингиз-наме. – Алматы. 1992.
188. Философский энциклопедический словарь. – М., 1989.
189. Флоренский П. Имена. Харьков, «Фолио», 1998.
190. Фоли Дж. Энциклопедия знаков и символов. – М.: «Вече... Аст», 1996.
191. Фрэзер Дж. Золотая ветвь (пер. с англ.) – М.: «ACT», 1998.
192. Фрейд З. Тотем и табу. – М.: «Олимп». 1998.
193. Фромм Э. Душа человека. – М.: «Республика». 1992.
194. Фромм Э. Иметь или быть. – М.: «Прогресс», 1990.
195. Хара-Даван Э. Чингиз-хан как полководец и его наследие. – Алматы, 1992.
196. Хорезми Р. Махаббатнама. /Ауд. А. Қыраубаева/. – Алма-Ата. 1985.
197. Хук К. Г. Мифология Ближнего Востока. – М., 1991.
198. Черденцева Г.З. Итальянская фразеология и итальянцы. – М.: «Че Ро», 2000.
199. Чжен Кун Фу. Геополитика Казахстана. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999.
200. Чулошников А.П. Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.-I. – Оренбург, 1924.
201. Ш. Үәлихан. Абылайдың хаты табылды. «Ана тілі» газеті, 1991 жылғы 1 тамыз.
202. Шаймерденов Е.Ш. Қазақ елінің рәміздері. – Алматы: «Балауса», 1993.



Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

203. Шаймерденов Е.Ш. Мифология, культура и политическая символика. // Журнал «Саясат», №1, 2001 г. С. 36-47.
204. Шаймерденұлы Е. Елтану әліппесі. – Алматы: «Рауан», 1998.
205. Шаймерденұлы Е. Әз Астана. – Астана: «Полиграфия», 1999.
206. Шаймерденов Е.Ш. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері. – Алматы: «Жеті жарғы», 2001.
207. Шаймерденов Е.Ш. Государственные символы Республики Казахстан. – Алматы: «Жеті жарғы», 2000. 2001.
208. Shaimerdenov E. The State Symbols of the Republic of Kazakhstan. Almaty, «Zheti zhargy», 2001.
209. Шаймерденов Е.Ш. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік рәміздері. – Алматы: «Алматы Кітап», 2005.
210. Шепелев Л.З. Титулы, мундиры, ордена. – Л., 1991.
211. Шерр Я.А. Каменные изваяния в Семиречье. – М -Л., 1966.
212. Ыбыраев Б., Бекішев Г. Азаттықтың туы (Сұхбат). «Ана тілі» газеті, 1991 ж. 19 қыркүйек.
213. Этнические проблемы истории Центральной Азии и древности /II тысячелетие до н.э./. Труды международного симпозиума по этническим проблемам Центральной Азии в древности /II тысячелетие до н.э/., – М., 1981.
214. Этнография./ Под ред. Бромлея и Г.Е. Маркевича/. – М., 1982.
215. Этнознаковые функции культуры. – М., 1991.
216. Янушкевич А. Құнделіктер мен хаттар. – Алма-Ата, 1979.
217. Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М., «Республика», 1994.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз орнына	3
Мемлекеттік рәміздердің саяси мэртебесі туралы	15
Ғасырлар қолтаңбасы немесе рәміздік таным баспалдақтары	63
Үмітін елдің арқалап, арманнан туған рәміздер	113
Сағаты соққан сәт	124
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік түры	127
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы	149
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны	199
Эпилог орнына	239
Әлем картасы алдында	258
Глоссарий (<i>Рәмісттану: негізгі ұғымдар</i>)	281
Геральдикалық мозаика	284
Этнолингвистикалық курьеर (<i>Қазақ фольклоры мен поэзиясындағы рәміздік сарындарды саралау тәжірибесінен</i>)	293
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін танып-білуге Арналған қазақша-орысша-ағылшынша сөздік	297
Дереккөз	309

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ
ЕЛТАНЫМ

Fылыми-танымдық басылым

Өзгертулер мен толықтырулар енгізген
Б.Е. Шаймерденова

Тех. редакторы Саят Ақылов
Дизайнері Рұстем Арсланов

Кітаптағы суреттер автордың жеке мұрагатынан, кәсіпқой фотографтар
Б. Жапаров, С. Сейітов жұмыстарынан және галамтордагы қоғамдық игіліктегі
фото қордан алынды.

Басуға 02.11.2022 қол қойылды. Пішімі 60x90 1/16. Шартты баспа табағы 20,0.
Офсеттік басылым. Қарп түрі «Times New Roman». Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс №

«SUNSHINE plus» ЖПС
Алматы қаласы, 7 ықшам аудан, 6-үй



Ербол Шаймерденұлы Шаймерденов – белгілі ақын, жазушы-публицист, мемлекет және қоғам қайраткері, рөмістанушы. Республикадағы алғашқы баспасөз қызметін үйімдастырушыларының бірі. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері.

«Тында тоғысқан тағдырлар» (1989), «Қазақ елінің рөміздері» (1993), «Көңіл суреті» (1995), «Государственные символы РК» (2000, 2001), «ҚР Мемлекеттік рөміздері» (2001), «The state symbols of the Republic of Kazakhstan» (2001), «Даналық дидары» (2002), «Мәңгілік мұрат» (2003), «Ақиқат айнасы» (2004), «Жүректегі жазулар» (2004), «Ақыл-ой антологиясы» (2004), «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рөміздері. Тәуелсіздік нышандары» (2011), «Қазақ афоризмдері» (2012) және басқа да кітаптары бар.

Ақын өлеңдеріне бірқатар музыкалық шығармалар жазылған. Ұжымдық жинақтарда және мерзімді баспасөзде саясаттану, мәдениеттану, т.б. тақырыптардағы екі мыңнан астам эссе, кесемсөз, талдау және ғылыми-зерттеу мақалалары жарияланған. Еңбектері ағылшын, француз, түрік және орыс тілдеріне аударылған.

ISBN 978-9965-23-610-5

A standard linear barcode representing the ISBN number.

9 789965 236105